

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті**



**«ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты
студенттер, магистранттар, PhD докторанттар, оқытушылардың
XVII Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
ІІІ ТОМ
2021 жылдың 6 сәуірі**

**МАТЕРИАЛЫ
XVII Республиканской научно-практической конференции
студентов, магистрантов, PhD докторантов, преподавателей
«МОЛОДЕЖЬ, НАУКА И ИННОВАЦИИ»
ТОМ ІІІ
6 апреля 2021 года**

**MATERIALS
of the XVII Republican scientific-practical conference of students,
postgraduates and PhD doctoral students, teachers
«YOUTH, SCIENCE AND INNOVATIONS»
ТОМ ІІІ
April 6, 2021**

Ақтөбе-Ақтөбе-Aktobe

ӘОЖ 001(063)
КБЖ 72 Ж 33

Редакция алқасы:

Бекназаров Р.А. – Қ. Жұбанов атындағы АӨУ ректоры м.а., тарих ғ.д., профессор, ұйымдастыру комитетінің төрағасы; **Бекбауова А.У.** – Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректор, ф.-м.ғ.к., доцент; **Абенова Б.С.** – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, тарих ғ.к., доцент; **Бекназаров Р.А.** – Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор, тарих ғ.д., доцент; **Мясникова Л.Н.** – Ғылыми-инновациялық бағдарламалар департаментінің директоры; **Аймуқатов А.Т.** – Физика-математика факультетінің деканы, пед.ғ.к.; **Балғынова А.М.** – Техникалық факультетінің деканы; т.ғ.к., доцент; **Мұхтаров С.С.** – Кәсіби-шығармашылық факультетінің деканы, филолог.ғ.к., доцент; **Тасқарина Б.М.** – Экономика және құқық факультетінің деканы, э.ғ.к., доцент; **Жүсіпова Ж.А.** – Педагогика факультетінің деканы, пед.ғ.к., доцент; **Махамбетов М.Ж.** – Жаратылыстану факультетінің деканы, PhD докторы; **Купенова Г.Ы.** – Тарих факультетінің деканы, тар.ғ.к., доцент; **Садирова К.Қ.** – Филология факультетінің деканы, филолог.ғ.д., доцент; **Кульбаева Б.С.** – Жоғары колледж директоры; **Симұқанова Г.С.** – тарих факультетінің ғылымына жауапты оқытушы, г.ғ.магистрі.

Ж 33 «ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты студенттер, магистранттар, PhD докторанттар, оқытушылардың XVII Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. -Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Т.3- 2021. - 330 б. =Материалы XVII Республиканской научно-практической конференции студентов, магистрантов, PhD докторантов, преподавателей «**МОЛОДЕЖЬ, НАУКА И ИННОВАЦИИ**». –Ақтөбе: Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова, Т.3- 2021. - 330 стр. =Materials of the XVII Republican scientific-practical conference of students, postgraduates and PhD doctoral students, teachers «**YOUTH, SCIENCE AND INNOVATIONS**». -Aktobe: K.Zhubanov Aktobe regional university, P.3-2021. -330 p.

ISBN 978-601-7818-97-5
ISBN 978-601-7664-00-8

Жинаққа «Жастар, ғылым және инновация» атты XVII Республикалық ғылыми-практикалық конференциясының қорытындысы бойынша философия, тарих, филология, педагогика, психология, экономика, құқық, музыка, спорт, математика, физика, информатика, жаратылыстану және техникалық ғылымдарының өзекті мәселелері бойынша студенттер, магистранттар, аспиранттар, докторанттар және жас ғалымдардың, оқытушылардың ең үздік ғылыми еңбектері енгізілген.

В сборнике по итогам XVII Республиканского научно -практического конференции «Молодежь, наука и инновации» представлены лучшие научные работы студентов, магистрантов, аспирантов, докторантов и молодых ученых, преподавателей посвященные актуальным вопросам философии, истории, филологии, педагогики, психологии, экономики, правоведения, музыки, спорта, математики, физики, информатики, естественных и технических наук.

The best scientific works of students, graduates, postgraduate students, doctoral students and young scientists, teachers on the top issues of philosophy, history, philology, pedagogy, psychology, economics, law, music, sports, mathematics, physics, computer science, natural and technical sciences are presented in the collection following the results of the XVII Republican Scientific and Practical Conference «Youth, Science and Innovations».

ӘОЖ 001(063)
КБЖ 72

ISBN 978-601-7818-97-5
ISBN 978-601-7664-00-8

© Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті. 2021

№6 СЕКЦИЯ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

СЕКЦИЯ №6
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК

SECTION №6
ACTUAL PROBLEMS OF THE NATURAL SCIENCES

ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ АҚБӨКЕНДЕР (SAIGA TATARICA)
САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

Аяпбаева Н.А., Жеңіс Ш.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Тас дәуірінен қазақ жерінде тіршілік етіп келе жатқан тұяқты жануар -ақбөкен болып табылады. Ақбөкендердің табындары үлкен топ болып жүреді. Әдетте табынды аталықтары емес, аналық киік бастап жүреді. Аталықтары күйек науқаны біткеннен кейін табынға көп қосыла бермейді, әсіресе киіктер лақтайтын кезде олар жеке жиналып, бөлек табынмен жүреді. Ақбөкендер күйекке түсер алдында, қазан, қараша айларына қарай қоңдана бастайды. Бұл кезде аталықтарының кеңсірігі дөңестеніп, әукесі салбырап, сақалы төмен түседі. Соңғы кездерде ақбөкенді мүйізін алу үшін браконьерлер көп қырып жіберді де, аталықтардың саны күрт азайды. Аналық киіктер аталықтарға қарағанда майды көп жинай алмайды. Күйек кезінде орташа ғана семіреді де, төлдер алдында 4,5 келідей іш май жинайды. Бірақ лақтарын емізген кезде тез арықтайды. Киіктер мамыр айының 10-15 аралығында жаппай төлдей бастайды, осы кезде ауа райы бұзылып, міндетті түрде жауын-шашын болады. Қазақтар оны «құралайдың суығы» деп атаған. Киік әдетте төлді егізден әкеледі. Алдын ала шыбын-шіркей болмайтын, үнемі жел есіп тұратын беткейді таңдап алып, лақтарын түрегеп тұрып туады. Жаңа туған лақтар жарты сағаттан кейін енесін еміп, екі-үш сағаттан соң аяқтанып кетеді.

Енесі алғашқы сағаттарда лақтарын емізген соң, біршама қашықтыққа ұзап, алыстан бақылап жүреді. Егер жыртқыштар пайда болып, қауіп төне қалса, лақтарының маңынан аулаққа қашып, ол жерден алып кетуге тырысады. Табиғаттың барлық заңдылықтарын іште жатып үйренген құралайлар енесі қасында жоқ кезде ешқандай тіршілік нышанын сездірмей, жыбырламай жатады. Лақтардың қоңыр бұйра терісі топырақтың түсімен бірдей болып көрінеді, екі-үш метр жерден қарасаңыз, жатқан бір төмпешіктер екен деп қаласыз. Мындаған жылдар бойы дала жыртқыштарынан, адамдардан қашып жүріп, жан сақтауға

әбден бейімделген киіктердің тағы бір ерекшелігі – ешқашан жетім қалған лақтарын далаға тастамайды. Далада келе жатқан кез келген киік жолынан маңырап шыққан құралайды кездестіре қалса, жанына барып емізіп, өзімен ертіп кетеді. Киіктің лағы екі-үш күннің ішінде отығып кетеді. Алғашында ол көзіне кез-келген шөпті қармайды, бір аптадан соң ғана шөптің дәмін алып, таңдап жеуге көшеді. Жас туған киіктер лақтарын он-он бес күндей суат басына апармайды, оларды алысқа тастап, тек өздері ғана келеді. Бұл уақытта құралай тек енесінің сүтін ішеді, бір-бір жарым аптадан соң табынмен суатқа келіп, алғаш судың дәмін татады. Көктем шыға, солтүстікке қарай жылжитын қалың табын жылдың бұл мезгілінде суаттарды көп іздей бермейді. Олар жаңа өскен шөптің нәрімен, таңғы түскен шықпен сусындайды. Жауынды күндері апталап су ішпей жүре береді. Киіктер Аралдың, Балқаштың тұзды суларын іше береді. Қысты күндері мұз жалап, шөлін қандырады. Әдетте табынды суат басына аналық киік бастап келеді. Алдымен жан-жағына оқырана қарап, біраз уақыт айналаны бақылайды. Қалғандары «нұсқау» болмай суға беттемейді, алдымен бастап келген киік су ішеді, содан кейін қалғандары азан-қазан маңырап келіп, суға бас қояды. Аталықтары суатқа ең соңынан келеді. Ақбөкен 1 минутта суды 12 рет жұтады екен және суды ұзақ сораптап ішпейді, 1,5-3 минуттың ішінде шөлін қандырады да, келген даласына қайта зымырайды. Ақбөкендер өсімдіктің 81 түрімен қоректенеді. Олар әр түрлі шөптерді жылдың мезгіліне қарай таңдап жейді. Көктемгі айларда киіктер ақселеу мен құрақты қорек етеді. Жаз айларындағы аптаптарда жапырақты шөптер құрап кетеді де, жануарлар жусан, қырықбуын, шиді оттайды. Қыс кездерінде киіктер қарын жел үрлеп кеткен жоталардың жонынан азық тауып жейді. Ауыл маңайындағы маялап үйілген құрғақ шөпті олар жей алмайды, өйткені танаулары кедергі жасайды. Киіктер шөпті жерден жұлып жеуге ғана дағдыланған, сондықтан елді мекендерге жақындап баратын болса, тек қар астындағы күздік бидайды тебіндеп азықтану үшін барады. Зоолог мамандардың айтуынша, киіктердің басқа жануарларға ұқсамайтын тағы да бір ерекше қасиеті бар екен. Аналық киіктер болашақ лақтарының еркек немесе ұрғашы болып тууын өздері реттейтін көрінеді. Егер араларында аталықтары азайып, ұрықтандырып үлгермей жатса, сол жылы табында кілең еркек лақтар қоздайды. Киіктер осылайша өз өсімін өздері бақылап отырады екен. Ақбөкендердің табыны жыл сайын лақтармен толықтырылып отырады. Осы кезде туған шібіштер (ұрғашы лақ) алты айдан кейін күйлеп, шағылысқа түсе береді. Енді алты айдан кейін бұл шібіштер табынға қос-қостан лақ әкеледі. Ал еркек лақтардың жөні басқа, олар жетіліп, текелік жасау үшін 19 ай уақыт керек, өзімен бірге туған шібіштер бір рет лақтағаннан кейін, келесі жылдың күйегіне ғана араласады[1,2].

Қазақстанда ХХ-ғасырдың 70 -жылдар соңында 1, 8 млн. бас ақбөкен болғаны бүгінде біреулерге сенгісіз көрінуі мүмкін. Теңіз көлінен Бетпақдалаға дейінгі шетсіз-шексіз өлке аралығында еркін жайылған киіктің сол кездегі көптігі сонша, жолдар бойынан да, елді мекендер маңынанда аз кездеспейтін. Оның қазақстандық

мөлшері әлемдегі осы жануардың 70 пайызын құрайтын еді. Одан кейін жылына 20-40 пайыз қысқарды.

Ақбөкен 1995 жылдан бастап (CITES) жойылып кету қаупі бар жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда жүргізу туралы II Конвенцияның қосымшасына енгізілді, ал 2002 жылы жойылып кету қаупі бар түр ретінде МСОП Қызыл тізіміне енгізілді.

Оның бұлайша жойылып кетуіне кезінде мүйізін кесіп алып, сату дүрмегінің дүмпуі әсер еткені белгілі. 2003 жылы олардың саны 21 мыңға құлдырап, жер бетінен мүлдем ғайып болудың аз-ақ алдында қалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 наурыздағы № 267 «Жабайы жұп тұяқты жануарлар мен ақбөкендердің сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін сақтап қалу және қалпына келтірудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес ақбөкенді атуға тыйым салынды, сондай-ақ жыл сайын оны есепке алып отыру және санын сақтау жөніндегі іс-шараларды орындауға қаржы бөлуді ұлғайту көзделді. 2009 жылдан бастап оларды спутниктен бақылау үшін арнайы қарғыбаулар тағылып, оларды миграциясына сырттай бақылау жүргізілуде.

2003 жылы «Охотзоопром» мемлекеттік мекемесі құрылғаннан соң қазіргі кезде оның саны өсуі байқалады. Бұл мекеме құрылғанда 59 инспектор жұмыс жасаса, қазір олардың саны 220-ға жетті. Дегенмен жеңіл пайда табу мақсатындағы браконьерлер саны да азаймай отыр. Сондай-ақ індет кесірінен кейбір популяциялар өлім-жітімге ұшырауда.


Қазақстан территориясы аумағында Бетпақдала, Үстірт, Орал популяциясы мекен етуде. 2015 жылға дейін Бетпақдала популяциясы саны жағынан ең көбі болса, соңғы уақытта Орал популяциясы жақсы өсуде. Оның себебі 2015 Бетпақдала популяциясының пастереллезден жаппай қырылуы болды. Қазақстан Ауыл Шаруашылығы Министрлігі мәліметі бойынша 2015 жылы 295470 дарақ киік болды. Орал популяциясы 35,8%-ға, Үстірт популяциясы -49,6%-ға өссе, Бетпақдала популяциясы 85,1%-ға кеміді. Жалпы алғанда еліміздегі киік саны 63,3%-ға кеміді. Шамамен елімізде 180 мыңнан астам киік қырылса, соның 134 мыңнан астамы Ақтөбе, Ақмола және Қостанай облысы территориясындағы Бетпақдала популяциясында тіркелді [1,2]. 2005-2019 жылдардағы ақбөкендер саны динамикасын төмендегі кесте мен сызбадан көре аламыз.

Кесте-1. 2005-2019 жылдардағы Қазақстандағы ақбөкендер саны

Жылдар	Популяциядағы киіктер саны, мыңдық есеппен			
	Бетпақдала	Үстірт	Орал	Барлығы
2005	9,9	19,6	10,1	39,6
2006	18,6	17,8	12,9	49,3
2007	22,8	16,4	15,6	54,8
2008	32,3	10,4	18,3	61,0
2009	45,2	9,2	26,6	81,0

2010	53,4	4,9	27,2	85,5
2011	78,0	6,1	17,9	102,2
2012	110	6,5	21	137,5
2013	155,2	5,4	26,4	187
2014	216	1,7	39	256,7
2015	242,5	1,2	52,7	295,4
2016	36,2	1,7	70,2	108,0
2017	51,7	2,9	97,4	152,0
2018	76,4	2,7	136,0	215,1
2019	111,5	5,9	217,0	334

Сызба-1. 2005-2019 жылдардағы Қазақстандағы ақбөкендер саны динамикасы



Қорыта келе, алдағы уақытта Қазақстандағы ақбөкендер популяцияларын қалпына келтіруде, үлкен іс-шаралар жүргізгенде ғана жақсы нәтижеге жететінімізді естен шығармағанымыз дұрыс.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Орынбасаров А., Бакытжанқызы Ж., Кулынбай Д., Килашева Ж.Ж., Абдукаримов А.М., Жолдасова И.М. Ырғыз-Торғай резерватындағы киіктер (*saiga tatarica*) бетпақдалалық популяциясының мониторингі, III Международная научно-практическая конференция «Наука и МЫ» Кокшетау., 2014. – 81-84 с.
2. Айманов Б.А. Сайга в Иргиз-Тургайском резервате// Степной бюллетень. 2013, № 39, с. 48-51.

Ғылыми жетекші: магистр, аға оқытушы Абдукаримов А.М.

ПРОБЛЕМЫ ЭНЕРГИИ БУДУЩЕГО КАЗАХСТАНА

Беркалиева К.Б.

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова

Цель: разработка рекомендаций альтернативного использования энергии нашей страны и акцентировать внимание на проблему 21-го века.

Актуальность: На современном этапе развития экономики Казахстана изучение энергетической проблемы является актуальным, несмотря на то, что страна обладает крупными запасами углеводородов. В основном это связано с неэффективностью применения энергетических ресурсов. Энергетические проблемы существовали в отдельных регионах республики даже во время СССР, и на сегодняшний день из-за необходимости поставок электроэнергии из других стран значительность этой проблемы возрастает.

Задачи исследования:

-Раскрыть острую проблему неправильного распределения энергии в Казахстане

-Рассказать про альтернативные способы получения энергии

Действительно, несмотря на все достижения техники и технологии, средний мировой уровень полезного использования первичных энергоресурсов и в наши дни составляет всего 1/3 (при сжигании угля – 20 %, нефти – 24, природного газа – 48 %). В последнее время для улучшения ситуации осуществляют многие технико-технологические нововведения. Энергосбережение увеличивается благодаря усовершенствованию промышленного и коммунального оборудования, выпуску более экономичных автомобилей и т. п. К числу макроэкономических мероприятий в первую очередь следует отнести постепенное изменение структуры потребления энергетических ресурсов с ориентацией на увеличение доли возобновляемых и нетрадиционных первичных энергоресурсов. В настоящее время основными источниками энергии являются углеводороды и урановые руды. Их мировые запасы примерно уже известны, и, даже по самым оптимистическим оценкам, вряд ли разведка даст увеличение их объемов в разы. Поскольку известен и уровень потребления этих ресурсов, то уже подсчитан и срок, после которого они будут полностью исчерпаны. Очевидно, что никакой режим экономии не возобновляемых источников энергии не в состоянии исключить того момента в будущем, когда они будут полностью исчерпаны. Ситуация усугубляется при этом еще несколькими факторами.

Крупные угольные месторождения, главным образом, сосредоточены в Северном и Центральном Казахстане, где размещены и основные источники электрической энергии. Эти регионы самостоятельно обеспечивают себя электроэнергией и потенциально имеют ее избыток, который может быть предложен на внутренние и внешние рынки страны. В настоящее время электроэнергия из этих регионов экспортируется в Россию, Китай и другие страны. Области Южного Казахстана не располагают достаточными первичными энергетическими ресурсами, и его электроэнергетика базируется на привозных углях и импорте газа. Часть потребности в электроэнергии покрывается за счет импорта из республик Средней Азии, которая связала Южный Казахстан с энерго-источниками Северного и Центрального Казахстана. Западный Казахстан, обладая собственными ресурсами углеводородного топлива, испытывает энерго-дефицит, и часть потребности в электроэнергии импортирует из России. Около 72% электроэнергии в Казахстане вырабатывается из угля, 12,3% - из гидроресурсов, 10,6% - из газа и 4,9% - из нефти. Таким образом, четверть основными видами электростанций вырабатывается 99,8% электроэнергии, а на альтернативные источники приходится менее 0,2%. Основным объемом электроэнергии в Казахстане вырабатывают 37 тепловых электростанций, работающих на углях Экибастузского, Майкубинского, Тургайского и Карагандинского бассейнов. Крупнейшей электростанцией является Экибастузская ГРЭС-1, имеющая 8 энергоблоков с установленной мощностью 500 МВт каждый. Наибольшую выработку электроэнергии осуществляет Аксуйская ГРЭС.

Я хотела бы рассказать вам про неправильное распределение энергетических ресурсов в нашей стране. Часто мы не задумываемся об этом. Высокоразвитые, богатые страны используют для получения энергии в основном топливные ресурсы (уголь, нефть и газ). Часть электроэнергии вырабатывают ядерные электростанции, работающие на радиоактивном уране, часть - гидроэлектростанции. Но технологии получения энергии в наши дни серьезно вредят окружающей среде. Так, из-за сжигания топлива возникают кислотные дожди и парниковый эффект. А ядерные электростанции вызывают существенные радиоактивные загрязнения и постоянно угрожают возможностью аварии. В слаборазвитых странах основной источник энергии для домашних нужд - дрова; нефть применяют только в промышленности и на транспорте. Это создаст очень серьезные экологические проблемы, связанные с вырубкой лесов и эрозией почв. Таким образом, мы не думаем о нашей экологии. Окружающая среда вынуждена страдать от радиоактивных загрязнений. В связи с неправильным распределением ресурсов энергии наша страна не сможет разработать правильные ресурсы энергии.

На данный момент существует множество альтернативных способов получения энергии. Альтернативные источники энергии – это обычные природные явления, неисчерпаемые ресурсы, которые вырабатываются естественным образом. Такая энергия ещё называется регенеративной или «зелёной». Один из самых мощных

видов альтернативных источников энергии. Чаще всего её преобразуют в электричество солнечными батареями. Всей планете на целый год хватит энергии, которую солнце посылает на Землю за день. Впрочем, от общего объёма годовая выработка электроэнергии на солнечных электростанциях не превышает 2%. Основные недостатки – зависимость от погоды и времени суток. Для северных стран извлекать солнечную энергию невыгодно. Конструкции дорогие, за ними нужно «ухаживать» и вовремя утилизировать сами фотоэлементы, в которых содержатся ядовитые вещества (свинец, галлий, мышьяк). Для высокой выработки необходимы огромные площади. Солнечное электричество распространено там, где оно дешевле обычного: отдалённые обитаемые острова и фермерские участки, космические и морские станции. В тёплых странах с высокими тарифами на электроэнергию, оно может покрывать нужды обычного дома. Например, в Израиле 80% воды нагревается солнечной энергией. Запасов энергии ветра в 100 раз больше запасов энергии всех рек на планете. Ветровые станции помогают преобразовывать ветер в электрическую, тепловую и механическую энергию. Главное оборудование – ветровые генераторы (для образования электричества) и ветровые мельницы (для механической энергии). Этот вид возобновляемой энергии хорошо развит – особенно в Дании, Португалии, Испании, Ирландии и Германии. К началу 2016 года мощность всех ветровых генераторов обогнала суммарную установленную мощность атомной энергетики. Недостаток в том, что её нельзя контролировать (сила ветра непостоянна). Ещё ветровые установки могут вызывать радиопомехи и влиять на климат, потому что забирают часть кинетической энергии ветра – правда, учёные пока не знают хорошо это или плохо. Я привела два самых распространенных способа альтернативного получения энергии для нашей страны. Эти способы проверены на практике и как вы видите используются в других странах более 10-ти лет.

В заключении хотелось бы сказать, что для эффективного развития энергетики Казахстана в стране имеются преимущества, связанные с природными условиями, для постройки ветровых и солнечных электростанций, наличия ресурсов для строительства и функционирования атомных электростанций. Нам необходимо обратить внимание на правильное распределение энергетических ресурсов. В наших руках разработать альтернативный способ получения энергии для нашей страны без вреда нашей окружающей среде.

Использованные источники:

1. Вронский, В.А. Экология: Словарь-справочник / В.А. Вронский. - М.: Ростов н/Д: Феникс, 2017. - 576
2. Крассов, О.И. Экологическое право / О.И. Крассов. - М.: Норма, 2015. - 320 с.
3. Кривошеин, Д. Инженерная защита поверхностных вод от промышленных стоков / Д. Кривошеин, П. Кукин, В. Лапин, и др.. - М.: Высшая школа, 2015. - 344 с.

4. Курок, М.Л. Об охране окружающей среды / ред. А.М. Галеева, М.Л. Курок. - М.: Политиздат; Издание 2-е, доп., 2017. - 384 с.
5. Балацкий, О.Ф. Экономика и качество окружающей природной среды / О.Ф. Балацкий. - М.: Гидрометеоздат, 2017. - 190 с.

Научный руководитель: магистр естествознания, старший преподаватель
Бекбаулина Н.С.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бегалыева Н.К.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Жаратылыстану ғылымдары – табиғатты, қоршаған ортада болып жатқан құбылыстар мен олардың даму заңдылықтарын зерттеумен айналысатын ғылымдардың жиынтығы.

Еуропада қайта өрлеу кезеңінде (XV ғасырдың 2-жартысы) табиғатты жете зерттеуге байланысты қалыптасты. Кейін, 18 ғасырда жаратылыстану ғылымдары бірінғай жүйеге келтірілді [1, 518-бет].

Жаратылыстану ауқымы кең. Ол- түрлі табиғат нысандарын (ғарыштық жүйеден бастап бастап микродүниеге дейін), тірі табиғатты, біздің планетамыздан тыс жатқан нысандары, қоршаған ортада болып жатқан ғаламдық мәселелер-экологиялық мәселелер: озон қабатының жұқаруы, атмосфера, гидросфера, литосфера сондай-ақ, Жерді қамтиды. Жаратылыстану ғылымдарының ерекшелігі- ол табиғат қорларын пайдалану (табиғи және жасанды ресурстар), екіншіден, ғылымның дәлдігімен және реттілігі болып есептеледі.

Жаратылыстану салалары.

Жаратылыстануға енетін ғылымдар былайша топтастырылады:

- 1) физика, химия;
- 2) биология, ботаника, зоология;
- 3) анатомия, физиология, генетика;
- 4) геология, минералогия, палеонтология, метеорология, география (физикалық);
- 5) астрономия (астрофизика және астрохимия).

Кейбір табиғат зерттеуші ғалымдар математиканы Жаратылыстану ғылымдарына жатқызбайды, бірақ, осы ғылымдардың таным құралы ретінде қарастырады. Жаратылыстану ғылымдарын зерттелу әдісіне қарай нағыз деректер мен байланыстарды зерттей отырып, ережелер мен заңдарды қорытып шығаратын сипаттаушы және дерекпен байланысты математикалық формалармен толықтырып

отыратын дәл ғылымдар деп ажыратады. Табиғат туралы нақты ғылым зерттеулермен шектелсе, қолданбалы ғылым (медицина, ауыл шарушылығы, орман шаруашылығы және техника ғылымдарын жалпы алғанда) ғылыми зерттеулерді және табиғатты өзгертуге пайдаланылады [2].

Жаратылыстану ғылымының қазіргі таңдағы өзекті проблемасы- қоршаған орта. Осы мәселелерді айқындау үшін табиғат заңдарын қолданылады. Энергияның сақталу және айналу заңының, Эйнштейннің салыстырмалық теориясының, Дарвиннің эволюциялық ілімінің жасалуы, сондай-ақ, ғылымның жаңа салалары: кванттық механика, генетика, кибернетика, астрофизика, т.б. жедел дамудың нәтижесінде философия ғылымы теориялық жағыннан байытыла түсті. Жаратылыстану ғылымдары қазіргі ғылыми-техникалық прогресті жеделдетудің негізі болып табылады.

Қазіргі таңдағы өзекті мәселе – қоршаған ортаны қорғау деп айтсақ қателеспейміз. Себебі, адам тұтынуына, қажеттілігінің артуына байланысты зиянды заттар мен өндіріс орындары көбеюде. Ал, бұл-әрине, ластануға әкеліп соғады. Көптеген қалаларда атмосфералық ауа зиянды заттармен мөлшерден артық ластанған. Әсіресе ластанғандарға Алматы, Тараз, Өскемен, Зырян, Риддер, Теміртау, Шымкент қалалары жатады. Семей өңірінің топырағының радиоактивті заттармен ластануы адам денсаулығына әлі де болса әсерін тигізіп келеді. Каспий, Арал бассейндеріндегі экологиялық жағдай мақтанарлықтай емес. Орал және Іле, Сырдария және Нұра өзендері өнеркәсіп қалдықтарымен ластанып келеді. Ауыз су, тыныс алатын атмосфералық ауа, қажетті азық-түліктің неше түрлі улы қосылыстарымен ластануы адамдардың имуналдық-гендік жүйесін бұзатыны белгілі. Бұл өзгерістер адамзат баласына және биосферада тіршілік ететін барлық тірі ағзаларға мутагендік өзгерістер туғызады.

Ғылыми-техникалық прогресе кезеңінде ластанудың жаңа түрлері пайда болуда, айта кетсек – электромагниттік. Радио, теледидар, электр тасымалдаушылардың қызметі, өнеркәсіптік құралдардың белгілі бір түрі жұмысының нәтижесінде пайда болатын ластанудың бұл түрі жасушалық мембрананы өзгертеді және молекулярлық деңгейде әсер етіп, жалпы тірі ағзалардың тіршілігін өзгертеді.

Химиялық ластану – қоршаған ортада қандай да бір химиялық элементтің немесе заттың мөлшері көпжылдық орташа өзгерісінен асып, оның химиялық қасиеттерінің өзгеруінен болады. Әсіресе өнеркәсіптік кәсіпорындардан құрамында қышқылы бар қалдықтарының тасталынуы және олардың азот қышқылы ретінде өзгерісі өте қауіпті болып келеді, ол қышқыл жаңбырдың түсуіне алып келеді; радиоактивті элементтердің, ауыр металдардың, қоршаған ортаға күкірт, ауыр металдардың, әсіресе сынаптың, жанып бітпеген жанармай қалдықтары бар күлдің ұшқыны, азот оксидтері, фторлы қосылыстардың қоршаған ортаға түсуі елеулі мөлшерде артқан. Сараптаушылардың бағалауынша, қоршаған ортаның химиялық ластануына қалдықтардың ішінде ең қауіпті саналатын

қорғасын қосылыстары, көмірқышқыл газдары. Бұл қосылыстар біз күнделікті қолданатын-жеңіл автокөлік түтінінен шығады.

Адамзат қызметінің нәтижесінде болатын қоршаған ортаны ластайтын 7000 химиялық қосылыстың ішінен жалпы токсикологиялық, аллергиялық, эмбриогонадотроптық, мутагендік және канцерогендік заттарды бөліп көрсетуге болады. Олардың ішінен ең қауіпті жетеуін атап көрсетеді: ауадағы азот тотығы, ауадағы бензол, көміртек өсілістері, судағы тұрмыста ауыл шаруашылығына қолданатын пестицидтер, судағы нитраттар, топырақ пен тамақ өнімдеріндегі диоксиндер, тамақ өнімдеріндегі полихлорлы дифенилдер, топырақтағы тұз қышқылы. Ластағыш заттар мен олардың алдын алу шараларын жаратылыстану ғылымдарының салалары айналысады.

Біз тұрып жатырған Ақтөбе қаламызда ластанудың көтеріңкі деңгейіндегі қалалар қатарына жатады. "Атмосфералық ауа жай-күйіне бақылау республиканың ірі қалалары мен өнеркәсіп орталықтарында жүргізіледі. Қазіргі уақытта атмосфералық ауа жай-күйіне бақылау 49 елді-мекендегі 146 бақылау бекетінде, соның ішінде 56 сынамааларды қолмен іріктеу бекетінде және 90 автоматты бекетте жүргізіледі. Сондай-ақ, бақылау 14 жылжымалы зертханалардың көмегімен жүзеге асырылады", - делінген хабарламада [4].

Қоршаған ортаның ластанудың алдын алу шараларын күшейтуде. Біздің Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіміз де «Экожоба» ғылыми жобасымен жұмыс жасаудамыз. Жобаның мақсаты- экологиялық тазалықты сақтау.

Тәрбие отбасынан басталады, демекші біз де жаһандық мәселелердің алдын алу үшін өз үлесімізді қосуымыз қажет. Ал, әлемдік деңгейде жараталыстану ғылымдарының өзекті мәселелерін талқылау, ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, талдау үшін Жаратылыстану ғылымдар академиясы құрылды.

Жаратылыстану емес ғылыми-қоғамдық ассоциациясы. 1995 жылы 20-ақпанда тіркелген [1, 518-бет].

Мақсаты-ғылыми зерттеу жұмыстарын арттыру, дәстүрлі емес нысандарын дамыту (акционерлік ғылыми технологиялық қоғамдар, орталықтар, сараптамалық кеңестер), ғылыми зерттеу жұмыстарына байланысты еңбек, әдеби көздерді арттыру, білім беру саласын дамыту болып табылады.

Академия бөлімшелері:

- Физика-математика, оның ішінде энергетикалық секторды, соның ішінде энергетикалық экологияны дамытуға бағытталған.

- Құрылыс индустриясындағы, металлургиядағы, химиялық және қорғаныс өнеркәсіптеріндегі химиялық және технологиялық ғылымдар.

- Гео ғылымдары, оның ішінде мұнай өндеуді және экономиканың мұнай-газ секторының инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

- Биомедициналық, фармацевтикалық ғылымдар, биотехнология және геронтология.

- Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы агрономия және жаратылыстану ғылымдары.

- Информатика, кибернетика, жүйелер теориясы, метрология, көлік логистикасы және телекоммуникация.

- Ғылым философиясы, адамның әлеуметтік-гуманитарлық қызметі саласындағы ғылым [2].

Академияға Отанымыздың 375 ғалымдары, 8 шетелдік ғалымдар мүше. Ұжымдық мүше ретінде бірнеше ірі ғылыми өндірістік орындар, ғылыми ұйымдар, 5 университет, институт енген.

Жаратылыстану ғылымдар академиясы-Қазақстан Республикасының ғылыми және технологиялық ұйымдар ассоциациясының мүшесі, сонымен қатар халықаралық ғылыми ұйымдармен тығыз байланыста. Академияның филиалдары бар, еліміздің 11 қаласы мен аумағында орналасқан. Академия 2001ж Франция өнеркәсіпті қолдау ассоциациясының алтын медалімен марапатталған [1, 518-бет].

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақ энциклопедиясы», Алматы, 2001ж
2. <https://kaznaen.kz/> Қазақстанская национальная академия естественных наук
3. <https://kk.wikipedia.org/w>
4. <https://qazaqtimes.com/>

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент **Б.С. Иманғалиева**

АУАНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ХРОМНЫҢ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ АНЫҚТАУ ЖОЛДАРЫ

Досжанов Ж.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Хром-басым атмосфералық ластаушы элементтердің бірі. Бұл ластаушы заттардың атмосфераға шығарылуының негізгі көзі ол өндіріліп алынатын, өнделетін және пайдаланылатын кәсіпорындардың шығындылары болып табылады.

Ақтөбе қаласы ҚР да ластанған қалалардың тізіміне кіреді. Қалада 200-дан астам өнеркәсіптік кәсіпорындар жұмыс істейді. Олардың ішінде ірі өнеркәсіптер АЗХС, АЗФ және Хромтау қаласындағы Донской ГОК жатады. Бұл өнеркәсіптер ел экономикасы үшін құнды өнімдер шығара отырып, олар қоршаған ортаны улы элементтер кешенімен ластайды, олардың арасында канцерогендік әсері бар заттар, атап айтқанда алты және үш валентті хром және ауыр металдар бар. Ақтөбе феррокорытпа зауытын өнеркәсіптік пайдалану 1943 жылдан басталды, ал хром

қосылыстары зауытын пайдалану 1957 жылдан басталды, бұрын жүргізілген бақылау нәтижелері Ақтөбе қаласын қолайсыз экологиялық ахуалы бар аумақ ретінде сипаттайды. Ақтөбе қаласындағы ауаның ластаушылары стационарлық көздер (өнеркәсіптік кәсіпорындар) және автомобильдер болып табылады, олардың нәтижесінде атмосфераға тек агрессивті газдар ғана емес, ауыр металдар, сонымен қатар құрамы белгісіз қатты бөлшектер. Ауаның құрамына кіретін заттар мыналар: қатты бөлшектер, хром, никель, мыс, қорғасын, мырыш, марганец және т.б

Өнеркәсіптен шыққан шығарындылардың барлық компоненттері адам денсаулығына әсер етеді. Қатты бөлшектер тыныс алу және қан айналымы жүйелерінің бұзылуына әкеледі, ал олар тыныс алу жолдары мен басқа мүшелерге олардың құрамына кіретін ауыр металл бөлшектерінің уытты әсерінен тікелей әсер етеді. Диаметрі 0,1–1,0 мкм болатын бөлшектер әсіресе қауіпті, олар өкпені тиімді сіңіреді.

Өкпе қатты бөлшектердің құрамындағы металл иондарын асқазан-ішек жолына қарағанда 10 есе тиімді сіңіреді, бұл аллергияның дамуына және созылмалы аурулардың өршуіне әкеледі. Бұл әсіресе 1-ші және 2-ші қауіптілік класындағы металдарға қатысты.

Сондықтан қазіргі уақытта ауаның сапалы құрамын зерттеуге және ауадағы ауыр металдардың құрамын анықтау ерекше қызығушылық тудырады.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты- хром қосылыстарын және металдардың Ақтөбе қаласының атмосфералық ауасында зерттеу, олардың құрамының шоғырлану деңгейін анықтаудың сезімтал әдестерін жасау және өнеркәсіптік объектілердің тұрғын аумағындағы атмосфералық ауаға әсерінің мөлшерін анықтау және қауіптілік коэффициенттері мен индекстері бойынша сараптама жасау.

- Ауа сынамалары Жубанов Университетінің оқу корпусының төбесіне қондырылды. Университет көп көлік жүретін автожолдар мен 4-6 шақырым қашықтықта орналасқан тұрғын аймақта орналасқан сол себебті анықтама бойынша хромның қосылыстары және басқа да металдардың ауаның құрамынан анықтау үшін осы жерді қолайлы деп санаймыз.

Ауаның құрамындағы қатты бөлшектерді табу үшін Partisol air sampler 2000h моделін қолдандық. Ауа сынамалары 2019 жылдың қазаны мен 2021 жылдың сәуір айлар аралығында тефлон және целлюлоза сүзгілері арқылы 24 сағат сайын алынып отырылды. Жиналған бөлшектер Перти ыдысына салынып тозанытқышта сақталды. 2019 жылдың қазанынан 2021 жылдың сәуіріне дейін Жубанов Университет учаскесінде (айына шамамен 5 сүзгі) алынды Олардың ішінде микроэлементтердің құрамын талданды (айына шамамен 3 сүзгі таңдалды).

Отандық авторларға сүйенсек, аймақта тұрақты бромдық және хромдық биохимиялық провинция қалыптасуна байланысты, ауада бром мен хромның қосылыстарының шоғырлануына әкеліп соғады [1-3]

Өндірістен шығатын хром және басқа да металдардың әсерінен ауаның құрамының ластануына байланысты [3] Ақтөбе қаласының өнеркәсіптік және

тұрғын аймағының атмосфералық ауасындағы алты валентті хром қосылыстарының шоғырлануын анықтау қаланың 3 жүргізілді:

1 жер – АХҚЗ-дан 2500 – 3000 м

2 жер- ДДУ №8 (Жилгородок ауданы, Промзона маңында)

3 жер - №30 ДДУ (өнеркәсіптік аймақтан алыс орналасқан Гормолзавод ауданы) атмосфералық ауадағы алты валентті хром мен бор концентрациясын өлшеу және метеорологиялық параметрлерді (температура, ылғалдылық, желдің жылдамдығы мен бағыты, қысым) анықтау Ган - 4 үздіксіз бақылаудың жылжымалы автоматты газ талдағышының көмегімен жер бетінен 1,5 - 2,0 м биіктікте жүргізілді. Атмосфералық ауадағы алты валентті хромның ШЖК 0,0015 мг/м³ бор 0,0019 мг / м³ зерттеу көрсеткендей, алты валентті хром мен борды кәсіпорындар негізінен түнде және таңертең тастайды. Осы сынамаларда алты валентті хром бойынша ШЖК артуы бірде-бір рет байқалған жоқ. Яғни, ауадағы алты валентті хром мөлшерінің азаюы АХС зауытынан қашықтықтың ұлғаюына тең.

Ал хром өнеркәсібі кәсіпорындарының шығарындыларымен атмосфералық ауаның ластануын зерттеген Айбасова Ж.А. алты валентті хром барлық ауа сынамаларының 54,0% - ында және АХҚЗ мен ААЗФ өнеркәсіптік алаңдарында іріктелген ауа сынамаларының 100% - ында болғанын анықтады. Ақтөбе қ.атмосферасындағы алты валентті хромның ең жоғары және орташа концентрациясы жылдың қыс-күз мезгілдерінде ААМҚ мен ААМҚ-дан 1000 км. дейінгі қашықтықта көктем-жаз мезгілдеріне (1,3-1,7 ШЖК) қарағанда едәуір жоғары болды (1,1-12 ШЖК). Бұл жағдайда тұрғын аудандардың атмосфералық ауасы Ақтөбе алты валентті хроммен, ЖМҚС, ЖМҚС, ЖЭО-ның желдің басым бағыты бойынша С, СВ және СЗ румбтардың шығарындыларымен ластанған. Гексавалентті хром қала атмосферасында негізінен өнеркәсіптік кәсіпорындар тарапынан жел бағыты кезінде анықталды [3].

Осы мәліметтерге сүйенсе осы кезге дейін Ақтөбе қаласында ауаның ластаушы заттардың құрамы және оның халыққа әсері, олардың ауадағы таралу жолдары зерттелген болатын. Әр аумақтың аумақтың ауасы зерттеліп соған орай кесте құрылған болатын. Алайда тұрғын қалашықтағы жерге жақын ауаның құрамына өндіріс қаншалықты әсер ететіні әлі зерттелмеді, осы жағдайға байланысты алғаш рет қарқынды антропогендік әсерге ұшыраған тұрғын аудандағы атмосфералық ауадағы хром мен металлдардың түрлері туралы көші-қон зерттеу және көші-қон қабілетіне және осы элементтерді алу дәрежесіне әртүрлі факторлардың әсерін зерттеу (хром мен металлдардың түрлері, мөлшері және атмосфералық сынымалар алынған жерден антропогендік көзден ара қашықтығы) бізге себеб болды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Кударов С.Е., Юрченко В.И., Дильмагамбетов С.Н. Гигиеническое состояние окружающей среды г.Актюбинска и здоровье населения // Гигиена окружающей среды и здоровье человека. - Актюбинск,1989.-С.13-14.
2. Сукашев Т.И., Андреева Л.П., Каримов Т.К. и др. Гигиеническая оценка вредных выбросов заводов-загрязнителей г.Актюбинска //Здравоохранение Казахстана,-1996.-№3.-С.27-28.
3. Айбасова Ж.А. Загрязнение атмосферного воздуха выбросами предприятий хромовой промышленности//Медицинский журнал Западного Казахстана. - 2005.-№3(7).-С.13-19.

Ғылыми жетекші – х.ғ.к., доцент Тастанова Л.К.

ОРГАНИКАЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ КОМПОСТАУ

Ерекешова Г.А.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Компостау – биологиялық тотықсыздандырудың экзотермиялық процесі, бұл процесс барысында микроорганизмдердің популяцияларымен араласқан, жоғары температура мен ылғалдылық жағдайында органикалық субстрат анаэробты биологиялық ыдырауға ұшырайды.

Органикалық қалдықтарды (өсімдік, дәнді дақылдар, көкөніс қалдықтары және тұрмыстық қалдықтар құрамындағы тамақ қалдықтары) компостау үшін органикалық шикі қалдықтарды орналастыруға арналған арнайы жағдай жасалынады. Арнайы жағдайда ауаның қатысуымен және қалдықтардың ішінде жылудың болуының нәтижесінде анаэробты бактериялар белсенді түрде көбейеді.

Биоыдырау процесі кезінде органикалық субстрат физикалық және химиялық айналуларға ұшырап, топырақ пен өсімдіктер үшін құндылығы жоғары болып келетін тұрақты гумифицирленген өнім түзіледі.

Компостаудың көмегімен өзінің сипаттамалары жағынан топыраққа ұқсас биокомпост өндіруге болады.

Тұрмыстық қалдықтардың органикалық фракцияларын және агроөнеркәсіп кешендерінің органикалық қалдықтарын компостау әдісімен утилизациялау экологиялық-экономикалық проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта ауылшаруашылық жерлерінің топырағының құнарлылығын жоғарлату мақсатында пайдаланылатын минералды тыңайтқыштардың нарықтық бағасының қымбат болуына байланысты органикалық қалдықтардан биотыңайтқыш өндіру өте актуалды.

Қалдықтарды компосттау - бұл микроорганизмдердің көмегімен органикалық өнімдерді ыдырату тәсілі. Компосттаудың негізгі мақсаты - қалдықтарды тыңайтқышқа дейін өңдеу және оны залалсыздандыру. Компостауды көбінесе органикалық қалдықтарды (жапырақтар, шөптер, бұтақтар) өңдеуге қолданылады, сонымен қатар тамақ қалдықтарын өңдеу технологияларыда бар. [1].

Компосттау ыдырау процесіне негізделген. Осы процестің барысында органикалық масса бөлек компоненттерге ыдырап қана қоймай, сонымен қатар жаңа күрделі заттар - биологиялық белсенді заттар, гумус түзіледі.

Органикалық компостар құрамына көбінесе микрофлораны бактериалдық препарат ретінде енгізеді.

Компосттау анаэробты жағдайда да (оттегі болмаған кезде) де, аэробты жағдайда да (оттегі болған кезде) жүреді [2].

Компосттау технологиялары әр түрлі болғанымен биотыңайтқышты өндіру процессінің технологиялық кезеңдері барлығына ортақ:

Қалдықтарды жинақтау. Егер өндірістік масштабта компосттау болатын болса – бұл кезеңде органикалық субстраттарды компосттау процесіне дайындайды.

1) Биотермиялық процесс. Бұл кезеңде шикізаттардың залалсыздандыруы және сәйкесінше компосттау процесі жүреді.

2) Алынған биотыңайтқыштарды өңдеу және орналастыру

Анаэробты компосттау жылдамырақ жүреді (жоғары температурада, иіссіз). Бұл мезофильді және термофильді бактерияларды қолдану арқылы пайда болады.

Компосттау процесінде аэрация маңызды рөл және бірқатар функцияларды атқарады: компосттағы оттегі концентрациясын сақтайды, ашыту процесінің жылдамдығын арттырады, компосттың жетілуін тездетеді, компосттың сапасын жақсартады. Белгілі бір мөлшерде ылғалдылықпен, ауаға қол жетімділікпен микроорганизмдер органикалық материалды ыдырату арқылы қоректенеді және сонымен бірге көмірқышқыл газына көміртектің тотығу процесі нәтижесінде тіршіліктеріне қажетті энергия алады. Тотығу процестері жануға ұқсас жылу энергиясының айтарлықтай мөлшерін шығарумен қатар жүреді. Компосттың пісіп жетілуі кезінде маңызды энергетикалық процестер жүреді. Микроорганизмдер табиғи көміртегі қосылыстарын олардың тіршілік әрекетіне қажетті заттар болғанға дейін ыдыратады. Содан кейін олар өз организмдерінің органикалық заттарын және нәтижесінде пайда болатын ыдырау өнімдерін басқа микроорганизмдердің тіршілігіне қамтамасыз етіп, тіршіліктерін жояды.

Компост ыдырау процесінде физикалық, химиялық және биологиялық күйлері үнемі өзгеріп отырады. Компосттың ыдырау процесі бірнеше кезеңнен өтеді, ал оның ұзақтығы өнімнің күтілетін соңғы сапасына байланысты 6-12 айды құрайды, ыдырау кезінде материалдың көлемі 20% -ға азаяды. Ыдырау фазаларының әрқайсысы ерекше белгілерімен және микроорганизмдердің әр түрлі формаларының пайда болуымен сипатталады.

Ыдырау фазасы – бұл қарапайым топырақ микроорганизмдерінің (аэробты спирилла, актиномицеттер, көгеру, эубактериялар, спиральды бактериялар) қатысуымен шикізаттың алғашқы ыдырауы.

Қайта құру кезеңі – өтпелі кезең болып табылады, микроорганизмдер санының көбеюі байқалады (вилухвостка, пеницилл, актиномицеттер, ашытқы саңырауқұлағы, плесень головчатая, спирилла).

Синтез фазасы – бұл жетілмеген компосттың түзілуі, сонымен қатар топырақ организмдерінің көбеюі (компост құрты, жасыл зең, мокрица свертывающаяся, ашытқы саңырауқұлақтары, плесень головчатая, пеницилл, актиномицет,вилухвостка, многоножка).

Пісіп жетілу кезеңі – бұл компост материалын, жетілген компостты құрудың күрделі ішкі процестерінің жалғасы.

Гумификация фазасы – бұл гумустың тұрақты формаларының қалыптасуы, құнды компостты топырақтың түзілуі.

Ыдырау фазасында температура 60-700 °С дейін көтеріледі, оңай қалпына келетін органикалық заттар ыдырайды. Ең қарапайым микроорганизмдер оңай ыдырайтын ақуыз бен қантпен, целлюлоза және майлармен қоректенеді.

Қайта құру кезеңінде температура 30-35 °С дейін төмендейді, саңырауқұлақтардың өсуі (сәулелік саңырауқұлақтар, ашытқы, жасыл зең), аммиак органикалық қосылыстар түзеді, C: N қатынасы төмендейді.

Синтез фазасында температура 20 °С-қа дейін төмендейді, массасы жоғары дамыған топырақ ағзалары (мокрицалар, қидың құрттары,) қоныстану процесі жүреді.

Компост құрттарының белсенділігіне байланысты материалдың органикалық және минералды бөліктерінің араласуы нәтижесінде органикалық заттар өсімдіктерге қажетті формаға айналады. Алынған компостты шикізат ретінде қолданылады. Ол азотқа бай және көптеген қоректік заттардан тұрады.

Дайын болмаған компосттың басты құндылығы оның топырақ микроорганизмдеріне активтендіруші әсерінде, яғни компосттың ыдырау процесі тікелей топырақта жүреді. Сонымен қатар, толық дайын болмаған компост өсімдіктердің биогенді өсу стимуляторларын қамтиды және топырақта көмірқышқыл газының түзілуіне ықпал етеді.

Пісетін фазада компосттың температурасы топырақтың табиғи температурасымен салыстырылады, ыдырау процестері тоқтайды, ал оттегіге деген қажеттілік азаяды. Құрамында қоректік элементтері бар тұрақты гумустың түрлері пайда болады.

Компост құрамында 2 % калий, 3 % фосфор, 5 % азот бар. Химиялық құрамы жағынан бұл органикалық тыңайтқыштардың ең жақсы түрлерінің бірі. Мұндай тыңайтқышты қолданған кезде топыраққа минералды элементтер де, органикалық заттардың 80 % дейін түседі, бұл топырақтағы гумустың тепе-теңдігін қалпына келтіруге және сақтауға мүмкіндік береді.

Компосттау тиімділігі келесі көрсеткіштерге байланысты: температура, рН мәні, оттегіге қажеттілік және қалдықтардың құрамы.

Қалдықтардың ылғалдылығы 75–85% болуы керек.

Органикалық қалдықтардың шіру процестерінің негізінде компост түзіледі. Процесс барысында органикалық массалардың жеке құрамдарға ыдырауы жүріп қана қоймай, сондай-ақ жаңа күрделі субстанциялар – биологиялық белсенді заттар, гумус. түзіледі. Компостау технологиясының негізінде өндірілген биотыңайтқышты ұзақ уақыт қолданған кезде топырақтың физикалық және химиялық қасиеттері жақсарады: қоректік заттардың мөлшері жоғарылайды, қышқылдығы төмендейді, сіңірілген негіздердің мөлшері жоғарлайды, сіңіру қабілеті және буферлік қабілеті, ылғал сыйымдылығы, жұмыс циклі және ылғал өткізгіштігі жақсарады, топырақ микрофлорамен байытылып, оның биологиялық белсенділігі күшейіп, толтырғыш құрамы жақсарады. Органикалық тыңайтқыштардың микроэлементтер, биостимуляторлар, көмірқышқыл газының көзі ретінде маңызы зор. Минералды тыңайтқыштар органикалық тыңайтқыштармен бірге қолданған кезде үлкен әсер әкелетіні анықталды.



Сурет 1 – Шағын компостерде органикалық қалдықтарды компостау



Сурет 2 – Өндірістік масштабта органикалық қалдықтарды компостау

Органикалық қалдықтардан компосттау өндірісі экономиканың саласы ретінде бүкіл әлемде кең дамыған, өйткені компосттау процесі экологиялық-экономикалық

мәселелерді шешеді: қоршаған ортаның ластануына қауіп төндіретін қалдықтарды жою, органикалық тыңайтқыштар өндірісі. Бұл процесс тиісті технологиялық жабдықтарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Назаретова И.А., Верников Д.А. Инновации в отраслях народного хозяйства, как фактор решения социально-экономических проблем современности: сб. докл. и материалов II Междунар. науч.-практ. конф. (Москва, 5–6 декабря 2012г.). М.: МГУ, 2012. С. 453–457 және т.с.
2. Неклюдов А.Д., Иванкин А.Н. Экологические основы производств. Взаимосвязь экологии, химии и биотехнологии. М.: МГУЛ, 2003. 365 с.

Ғылыми жетекші: PhD, аға оқытушы Сарсембин У.К.

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ОНЛАЙН БІЛІП БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Есениязова Н.М.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қытай философы Конфуцийдің «Естігенді ұмытамын, көргенді есте сақтаймын, ал өз ақыл-ойыммен істеген ісімді түсінемін» деген даналық сөзінде зертханалық жұмыстардың маңыздылығы айқын көрінеді. Зертханалық жұмыстарды орындау барысында білім алушы теориялық білімдерін практика жүзінде көрсетіп, сәйкесінше оның мүмкіндіктерін тереңірек білуге құштарлығы, пәнге деген қызығушылығы артады. Соның ішінде, компьютерлік білім беру саласындағы шынайы әлем объектілерінің тәртібін үлгілеуге көмектесетін және оқушыларға өздігінен жаңа білім мен машықтарды игеруге жәрдемдесетін виртуалды зертханалар тәжірибеші педагогтардың назарын ерекше аудартады.

Қазіргі таңда «Химия» пәні сабағында ақпараттық технологияларды қолдану қажеттілігі туындап отыр. Әсіресе, виртуалды зертхананы қолданудың қажеттілік деңгейі жоғары. Химия сабағында виртуалды зертхананы қолдану-білім алушыны білім ортасына қызықтыруда тиімді құрал болып табылады [1-2].

«Виртуалды» (деб. Virtualis) «мүмкін, физикалық нұсқасы жоқ» дегенді білдіреді; виртуалды шындық - компьютерлік құрылғыларды қолданатын нақты ортаға еліктеу; негізінен білім беру мақсатында қолданылады. Осындай виртуалды экспериментті кейде модельдеу немесе компьютер деп атайды. Қазіргі мемлекеттік стандартқа сәйкес [3], «виртуалды» дегеніміз - бұл ақпараттарды өңдеу жүйесіндегі

процесті немесе құрылғыны сипаттайтын анықтама, ол шынайы болып көрінеді, өйткені олардың барлық функциялары басқа тәсілдермен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік желіден дайын жұмысты(виртуалды зертхана) білім алушыға көрсеткеннен гөрі,оқытушы өзі әзірлеуіне ақпараттық мүмкіндіктер өте көп.Виртуалды зертхананы дайындауға арналған арнайы ресурстар көзін қолданып,білім алушыларға ұсынуға болады:

1.VirtuLab-интернетте мектеп бағдарламасындағы тәжірибелерді модельдеуге болатын орыс порталы.

2.Labster – әлемнің түкпір-түкпірінен келген ғалымдар жасаған халықаралық ресурс. Неғұрлым күрделі эксперименттер жасауға мүмкіндік береді.

3.Mel Science - тәжірибе жиынтықтарын үйге жеткізу жобасы. Сондай-ақ, сайтта эксперименттерді орындау туралы толық және дұрыс нұсқаулар бар. Осы тәжірибелерге арналған көптеген ингредиенттерді дәріханада немесе азық-түлік дүкенінде сатып алуға болады.

4. Занимательная химия – порталда көптеген пайдалы мақалалар, эксперименттерді егжей-тегжейлі талдау, оларды үйде қалай өткізуге болатындығы және олар үшін реагенттерді қайдан алуға болатындығы туралы нұсқаулар бар.

Неліктен виртуалды зертханалар қажет:

1.Оқушыларды нақты жағдайда химиялық практикумға дайындау;

2.Мектептің химиялық зертханасында қолжетімсіз эксперименттер жүргізу;

3.Қашықтықтан практикум және зертханалық жұмыстар, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс және аумақтық алыс оқушылармен өзара іс-қимыл;

4.Жұмыстың жылдамдығы, реагенттерді үнемдеу;


5.Танымдық қызығушылықты арттыру. Химиялық зертхананың компьютерлік модельдері білім алушыларды тәжірибе жасауға және өздерінің қызуғышылықтарын ашуға шақырады.

Химиялық тәжірибе

Тәжірибе тақырыбы: Йодтың сублимациясы

Тәжірибе мақсаты: Йод түйірлерін қыздыру арқылы қатты күйден бірден газ күйіне өту қасиетін бақылау.

Қажетті құрал-жабдықтар:Йод,колба,стакан,спиртшам.



1-сурет.Керекті құрал-жабдықтар

Тәжірибе барысы: Алдымен йодтың бірнеше түйірін стаканға саламыз. Енді стаканның бетін алдын-ала дайындалған салқын су құйылған колбаны орналастырамыз. Бұл колба біздің конденсаторымыз.



2-сурет. Йод түйірлерінің қатты күйден газ күйіне өту процесі

Кейін спиртшамның көмегімен стаканды баяу қыздырамыз. Йод біраз уақыттан кейін газ күйге өте бастайды. Газ күйіне өткен йод молекулалары колбаның түбіне кристалл түрінде жинала бастайды.

Тәжірибені біраз уақыт күтеміз.



3-сурет. Йод молекулаларының колбаның түбіне кристалл түрінде жиналу процесі

Кейін колбаны алып, түзілген йод кристалдарын бақылаймыз.



4-сурет. Колба түбіне жиналған йод кристалдары

Қорытынды:

Сублимация (лат sublimo – биікке көтерімін) – заттың кристалдық күйден газ тәрізді күйге ауысуы. Металдық кристалдар сублимациясының нәтижесінде бір атомды булар пайда болады; иондық кристалдар буланып, газдық фазада полярлы молекулалар құрады; молекулалық кристалдар молекулалардан тұратын бу түзеді. Сублимация қатты заттарды тазалау үшін кеңінен қолданылады. Сублимация қасиеті Д.И. Менделеевтің периодтық жүйесінде 5 периодтың, 7 қатардың, VII тобында орналасқан галоген «Йод» элементіне тән қасиет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Гавронская Ю.Ю., Оксенчук В.В. Виртуальные лаборатории виртуальный эксперимент в обучении химии-2016.1с.
2. Shokybayev Zh.A. Teaching methods on chemistry: textbook / Zh. A. Shokybayev, Z. O. Onerbayeva, G. U. Pyassova.-Almaty, 2016.-263p.
3. ГОСТ15971-0. Системы обработки информации. Термины и определения. Взамен ГОСТ15971-84. Дата введения в действие: 01.01.1992. Статус документа - действующий. Дата издания: 11.01.1991. Дата последнего изменения: 19.04.2010. М.: Изд-во стандартов, 1991. 12 с.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент **Б.С. Иманғалиева**

ПРОБЛЕМА НЕХВАТКИ ПИТЬЕВОЙ ВОДЫ

Жусупова А.А.

Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова

Целью данной работы является поднятие такой острой темы, как нехватка питьевой воды в Индии. В стране, население которой составляет 17% от всего населения Земли и ежегодно прирастает 18 миллионов человек, расположено всего 4% мировых ресурсов питьевой воды. Это ничтожно малая цифра, по сравнению с объемом ресурсов, которые используются народом. Власти Индии не предпринимают никаких мер, а местное население пытается решить эти вопросы самостоятельно.

Раз в неделю, в самые засушливые районы Индии, где отсутствуют водные источники, приезжают машины, оборудованные для перевозки воды, которые доставляют жидкость за деньги. Цена за одну цистерну составляет около 1100 рупий, это примерно 6000 тенге. На каждого человека положено всего 8 литров воды на 7 дней. Этот недельный запас рассчитан на то, что люди должны ее не только пить, но и умываться, мыться, стираться и мыть посуду. Это

катастрофически мало. Разумеется, вода в цистерне лимитирована и не все получают свою долю. Некоторые остаются без воды и ждут следующей недели, а некоторые вовсе не могут за нее заплатить (рис.1) [1, с. 75].



Рисунок 1. Очередь за водой

Пока правительство Индии «решает» эти вопросы, мужчины данной страны нашли одно решение. Они берут себе несколько жен.

Многие мужчины из районов подверженных засухе находят себе 2-3 жен, которые приносят воду из ближайшего источника. Участь девочек, которые рожденных в таких регионах Индии, - это стать одной из жен в гареме мужчины и изо дня в день носить воду для семьи. Как правило, «водными» женами становятся женщины, потерявшие надежду выйти замуж по любви, брошенные жены или вдовы, а первая жены – это женщина, которая никогда до этого не состояла в браке и находится на той же социальной ступени, что и мужчина. Несчастные «водные» жены выполняют свой «долг» по несколько месяцев в году, каждодневно отправляясь в многокилометровые походы к ближнему источнику и носят драгоценную воду в огромных алюминиевых чанах на голове (рис.2) [2, с. 43].



Рисунок 2. Женщины, обречённые ежедневно носить воду для своей семьи

Вдобавок к своей основной обязанности по обеспечению семьи водой для питья и умывания, они заботятся о детях мужа, готовят еду и занимаются прочими бытовыми делами. Несомненно, такой физический труд отпечатывается на здоровье женщин и, уже в раннем возрасте, у них появляются проблемы с опорно-двигательным аппаратом, а их репродуктивная функция нарушается, и они не могут иметь детей. Нередко представители мужского пола берут новых молодых «водных» жен на замену тех, кто уже становится недееспособными, так как, самому приносить воду и заниматься домашними делами является для них чем-то постыдным. Именно поэтому, они решают жениться и иметь бесплатную рабочую силу в лице своих жен. Если бы государство позаботилось об оснащённости водными источниками в засушливых районах, то женщинам не пришлось бы заниматься таким трудом. [3, с. 68-69]

Но это лишь малая часть проблемы нехватки воды в Индии. В большинстве случаев, урожай многих землевладельцев зависит от сезона дождей. В этот период выпадает до 80% их годовой нормы осадков. В среднем, дожди идут с июня по октябрь и зависят от муссонов, но с каждым годом замечается тенденция укорачивания сезона. Если сезон задерживается, то все плантации погибают за счет отсутствия влаги. Индия недостаточно оснащена источниками водотоков и искусственными водохранилищами, что приводит к гибели урожаев, и тем самым, к кризису в стране. Люди лишаются своего пропитания и денег, которые были вложены в свое производство. Некоторые, из-за этого кончают жизнь самоубийством. [4, с. 96]

По мнению специалистов, уже ближе к 2025 году 2/3 населения нашей планеты столкнутся с проблемой нехватки воды. На сегодняшний день, более 1 миллиарда людей не имеют доступа к чистой питьевой воде, а более 4 миллионов детей по

всему миру погибают от болезней, вызванных плохим качеством воды. Развитие индустриализации, глобальное изменение климата, опустынивание территорий, а также быстрый рост населения лишь усугубляют экологическую ситуацию в мире [5, с. 165-166].

В заключении хочу сказать, что проблема нехватки питьевой воды является проблемой не отдельного государства, а всего мира. К примеру, в нашей Западно-Казахстанской области преобладает тенденция высыхания близлежащих рек и озер. Река Кауылжыр не впадает в озеро Шалкар, а растекается по степи из-за добычи щебня. Взрывы для добычи щебня привели к недостатку воды в притоках озера. Она расходится, размывает трещины и превращает их в овраги разной глубины. Вода уходит. Русло реки замусорено, жидкость течет в разные стороны. Необходимо вмешаться и очистить путь для воды, чтобы она снова могла впадать в озеро Шалкар, которое очень сильно обмелело. Раньше, его глубина достигала 15 метров. Сейчас же, уровень воды упал до 3-х метров, но в скором времени озеро может вообще исчезнуть. Поэтому, необходимо уже сейчас задуматься о будущем нашей планеты и предлагать альтернативные варианты развития промышленности с целью минимизировать вред окружающей среде.

Использованные источники:

1. Газиева, Индира Адильевна. Индия : карманная энциклопедия: [универс. справ. с разговорником, описанием бытовых и историко-культурол. реалий для посещающих Респ. Индия и желающих получить нач. знания о яз. хинди] / И. А. Газиева; Москва: АСТ: Восток-Запад, 2006 (Ульяновск : Ульяновский Дом печати), 2007
2. Давыдов, Андрей Владимирович. Северная Индия / Давыдов А.В.; М.: АСТ : Восток-Запад, 2006
3. Е. Ю. Ванина. Индия: страна и ее регионы / Рос. акад. наук. Ин-т востоковедения. Центр инд. исслед.; М. : УРСС, 2000
4. Сетхи Н. Глобальное потепление: Мумбаи перед лицом жары. / Таймс оф Индия, 2007
5. Коллиер В. и Уэбб Р.Х. Наводнения, засухи и изменение климата. / Университи оф Аризона Пресс, 2002

Научный руководитель: магистр естествознания Бекбаулина Н.С.

ЙОГУРТ ӨНІМДЕРІН АЛУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОТАНДЫҚ «YOGURT IMMUNITY» ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК «ЙОГУРТ ИММУНО» ҰЙЫТҚЫЛАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Қуан А. А.

Сүт және сүт өнімдері - бұл ересектер мен балаларға арналған рационндағы ең пайдалы тағамдар бірі болып есептеледі. Бұл бекер емес, өйткені біз туылғаннан бастап құрамында ақуыздар, майлар, көмірсулар мен минералдарды заттар кіретін сүт пен сүт өнімдерін тұтынамыз. Өзінің ерекше құрамының арқасында сүт тағамдық құндылығы жағынан көптеген басқа тағамдарды алмастыра алады.

Сәби кезінде адам ағзасы ана сүтінің лактозасын ыдырататын лактаза ферментін түзеді. Бірақ адам қартайған сайын лактаза өндірісі төмендегеннен, лактозаны сіңіру қабілеті төмендеуі немесе толығымен жоғалып кетуі мүмкін.

Міне, сондықтан адамдар, әсіресе балалар, ақуыздың аллергиясына немесе ағза лактозаны қабылдамауына байланысты сүтті тұтынбай ашыған сүт өнімдерінен ләззат ала алады. Көбіне балалар ішек инфекциясынан кейін бір-екі ай бойы сүтті көтере алмайды. Дегенмен құрамында аз лактоза және көп лактаза бар ашытылған сүт өнімдері, әдетте, жақсы қабылданып, ішекті емдейді және диареяны емдейтін танымал «денсаулыққа пайдалы тағам» болып табылады.

Жалпы дәрігерлердің есептеулері бойынша, Қазақстанда азаматтардың 75-тен 90% -ға дейінгі саны дисбактериозға азды-көпті сезімтал. Осыған байланысты осы мәселені шеше алатын тамақ технологиясын дамытуға пайда күшеюде. Осының негізінде пробиотиктердің, ұйытқы мен сүт қышқылды бактериялардың әртүрлі дақылдары жасалуда. Өйткені, ерте заманнан бері қымыз, айран, йогурт және басқа да өнімдер сияқты ашытылған сүт өнімдері адамның микрофлорасы мен денсаулығына жақсы әсер ететіндігі белгілі болды. [1, 3-4 б.]

Ашытылған сүт өнімдерін сүтті немесе кілегейлі сүт қышқылды бактериялардың таза дақылдарымен, кейде ашытқы мен сірке қышқылы бактерияларының қатысуымен ашыту арқылы алады. Ашыту процесінде күрделі микробиологиялық және физикалық-химиялық процестер жүреді, нәтижесінде дайын өнімнің дәмі, иісі, құрылымы және сыртқы түрі қалыптасады.

Ұйытқылар - бұл таза дақылдар немесе ашытылған сүт өнімдерін, қышқыл май мен ірімшіктер өндірісінде қолданылатын микроорганизмдер дақылдарының қоспасы.

Қазіргі таңда халық арасында дайын ұйытқыны алып ашытылған сүт өнімдерін дайындау көпке таралған жағдай. Осы себептен көптеген өндіріс орындар әр түрлі ұйытқыларды шығаруда. Жалпы үй жағдайында таза ұйытқы дақылдарын қолданып, дайындалған ашытылған сүт өнімдерінің, шын мәнінде, пайдасы өте жоғары. Қолдан ашытылған сүтті сусынның зауыттық өнімнен айырмашылығы, оларда адамдар үшін пайдалы сүт қышқылды бактериялар мен бифидобактериялардың жоғары концентрациясы бар, құрамында қант, тұрақтандырғыштар, қоюландырғыштар, тағамдық қоспалар, бояғыштар, хош иістер және т.б. жоқ.

Осы мақалада VIVO және Yolactic брендтерінің құрғақ ұйытқылары негізінде йогурт дайындау және одан алынған өнімнің сапасын салыстыру мәселесі қарастырылған.

Yolactis «Yogurt immunity» йогурт ұйытқысы - зиянды микроорганизмдердің көбеюін басып, ЖРВИ-дің алдын алуға көмектесе отырып, иммундық жүйені күшейтеді. Құрамында тәттілендіргіштер, консерванттар, бояғыштар, хош иістер немесе басқа тағамдық қоспалар, ГМО мен лактоза жоқ.

Дақылдық құрамы: *Str. Thermophilus, Lactobacillus (delbrueckii ssp. bulgaricus, acidophilus, casei, rhamnosus, paracasei, plantarum), Bifidobacterium (lactis, longum)*.

VIVO «Иммуно Йогурт» ұйытқысы - «Иммуно Йогурт» VIVO - клиникалық тұрғыдан дәлелденген, жұмсақ дәмі бар және сүт қышқылы бактерияларының штаммдарының үйлесімінен құралған ұйытқы. Осы бактериялық штамдарды үнемі қолдану иммундық жүйені нығайтуға, ЖРВИ және басқа суық тию қаупін азайтуға және ас қорытуды жақсартуға көмектеседі. Керемет дәмді және қою құрылымды йогурт шығарады.

Дақылдық құрамы: *Bifidobacterium lactis* (2 штаммы), *Lactobacillus acidophilus* (2 штаммы), *Lactobacillus casei*, *Lactobacillus paracasei*, *Lactobacillus bulgaricus*, *Streptococcus thermophilus*, *Bifidobacterium infantis*.

Екі ұйытқының сақтау шарттары мен мерзімі бірдей. Түпнұсқалық қаптамада + 2-ден + 8 ° C-ге дейінгі температурада сақтау талап етіледі. Ашқаннан кейін, пакеттің мазмұнын дереу және толық көлемде пайдалану қажет. ТУ СТ ЖШС 151240004349-01-2018 сәйкес тасымалдау кезінде сақтау температурасында ауытқуға жол беріледі, температура 10 күн ішінде + 30°C аспауы керек. Жарамдылық мерзімі - 12 ай.

Бұл зерттеуде *Bifidobacterium longum* және *Lactobacillus delbrueckii subsp. bulgaricus* таза дақылдары өсірілді.

Bifidobacterium longum өсіру үшін Блаурокка сәйкес бауыр-цистиндік орта таңдалды. Онда колониялар салыстырмалы түрде аз өседі (0,5-2 мм). Тармақталатын жасушалардың ең көп саны онда орналасқан. Қатты қоректік орталардағы бифидобактериялардың колониялары мақтаның біркелкі емес кесектеріне ұқсайды. [2, 39 б.]

Lactobacillus delbrueckii subsp. bulgaricus-ды бөліп алып, қоректік ортада өсірді - *Lactobacillus MRS* агарында. *MRS* агарында тегіс колониялар пайда болды. [3, 16 б.]

Ашыған сүт өнімдерін органолептикалық бағалаудың негізгі көрсеткіштері: сыртқы түрі мен құрылымы, түсі, дәмі мен иісі. Органолептикалық сипаттамалары бойынша йогурт МЕМСТ 31981–2013 «Йогурт. Жалпы техникалық шарттар» бойынша сақталуы қажет.

Органолептикалық қасиеттерге арналған сынамалардың нәтижелері кесте 1-де көрсетілген.

Кесте 1

Сынама	№1	№2
Сыртқы түрі мен консистенциясы	Ұйысқан жоқ, біртекті. Қасықпен үлгілер жасалғаннан кейін өнім қасықтың өзінде де, шыныда да тұрақты және жылтыр болады. Өте қою және орташа тұтқыр, араластыра отырып, сарысу мен кесектер шықты. Тез араластырғаннан кейін өнім біртекті болды.	Ұйысқан жоқ, біртекті. Қасықпен үлгілер жасалғаннан кейін өнім қасықтың өзінде де, шыныда да тұрақты және жылтыр болады. Қалың және тығыз, араластыру кезінде сарысуы шығарылды. Тез араластырғаннан кейін өнім біртекті болды.
Иіс пен дәм	Таза, ашымал сүттің иіс, қышқыл дәм береді Бөтен дәм мен иіс, ашытқы дәмі жоқ	Таза, ашымал, жұмсақ, бөтен дәм мен иіссіз, қаймақ тәрізді тәтті дәмді сезінеді, ашытқы дәмі жоқ
Түсі	Сүтті ақ, масса бойынша біркелкі.	Сүтті ақ, масса бойынша біркелкі.

Сынамалардың органолептикалық қасиеттері

Екі сынаманы келесі көрсеткіші – ашыту уақыты мен сол уақыт ішіндегі консистенциясы салыстырылды.

Екі сынаманы ашыту уақыты және олардың консистенциясы кесте 2-де көрсетілген.

Кесте 2

Сынама	Ашыту уақыты	Консистенциясы
№1	7-8 сағ 9-10 сағ 24 сағ	Сұйық Тұтқырланған Қою
№2	7-8 сағ 9-10 сағ 24 сағ	Тұтқыр Қоюланған, бірақ сұйық Қою және тығыз

Сынамалардың ашыту уақыты мен консистенциясы

Осы зерттеудегі сақтаудың және ашытудың барлық шарттары МЕМСТ бойынша сақталды. Айтарлықтай мыңжылдықтар бойы йогурт жеу денсаулыққа көп пайда әкеледі. Біздің заманымыздан 6000 жыл бұрын-ақ, үнділік аюрведиялық медицина йогуртты тұтынумен байланысты денсаулыққа жағымды көптеген артықшылықтар туралы айтқан. Йогурт түрлі асқазан-ішек жолдарының ауруларынан бастап күннің күйіп қалуын жеңілдету үшін емдеуге қолданылады. 20 ғасырдың басында ол, тіпті, дәріханада дәрі ретінде сатылды.

Алайда, холецистит, гастрит және ас қорыту жүйесінің басқа аурулары кезінде тым майлы, кілегейлі йогурттарды теріс пайдаланбау қажет. Хош иістері бар химиялық қоспалардан тұратын йогурт өнімдерін балаларға немесе жүкті әйелдерге беруге болмайды. Химиялық қоспалар баланың денсаулығына зиян тигізуі мүмкін. Осы себепті балалар тағамы сарапшылары балаға сегіз айлыққа дейін йогурт беруді ұсынбайды.

Осыған байланысты шығарылып жатқан ұйытқылардың сапасы мен құрамын бақылап отыру тиіс. Өйткені бұл дақылдардың бәрі адамның ішек микрофлорасына тікелей әсер етеді. Сонымен қатар МЕМСТ-тан кету жағдайы дисбактериоз немесе дисбиоздың дамуына әкелу мүмкін.

Қорыта айтқанда, екі дақылға да сапаны микробиологиялық бақылау жүргізілді. Олардың өндіруші ұсынылған және зерттеу барысында алынған дақылдық құрамы салыстырылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, екі ұйытқы дақылдарының құрамы шынайыдан өзгеше; *bifidobacterium longum* және болгар таяқшасы дақылдарының өсуі байқалды.

Ұй жағдайында ашыту мен сақтаудың салыстырмалы бақылауы жүргізілді. Бұл зерттеуде әр өндіруші ұсынған ұйытқының органолептикалық қасиеттері салыстырылды. Жұмыс нәтижелері барысында сапа бойынша өндіруші ұсынғаннан аз айырмашылықтар анықталды: пісу уақыты, дәмі, иісі және консистенциясы біршама өзгеріс байқалды.

Сонымен қатар, «Yogurt immunity» мен «Иммуно йогурт» ұйытқылары бір-бірімен салыстырылды. Жалпы алғанда, шетелдік VIVO «Иммуно Йогурт» ұйытқы дақылдары отандық Yolastic «Yogurt immunity» ұйытқы дақылдарына қарағанда тезірек ашытылған және консистенциясы тығызырақ болған. Мысалы, отандық ұйытқыны ашытуға 9-11 сағат қажет болса, шетелдік ұйытқыны ашыту 7-8 сағат қана алады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Дисбактериозы - актуальная проблема медицины / А.А.Воробьев [и др.] // Вестник РАМН. - 1997. - №3.
2. Меркулова Л.В., Ерошкина О.Е, Казакова И.В. Полиморфизм бактерий рода *Bifidobacterium* // Молочная промышленность, 2012. – №9.
3. Банникова Л.А. Микробиологические основы молочного производства / Л.А. Банникова, Н.С. Королева, В.Ф. Семенихина. – Москва: Агропромиздат. – 1987. – 400 с.

Ғылыми жетекші: **Жарытылыстану ғылымдарының магистрі,
оқытушы Бақытжанқызы Б.**

AMARANTHUS, CELOSIA ТҮРЛЕРІН ЖЫЛЫЖАЙДА ОТЫРҒЫЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кушекбаева А.Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Амарант біз үшін өте танымал емес, бірақ әлемнің көптеген елдерінде амарантты тек қана сәндік өсімдік ретінде қарастырмай тамақ, жемшөп, дәрілік және сәндік өсімдік ретінде қолданылады. Амаранттың құрамында көптеген құнды заттар бар, олардың кейбіреулері басқа ауылшаруашылық дақылдарында, өсімдіктерінде кездеспейді.

Амаранттың шығу тегі Оңтүстік Америкадан басталады, онда оның көптеген түрлері мен формалары өседі. Аргентина, Перу және Боливия тауларында құйрықты амарант (*Amaranthus caudatus*) көптеп таралған. Сол жерден ол Солтүстік Америкаға, Үндістанға және басқа жерлерге кең тарала бастады. Қазіргі уақытта тұқымның көптеген өкілдері Солтүстік Үндістан мен Қытайда кездеседі, бұл өсімдіктерді қалыптастырудың қайталама орталықтары ретінде осы аудандар туралы айтуға болады.

Шетелде амарантты зерттеуде бүгінде көп көңіл бөлініп отыр. АҚШ-та амарант бойынша зерттеу жұмыстарын 1975 жылдан бастап Ауыл шаруашылығы министрлігі жүргізеді. Сарапшылар бұл өсімдіктің дәні мен жасыл массасының жоғары қоректік құндылығын, оның жоғары өнімділігін, құрғақшылыққа төзімділігін, тез өсуін және басқа да артықшылықтарын саралап айтқан болатын. Ресейде амаранттың алғашқы зерттеулері өткен ғасырдың 30-жылдарында жүргізілді. Ол зерттеулер Академик Н. И. Вавиловқа тиесілі. Ол өсімдік тұқымдарының ең көп коллекциясын жинады және оны зерттеп, ауылшаруашылық өндірісіне енгізуді ұсынды. Амарант Ресей, Беларусь және Украинаның көптеген ғылыми мекемелерінде зерттелінген болатын.

Амаранттарды талғампаз өсімдіктер деп атауға болмайды. Олар ыстық, ашық және күн шуақты жерлерді жақсы көретін фотофильді, құрғақшылыққа төзімді дақылдарға жатады. Көлеңкеде амаранттар отырғызуға болмайды.

Бақшадағы орынды таңдағанда, үлкен ағаш немесе бұталар өсімдікке көлеңке түсірмейтін бақтың ең жарқын және жылы жерлерінде тоқтаған дұрыс. Егер отырғызу жиектердің шетіне жоспарланса, онда өсімдіктерді күннің үлкен жартысында жарықтандыратындай етіп орналастыру керек. Амарант ашық жерге аяз қаупі толығымен жойылғаннан кейін ғана отырғызылу керек: тіпті өсімдік тұқымдары мамыр айының ортасынан немесе маусым айында егіледі.

Зерттеу жұмысымды «Жұбанов жылыжайында» жүргізіп, төзімді, өсіруге ыңғайлы, ерекше сән беретін сорттарды іріктеп алдым. Амарант және Целозия өсімдігінің түрлерін, атап айтқанда Целозия «Малютка» *Celosia plumosa*, «Китайский шёлк» *Celosia argentea*, «Пампас плюме» *Celosia argentea plumosa* және

Амарант триколор «Половецкие плески» *Amaranthus tricolor*, Амарант двуцветный «Молтен файер» *Amaranthus bicolor*, Амарант хвостовый «Малиновый бусы» *Amaranthus caudatus* түрлерін жылыжайда арнайы ыдыста өсірдім.

Ең бірінші өсіруге арналған қолайлы ыдыс таңдап алынды ені 30см, ұзындығы 35 см, тереңдігі 9 см болатын ыдыста өсірдім. 6 түрлі гүлдің өсуін құрамы, қышқылдылығы әр түрлі 3 түрлі топырақты таңдап алдым. 1-ші топырақты бақылау топырағы ретінде алдым яғни бұл топырақтың құрамында қара топырақ, көң, балласт бар. 2-ші топырақ әмбебап «Богатырь» топырағы. Құрамында Азот-350 мг/л, фосфор- 30мг/л, калий- 260-400 мг/л, рН-5,5-6,5. Бұл топырақтың артықшылығы құнарлықты ұлғайтып тамыр жүйесінің өсуін тездететін, сонымен қатар патогенді микроорганизмдерді босататын *Bacillus subtilis* бактериясы бар. Құрамында шымтезек, әктас, құм, микроэлементтер, минералды тыңайтқыш, бактериялар бар. 2-ші топырақ әмбебап «Цветочный» топырағы. Құрамында азот-200мг/л, фосфор-200мг/л, калий — 350 мг/л, ылғалдылығы - 65%, рН- 5,5-6,5.

Келесі кезекте зерттеу жұмысыма арналған Амарант тұқымдасының әр түрлі сорттарын ерекшеліктеріне байланысты таңдап алдым. Олар:

1. Целозия «Малютка» *Celosia plumosa*. Ылғал, жылусүйгіш өсімдік. Биіктігі 30см-ге дейін жететін жасыл жапырақты және гүлдерінің түсі әр түрлі болатын өсімдік. Шілде, қыркүйек айларында гүлдейді. Ал, тұқымды наурыз айында 18-25 С топырақта 14-20 күнде пайда болады. Маусым айында, сабақтары қатайған кезде далаға отырғызады.

2. Целозия «Китайский шёлк» *Celosia argentea*. Биіктігі 30 см болатын амаранттар тұқымдасынан шыққан бір жылдық ергежейлі өсімдік, күлгін түсті және қою қызыл жапырақтарымен ерекшеленеді. Шілдеден бастап аязға дейін гүлдейді. Целозия термофильді, фотофильді, құрғақшылыққа төзімді, бірақ жақсы суаруды қажет етеді. Ол борпылдақ, құнарлы топырақты жақсы көреді. Тұқымдар наурыз айында көшеттерге себіліп, 18-25 ° с топырақ температурасында 14-20 күннен кейін пайда болады.

3. Целозия «Пампас плюме» *Celosia argentea plumosa* Целозияның бұл түрін өсіру оңай. Целозия тұқымдары наурыз–сәуір айларында пленканың астына көшеттерге себіледі. Ылғал топырақтың бетіне сирек себу керек. Тұқым өнгеннен соң маусымның басында, күн жылынған кезде, көшеттер тұрақты жерге отырғызылады. Биіктігі бір метрге дейін жететін бір жылдық өсімдік. Күзгі аязға дейін сәндік әсерін жоғалтпай, көптеген айлар бойы ұзақ және керемет гүлдейді. Гүлдерінің ұзындығы әдетте өсімдік биіктігінің жартысынан немесе үштен бір бөлігін құрайды. Ергежейлі (20-30 см), орташа ұзын (30-50 см) және биік сорттар (50-90 см) болады.

4. Амарант триколор «Половецкие плески» *Amaranthus tricolor*. Бұл тез өсетін бір жылдық, биіктігі 80-120 см болады. Сабағы жасыл немесе қызғылт, берік, тік, әдетте қатты тармақталған болып келеді. Бұтаның пішіні сфералық, пирамида, ықшам немесе борпылдақ, диаметрі 60 см-ге дейін. Жапырақтарының

ұзындығы 15 см-ге жетеді, ені 10 см-ге дейін. Сабақтағы орналасу спираль тәрізді, жапырақ пышағы қатты. Тұқымдар кішкентай, 1-1, 5 мм., жылтыр, қара немесе қоңыр, дөңгелек. Тұқым себу жер бетінде жүзеге асырылады, содан кейін жұқа құм немесе топырақ қабатымен себіледі, өйткені жарықтың болмауы өнуді жақсартады. 21°C және одан жоғары температурада көшеттер 5-14 күннен кейін пайда болады. Егер салқын жағдай орын алса өнуді айтарлықтай кешіктіреді. Алғашқы күндерінен бастап қарқынды жарықтандыруды керек сондықтан наурыз-сәуір айларында ерте отырғызу кезінде жасанды жарықтандыру қолданылады.

5. Амарант двуцветный «Молтен файер» *Amaranthus bicolour*, Бір жылдық сәндік жапырақты өсімдік. Биіктігі 75 см болатын сабақтар пирамида тәрізді бұтаны құрайды. Жапырақтары өте сәнді. Ашық қызыл реңктің жас жапырақтары өсіп келе жатқанда қара шие түсіне ие болады. Гүлзарларда топтық екпелерде керемет көрінеді. Бұл өсімдік кез-келген бақша топырағында күн шуақты жерлерде жақсы өседі.

6. Амарант хвостовой «Малиновый бусы» *Amaranthus caudatus*. Биіктігі 1,5 м-ге жететін бір жылдық шөпті өсімдік. Гүлдері кішкентай, сабақтың жоғарғы жағынан өсіп, бұтақталып, біртіндеп өз салмағының астына қарай түсіп тұрады, ұзындығы 80 см жетеді. әртүрлілігіне байланысты қызыл немесе сары-жасыл түстерге ие болады.

Тандап алынған 6 түрлі Амарант тұқымдасының сорттарын арнаулы жәшіктерде, 3 түрлі топырақта өсуін, бейімделуін, өміршендігін анықтадым. 29.01.21 жылы тұқымдарды «Жұбанов жылыжайында» жәшіктерге сеуіп бетін пленкамен жауып, 20-25 С жылыжайдың тұрақты температурасында өсе бастады. 31.01.21 жылы 50% тұқым өніп өсе бастады. Биологиялық өлшем алып, өңген тұқымың ұзындығын өлшеп салыстырдым. (1- кесте)

№	Атауы	1-топырақ	2-топырақ	3- топырақ
1	Малютка			
2	Китайский шёлк	1,2см, 0,5см;	0,2см, 0,5см, 0,3см;	0,2см, 0,3 см;
3	Пампас плюме	1,1см, 1,3см;	0,2см, 0,5см, 0,1 см;	0,2см, 0,1см;
4	Половецкие плески	-	-	-
5	Молтен файер	-	-	-
6	Малиновый бусы	1.5см, 0.5см;	1,2см, 1,2см, 1см;	1,5см, 1см, 0,5см;

4.02.21 жылғы нәтиже бойынша барлық топырақта тұқымдар шыға бастады. 2-ші және 3-ші топыраққа қарағанда бақылау топырағында гүлдердің өсу көрсеткіші жоғары болды. Бұл дегеніміз 1-ші топырақтың құрамы Амарант, Целозия өсімдіктердің өсуіне қолайлы компоненттерге ие екендігін көрсетті. Жәнеде бұл топырақ адамдар үшін қолжетімділігімен ерекшеленеді. (2 кесте)

Атауы	1-топырақ	2-топырақ	3-топырақ
Малютка	2см, 1,7см;	1,2 см, 1,5см;	2см, 1,8см;
Китайский шёлк	1,5см, 1см;	1,3см, 1см;	1,6см,0,8см;
Пампас плюме	2 см, 1,8см;	1,2 см, 1,5см;	2 см, 1,8см;
Половецкие плески	0,5 см, 0,7см;	1 см, 0,8см;	0,8 см, 0,7см;
Молтен фэйер	0,5	0.3см	1см
Малиновый бусы	1,5 см, 1см;	1,8 см, 1,3см;	2см, 1см;

Жұмыс қорытындысы бойынша Целозияның «Малютка» сортын барлық топыраққа бірдей 0,01гр себілді. 1-ші топырақта 9, 2-ші топырақ 8, 3-ші топырақта 12 гүл өсіп шықты. «Китайский шёлк» сортында дәл сондай мөлшерде себіліп нәтижесінде 1-ші топырақта 35, 2-ші топырақ 56, 3-ші топырақта 44 өскін пайда болды. Өсуі ең жоғарғы деңгейде көрінген «Пампас плюме» сорты болды. 0,02 граммнан себілгеннен кейін 1-ші топырақта 150, 2-ші топырақта 123, 3-ші топырақта 60 гүл өніп шықты. Амарант «Половецкие плески» 0,01 граммынан 1-ші топырақта 8, 2-ші топырақ 2, 3-ші топырақта 20 гүл, Ал Амарант «Молтен фэйер» сортының 0,25 грамынан тек 1-ші және 3-ші топырақта өсу аз деңгейде байқалды. Тек 2-ші топырақта 39 өскін пайда болды. Ең жақсы көрсеткішті Амарант «Малиновый бусы» сортынан байқадық. 0,02 граммнан 1-ші топырақта 73, 2-ші топырақ 70, 3-ші топырақта 55 гүл өсіп шықты.

Қорытындылай келе амаранттар суару мен ылғалдың жоғарылауына жауап беретін гигрофильді өсімдіктер болып саналатынына қарамастан, олар жеңіл және борпылдақ топырақта өскенді жөн көреді. Амаранттар қатты ылғалға төзбейді, сондықтан оларды ауыр және тығыз топыраққа отырғызбау керек. Амаранттарды отырғызатын топыраққа қойылатын негізгі талаптардың бірі-төмен қышқылдық: бұл дақылдар тіпті аздап қышқыл топырақты ұнатпайды және бейтарап емес, кальцийлі топырақта өскенді жөн көреді.

Топырақтың алдын-ала құнарландырған дұрыс. Тым ауыр және жеткіліксіз құнарлы топырақтарда су өткізгіштігін жақсарту үшін компост пен минералды тыңайтқыштарды қосу ұсынылады. Егер алдын-ала дайындық жүргізілмесе,

топырақты құнарландыру отырғызу кезінде тікелей жүзеге асырылуы қажет, отырғызу шұңқырының түбіне бір уыс компост және аздап толық минералды тыңайтқыштар салынады.

Амаранттар- ең тұрақты және төзімді өсімдіктердің бірі. Маусым бойына сәнділікті сақтай отырып, олар ерекше күтімді қажет етпейді, құрғақшылықпен жақсы күреседі және өте тез өседі. Егер сіз амарантқа қажетті жағдайларды ұсынсаңыз және отырғызу алдында топырақты дайындауға ерекше көңіл аударсаңыз – бұл маусымның екінші жартысындағы ең жарқын өсімдіктердің бірі болады. Амарант тез өсу қарқынымен, төзімділігімен, тез бейімделуімен және өте ұзақ сәндік кезеңімен ерекшеленеді, ал өсімдіктің гүлденуі мен көктері оның артықшылықтары болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Чиркова Т.В. Амарант – культура XXI века// Соросовский образовательный журнал. 1999. № 10. [22–27 б.]
2. Кононков П.Ф., Гинс В.К., Гинс М.С. Амарант – культура XXI века. М., 2001. [240 б.]
3. Офицеров Е.Н. Амарант – перспективное сырье для пищевой и фармацевтической промышленности // Химия и компьютерное моделирование. Бутлеровские чтения. 2001. № 5. [1–4 б.]
4. Пащенко Л.П., Никитин И.А. Амарант: особенности химического состава нетрадиционной культуры // Успехи современного естествознания. 2003. № 10. [121 б.]
5. Saunders R.M., Beciker R. Amaranthus: A potential food and feed resource // Advances in Cereal Science and Technology. St. Paul, 1984. Vol. 6. [357–396 б.]
6. Пащенко Л.П., Макеев А.М., Магомедов И.М. Липопротеиновый комплекс из амаранта – биологический улучшитель продуктов // Пищевая промышленность. 1990. № 12. [38–40 б.]

Ғылыми жетекші: б.ғ.к., доцент Базарғалиева А.А.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ ЖЕМІСТЕРДЕН ШОКОЛАД АЛУДЫҢ БИОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Макуева Б.М

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазіргі кезде шоколад өндірісі алуантүрлі өнімдерді даярлау арқылы адамдардың аталған өнімге деген сұранысын арттыруда. Мұнымен қоса бұл өнімдердің адам денсаулығы мен қалыпты физиологиясын сақтауда да өзіндік әсері

бар екендігі көптеген ғалымдардың зерттеулерінде қаралған. Біздің диссертациялық жұмыста қазіргі кезде ұлт денсаулығын нығайтуды күшейту мақсатында энергетикалық құндылығы жоғары жемістерден шоколад дайындау арқылы, мектеп оқушылары мен студенттердің күнделікті оқу үдерісі кезінде қалыпты күйі мен физиологиясын сақтау бойынша жұмыстар және аталған зерттеулер бойынша нәтижелер талқыланған.

МЕМСТ 31721-2012 «Шоколад. Жалпы техникалық жағдайы» сәйкес шоколад деп құрамында 35% кем емес жалпы құрғақ какао-өнімнің, 18% кем емес какао майы мен 14% кем емес құрғақ майсызданған какао-өнімнің қалдығы бар какао-өнім мен қант негізінде алынған кондитерлік өнімді атайды [1].

Зерттеудің негізгі нысаны Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Биология кафедрасы жанынан зертхана жағдайында энергетикалық құндылығы жоғары жемістерден дайындалған шоколад өнімі болып табылады. Аталған шоколад өнімі мектеп оқушылары мен жоғары оқу орны студенттері мен қызметкерлерінің жұмыс күніндегі стресстік бейімдеуді алдын алуға, сергектік күнді өткізуді мақсат етеді. Зерттеу нысанына алынған шоколад түрі қазіргі кезде өндірілетін шоколад өнімдерімен салыстырыла отырып, олардың химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығына талдау жасалау арқылы тиімділігін көрсетуде үлкен маңызға ие болады.

Шоколадтағы ылғалдың массалық үлесін анықтау

Шоколад құрамындағы ылғалдың массалық үлесін МЕМСТ 5900-2014 Кондитерлік өнімдер. Ылғал және құрғақ затты анықтау әдістері. Бойынша жүргізілді [2]. Өлшеуді жүргізудің әдістемесі сол Мемлекеттік стандарттан алынды. Өлшеу биология кафедрасының жанындағы зертханадағы электрондық таразы арқылы жүзеге асырылды.

Төмендегі кестеде шоколадтың құрамындағы ылғалды анықтау бойынша өлшенетін параметрлердің массасы көрсетілген (кесте 1).

Ылғалдылықтың пайызбен алғандағы массалық үлесін келесі формуламен есептейміз:

$$X_1 = \frac{m_1 - m_2}{m} \times 100$$

мұндағы, m_1 – бюкстың қақпағымен, шыны таяқшасымен және сынамаға алынған өніммен бірге алғандағы кептірілгенге дейінгі массасы, г;

m_2 – бюкстың қақпағымен, шыны таяқшасымен және сынамаға алынған өніммен бірге алғандағы кептірілгеннен кейінгі массасы, г;

m – сынамаға алынған өнімнің массасы.

1-кесте. Шоколадтағы ылғалды анықтау бойынша өлшенетін параметрлердің массасы

Шоколадтың	Бюкстың	Талданатын	Кептірілгенге	Кептіргеннен
------------	---------	------------	---------------	--------------

атауы	массасы, г	сынаманың массасы, г	дейінгі бюкстың талданатын сынамамен бірге массасы, г	кейінгі бюкстың талданатын сынамамен бірге массасы, г
Шокомикс (x_1)	49,81	3,68	53,49	53,43
Сникерс (x_2)	43,24	3,95	47,19	47,12
Марс (x_3)	50,45	3,49	53,94	53,83
Қазақстан (x_4)	43,13	3,31	46,44	46,34

Әртүрлі шоколад өнімдеріндегі ылғалдылық анықтаудың салыстырмалы талдау нәтижесі

Біздің зерттеу жұмысымызда энергетикалық құндылығы жоғары жемістерден дайындалған «Шокомикс» шоколад өнімі, адамдардың күнделікті өмірінде үлкен маңызға ие брендті шоколадтар Сникер, Марс, Қазақстан шоколадтары сынамаға алынды. Әрбір шоколадтың құрамындағы ылғалды анықтау бойынша өлшенетін параметрлердің массасы төмендегі кестеде сынамаға дейін және сынамадан кейінгі нәтижелер ретінде көрсетілген (кесте 2).

2-кесте. Шоколадтағы ылғалды анықтау бойынша өлшенетін параметрлердің массасы

Шоколадтың атауы	Бюкстың массасы, г	Талданатын сынаманың массасы, г	Кептірілгенге дейінгі бюкстың талданатын сынамамен бірге массасы, г	Кептіргеннен кейінгі бюкстың талданатын сынамамен бірге массасы, г
Шокомикс (x_1)	49,81	3,68	53,49	53,43
Сникерс (x_2)	43,24	3,95	47,19	47,12
Марс (x_3)	50,45	3,49	53,94	53,83
Қазақстан (x_4)	43,13	3,31	46,44	46,34


Энергетикалық құндылығы жоғары жемістерден дайындалған шоколад өнімінің тағамдық құндылығын салыстырмалы талдау нәтижелері

Біздің зерттеу жұмысымыздың барысында энергетикалық құндылығы жоғары жемістерден дайындалған шоколад өнімінің басқа маркалы шоколад өнімдерінің тағамдық құндылығының салыстыру бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілген (кесте 3).

3-кесте. Энергетикалық құндылығы жоғары жемістерден дайындалған шоколад өнімінің басқа маркалы шоколад өнімдерінің тағамдық құндылығының салыстырмалы көрсеткіші (100 грамм өнімде)

Шоколад өнімі	Ақуыз	Майлар	Көмірсулар	Энергетикалық құндылығы
---------------	-------	--------	------------	-------------------------

Біздің шоколад өніміміз	15,2	43,4	30,2	554
Қазақстан шоколады	6,3	33,4	52,7	532
Сникерс шоколады	7,0	24	63	488
Марс шоколады	3,8	17,1	70	452
Фитнес Микс шоколады	12	29	35	450



1.сурет Әртүрлі маркалы шоколад өнімдерінің тағамдық құндылығының салыстырмалы көрсеткіші (біздің дайындаған шоколад өнімі бойынша)

Энергетикалық құндылығы жоғары жемістерден шоколад дайындау негізінен адамдардың, әсіресе мектеп жасындағы балалар мен жоғары оқу орны студенттерінің күні бойы сергіп жүру қабілетін қамтамасыз етуде басты мәселе болып келеді. Жалпы біз дайындаған шоколад бұл – адамның күні бойы сергек жүруі мен жүректің жақсы жұмысы қамтамасыз етуі болып табылады. Сонымен қатар, қанды тазартады, иммунитетті нығайтуға өте жақсы көмектеседі. Өзіміздің шоколадты дайындауда біз төмендегі жемістерден 1 кг шоколад өнімін алу үшін, әрбір жемістерден 100 граммын пайдаландық. Шоколадтың негізгі құрамы: жаңғақ, өрік, кешью, фисташка, қара мейіз, миндаль, арахис, бал.

Шоколадты дайындау технологиясына сәйкес құрғақ жемістерді жылы суда жақсылап жуып, аздап құрғаттамыз. Дайындау техникасының барлық ережелерін осы жұмыста көрсетінде МЕМСТ бойынша жүргіземіз. Содан кейін ет тартқышта барлық кептірілген жемістер бұралды және араластырылады (қабығымен бірге, сүйексіз). Дайын бұралған кептірілген жемістерді балмен жақсы араластырып, оған какао мен какао майын қосып арнайы қалыпқа салыңыз. Қоспаны суық жерде ұстау ұсынылады. Құрғақ жемістерден жасалған шоколад дайын.

Біздің жұмысымызда энергетикалық құндылығы жоғары жемістерден дайындалған шоколад өнімінің құнарлығын интернет желісіндегі «*Calc.by*» онлайн калькуляры көмегімен шоколадты дайындауда қолданылған әрбір 100 грамм жемістің құрамы мен құнарлығын анықтау арқылы жүргізілді. Шоколадтың құрамына кіретін негізгі 10 өнімнің құрамы мен құнарлығы анықталып, шоколадтың жалпы салмағы 1000 грамм құрайтын өнімнің құнарлығы онлайн калькуляры бағдарламасы негізінде анықталды.

4-кесте. «*Calc.by*» онлайн калькуляры көмегімен есептелген энергетикалық құндылығы жоғары жемістердер дайындалған шоколад өнімінің 100 граммындағы құнарлығы (кДж/ккал)

100 граммның құнарлығы	Кешью	Қурага	Кішімш	Грек жаңғағы	Фисташка	Арахис	Миндаль	Какао	Какао-майы	Бал	Барлығы
Май	54,1	0,3	0,6	65,2	50,0	48,0	57,7	15,0	99,9	0,0	390,8
Көмірсу	13,2	51,0	66,0	7,0	7,0	21,0	16,2	10,2	0,0	80,1	271,7
Ақуыз	25,7	5,2	2,9	15,2	20,0	25,0	18,6	24,3	0,0	0,3	137,2
Ккал	643	215	264	654	556	570	645	228	889	322	4986



2. сурет Дайындалған шоколад өнімінің дегустациясы

Осы жұмысымызда энергетикалық құндылығы жоғары жемістерден алынған шоколад өніміміз өзінің биологиялық құндылығы жағынан жоғары болып келеді. Сонымен қатар, мектеп жасындағы оқушылар мен жоғары оқу орындарында оқитын студенттер үшін, олардың физиологиялық қалыпты жағдайда жүруін қамтамасыз етуде таптырмайтын энергетикалық құнды өнім. Аталған шоколад өнімі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Ғылым апталығы күндері арнайы дегустациядан өтіп, университеттің қызметкерлері мен білім алушылары арасында жақсы пікірлерге ие болды (2 сурет).

Энергетикалық құндылығы жоғары жемістерден дайындалған шоколад өнімін дайындау Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Биология кафедрасы жанынан зертхана жағдайында іске асырылды. Аталған шоколад өнімі мектеп оқушылары мен жоғары оқу орны студенттері мен қызметкерлерінің жұмыс күніндегі стресстік бейімдеуді алдын алуға, сергектік күнді өткізу мақсат етеді. Зерттеу нысанына алынған шоколад түрі қазіргі кезде өндірілетін шоколад өнімдерімен салыстырыла отырып, олардың химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығына талдау жасалау арқылы тиімділігін көрсетуде үлкен маңызға ие болды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ГОСТ 31721 –2012. Шоколад. Общие технические условия. [Электронный ресурс]: <http://vsegost.com/Catalog/52/52415.shtml>.
2. Что нужно знать о шоколаде [Электрондық ресурс <http://chocolatier.ru/shokologija/что-nuzhno-znat-o-shokolade.html>
3. Занидра В.В. Научные основы и технология производства шоколада и кондитерских изделий // Технологии кондитерской промышленности. – 2015. – № 11. – С. 25-27.
4. Что нужно знать о шоколаде [Электрондық ресурс]. <http://chocolatier.ru/shokologija/что-nuzhno-znat-o-shokolade.html>
5. МЕМСТ 5900-2014 Кондитерлік өнімдер. Ылғал және құрғақ затты анықтау әдістері.

Ғылыми жетекші: **магистр Ташигул Н.Е.**

ХИМИЯ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНДАҒЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРТУ

Нұрсұлтанова А.Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

XXI ғасырда жеткілікті ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы және халық санының көбеюі қоршаған ортаға белсенді әсер етуде. Егер мұндай антропогендік әсер етулер табиғат заңдарын ескермесе және табиғат заңдарын бұзатын болса, апаттық жағдайлар туындайды.

Адамдар өздерінің зиянды әрекеттерінен туындайтын жағдайлардың саны көбейіп, табиғи апаттарға әкелуде. Мысалы, «озон қабатының жұқаруы», «жылу эффектісі», барлық құрылықтардағы ормандарды көптеп жою, өсімдіктер мен жануарлардың мындаған түрлерінің жоғалып кетуі, қоқыс тастайтын жерлердегі өнеркәсіптік қалдықтардың жинақталуы және тағы да басқалар [1-3].

Жер шарындағы шаруашылықты экологиялық сауатты жүргізу үшін көп нәрсені білу қажет: жеке ағзалардың мекен ету ортасына қалай әсер етуінен бастап, тірі табиғат пен оның адамзат қоғамындағы орнының жалпы ғаламшарлық байланыс түсінігіне дейін білу қажет.

Жалпы білім беретін мектептерде экологиялық білім мен тәрбие беру – нарықтық экономикалық қатынастар заңдарына сай бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Мектептегі оқыту үрдісін ұйымдастырудағы маңызды талап – оқылатын пәнге деген қызығушылықтың қалыптасуы. Химияны оқыту тәжірибесі оқушылардың ерекше қызығушылығын арттыратын ғаламдық, әлеуметтік және маңызды мәселелерді, соның ішінде химия-экологиялық мазмұндағы мәліметтерді қарастыруға мүмкіндік береді.

Экологиялық білімге ие болу мәселесі жалпы білім беру мекемелерінде «экология» пәніне кіріспе арқылы, сондай-ақ мектеп пәндерін экологияландыру арқылы шешіледі [4-7].

Химия сабағында мұғалім көптеген экологиялық мәселелерді көтереді, оларды шешудің мүмкін болатын жолдарын оқушылармен бірге талқылайды.

Химиялық білімді экологияландыру талаптарында экологиялық мазмұндағы есептеуге құрылған және шығармашылық есептердің рөлі арта түседі. Химия сабақтарында мұндай есептерді қолдану туған өлкеміздің байлықтарын танып-білуге бағыттайды, химия-экологиялық мәселелердің мәнін түсінуге мүмкіндік туғызады, адамгершілік тәрбиеге жол ашады.

Химия курстарының сәйкес келетін бөлімдерінде, сондай-ақ бейорганикалық және органикалық химия курстарын оқып аяқтаудағы білімді бекіту мен талдау кезіндегі сабақтарда шешуге болатын химия-экологиялық мазмұндағы есептерді ұсынамыз.

№1 есеп

Табиғатта биогенді элементтердің айналымы үнемі үздіксіз жүріп отырады: көміртегі, сутегі, оттегі, фосфор, азот, күкірт. Адам өз қызметі барысында қажеттіліктері үшін минералды шикізатты пайдалану арқылы заттар айналымына араласады. Көмір қышқылының концентрациясы 2%, $\rho = 1 \text{ г/см}^3$ болатын 1 литр минералды газдалған су алу үшін көміртектің қандай массасы көмір қышқыл газына айналуы керек?

Берілгені:


$$V(\text{H}_2\text{CO}_3) = 1 \text{ л}$$

$$\rho(\text{H}_2\text{CO}_3) = 1 \text{ г/см}^3$$

$$w(\text{H}_2\text{CO}_3) = 2\%$$

$$\text{Табу керек: } m(\text{C}) = ?$$

Шешуі:



1) Көмір қышқылы ерітіндісінің массасын тапсақ:

$$m_{\text{ерітінді}}(\text{H}_2\text{CO}_3) = V \cdot \rho = 1000 \text{ см}^3 \cdot 1 \text{ г/см}^3 = 1000 \text{ г}$$

2) Массалық үлесті пайдаланып тапсақ:

$$w \cdot m_{\text{е-ді}} = 0,02 \cdot 1000 \text{ г}$$

$$m_{\text{е.з.}} = 20 \text{ г}$$

3) Көмір қышқылының зат мөлшерін тапсақ:

$$n(\text{H}_2\text{CO}_3) = 20 \text{ г} / 62 \text{ г/моль} = 0,323 \text{ моль}$$

$$M(\text{H}_2\text{CO}_3) = 62 \text{ г/моль}$$

4) Реакция теңдеуі бойынша

$$n(\text{H}_2\text{CO}_3) = n(\text{CO}_2)$$

$$n(\text{CO}_2) = n(\text{C}), \text{ сондықтан}$$

$$n(\text{C}) = 0,323 \text{ моль}$$

5) Көміртектің массасын табамыз:

$$m(\text{C}) = n \cdot M = 0,323 \text{ моль} \cdot 12 \text{ г/моль} = 3,87 \text{ г}$$

Жауабы: $m(\text{C}) = 3,87 \text{ г}$.


№2 есеп

Ауыз суды дезинфекциялау үшін қолданылатын хлор - натрий хлориді балқымасының электролизімен алынады. Натрий хлоридінің электролизі кезінде хлор газынан басқа, сұйық натрий металы алынады.

а) 355 г хлор газын алу үшін қанша грамм натрий хлориді қажет?

б) қ. ж. кезінде газдың бұл мөлшері қандай көлемді алады?

Шешуі:



$$M(\text{Cl}_2) = 71 \text{ г/моль};$$

$$n(\text{Cl}_2) = 355 \text{ г} / 71 \text{ г/моль} = 5 \text{ моль}$$

$$n(\text{NaCl}) = 2 \text{ моль} \cdot n(\text{Cl}_2) = 10 \text{ моль};$$

$$M(\text{NaCl}) = 58,5 \text{ г/моль};$$

$$m(\text{NaCl}) = 58,5 \text{ г/моль} \cdot 10 \text{ моль} = 585 \text{ г}$$


$$2) V(\text{Cl}_2) = V_m \cdot n = 22,4 \text{ л/моль} \cdot 5 \text{ моль} = 112 \text{ л}$$

Жауабы: $m(\text{NaCl}) = 585 \text{ г}$; $V(\text{Cl}_2) = 112 \text{ л}$.

№3 есеп

Жер қыртысындағы және оның беткі бөлігіндегі күкірт қосылыстары үш түрлі типте: күкірт қышқылы (H_2SO_4), күкіртсутек (H_2S) (олардың тұздарын қоса есептегенде) және бос күкірт күйінде кездеседі. Құрамында күкірті бар заттардың жануы нәтижесінде 448 литр (стандартты) күкірт (IV) оксиді пайда болды. Егер оның теориялық шығымы 80% болса, қышқыл жаңбыр түрінде шығуы және түсуі мүмкін күкірт қышқылының массасын анықтаңыз.

Шешуі:



$$n(SO_3) = \frac{448}{22.4} = 20 \text{ моль};$$

$$n(H_2SO_4) = n(SO_3) = 20 \text{ моль};$$

$$m(H_2SO_4) = 98 \cdot 20 = 1960 \text{ г (теориялық шығым)}$$

$$m_{\text{ш}} = 1960 \cdot 0,8 = 1568 \text{ г};$$

Жауабы: 1568г

Химия-экологиялық түсініктер жалпы білім беретін орта мектептің барлық пәндерінде де қарастырылуы тиіс, олар биология курсында басқаша көзқарас тұрғысынан, яғни аталған түсініктер жеке тұрғыдан емес, олардың тірі ағзалармен байланысы, өзара әрекеттесулері, биологиялық тепе-теңдік ұғымдарымен ұштастырылады. Ал химия курсы табиғат заңдарын, материя қозғалысының химиялық формасын қамти отырып, заттардың құрылысы, олардың өзгерістері, биогеохимиялық айналымдары және химиялық элементтердің биологиялық сіңірілуі туралы білім береді. Бізді қоршаған табиғи орта заттар жиынтығы, олардың тұрақты химиялық өзгерістері болып табылады.

Химиялық элементтер түзетін заттардың биогеохимиялық айналымын, оның ішінде биогенді элементтер айналымын оқушыларға түсіндіруде химия мен биология пәндерін экологиямен кіріктіре оқыту - аса маңызды мәселелердің бірі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Химия пәнінен 7-11-класқа арналған мектеп бағдарламасы. 2015-2020жж.
2. Glinka N.L. General chemistry: manual for graduate students. Volume 3 / N.L. Glinka,- 27 edition. - Almaty:TechSmith, 2018.-248p.
3. Minajeva Y.V. Organic Chemistri: Textbook/ Y.V.Minajeva.-Almaty:Epigraf, 2017.-172 p.
4. Битемирова А.Е. Химиядан есеп шығару әдістемесі.-Қарағанды: Medet Group, 2019.-122б.
5. Inorganic chemisnry: textbook / Nazarbekova S., Tukibayeva A. i drugie. - [s. l.], 2016.-268 p.
6. Shokybayev Zh.A. Teaching methods on chevistry:textbook / Zh. A. Shokybayev, Z. O. Onerbayeva, G. U. Pыassova.-Almaty,2016.-263p.
7. Abduova A.A.Actual problems of geocology and landscape ecology: textbook/A.A.Abduova.-Almaty:ССК, 2020. - 284 p.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент **Б.С. Иманғалиева**

ЖАБЫҚ ТОПЫРАҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КӨКӨНІС ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЗИЯНКЕСТЕРІ

Садықова С.Ә., Жолдасбаева У.П.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

«Қазақстан 2050» ұлттық стратегиясы, «Агробизнес 2020» бағдарламасына сәйкес, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің алдында жаңа технологиялар енгізу есебінде жылыжайларда өсірілетін экологиялық таза өнімдерді өндіру міндеті тұр. Қазақстанда соңғы жылдары жылыжайлардың көлемі едәуір үлкейген, бірақ еліміздің ішкі қажеттілігін маусымаралық кезеңінде тек 67% қамтамасыз етеді. Сондықтан, мемлекет өсімдік шаруашылығы өндірісін дамытуға және импорт көлемін төмендетуге барлық қажетті жағдай жасауда.

Табиғи-климаттық жағдайларға қарамастан, халықты жыл бойы көкөніс дақылдарымен қамтамасыз ету мәселесі, жабық топырақ жағдайындағы жылыжайлар жағдайларында өндірілген көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету арқылы шешілуде. Бірақ, микроклиматтық жағдайларының ерекшеліктері, зиянкестердің таралуына ықпал етеді, зиянкестерге қарсы тиімді қорғану шараларын қолданбаған жағдайларда, алынатын өнімнің 60% - ан 90%-ға дейін жоғалуы мүмкін.

Жабық топырақ жағдайындағы көкөніс дақылдарының алаңдарын кеңейтумен қатар, өндіріске жаңа жоғары өнімді сұрыптар мен будандарды, озық агротехнологияларды енгізумен қатар, жылыжай көкөністерінің өнімділігін арттыру, сапасын жақсартудың маңызды резерві өсімдіктерді зиянкестер мен аурулардан қорғау болып табылады. Жылыжай жағдайында зиянкестермен тиімді күрес жүргізбей тұрақты өнім алу мүмкін емес. Өсімдіктерді олардан қорғап қалу да мүмкін емес. Ашық топырақ жағдайынан жабық топырақ жағдайының айырмашылығы кез-келген көкөніс өсіру кезіндегі қорғау шараларының орындалу мерзімдері, жылыжайда қалыптасқан жағдайымен анықталады [1, 9-11 б].

Зиянкестер санының түрлік құрамы, динамикасы, жылыжайлардың құрылымдық ерекшеліктеріне, белгілі бір көкөніс өсіруде қабылданған технологиясына және тіпті қызметкерлердің біліктілігіне тікелей байланысты болады. Қазіргі кезде жақсы оқшауланған, микроклиматы бақылау сенсорлармен жабдықталған заманауи жылыжайларда зиянкестердің жаппай дамуы сирек кездеседі. Заманауи сенсорлармен жабдықталған жабық топырақ жағдайында, қоршаған ортаның барлық параметрлері реттеледі: температурасы, ауа ылғалдылығы, субстраттың жарықтандырылуы, субстраттың минералды құрамы, ауасының газдық компоненттері. Әсіресе қазіргі уақытта жылыжайлар үшін селекционерлер тарапынан биотикалық және абиотикалық факторларға төзімді өсімдіктердің жоғары өнімді сұрыптары мен будандары шығарылуда.

Алайда, зиянкестерге төзімді жылыжай көкөніс түрлері әлі де аз. Тек оңтүстік нематодасына төзімді қызанақ будандары белгілі. Шектеулі аумақтағы өсімдіктердің шектеулі түрлік құрамы және жылыжайлардағы салыстырмалы түрде

тұрақты климаттық жағдайлар, көбінесе қолайсыз фитосанитарлық жағдайды қалыптастырады.

Жабық топырақ жағдайындағы зиянкестердің саны табиғи жағдаймен салыстырғанда әлдеқайда аз болғанымен, олардың біртіндеп жинақталуы және табиғи реттеуші факторлардың болмауы олардың зияндылығын едәуір арттырады.

Жабық топырақ жағдайындағы топырақта өсімдіктерді биологиялық қорғау жөніндегі іс-шаралар жүйесінде ең қиын мәселелердің бірі – бітелерімен күрес жүргізу. Жабық топырақ жағдайындағы көкөніс дақылдарына бітелер әртүрлі зиян келтіреді. Мысалы, жылыжай дақылдарын бітелерден қорғаудың қиындықтары, ең алдымен, олардың жоғары полиморфизмі және олардың тез көбеюімен түсіндіріледі (мысалы, бақша бітесінің бір аналығы (*Aphis gossipii* Glov) 8 тәулік ішінде санын 50-75 есе көбейте алады, ал 3 ұрпақ ішінде оның саны 125000-421875 дейін жетуі мүмкін), яғни, қысқа мерзім ішінде айтарлықтай олардың тез таралуы зиян келтіру мүмкіндігі өте жоғары.

Сондай-ақ, зиянкестердің көптеген түрлерінде қолданылатын пестицидтерге төзімділік қасиеттері резистенттілігі қалыптасады.

Ұзақ уақыт бойы өсімдіктерді зиянкестерден қорғау шаралары пестицидтерді қолдану көлемінің артуымен жүрді. Пестицидтер немесе олардың ыдырау өнімдері топырақ пен суды ластайды, олардың қалдықтары көкөніс өнімдерінде жиналады, бұл адамның денсаулығына қауіп төндіреді.

Биологиялық әдістерді, химиялық, агротехникалық әдістермен бірге қолдану жабық топырақ жағдайындағы зиянкестер түрлерінің әсерін шектейді.

Химиялық әдістермен салыстырғанда биологиялық әдістердің тиімділігі төмен деген қате түсінік бар. Ол әдістер арасындағы айырмашылықтарды түсінбеуге негізделген. Пестицидтерден болатын өлім қысқа уақыт ішінде болады, ал биологиялық әдіс олардың санын қауіпсіз деңгейде ұстап, зиянкестерден сенімді қорғауды қамтамасыз етеді. Осы аталған жайттарға байланысты, жабық топырақ жағдайындағы өзекті мәселелердің бірі, зиянкестердің алдын алу шаралары болып табылады [3, 9-11 б].

Зиянкестер алдын алу үшін дәліздерді және жылыжайдың басқа да бөлімдерін мұқият зерттеу керек. Әсіресе көшеттер өсірілетін жылыжайлардың тазалығын бақылау қажет. Зиянкестердің алдын-алу үшін өсімдік қалдықтарын, сондай-ақ бөлмелерді, керек-жарақтарды, контейнерлерді, жабдықтар мен жылжымалы құралдарды дезинфекциялау қажет. Зиянкестердің негізгі көздері болып - тұқымдар, отырғызу материалдары, өсімдік қалдықтары және топырақ саналады.

Жабық топырақ жағдайындағы көкөніс дақылдарының негізгі зиянкестеріне: өрмекші кенелері, жылыжай аққанаты, бақша бітелері, трипстер және т.б. жатқызылады. Зиянкестер жабық топыраққа белсенді түрде енуі мүмкін – зиянкестердің ұшып кіруі немесе пассивті – қызмет көрсететін жұмысшылардың

киімі арқылы, отырғызылатын материалы арқылы, топырақпен, көңмен, жабдықтармен тасымалданады.

Жылыжай аққанаты теңқанаттылар отряды (Homoptera), Aleyrodidae тұқымдасы өкілдері. Aleurodidae латынша грекше aleuron сөзінен шыққан, «ұн» дегенді білдіреді. Ересектерінің ерекшелігі, денесі мен қанаттары ақ түсті балауызды қабатпен жабылған. Сорғыш ауыз аппараты бар жәндіктер қатарына жатқызылады.

Жылыжай аққанаты полифагты зиянкестер түріне жатқызылады. Жылыжай аққанаты өсімдіктердің 82 тұқымдасы және 300-ден астам өсімдік түрлерін зақымдайды. Қатты зиян келтіретін өсімдік түрлеріне қызанақ, бұрыш, салат, балдыркөк, ақжелкен жатқызылады, бірақ ең жақсы бейімделген және көбінесе зиян келтіретін өсімдік түрі қияр болып саналады, өйткені қияр дақылындағы дернәсілдерінің өсімталдығы басқа дақылдармен салыстырғанда өте жоғары болады.

Бақша бітесі полифагты зиянкестер түріне жатқызылады. Бақша бітесі өсімдіктердің 25 тұқымдасы және 330-дан астам астам өсімдік түрлерін зақымдайды. Көбінесе келесі өсімдік түрлеріне қияр, бұрыш, лимон, сирек қызанақ түрлерін зақымдайды. Өсімдіктердің барлық вегетативтік мүшелерін зақымдайды. Сорғыш ауыз аппараты бар жәндіктер қатарына жатқызылады. Бақша бітесі өсімдіктерде +12 градус температурада пайда болады.

Өрмекші кенелер, дәлірек айтсақ, тетраниохоидтің ауыз қуысы өсімдіктер жасушаларына тесуге және шырынды соруға бейімделген. Бақша бітесі өсімдіктердің тамырларының қысымын пайдаланса қоректеніп жатқанда, кенелер шырынды жасушаларды сорғыш ауыз аппаратының күштерімен сорып алады. Зиянкес әдетте жапырақтардың төменгі жағына орналасып, оларды теседі де, ішіндегісін сорып алады. Нәтижесінде транспирация күшейіп, су балансы мен фотосинтез бұзылады, бұл өсімдіктердің солуына және өсірілетін дақылдардың өнімділігінің төмендеуіне әкеп соғады. Өрмекші кенелер қарқынды таралғанда оларды тек қана жапырақтарда ғана емес, сонымен қатар өсімдік сабақтары мен гүлдерінде, дақылдың жоғарғы жағын өрмекші тормен тұсаулап қоректенеді [2, 223-238 б].

Жылыжай трипсі оны кез-келген континентте кездестіруге болады. Карл де Геер алғаш рет 1744 жылы трипске сипаттама берді.

Трипс отрядының әлемде 5000 астам түрі белгілі, ТМД елдерінде шамамен 360 астам түрі бар, бұл трипс фаунасының барлық түрі емес. Жылыжай трипсі – трипстер отряды, нағыз трипстер тұқымдасы өкілдері.

Трипс полифагтарға жатады, бұл олардың жыртқыш жәндіктер екенін білдіреді. Олар көкөніс, сәндік, ауылшаруашылық, жеміс және жабық топырақ жағдайындағы ең көп таралған зиянды жәндіктерінің бірі болып саналады. Жабық топырақ жағдайындағы трипс ең қауіпті зиянкес, мысалы, егер олар жылыжайда пайда болса, оларды жою мүмкін емес, сіз олардың санын ғана шектей аламыз.

Трипстердің зияндылығы олар өсімдік шырынымен қоректену нәтижесінде өсімдіктердің әлсіреуіне әкеледі.

Трипстердің зияндылығы салдарынан,зақымдалған жапырақтар ылғалдылықты көп жоғалта бастайды, нәтижесінде олар тезірек қартайып, кеуіп солады. Трипс тағы бір ерекшелігі кейбір аурулардың вирустық қоздырғыштарын тасымалдауға қабілетті, бұл жағдайлар олардың зияндылығын бірнеше есе арттырады.

Трипстер сорғыш ауыз аппараты бар жәндіктер қатарына жатқызылады.Трипстер басқа зиянкестер сияқты сорғыш ауыз аппаратымен өсімдіктердің ұлпаларының бұзылуына әкеледі.Соңғы жылдары олардың зияндылығы айтарлықтай байқалады,бұған келесі факторлар ықпал етті: аймақтық фауналарды шетелдік түрлермен байыту;пестицидтерге төзімділігінің қалыптасуы; басқа зиянкестер түрлерінің көбеюін бақылауына тиімді жүйесінің дамуы, экологиялық нишалардың босауына әкеліп,трипстің таралуына оңтайлы жағдай тудырды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. А.К. Ахатов, С.С. Ижевский Вредители тепличных и оранжерейных растений Москва: Товарищество научных изданий КМК. 2004. 307 с.
2. Өсімдік қорғаудың химиялық құралдары: Ауыл шаруашылығы жоғары оқу орындарына арналған . –Астана: ҚазАТУ баспасы, 2016. - 280 бет.
3. Новожилов К.В., Долженко В.И. Средства защиты растений. М.: Агрорус, 2001. – 243 с.

Ғылыми жетекші – аға оқытушы Сырымбетов С.Т.

ДИАТОМИТ ШИКІЗАТЫ МЕН БҰРҒЫЛАУ ШЛАМЫН ЖОҒАРЫ ТЕМПЕРАТУРАҒА ТӨЗІМДІ КІРПІШ АЛУДА ПАЙДАЛАНУ

Сансызбай А.С.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Диатомит бұл – көлдер мен теңіздердің түбіне шөккен ежелгі диатомды балдырлардың кремнилі қаңқалары мен панциреяларынан түзілген материал.

Кизельгур – шөгінділері сары, қызғылт және ақ түске ие, жыныстардың жоғары сорттарында SiO_2 мөлшері 75 тен 96 % дейін болады. Диатомиттің құрылымы микроұяшықты, өте жоғары кеуекті материал. Диатомиттің ең басты қасиеттерінің бірі оның жылу өткізгіштігі және оның жылу оқшаулау қасиетінің жоғары дәрежеде болуы. Жылуөткізгіштік және жылуоқшаулағыш қасиеттерінің жоғары дәрежеде болуына байланысты диатомитті жоғары температураға төзімді

құрылыс материалдарын өндіруде пайдаланады. Диатомиттен өндірілген құрылыс материалдарын химия, түсті және қара металлургия өнеркәсібінің пештерінің құрылысында кеңінен пайдаланады, сондықтан да «Мұғалжар» кенорнының диатомитінен жоғары температураға төзімді құрылыс материалын өндіру өте актуалды мәселе.

Әлемдік тәжірибеде диатомиттерді негізінен гидравликалық қоспаларды, құрылыс кірпіштерін өндіруде, жылуоқшаулағыш өнімдер және фильтрлеуші материал ретінде пайдаланылатындығы белгілі [1].

Құрамы аморфты кремнеземнен тұратын трепелдер мен диатомиттерді жылу оқшаулағыш материалдарды, құрылыс кірпіштер мен тастарын әзірлеуде пайдаланады.

Жылу өткізгіштік диатомиттің негізгі қасиеті болып табылады. Диатомиттер жоғары жылу өткізгіштік қасиеттерімен сипатталады, олардың жылу өткізгіштігі 0,04 - 0,106 Вт/м*К аралығында өзгереді.


Жоғары кеуектілікті, қышқылды орта мен жоғары температураға төзімділігі жоғары және дыбыс пен жылу өткізгіштік қасиеттерінің төмен болуына байланысты диатомитті құрылыс саласында қолдану тиімділігі өте жоғары.

Диатомиттің Қазақстан республикасындағы қоры Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданындағы Өтесай, Қырғыз, Жалпақ елді мекендерінде жинақталған және болжам бойынша олардың қоры 3 млрд тонна.

1-суретте төменвакуумды сканерлеуші электронды микроскоптың «JEOL JSM - 6490 LA» көмегімен алынған диатомиттің түсірілімдері көрсетілген. Суреттен диатомейлердің қаңқалары мен диатомилердің сынған бөлшектерін анық көруге болады. Сондай-ақ диатомиейлердің қаңқаларындағы ойықтардың (поры) өлшемдері бірнеше микроннан 1 мкм дейін құрайтындығы байқалады. Бұдан диатомиттің диатомды балдырларының панцерларының бөлшектерінің микрокеуектілікті екенін анықтауға болады.

Кесте 1 - Мұғалжар ауданының территориясында орналасқан диатомиттің химиялық құрамы

SiO ₂ (органикалық кремний)	74,8-88,0	Al ₂ O ₃	3,3-9,7	CaO	0,6	K ₂ O	0,96
Оның ішінде аморфты түрде	40-45	Fe ₂ O ₃	2,3-4,8	MgO	0,6-1,7	Na ₂ O	0,74



Сурет 1 – Төменвакуумды сканерлеуші электронды микроскоппен (JEOL JSM - 6490 LA) түсірілген диатомиттің түсірілімі

Мұнай-газ скважиналарын бұрғылау кезінде көп мөлшерде бұрғылау шламдары түзіледі. Бұрғылау шламы – сулы суспензия, оның қатты бөлігі тау жыныстарынан және сазды минералдардан тұрады. Бұрғылау шламдарының құрамында сазды минералдардың болуына байланысты оларды шикі зат ретінде құрылыс саласында пайдалануға болады.

Скважинаны 1 м тереңдік деңгейінде бұрғылаған кезде шамамен 0,4-0,5 м³ бұрғылау шламы түзіледі.



Сурет 2 – Отқа төзімді кірпішті 1800 °С арнайы пеште күйдіру

Кесте 2 – отқа төзімді кірпішке МемСТ (МемСТ 2694-78. Изделия пенодиатомитовые и диатомитовые теплоизоляционные) бойынша жүргізілген сынау жұмыстарының нәтижелері

Көрсеткіштердің атауы	Көрсеткіштері
Тығыздығы (көлемдік массасы), кг/м ³	381
Жылу өткізгіштігі, ккал/(с · м · °С)	0,118
Сығындау кезіндегі беріктігінің шегі, кгс/см ²	8
Иілуге беріктігі, МПа	2,3
Аязға төзімділігі, цикл	16
Орташа тығыздығы, кг/м	1760-1812

Құрамы диатомиттен (30 %), бұрғылау шламы (20 %) және сары саздан (50 %) тұратын отқа төзімді кірпішке жүргізілген сынау жұмыстарының нәтижелері МемСТ 2694-78 көрсеткіштеріне сәйкес келетіндігі анықталды.

Мұнай ұңғымаларын бұрғылау кезінде түзілетін бұрғылау шламдарын жоғары температураға төзімді кірпіш өндіруде пайдалану қоршаған ортаның экологиялық жағдайын жақсартуға септегін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Диатомиты – природный материал многоцелевого назначения для экономики казахстана. Кульдеев Е.И., Бондаренко И.В. Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану академиясының хабаршысы. № 3/2017. – 43-47 б.

Ғылыми жетекші: PhD, аға оқытушы Сарсембин У.К.

ІЛЕ АЛАТАУЫНДАҒЫ СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН *RHODIOLA ROSEA*-НЫҢ (*CRASSULACEAE*) БИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сапарбаева Н.А.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Қазіргі таңда дәрілік өсімдіктерді қарқынды пайдаланудың нәтижесінде, көптеген дәрілік өсімдіктер түрлері сиреп, бірқатары жойылып кету қаупі төніп тұр [1,2]. Сондықтан өте сирек кездесетін дәрілік өсімдіктерді зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондай кеңінен қолданылатын өсімдіктің бірі - Іле Алатауында өте сирек кездесетін қызғыш родиола (алтын тамыр) (*Rhodiola rosea* L.) болып табылады.

Іле Алатауы жотасы - Тянь-Шань тау жүйесінің шеткі солтүстік доғаларының бірі. Ол 43°N, 75-78°E шегінде, ішінара Қазақстан, Қырғызстан, Қытайға шекаралас орналасқан. Жота Шу өзенге дейін шығысқа қарай 280 км созылып жатыр [3]. Биіктігі 4000-4600 м, ең биік жері - Талғар шыңы (4979 м).

Зерттеу мақсаты: Іле Алатауында сирек кездесетін *Rhodiola rosea* L. (*Crassulaceae*) өсімдігінің биоэкологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу объектісі: Іле Алатауындағы сирек кездесетін дәрілік өсімдік *Rhodiola rosea* L.).

Зерттеу жұмыстары 2019-2020 жылдары аралығында далалық-экспедициялық зерттеулердің нәтижесінде жүргізілді. Іле Алатауы жотасының солтүстік беткейінде (Алматы облысының Талғар, Қарасай және Еңбекшіқазақ аудандары шегінде) жүргізілді. Далалық зерттеулер кезінде маршруттық-барлау әдісі [4] қолданылды. Зерттеу объектісінің қатысуымен өсімдіктер қауымдастығын сипаттау кезінде геоботаникалық әдістер қолданылды [5]. Өсімдіктерді сәйкестендіру барысында көп томдық «Флора СССР» [6], «Қазақстан флорасы» [7], «Иллюстрированный определитель растений Казахстана» [8] атты нұсқаулықтар қолданылды.

Іле Алатауындағы *Rhodiola rosea*-ның табиғи популяциясын жан-жақты талдау, экологиялық ерекшеліктерін анықтау, биологиялық ерекшеліктерін анықтау барысында оның ылғал сүйгіш, мезофитті (мезоксерофит) өсімдік екендігі анықталды.

Қызғыш родиола (алтын тамыр) (*Rhodiola rosea* L.) (*Crassulaceae*) - көлденең тамырлы және жіңішке адвентарлы тамырлы, көпжылдық шөптесін өсімдік. Биіктігі 10-40 см болатын бірнеше тік, бұтақталмаған 10-15 сабақтардан тұрады. Бір сабақты. Өте сирек кездесетін өсімдік [7].

Таралуы. Солтүстік Америка, Ұлыбритания, Ирландия, салқын және қоңыржай климатты аймақтарда, альпі таулы шалғындарда (Альпі, Пиреней,

Карпатта) және Памирде кездеседі. Ылғал сүйгіш өсімдік. Қазақстанның Қызыл кітабына енген түр [8,9].

Ғалымдар алтын тамырдың (*Rhodiola rosea* L.) жер асты бөлігінен 140-қа жуық компонент тапқан [10]. *Rhodiola rosea*-ның тамыры мен тамырсабақтарында: фенолдар және олардың туындыларын (тирозол, салидрозид), хош иісті қосылыстар, розавин, спирт, канифоль, розарин, көмірсулар (глюкоза, фруктоза, сахароза), седогептулоза, органикалық қышқылдар (қымыздық, алма, сукин, лимон); терпеноидтар (розиридин, розиридол), эфир майы, фенолкарбон қышқылдары, таниндер, флавоноид, алкалоид, микроэлементтер (марганец, күміс, мырыш, мыс) және т.б. кездеседі [10].

Rhodiola rosea-ның әртүрлі фармакологиялық әсері бар: антиоксидант, антидепрессант, ісікке қарсы және т.б. Гүлінің және тамырының сығындысы қабынуға қарсы әсерге етеді [11]. Дәрілік мақсатқа - *Rhodiola rosea*-ның тамыры, тамырсабағы жерүсті, жерасты бөліктері (лат. *Rhizoma et radix Rhodiolae roseae*) қолданылады. Өсімдік шикізатын жинау - гүлдегеннен бастап жемістердің толық пісуіне дейін дайындалады [12]. Туберкулез, бауыр, тіс аурулары, асқазан аурулары, безгек, жүйке аурулары, әлсіздік, шаршау және сергітетін ауруларға жиі қолданылады [13].

2019-2020 жылдары аралығында жүргізілген экспедициялық зерттеулердің нәтижесінде Іле Алатауы жотасы жағдайында *Rhodiola rosea*-ның популяциясы 1700-3600 м биіктік аралығында анықталды.

Rhodiola rosea - тау беткейлерде, бұталардың арасында, орман шеттерінде, таулы өзендер мен өзен аңғарларының сағалары бойында кездеседі.

Зерттелген аймақта олардың популяциясы, теңіз деңгейінен 1700-ден 3600 м-ге дейінгі биіктікті қамтиды. Осы биіктіктерде *Rhodiola rosea* тау белдеуінде, яғни теңіз деңгейінен 1700-3600 м биіктік аралығында жеке-дара түрінде өте сирек кездеседі. Іле Алатауында, *Rhodiola rosea* бұталары әртүрлі микроклиматтық және экологиялық жағдайларда өседі. Олар көлеңкелі және жоғары жарықтандырылған жерлерде, құрғақ және қатты ылғалданған жерлерде, батпақты топырақтарда, нашар және қоректік құндылығы мен құрылымына бай топырақтарда өседі. Жеке особьтері тіпті құмды тау жыныстарында және құрғақ беткейлерде кездеседі. Алайда, *Rhodiola rosea*-ның ең үлкен популяциясы жақсы дамыған микрорельефті өзендер мен таулардағы жайылмаларда алып жатыр.

Зерттеу барысында *Rhodiola rosea*-ның Іле Алатауының жоғарғы белдеуіндегі Түрген және Үлкен Алматы шатқалында, яғни теңіз деңгейінен 2400-3200 м биіктікте де 2-ші популяциясы анықталды. Бұл белдеуде тек жеке-дара түрінде кездеседі. Осы анықталған белдеулерде *Rhodiola rosea*-ның популяциясы *Molinio-Arrhenatheretea* (*Galietaia veri*) және *Festuco-Brometea* (*Festucetalia valesiacaе*, *Helictotricho-Stipetalia*) қауымдастықтарында 2 популяциясы анықталды.

Төменде анықталған *Rhodiola rosea* популяциясының - Үлкен Алматы және Түрген шатқалындағы өсімдіктер қауымдастығына толық сипаттама берілді:

№1 қауымдастық. Түрген шатқалы. Теңіз деңгейінен 2400 м биіктікте орналасқан. Бұл қауымдастықтарда *Rhodiola rosea* популяциясының 1-ші қауымдастығының ені 10 м-ден аспайтын созылып жатқан тар жолақтар құрайды. Оның ұзындығы дала беткейлерінде шамамен 2 шақырым, ол көлбеу шығыстан батысқа қарай өзгеріп отырады.

№2 қауымдастық. Үлкен Алматы шатқалы. Теңіз деңгейінен 3200 м биіктікте орналасқан. Жотаның оңтүстік-батыс экспозициясы. Үлкен Алматы өзеннің жағалауы. Бұл қауымдастықтарда *Rhodiola rosea* бұталы-шөптесінді, жусанды өсімдіктер ассоциациясында жиі кездеседі. Бұл қауымдастықта *Rhodiola rosea*-ның 15 генеративті өркендері анықталды. Бұл кезеңде (13 мамырда) өсімдіктер жаппай гүлдеу сатысында болды. *Rhodiola rosea* – өсімдіктер жамылғысының 30%-н құрайды. Қауымдастықтың өсімдіктер құрамы төмендегідей түрлерден құралған: *Spiraea hypericifolia*, *Lasiagrostis splendens*, *Carex turkestanica*, *Artemisia dracuncululus*, *Artemisia vulgaris*, *Phlomooides oreophila*, *Thalictrum foetidum*, *Plantago lanceolata*, *Viola acutifolia*, *Viola suavis*, *Nepeta cataria*, *Geranium silvaticum*, *Euphorbia subcordata*, *Agropyron cristatum*, *Festuca valesiaca*, *Galium verum*, *Achillea millefolium*, *Dactylis glomerata*.

Зерттеу барысында анықталғандай *Rhodiola rosea* популяциясының флористикалық құрамы алуантүрлі. Ағашты өсімдіктерден *Pinus sylvestris* және *Betula pendula*, *Pinus sylvestris* жиі кездеседі. *Spiraea trilobata* барлық сынақ учаскелерінде көптеп кездеседі. Ал *Acer negundo*, *Caragana arborescens* және *Padus avium* айтарлықтай жиі кездеседі. Ағашты өсімдіктерден *Padus avium* өте көп кездеседі. Шөптесін өсімдіктерден кездесетін түрлер: *Erythronium sibiricum*, *Anemone caerulea*, *Sedum hybridum*, *Primula macrocalyx*, *Bupleurum longifolium*, *Saxifraga melaleuca*, *Pulsatilla patens*, *Iris pallasii*, *Fragaria viridis*, *Viola hirta*, *Artemisia gmelinii*, *Pulmonaria mollis*, *Polygonatum odoratum*, *Gagea longiscapa*, *Erythronium sibiricum*, *Anemone caerulea*.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, *Rhodiola rosea* популяциясының жиі кездесетін флоралық түр құрамы: *Lonicera altmanii*, *Spiraea hypericifolia*, *Agropyron cristatum*, *Dactylis glomerata*, *Festuca valesiaca*, *Lasiagrostis splendens*, *Thalictrum foetidum*, *Nepeta cataria*, *Geranium silvaticum*, *Galium septentrionale*, *Galium verum*, *Phlomooides oreophila*, *Delphinium iliense*, *Seseli sibirica*, *Thymus marschallianus*, *Iris ruthenica*, *Iris sogdiana*, *Crepis sp.* *Hieracium kumbelicum*.

Зерттеу барысында анықталғандай *Rhodiola rosea*-ның өсімдіктер қауымдастығы 37 тұқымдасқа қарасты өсімдік түрлерінен тұратындығы анықталды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Іле Алатауының жоғарғы белдеуінде – Үлкен Алматы және Түрген шатқалында *Rhodiola rosea*-ның 2-ші популяциясы анықталды.

Зерттеу аймағында *Rhodiola rosea*-ның популяциясы, теңіз деңгейінен 1700-ден 3600 м-ге дейінгі биіктікті қамтиды. Бұл белдеуде *Rhodiola rosea* жеке-дара түрінде кездеседі.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, *Rhodiola rosea* ылғал сүйгіш, мезофитті, мезоксерофитті өсімдік екендігі анықталды.

Зерттеу барысында анықталғандай *Rhodiola rosea* популяциясының флористикалық құрамы алуантүрлі. Ағашты өсімдіктерден *Pinus sylvestris* және *Betula pendula*, *Pinus sylvestris* жиі кездеседі. *Spiraea trilobata* барлық сынақ учаскелерінде көптеп кездеседі. Ал *Acer negundo*, *Caragana arborescens* және *Padus avium* айтарлықтай жиі кездеседі.

Rhodiola rosea-ның өсімдіктер қауымдастығы 37 тұқымдасқа қарасты өсімдік түрінен тұратындығы анықталды. *Rhodiola rosea* популяциясының жиі кездесетін флоралық түр құрамы: *Lonicera altmanii*, *Spiraea hypericifolia*, *Agropyron cristatum*, *Dactylis glomerata*, *Festuca valesiaca*, *Lasiagrostis splendens*, *Thalictrum foetidum*, *Nepeta cataria*, *Geranium silvaticum*, *Galium septentrionale*, *Galium verum*, *Phlomis oreophila*.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Байтулин И.О. Актуальные проблемы ботаники в Казахстане // Материалы международной научной конференции «Ботаническая наука на службе устойчивого развития стран Центральной Азии». Алматы, 2003. С.7-12.
2. Кукенов М.К. Ботаническое ресурсосведение Казахстана. Алматы, 1999. -176с.
3. Джаналиева К.М., Будникова Т.И., Виселов И.Н., Давлеткалиева К.К., Давлятшин И.И., Жапбасбаев М.Ж., Науменко А.А., Уваров В.Н. Физическая география Республики Казахстан. – Алматы, 1998. - 266 с.
4. Понятовская В.М. Учет обилия и особенности размещения видов в естественных растительных сообществах // Полевая геоботаника. - М.-Л., 1964. Т. 3. - С. 209-237.
5. Корчагин А.А. Видовой (флористический) состав растительных сообществ и методы его изучения.// Полевая геоботаника. Т.3. М.-Л., 1964. С.209-237.
6. Флора СССР. – М.;Л.: Изд-во АН СССР, 1934-1965. – Т. I–30.
7. Флора Казахстана. Т.9. - Алма-Ата, 1966. - С. 276. Т. 3. - С.355.
8. Иллюстрированный определитель растений Казахстана. - Алма-Ата, 1969. 1972. Т.1-2.
9. Красная книга Казахской ССР. Редкие и находящиеся под угрозой исчезновения виды животных и растений. Часть 2. Растения. – Алма-Ата, 1981. – 260 с.
10. Белодубровская Г.А., Блинова К.Ф., Вандышев В.В. и др. Лекарственное растительное сырьё. Фармакогнозия. – СПб.: СпецЛит, 2004. – 756 с.

11. Мелик-Гусейнов В.В. Растения народной медицины флоры России и сопредельных государств. Атлас. – Пятигорск: изд-во Пят.ГФА, 2005. – 663 с.
12. Ягодка В.С. Лекарственные растения в дерматологии и косметологии. – Киев: Наукова думка, 1991. – 269 с.

***RHODIOLA ROSEA*-НЫҢ (*CRASSULACEAE*) БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Сапарбаева Н.А.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Rhodiola rosea – Тянь-Шань, Алтай тауларында өте сирек кездесетін құнды дәрілік өсімдік. *Rhodiola rosea*-ның препараттары адамның ақыл-ойына әсер етеді, есте сақтау қабілеті мен зейінін арттырады. *Rhodiola rosea*-ның стимуляторлық әсері жағынан - маньчжур аралыясы (*Aralia mandshurica*), лимонграсс (*Cymbopogon flexuosus*), марал тамыры (*Rhaponticum carthamoides*), элеутерококктан (*Eleutherococcus senticosus*) асып түседі [1]. Соңғы жылдары бірқатар ғалымдардың зерттеулері бойынша – қызғылт родиола тамырының ісікке қарсы емдік қасиеті және антиоксиданттық әсері бар екендігі анықталған [2]. *Rhodiola rosea*-ның емдік қасиеттері шығыс медицинасында жоғары бағаланады (Қытай, Моңғолия, Тибет, Жапония).

Соңғы жылдары *Rhodiola rosea*-ның бақылаусыз жиналуы оның табиғи популяцияларының күрт төмендеуіне, ал Алтай мен Саян тауларының бірқатар жерлерінде өсімдіктің толықтай жойылып кетуіне әкеліп соқты [2,3].

Қазіргі уақытта *Rhodiola rosea* өте сирек кездесетін және жойылу қаупі төнген түрлердің қатарына енгізілген, көптеген аймақтарда қорғалатын өсімдіктердің бірі болып табылады. *Rhodiola rosea*-ның табиғи популяциясын сақтаудың ең тиімді әдістерінің бірі - оны мәдени түрде жерсіндіру.

Зерттеу мақсаты: Іле Алатауында сирек кездесетін *Rhodiola rosea* L. (*Crassulaceae*) өсімдігінің биологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу объектісі: Іле Алатауындағы сирек кездесетін дәрілік өсімдік *Rhodiola rosea* L.).

Зерттеу жұмыстары 2019-2020 жылдары аралығында ғылыми экспедиция барысында жүргізілді. Зерттеу объектісінің қатысуымен өсімдіктер қауымдастығын сипаттау кезінде геоботаникалық әдістер қолданылды [4]. Өсімдіктердің биологиясын анықтау барысында көп томдық «Флора СССР» [5], «Қазақстан флорасы» [6], «Иллюстрированный определитель растений Казахстана» [7] атты нұсқаулықтар қолданылды

Қызғыш родиола (алтын тамыр) (*Rhodiola rosea* L.) - көпжылдық шөптесін өсімдік. Биіктігі 10-40 см. Тау беткейлерде, бұталардың арасында, орман шеттерінде, таулы өзендер мен өзен аңғарларының сағалары бойында кездеседі.

Ғылыми зерттеулердің нәтижесінде Іле Алатауы жотасы жағдайында *Rhodiola rosea*-ның 1700-3600 м биіктік аралығында кездесетіндігі анықталып, өсімдіктің биологиялық ерекшеліктеріне сипаттама жасалынды. Іле Алатауының жоғарғы белдеуіндегі Түрген және Үлкен Алматы шатқалында, яғни теңіз деңгейінен 2400-3200 м биіктікте 2 популяциясы анықталды. Өсімдіктің биологиялық ерекшеліктеріне сипаттама беру осы жоғарыда аталған 2 популяцияда жүргізілді.

Табиғи жағдайда *Rhodiola rosea*-ның өскіндері – өте әлсіз, бозғылт түсті, тұқым жарнақтары жұқа, биіктігі шамамен 1,5-2 см. болып келетін тұқым жарнағынан тұрады. Өскіндерінің – өскін жапырақтары отырыңқы, дөңгелек пішінді, ұзындығы 2 мм, бозғылт сұр түсті. Бір аптадан кейін ақшыл жасыл түсті - бір жұпты нағыз жапырақтары пайда болады, содан кейін екінші және үшінші жұп жапырақтары пайда болады.

Өсімдік өсуінің бірінші жылында, яғни өсу кезеңінде *Rhodiola rosea*-ның сабақтары өте баяу өседі және біркелкі дамымайды. Өсімдік өсуінің бірінші жылының тамыз айында өсімдік сабақтарының биіктігі 6-8 см-ге дейін ғана жетті. Өсімдік өсуінің бірінші жылында генеративті өркендері қалыптаспайды.

Өсімдік өсуінің екінші жылында, біржылдық өркендерден жас вегетативті өркендер дамып, жетіледі. Мамыр – маусым айларында өсімдік қарқынды өсіп, вегетативті өркендерінің көлемі ұлғаяды. Өсімдіктің белсенді өсуі маусым айында байқалды. Тәжірибенің барлық нұсқаларында орташа тәуліктік өсім маусымның үшінші онкүндігінде және шілде айының бірінші онкүндігінде байқалды. Шілде айында өсімдіктің орташа биіктігі 47 см болды. *Rhodiola rosea*-ның имматурлы кезеңі тұқымынан дамып, жеке особьтері түрінде 3 жылға дейін тек вегетативті өркендер түрінде ғана дамиды.

Өсімдік өсуінің үшінші жылынан бастап өсімдікте генеративті өркендер қалыптасып жетіледі. Өсімдік 3-ші жылдан бастап толыққанды жеміс береді. Жас генеративті өркендері вегетативті мүшелері дамыған репродуктивті өркендердің пайда болуымен сипатталады. *Rhodiola rosea*-ның гүл шоғыры, түбі тығыз орналасқан (12-23 дана). Гүлдер төрт мүшелі (кейде - бесмүшелі), бір жынысты болып келеді. Гүлдерінің - жапырақшалары жоғары бағытталған, ұзындығы 2-3 мм, сары-жасыл түсті, ұзындығы 6 мм (сурет 1).



Сурет 1 - *Rhodiola rosea*-ның гүлдеу фазасы

Мамыр айының аяғында - маусымның бірінші онкүндігінде өсімдік дамуының генеративті кезеңіне көшу фазасы байқалды: бүршік жару және гүлденудің басталуы (кейбір особьтерде). Жеміс беру кезеңі - шілденің бірінші онкүндігінде байқалды. Жерасты биомассасын жинау кезеңінде (тамыздың үшінші онкүндігі) өркендірінің көп бөлігі (80-85%) қурап кету сатысында болды, бұл өркендердің қоңыр түсті болуымен және жапырақтардың түсуімен байқалды.

Вегетациялық кезеңнің 4-5-ші жылдарында генеративті особьтерінің саны көбейіп, яғни 70-80% дейін артты.

Rhodiola rosea - өте суыққа төзімді өсімдік. Ол қар жамылғысының астында да өсуге қабілетті. Қар еріген бойда өсімдіктер бірден өніп, өсе бастайды. Өсімдікте гүлдеу фазасы - бүршік жару, гүлдеу кезеңі тез жүреді және ұзақ уақытқа созылмайды. Ең ұзақ кезең - жеміс беру фазасы.

Қорытынды.

Іле Алатауының жоғарғы белдеуіндегі Түрген және Үлкен Алматы шатқалында, яғни теңіз деңгейінен 2400-3200 м биіктікте 2 популяциясы анықталып, *Rhodiola rosea*-ның биологиялық ерекшеліктеріне сипаттама жүргізілді.

Зерттеу нәтижесінде, *Rhodiola rosea*-ның өскіндері – әлсіз, биіктігі шамамен 1,5-2 см. бозғылт түсті, тұқым жарнағынан тұратындығы анықталды.

Зерттеу барысында, өсімдіктің белсенді өсуі маусым айында байқалды.

Өсімдік өсуінің бірінші жылының тамызында өсімдік сабақтарының биіктігі 6-8 см-ге дейін ғана жетеді. Генеративті өркендері қалыптаспайды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, *Rhodiola rosea*-ның өсуінің үшінші жылынан бастап өсімдікте генеративті өркендер қалыптасып жетіледі.

Зерттеу барысында, өсімдік тек 3-ші жылдан бастап қана толыққанды жеміс беретіндігі анықталды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Байтулин И.О. Актуальные проблемы ботаники в Казахстане // Материалы международной научной конференции «Ботаническая наука на службе устойчивого развития стран Центральной Азии». Алматы, 2003. С.7-12.
2. Кукенов М.К. Ботаническое ресурсоведение Казахстана. Алматы, 1999. - 176 с.
3. Красная книга Казахской ССР. Редкие и находящиеся под угрозой исчезновения виды животных и растений. Часть 2. Растения. – Алма-Ата, 1981. – 260 с.
4. Понятовская В.М. Учет обилия и особенности размещения видов в естественных растительных сообществах // Полевая геоботаника. - М.-Л., 1964. Т. 3. - С. 209-237.
5. Флора СССР. – М.;Л.: Изд-во АН СССР, 1934-1965. – Т. I–30.
6. Флора Казахстана. Т.9. - Алма-Ата, 1966. - С. 276. Т. 3. - С.355.
7. Иллюстрированный определитель растений Казахстана. - Алма-Ата, 1969. 1972. Т.1-2.

ЫРҒЫЗ-ТОРҒАЙ РЕЗЕРВАТЫ - АҚБӨКЕНДЕРДІҢ БЕТПАҚДАЛА ПОПУЛЯЦИЯСЫНЫҢ МЕКЕНІ

Сериккалиева Д.С., Мырзахметқызы Т.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты - республикалық мемлекеттік мекемесі 2007жылы құрылғаннан бері ғылыми-зерттеу жоспарына сәйкес, Бетпақдалалық ақбөкендер тобының популяциялық санын тұрақтандыру үшін және олардың мекен ететін орнын қорғау жұмысын жүргізіп келеді. Жойылып бара жатқан ақбөкендердің негізгі миграциялық жолы мен көктемгі лақтау мерзімі, осы резерват территориясында зерттелуде.

2015 жылға дейін Қазақстан бойынша ақбөкендер популяциясының ең ауқымды таралымы Бетпақдала популяциясы болды, ал, бұл популяцияның тұрақты мекен ету ортасы – Ырғыз-Торғай резерватының территориясы болып табылады. Ырғыз-Торғай резерватының территориясы -763 549 га. құрайды және оған Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің 06.07.2007жылғы №224 санды бұйрығымен Торғай мемлекеттік зоологиялық қаумалы (296 000га.) бекітіліп берілген, сонда жалпы ерекше қорғалатын табиғи аумақ 1059549га. Сонымен қатар, ақбөкендердің шоғырланатын 409 962 га жер телімін резерват аумағын ұлғайту мақсатында алынып отыр. Сонда киіктердің Ырғыз-Торғай резерваты арқылы қорғалатын аумағы – 1 642 936 га, немесе Ырғыз ауданы территориясының 39,6 %. Киіктерді қорғау, сақтау және қайта қалпына келтіруде резерват маңызды рөл атқарады [1,2].

Ырғыз-Торғай даласы Қазақстандағы ақбөкендердің Бетпақдала таралымының батыс бөлігі болып саналады. Киіктер ЕҚТА-ында жылдың төрт мезгілінде де болып күйекке түсіп төлдейді, құралайын өргізеді. Ауа-райына байланысты қыста оңтүстіктегі Қарақұмға (Қызылорда облысы) еніп, жазда солтүстікке Қостанай, Қарағанды облыстары), солтүстік батысқа (Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы) жайылым ауыстырады. Ақбөкендер қысқы, көктемгі және жазғы, күзгі айларда ерекше қорғалатын табиғи аймақ (ЕҚТА) аумағында көптеп шоғырланады.

Ақбөкендер 17 тұқымдасқа жататын 80-нен астам өсімдіктер түрімен қоректенеді. Жыл мезгіліне қарай тамақ болатын өсімдіктер саны өзгеріп отырады. Көктемде ерте шығатын эфемерлер мен эфемероидтарды және кермек сияқты ылғалы мол өсімдіктерді жақсы жейді. Сол себепті су ішуге көп бара бермейді. Басқа дала аңдары жей бермейтін пармелия қынасын да қорек етеді. Сәуір-мамыр айларында негізгі қорек көзі-жусан болып табылады. Күзде жаздағы өсімдіктер қураған соң, олардың орнын суккуленттер басады. Қыста ақбөкендер қар астынан қоректерін тұяқтарымен қазып алады. Бұйырғын, баялыш сияқты өсімдіктер киіктерге қыста таптырмас азық болып табылады [2].

Ақбөкендер туралы айта бастағанда, олардың табыны көз алдымызға елестейді, себебі, мындаған ақбөкендердің миграциясы- тылсым табиғи құбылыс. Ақбөкендердің Бетпақдала популяциясының жылдың төрт мезгіліндегі мекені - шөлді және шөлейтті «Ырғыз-Торғай» даласы екені белгілі. Көктемде, құралайын өргізгеннен кейін, төлдер кезінде бөлініп кеткен барлық шағын топтар үйреншікті жерлеріне келіп шоғырланады. Көктемгі миграциясы резерват территориясының оңтүстігінен солтүстігіне қарай, ал күзде солтүстігінен оңтүстігіне қарай бағытталады. 2019 жылы Қазақстанда ҚР БҒМ «Зоология Институты» мамандары, ҚР АШМ «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті», «Охотзоопром» ӨБ РМҚК, Облыстың аумақтық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясы және резерват инспекторларының қатысуымен киіктердің әуе санағы жүргізілді, нәтижесінде Қазақстанда мекендейтін киіктердің саны 334 мың даракты құрады, оның ішінде Бетпақдала популяциясы – 111,5 мың дарак болып есепке алынды. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ территориясын мекендейтін бұл популяция (бетпақдалалық киіктер популяциясы) жылдан жылға елеулі дәрежеде өсімін беріп келеді.

Бұған дейінгі санақ нәтижелерінен мысал келтіретін болсақ, Қазақстанда өткен ғасырдың 70-80 жылдары 1,1-1,2 млн. (кейбір деректерде 1,5-2,0 млн.), 90 жылдары 600-800 мың болған киіктер саны соңғы 10-15 жылдықта күрт азайып, 2003 жылы 21,2 мыңы (Бетпақдала таралымында 1,8 мыңы) ғана қалған. ҚР БҒМ Зоологиялық Институттың 20017-2019ж.ж. аралығында жүргізген әуе санағының нәтижесі бойынша Қазақстанда ақбөкендер популяциясының өсу динамикасы жақсы дәреже көрсетіп келеді.

Бетпақдала популяциясы ақбөкендерінің Ырғыз-Торғай резерватының территориясындағы үлес деңгейі де жыл санап өсіп келеді. Бұл олардың

тіршілігіне қауіп азайып, қолайлы орта болғандығын көрсетеді. Бұны төмендегі кестеден көре аламыз.


Кесте №1.

2015-2019 жылдардағы ақбөкеннің Бетпақдала популяциясының Ырғыз-Торғай резерват аумағында таралуының үлес деңгейі

Жылдар	Популяциядағы киіктер саны, мыңдық есеппен		
	Бетпақдала	Резерват	Үлес деңгейі- %
2015	242,5	6,903	2,85
2016	36,2	14,832	40,97
2017	51,7	32,9	63,64
2018	76,4	42,3	55,37
2019	111,5	72,454	64,98

Сызба-1.

Бетпақдала популяциясының Ырғыз-Торғай резерват аумағында таралуы динамикасы



Ақбөкендерге қазірде төніп тұрған басты қауіп ол – браконьерлік. Мыңдаған шақырымға созылған киіктердің миграциялық жолдары қорғауға алынса, және оны қорғауға тиісті органдар арасында бірлескен іс-қимыл жолға қойылса заңсыз аң аулау фактілері де азаяры сөзсіз.

Қорыта келе, алдағы уақытта Қазақстандағы ақбөкендер популяцияларын қалпына келтіруде, үлкен іс-шаралар жүргізіп және тәртіп бұзушыларға қатаң жаза қолданғанда ғана жақсы нәтижеге жетуге болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жұбанияз М.Ақбөкен — далалық экожүйенің жүрегі Ақтөбе газеті. 2013 жыл, 1 тамыз .
2. Айманов Б.А. Сайга в Иргиз-Тургайском резервате// Степной бюллетень. 2013, № 39, с. 48-51.

Ғылыми жетекші: **магистр, аға оқытушы Абдукаримов А.М.**

ТЕХНИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ КОНТЕЙНЕРОВ ДЛЯ СБОРА И ХРАНЕНИЕ ОПАСНЫХ КОММУНАЛЬНЫХ ОТХОДОВ ГОРОДА АКТӨБЕ

Телеуов А.Н., Бекбаулина Н.С., Есекенова А.К.
Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова

Тяжёлые металлы – это химические элементы. Они представляют собой класс металлов, имеющих свойство накапливаться и задерживаться в организме человека. К ним относят: свинец (Pb), ртуть (Hg), алюминий (Al), марганец (Mn), мышьяк (As), цинк (Zn), хром (Cr), медь (Cu), стронций (Sr), железо (Fe), талий (Tl), кадмий (Cd), никель (Ni), сурьма (Sb), висмут (Bi), кобальт (Co), вольфрам (W) и т.д. Каждый из этих элементов обладает губительными свойствами и негативно сказывается на здоровье человека. Люминесцентные лампы, одноразовые и аккумуляторные батарейки, градусники содержат в себе тяжелые металлы. Если их внешняя защитная оболочка цела, то никакого вреда они не принесут. Но из-за неправильной утилизации таких предметов происходит механическое повреждение, в том числе разрушение внешнего слоя. Это приводит к выходу опасных веществ. Энергосберегающие компактные лампы имеют в своем составе ртуть, которая при нагревании переходит в газ. Через неё в таком состоянии позже проходит электрический ток, и ртуть начинает светиться. Медицинский термометр, или ртутный градусник, в своём составе также имеет данный элемент. Содержание одноразовых батареек отличается от аккумуляторных. В первых присутствуют цинк и марганец, во-вторых – соединения никеля и кадмия, гидрид никеля и литий.

Ртуть (Hg), кадмий (Cd) и цинк (Zn) относятся к первому классу опасности, никель (Ni) ко второму, а марганец (Mn) к третьему – это чрезвычайно опасные химические вещества, которые токсичны для всех форм жизни в любом своем состоянии. Согласно предъявляемым требованиям к отходам 1, 2 и 3 классам опасности конструкция контейнеров должна:

- Препятствовать выбросу ядовитых паров тяжёлых металлов. В частности, ртути в атмосферу;

- Препятствовать попаданию их в почвенный покров;

- Препятствовать прониканию в подземные и поверхностные воды;

- Предотвращать механические повреждения опасных отходов;

- Защищать внутреннее пространство контейнера от неблагоприятного воздействия атмосферных осадков и нецелевого использования. Соблюдение требований технической оснащённости и регулирование обращения с опасными компонентами коммунальных отходов определены установленным правилам в целях:

- Реализации конституционного права граждан на экологическое и санитарно-эпидемиологическое благополучие и безопасность;

- Реализации принципов обеспечения государством санитарно-эпидемиологического благополучия населения и сохранения благоприятной окружающей среды, которая не оказывает отрицательного влияния на состояние здоровья настоящего и будущего поколений;

- Защиты здоровья и санитарно-эпидемиологического благополучия населения.

Порядок и правила проведения проверки.

В целях установление специфического регулирования с опасными компонентами коммунальных отходов и соблюдения требованиям их технической оснащённости в городе Актобе, нами был составлен предварительно план и маршрут обследования и проверки контейнеров. Был выбран условный периметр густонаселенного участка города Актобе, отвечающий всем предполагаемым требованиям (относительной плотностью проживания населения, доступной инфраструктурой и транспортной сетью, наличием общеобразовательных и культурных учреждений и т.д.). Условный квадрат был выбран в границах улиц: ул. Рыскулова – пр. Алии Молдагуловой, бульвара Абая Кунанбаева – ул. Есет – батыра. (нахождение контейнеров выделено красным цветом.) Согласно требованиям разработанным и утвержденным **НАЦИОНАЛЬНЫМ СТАНДАРТОМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН** конструкция контейнеров, должна:

- предотвращать механическое повреждение или разрушение люминесцентных ламп;

- попадание камней и других твердых предметов способных разрушить лампы;

- исключает возможность выброса в атмосферу ядовитых паров ртути.

Проверка технического состояния контейнеров проверялась по техническим характеристика согласно утвержденному Стандарту «**КОНТЕЙНЕР ДЛЯ СБОРА ЛАМП И ХИМИЧЕСКИХ ИСТОЧНИКОВ ПИТАНИЯ**». Согласно настоящему стандарту, контейнера изготавливаются по конструкторской документации, в установленном порядке. Основные показатели и характеристики должны соответствовать всем требованиям.



Фото 1. Внешний вид контейнера согласно Стандарту.

Конструкция грузочного модуля контейнеров должно защищать внутреннее пространство контейнера от неблагоприятного воздействия атмосферных осадков и нецелевого использования. Должна быть постоянно закрыты на замок для предотвращения доступа посторонних лиц. Отсеки контейнера с отработанными люминесцентными лампами, ртутьсодержащими бытовыми термометрами и химическими источниками питания должны препятствовать выбросу ядовитых паров ртути в атмосферу и их вредное воздействие на организм человека.

Результаты проверки на соответствия требованиям:

Контейнер №1 Молдагуловой Алии проспект, 45



Осмотр технического состояния контейнера №1, показал, неисправность замка верхнего ящика и ее недоступностью для сбора ламп. Отсутствием замков на боковых дверцах контейнера. Выявленные дефекты, неисправности, а также в целом состояние контейнера на момент обследования не соответствует требованиям установленных регламентирующей документации. Контейнер №1 дальнейшей эксплуатации не подлежит.

Контейнер №2 Рыскулова, 200



Осмотр технического состояния контейнера проводился с учетом общей картины состояния оборудования и детального осмотра конкретных элементов контейнера (двери, замки, герметичность) на соответствие требованиям нормативных документов. Наружный и внутренний осмотр контейнера №2 показал, что данный контейнер дальнейшей эксплуатации не подлежит. Выявленные дефекты, неисправности, а также в целом состояние контейнера на момент обследования не соответствует требованиям установленных регламентирующей документацией.

Контейнер №3 проспект Алии Молдагуловой, 36а



Осмотр технического состояния контейнера №3, показал, неисправность замка верхнего ящика и ее недоступностью для сбора ламп. Остальные отсеки находились в допустимом состоянии. Контейнеру №3 требуется техническое обслуживание согласно требованиям для дальнейшей специфической эксплуатации.

Контейнер №4



Осмотр технического состояния контейнера №4. Данный контейнер находится в недопустимом состоянии после пожара. Выявленные дефекты, неисправности, а также в целом состояние контейнера на момент обследования не соответствует требованиям установленных регламентирующей документацией. Подводя итоги проделанной работы, хотелось бы заявить, что сбор и утилизация опасных отходов в указанном районе г.Актобе не соблюдается требованиям по предотвращению попадания ртути в окружающую среду и в организм человека. Учитывая высокую токсичность паров ртути, а также губительное влияние других тяжёлых металлов, которые могут появиться в случае повреждения собираемых отходов. В ходе проверки также был обнаружен сброс опасных отходов в бытовые мусорные контейнера. Следовательно, в дальнейшем батарейки и лампочки совместно с бытовыми отходами отправятся на общий мусорный полигон, подвергаясь там воздействию разнообразных атмосферных факторов, которые и станут причинами разрушения герметичности защитного корпуса. Содержимое без каких-либо усилий проникнет в окружающую среду, отравляя её обитателей.

Использованные источники:

1. Саварин, А.А. Управление отходами: практ. рук-во / А. А. Саварин; М-во образования РБ,– Гомель 2013. – 48 с.
2. А. С. Клинков, П. С. Беляев, В. Г. Однолько, М. В. Соколов, П. В. Макеев, И. В. Шашков. Утилизация и переработка твёрдых бытовых отходов: учебное пособие – Тамбов : Изд-во ФГБОУ ВПО «ТГТУ», 2015.
3. Свалов Е.А., Основные технологии переработки промышленных и твердых коммунальных отходов-2017
4. Романова С. Процессы, аппараты и оборудование для защиты литосферы от промышленных и бытовых отходов-2012.

***BEGONIA SEMPERFLORENS* ӨСІМДІГІНІҢ ВЕГЕТАТИВТІ КӨБЕЮ ЖОЛЫМЕН ӨСУ КЕЗЕҢДЕРІ**

Туремуратова С.Х.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Сәндік шөптесін өсімдіктердің ішінде бегония туысының өкілдері елеулі орын алады. Әсіресе кең таралғаны - мәңгі гүлдейтін (*Begonia semperflorens* Link et Otto) және түйнекті гибридті (*Begonia X tuberhybrida* Voss) бегония түрлері. Оларды бөлме өсімдігі ретінде де, гүлзарларды, бордюрлерді, партерлерді гүлдеп безендіру мақсатында да қолданады. Мәңгі гүлдейтін бегония түрінің басты ерекшелігі - ұзақ әрі төгіліп гүлдеуінде, гүлдері мен жапырақтарының өзгеше пішіні мен түстерінің ашықтығында, аласа өсетін сорттарының болуында [1]. Гүлдері жыл бойы гүлдеп тұратындықтан түр атауы да осы ерекшелігіне сәйкес берілген.

1821 ж. *Begonia semperflorens* (*B. cucullata* var. *hookeri*) өсімдігі Оңтүстік Бразилиядан Берлин ботаникалық бағына, 1928 ж. Ұлыбританияға әкелінген [2]. 1821 ж. өсімдіктің культураға енгізілген жылы болып саналады. Кейіннен оны тұқымы арқылы өсіріп бордюрлерде отырғызу жақсы нәтиже берген [1].

B. semperflorens өсімдігін екі топқа бөліп қарастырады: *semparflorens* және *gracilis* топтары. Бірінші топта ең алғашқы жаңа сортты 1879 ж Германияда мутация жолымен гүлдің ашық түсін қызғылт түске өзгерту арқылы алып, оған *B. semperflorens rosea* атауы берілді. Мұнан кейін көптеген сорттар шығарыла бастады, мысалы: қызыл гүлді, қоңыр қызғылт-жасыл түсті жапырақты *B. semperflorens rubra* [1,2]. Екінші *gracilis* тобы белгілері бойынша типтік *B. semperflorens* өсімдігіне ұқсас болғандықтан оны *B. semperflorens* формасы ретінде түр құрамына енгізген. Ол типтік *B. semperflorens*-тен жапырақтарының көлемінің кішілігімен және сәл түсіңкі болуымен, нәзік өркендерімен, гүлдерінің ірілігімен ерекшеленеді.

Begonia semperflorens жапырақтарының түсіне қарай екіге: жасыл түсті және қою түсті (қоңыр немесе қоңыр қызғылт-жасыл) болып бөлінсе, биіктігі бойынша үшке – биік (26-35 см), орташа (21-25 см), аласа немесе карлик (8-20см) болып бөлінеді [1]. Осы негізгі белгілері арқылы аталған түрдің алуан түрлі сорттары мен гибридтері ажыратылады.

Бегония туысының құрамына кіретін түрлердің ішінде *Begonia semperflorens* аты айтып тұрғандай өсуіне қолайлы жағдай бар болған кезде жыл бойы гүлдей береді. Олар ашық грунтта алғашқы үсік түскенге дейін гүлдеуін тоқтатпайды, кейін қазып алып арнайы ыдыстарға отырғызып қорғалған жабық орындарда, бөлмеде өсірген кезде гүлдеу процесі жалғасады.

Бақылап зерттеу жұмысының мақсаты *Begonia semperflorens* өсімдігінің бөлме жағдайында өсу кезеңін бақылап, вегетативті көбейту арқылы өскендегі фенологиялық кезеңдерін есептеу болып табылады.

Зерттеу нысаны ретінде университет ауласындағы клумбада өсіп тұрған гүлі қанық қызыл, жапырағы қоңыр қызғылт-жасыл түсті, биіктігі орташа келетін *B. semperflorens* өсімдігі алынды (1-сурет).



1-4 суреттер: 1-сурет. Ашық грунтта өсіп тұрған *B. semperflorens*; 2-сурет. Гүлдер түсінің өзгеруі; 3-сурет. Бітенің гүлі мен сабақты бойлай таралуы; 4-сурет. Біте зақымдаған өсімдік.

Жабық орындарда, әсіресе бөлмеде өсуін бақылау екі кезеңге бөліп қарастырылды. Алғашқы кезең 2019 жылдың қыркүйек айынан 2020 жылдың мамыр айларын қамтыды. Бұл кезеңде ашық грунтта өсіп тұрған өсімдікті қазып алып, арнайы гүл ыдысына дайын субстратқа отырғызып, оның абиотикалық факторларға қатысты өзгерістері бақыланды. Барлық факторлардың ішінде гүлдің жарыққа қатысты сезімталдығы айқын байқалды. Жарық бірдей таралмаған жағдайда ол өзінің сәндік қасиетін жояды, яғни сабағы ұзарып өсіп, гүлі мен жапырағының табиғи реңі өзгеріп, ағарады (2-сурет). Тағы бір байқалғаны - бегонияны өсімдік зиянкестерінің бірі – бітенің (*Aphidoidea*) зақымдайтындығы. Ол өсімдіктің жапырағы, сабағы мен гүлдеріне тұтастай жауып тез таралады да, өсімдік шырынын сорып алып, оның өсуі мен дамуын тежейді (3,4-суреттер). Бітеге қарсы күрес шарасы ретінде өсімдік сұйық калийлі сабын ерітіндісімен өңделді. Біраз уақыттан кейін ол өзінің өсу фазасын, гүлдеуін жалғастырды.

Екінші кезеңінде осы түрдің орташа көлемдегі жапырағын алып, оның жапырақ қалемшесі арқылы көбею ерекшелігі мен фенокезеңдері (1-кесте, 5-сурет) бақыланды.

1-кесте Мәңгі гүлдейтін бегонияның жапырақ қалемшесі арқылы көбейтуде өсіп даму кезеңдері

Фенологиялық кезеңдері	Өсу мерзімі	Созылу мерзімі, (күн)
Вегетативті өсуі (3-ші жапырақ пайда болғанға дейін)	6.06.20 - 06.07.20	30
Жапырақтарының қарқынды өсуі	6.07 - 22.08.20	46
Гүлдене бастауы (бутонизация)	22.08-1.09 - 6.09.20	14
Жаппай гүлдене бастауы	6.09 - 19.09.20	13
Гүлденіп, тұқымдануы	19.09 - 7.11.20	48
		151

Кестедегі мәліметтерге сүйенсек, өсімдіктің жапырақ қалемшесінен өсіп тұқым беруіне дейінгі уақыт 151 күнді құрайды. Алайда ол тіршілігін жоймайды, өйткені осы кезеңдермен қатар сабақтану және жоғарғы ретті өркендердің пайда болу процестері де жүріп жатады да, гүлдеуі жалғаса береді. Бегонияның бұл түрі үлкен өркен түзу қабілетіне ие [3].

Біршама уақыт (30 күн) вегетативті өсу кезеңіне кетеді. Жапырақ қалемшесі алдын –ала тамырландырылмай, бірден аз концентренген, әлсіз қышқылды қоректік грунтқа отырғызылып, пленкамен жабылды. Алғашқы жапырақтары шыққанға дейін жабулы күйінде болды. Пленкаға жиналған бу тамшыларын болдырмас үшін жиі пленканы ашып желдетіп, топырақты сәл қопсытып тұрған дұрыс. Жапырақтарының қарқынды өсіп бірінші гүлі пайда болғанға дейін де 1,5 ай (47 күн) уақыт кетеді. Жапырақтары сағатты, сабаққа кезектесіп орналасады, пішіні симметриялы емес, түсі қою жасылдан қызғылт жасыл түске дейін өзгереді, шырышты келеді. Сағақ түбінде жұқа жапырақшалары болады.

Гүлдену кезеңі тез дамиды және ұзаққа созылады. Гүлдері күрделі себет гүлшоғырына жинақталған. Олар әрбір төртінші немесе бесінші жапырақ сағағынан шыққан негізгі осьтен және одан тармақталған бүйір осьтері арқылы да гүлдей береді. Гүлдері ұсақ, қанық қызыл түсті, бірүйлі. Аталық гүлі пішіні әртүрлі төрт күлтежапырақтан тұрады: оның екеуі дөңгелек-сопақшатәрізді, ал қалған екеуі ұзынша келеді. Аналық гүлі екі тостағанжапырақшадан және төрт-бес күлтежапырақтардан тұрады. Аналық жатыны ірі, төменгі бөлігі үш қанаты бар үш ұялы келеді. Тұқымы өте көп, қоңыр түсті және өте ұсақ. 1 граммда 49-95мыңға дейін тұқым болады [1].

Жүргізілген бақылау негізінде *Begonia semperflorens* үзбей ұзақ гүлдейтіндігін нақтылауға болады.

Бақылаудың бірінші кезеңінде байқалғандай бұл 9 ай бойы (09.2019-06.2020) гүлдеп тұрды. Егер біз бақылаған уақытқа дейінгі, яғни бұрынғы ашық грунттағы гүлдеу уақытын және көбейту үшін өсіруді тоқтатпай ары қарайғы гүлдеп, өсу уақытын ескерсек, онда гүлдеу мерзімі әлдеқайда көп болар еді. Түр қарқынды өсіп сәндік қасиетін жоймас үшін жарық факторы маңызды роль атқарады. Оны өсімдік зиянкестерінің ішінен біте жиірек зақымдайды.

Бақылаудың екінші кезеңінде *Begonia semperflorens* жапырақ қалемшесі арқылы көбейіп өсу барысында алғашқы гүлі пайда болғанға дейінгі вегетациялық кезеңі 76 күнді құрайды. Фено кезеңдердің ішінде осы вегетация кезеңі созылу уақыты мен өсіру агротехникасында да біршама талапты қажет етеді. Генеративті кезеңі жылдам дамып, ерекше күтімді керек етпейді.



06.07.20

1




22.08.20

2



3

Жоғарыда айтып өткендей бұл гүлге үлкен өркен түзу қабілеті тән болғандықтан, үздіксіз гүлдей береді. Ал оның осы қасиеті ландшафт дизайнындағы орнын айқындай түседі.



03.09.20

4



06.09.20

5



13.09.20

6



19.09.20

7



8



9



10

5-сурет. *Begonia semperflorens* өсіп даму фенокезеңдері (вегетативті көбейту жолымен): 1-вегетативті өсуі, 2-3- жапырақтарының қарқынды өсуі, 4-5- гүлдене бастауы (бутонизация), 6-8 - жаппай гүлдене бастауы, 9- 10 – гүлденіп, тұқымдануы (9- аталық және аналық гүлдері, 10- жемісі)

Қолданылған әдебиеттер:

1. Тамберг Т.Г., Овчинников Ю.А. Бегония. – Л.: Лениздат, 1989. – 78 с.
2. Trine H.-E., Munster C. Begonia: History and breeding / Flower Breeding and Genetics. – 2006. - P.241–275.
3. Бегония вечноцветущая (Begonia) –<http://flower.onego.ru>

Ғылыми жетекші: **б.ғ.к., доцент Атаева Г.М.**

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРҒАҚ ДАЛАЛЫ АЙМАҒЫН ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ҰСТАУ ЖАҒДАЙЫНДА КӨШІМ ЖЫЛҚЫ ТҰҚЫМЫ БИЕЛЕРІНІҢ САУЫН ТОПТАРЫНЫҢ СҮТ ӨНІМДІЛГІ

Умарова Т.К.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Бие сүтін өндіру денсаулық сақтау үшін ғана емес, экономика үшін де үлкен маңызға ие. Бие сүті мен қымыздың емдік және қоректік заттары әлемдік деңгейде мойындалған, соның арқасында оны өндіру мен тұтыну тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар әлемнің бірқатар елдерінде, соның ішінде Қытай, Моңғолия, Қырғызстан, Франция, Германия, Араб Әмірліктері және т.б. елдерде [1].

Сүт өнімдерінің барлық түрлерінің ішінде бие сүтінің, әсіресе емдік және балалар тағамына арналған өнім ретінде танымалдығы барлық жерде, соның ішінде шетелде де артып келеді. Қоректік заттар мен энергетикалық құндылығы бойынша бие сүті басқа жануарлардың сүтімен бәсекелесе алады. Көптеген зерттеулердің нәтижелері бойынша бие сүті әйел сүтіне жақын және сиыр сүтіне қарағанда тезірек сіңірілетіні анықталды. Сондықтан сүттің бұл түрі балалар тағамы өнімдерін өндіру үшін перспективалы шикізат көздерінің бірі болып табылады [2].

Бүкілодақтық жылқы шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты және басқа да ғылыми-зерттеу мекемелері әртүрлі тұқымды жылқылардың сүт өнімділігін зерттеді. Сонымен қатар, лактацияның 5 айында биелер 1500-3000 литр сүт беретіні анықталды. Тауарлық сүтті сауу жалпы сүттен 1,5-2 есе аз және күніне сауу санына байланысты [3,4].

Зерттеулер Алға ауданының "Өтеғұл-1" шаруа қожалығында және Ақтөбе облысы "TS-AGRO" ЖШС жылқы өсіретін шаруашылықтарда жүргізілді.

Зерттеу барысында жоғарыда аталған шаруашылықтардың көшім тұқымды биелерінің сүт өнімділігі зерттелді.

Тәжірибе үшін көшім жылқыларына тән және типтік биелердің екі тобы таңдалды "Өтеғұл-1" шаруа қожалығынан көшім тұқымның негізгі типті биелері, ал "TS-AGRO" ЖШС шаруашылығынан массивтік типті биелері іріктеліп алынды, сүт өнімділігінің биелердің өлшеулерімен, индекстерімен және тірі салмағымен байланысы, сүттің биелердің асыл тұқымдық қасиеттерімен байланысы, биелердің жасына байланысты сүт өнімділігін талдау зерттелді.

Биелердің сүт өнімділігі лактация кезінде айына 2 рет бақылау сауу арқылы анықталды. Сүт өнімділігі И.А.Сайгиннің формуласы бойынша құлынмен түнде емізілген сүтті ескере отырып есептелді. Зерттеулер 2020 жылдың маусымы мен қыркүйегі аралығында жазғы – күзгі кезеңде жүргізілді.

Қалыптастыру кезінде осындай көрсеткіштер ескерілді: сүт, конституция және сыртқы түрі, шығу тегі мен типі, дене өлшемдері мен тірі салмағы, ұрпақтардың сапасы, сондай-ақ желін мен емізік формалары. Биенің екі тобы іріктеліп алынды: негізгі және массивті түрдегі көшім (әр топта n=10) 5-тен 12 жасқа дейінгі элита класындағы жылқылардың тұқымдары.

1– кестеде көшім тұқымды "Өтеғұл-1" ШҚ және "TS-AGRO"ЖШС жылқыларының сауын ересек элиталық биелерінің дене бітімінің өлшемдері, тірі салмағы және индексі көрсетілген.

1– кестедегі мәліметтер көшім биесінің өз тұқымының типтік өкілдері екенін көрсетеді.

Сонымен, көшім жылқы тұқымының негізгі түріндегі биелерде шоқтықтың биіктігі орташа есеппен 154 см, дене тұрқысының ұзындығы –157 см, кеуде орамы – 183 см, жіліншік орамы – 19,1±0,06 см, тірі салмағы – 493 кг, ал массивті типтегі биелер сәйкесінше: 155 – 158 – 185 –19, 5 см және 514,3 кг.

1-кесте көшім жылқы тұқымының негізгі және массивті үлгідегі сауын ересек элиталық биелерінің өлшемдері, тірілей салмағы және дене бітімінің индексі

Көрсеткіштер	Негізгі тип, n=10	Массивті тип, n=10
Өлшемдері, см	М	М
Шоқтықтың биіктігі, см	154	155
Дене тұрқысының ұзындығы, см	157	157,9
Кеуде орамы, см	183	184,9
Жіліншік орамы, см	19,1	19,5
Тірі салмағы, кг	493	514
<u>Индекс,%</u>		
Пішіні	101,9	101,9
Кең денелігі	118,8	119,3
Сүйектілігі	12,4	12,6
Шомбалдығы	135,0	138,1

Дене индекстері екі топтағы биелердің кең, яғни терең және кең кеудесімен сипатталады (негізгі типке 118,8 және массивтік типке 119,3) өте ұзын және шомбалды. Негізгі типтегі биелер 135,0 массаға ие, ал массивтік типтегі биелер – 138,1-ге сүтті биелердің түріне тән. Мұндай жануарлар ас қорытудың жолдарының айқын түрімен сипатталады және жоғары мөлшерде өрескел тағамды сіңіре алады.

Қымыз фермаларына биелерді дене бітімі ерекшеліктері бойынша іріктеумен қатар, желінді морфологиялық бағалау үлкен маңызға ие. Бұл әсіресе биелерді машинамен сауудың кеңінен енгізілуіне байланысты өте маңызды. [5,6]

Бие желінің бағалау қажетті болып табылады және сүт жануарлардың іріктеудің тиімділігін арттыра алуы мүмкін.

Биелердің желіні тостаған тәрізді, дөңгелек және «ешкі тәрізді». Тостаған тәрізді пішінді желінді биелер әдетте сүтті, дөңгелек – орташа сүтті және аз сүтті, ал ешкі тәріздес – төмен сүтті. [6]

Бие емізігін зерттеу лактацияның 2 – 3 айында жүргізілді. Желін көзбен сипатталды, оны 2 сағат ішінде сауу арасындағы интервалмен сауу алдында сүтпен толтырды.

Осыған байланысты биелерді сауу үшін желіннің тостаған тәрізді пішініндегі көшім тұқымды биелер іріктеліп алынды.

Биелердің екі тобында да желіннің тостаған тәрізді формасы үлкен, желіннің екі жартысының симметриялы орналасуымен, ұзындығы мен енінің жақсы дамуымен сипатталады, іштің астына қарай орналасуы, емізік цилиндр пішінді және кеңінен орналасуымен сипатталады.

Көшім биелерінде желіннің пішіні мен көлемін зерттеу негізінде желін мен емізіктің мынадай өлшемдері белгіленген (2 – кесте).

2 кесте – көшім тұқымды сауын биесіндегі желін мен емізіктің орташа өлшемдері

Желін мен емізіктің өлшемдері, см	Негізгі тип, n=10	Массивті тип, n=10
	тостағанша тәріздес n=10	тостағанша тәріздес n=10
Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	157 483 872,5	112 065 300,0	-45 418 573	-28, 84	1,90	,58	- 0,33
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	514 540 690,4	445 404 192,2	-69 136 498	-13, 44	6,22	,26	0 ,04
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	54 638 7 15,7	18 215 8 17,1	-36 422 899	-66, 66	0,66	,26	- 0,40
Көлік және коммуникация	689 501 714,5	375 065 826,5	-314 43 5 888	-45, 60	8,34	,27	- 3,07
Басқалар	349 211 293,9	358 286 654,9	9 075 3 61	2,6 0	4,22	,04	0 ,81
Борышқа қызмет көрсету	5 671 14 8,5	47 329 6 32,0	41 658 484	734 ,57	0,07	,67	0 ,60
Трансферттер	575 033 902,3	632 442 375,0	57 408 473	9,9 8	6,95	,89	1 ,94

Ескерту - <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu> мәліметтері негізінде автор есептеген.

Сонымен, 2021 жылдың 1 наурызына жергілікті бюджет бойынша жоспар 133,7% орындалды. Жергілікті бюджет шығындары 2018 жылдан 2020 жылға дейін көбейіп отырғанымен, соңғы жылдық салыстырмалы талдау нәтижесі оң өзгерісті байқатты, яғни биылғы жылы 13,98%-ға түсті.

Жергілікті бюджеттердің шығыстары республикалық бюджеттің шығыстары сияқты негізінен мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады: жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету; қорғаныс, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік; білім беру, денсаулық сақтау; әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы; мәдениет спорт, туризм және ақпараттық кеңістік; ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау; өнеркәсіп

және құрылыс; көлік және байланыс; экономикалық қызметті реттеу (кәсіпкерлік қызметті қолдау); басқа да бағыттар: аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін трансферттер, республикалық бюджетке берілетін трансферттер, жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету. Осының ішінде жергілікті бюджеттердің шығыстарында әлеуметтік инфрақұрылымдарды – білім беруді (41,92%), тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты (10,99%), халықты әлеуметтік қамсыздандыруды (6,27) қаржыландыру, экономикалық салалардан – көлікке (5,27%) және ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастарына (6,26%) жұмсалған шығыстар басым болып келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақ энциклопедиясы, 3 том
2. Қаржы-экономика сөздігі. — Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007
3. Құлпыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы: Оқулық / - Алматы. Экономика, 2010- 522 бет
4. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu>

Ғылыми жетекші: э.ғ.к., доцент Ахметова Г.И.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ КІРІСТЕРІН ТАЛДАУ

Әмітжан З.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Мемлекеттік орталықтандырылған ақша қорын қалыптастырумен және пайдаланымен байланысты болып келетін бюджеттің жұмыс жаауы ерекше экономикалық нысандар – бюджеттің кірістері меншығыстары арқылы болып отырады. Олар құндық бөліністің жеке көздерін білдіреді. Категориялардың екеуі де бюджеттің өзі сияқты объективті және олардың өзгеше қоғамдық арналымы болады: кірістер мемлекетті қажетті ақша қаражаттарымен қамтамасыз етеді, шығыстар орталықтандырылған ресурстарды жалпымемлекеттік қажеттіліктерге сәйкес бөледі.

Республикалық бюджеттің кірістері салықтардан (корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы және т.б.), салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер, трансферттік түсімдерден қалыптастырылады. Республикалық бюджеттен салықтық емес түсімдер: республикалық меншіктен түсетін кірістер, мүлікті жария еткені үшін алым,

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер және т. б. болып табылады. Республикалық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, мемлекеттің республикалық меншіктегі қаржы активтерін, үкіметтік қарыздарды сатудан түсетін түсімдер республикалық бюджетке есептеледі.

Мемлекетте әр уақытта белгілі бір қажеттіліктерге жұмсалған қаражат мөлшеріне әсер ететін қолда бар қаражатты жұмсау үшін әртүрлі басымдықтар болуы мүмкін. Мемлекеттің ақша қаражатын жұмсау жөніндегі өз басымдықтарын өзгертуі оның фискалдық саясатында және стратегиялық әлеуметтік-экономикалық жоспарларында көрсетіледі. Осыған байланысты мемлекет жаңа кіріс көздерін іздейді немесе басқа қажеттіліктерге шығындарды реттейді (азайтады).

Мемлекеттің қаржы ресурстары бөлігінде республикалық бюджет кірістерінің алатын орыны зор. Мүмкіндігінше бюджет кірістеріндегі қаржы ресурстарының жыл сайын өсімі, бұл мемлекеттің алдағы функционалдық міндеттерін атқаруға қаржы ресурстарының бар екендігін білдіреді. Осы орайда біздің зерттеу мақаламызда бюджет қаражаттарының кіріс көздерін талдау, бағалау назарға алынып отыр.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2020 жылға арналған республикалық бюджетке кірістер 11 906 910,6 млн.теңге сомасында көзделген. 2021 жылғы 1 қаңтарға кірістер 11 928 461,8 млн.теңге немесе есепті кезең жоспарына 100,2% түсті. 2019 жылмен салыстырғанда кірістер 1 336 137,7 млн.теңгеге артты, өсу қарқыны 112,6% құрады. Бұл, яғни соңғы 3 жылда жоспарланған бюджет кірістерінің нақты орындалғанының көрінісі.




Диаграмма 1. Республикалық бюджет кірісінің атқарылуы (млрд.тг)

Ескерту-[3]мәліметтері негізінде автор есептеп, құрастырған.

Мемлекет кірістерінің сипаты айтарлықтай дәрежеде мемлекеттің өзіне қажет ақшаны жұмылдыратын әдістеріне байланысты болып келеді. Нарықтық экономика жағдайында мемлекеттің кірістерін жұмылдырудың негізгі әдістері салықтар (оның түрлі нысандары), қарыздар мен эмиссия болып табылады. Түрлі тарихи кезеңдегі бұл әдістерінің арасалмағы әр түрлі болады және қаржы саясатының мазмұнымен, шаруашылық жағдаятпен, нақты экономикалық және әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісу дәрежесімен және тағы басқа көптеген факторлармен айқындалады. Ендігі кезекте республикалық бюджет кірістеріне шолу жасайық.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға арналған республикалық бюджеті мынадай көлемде жоспарланған [2]:

- Кірістер – 11 906 910 617 мың теңге, оның ішінде:
 - ✓ салықтық түсімдер бойынша – 5 560 089 549 мың теңге;
 - ✓ салықтық емес түсімдер бойынша – 976 507 201 мың теңге;
 - ✓ негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 2 512 099 мың теңге;
 - ✓ трансферттер түсімдері бойынша – 5 367 801 768 мың теңге;

1-кестеде 2019-2020 жылдардағы республикалық бюджет кірістері бойынша мәліметтер келтірілген. Соған сәйкес,

Кесте 1 . Республикалық бюджет кірістерінің орындалуы, млн.тг.

	2019	2020	Өсім(%)
Кірістер (оның ішінде):	10 592 240,6	11 928 461,8	12,6%
Салықтық түсімдер бойынша	6 835 513,3	5 575 862,8	-18,4%
Салықтық емес түсімдер бойынша	279 410 ,3	983 257,1	251,9%
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша	9 505, 9	1 771,3	-81,4%
Трансферттер түсімдері	3 467 894 ,4	5 367 570,7	54,8%

бойынша			
Ескерту-[3]мәліметтер негізінде автор есептеп құрастырған.			

2019 жылғы республика бюджетінің жалпы кірісі 10 592 240,6 млн.теңгені құраса кейінгі жылы яғни, 2020 жылы 11 928 461,8 млн.теңгені құрады . 2019 жылғы кіріс мөлшерімен салыстырғанда 2020жылғы републикалық бюджет кірісі 12,6%-ға артып отыр. Соның ішінде салықтық түсімдер бойынша кіріс 2019жылға қарағанда 2020 жылы 18,4%-ға төмендеген.

2020 жылы республикалық бюджетке кірістірілген салық түсімдерінің негізгі 2түрін ашып қарастырайық.2020 жылы корпоративтік табыс салығы бойынша 1 562 091,9 млн.теңге түсті, жалпы КТС бойынша 2019 жылғы нақты түсіммен салыстырғанда (2019 жылғы нақты түсім - 1 974 763,5 млн.теңге) түсімдер 20,9%-ті немесе 412 671,6 млн.теңгеге төмендеді.Бұл КТС шағын және орта бизнес субъектілерінен жергілікті бюджеттерге берумен байланысты болды.

Ал импортқа қосымша құн салығы бойынша 1 325 815,6 млн.теңге түсті .Бұл 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда түсімдер 0,9%-ті немесе 12 372,6 млн.теңгеге төмендегендігін көрсетеді (2019 жылғы.нақты түсім - 1 388 188,3 млн. теңге). Импортқа ҚҚС азайуы ҚР тауар айналымының төмендеуіне байланысты деп түсіндіріледі.

1-кестеге сәйкес, республикалық бюджетке салықтық есес түсімдер бойынша 2020 жылы 983 257,1 млн.теңге түсті, 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсу қарқыны 251,9% немесе 703 846,7 млн.теңгені құрады . Ал негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша бюджетке 1 771,3 млн.теңге түсті ,2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда түсімдер 81,4%-ті немесе 7 734,6 млн.теңгеге төмендеді . 2020 жылдың қорытындысы бойынша республикалық бюджетке трансферттер түсімі 5 367 570,7 млн.теңгені құрады , оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2020 жылға арналған кепілдендірілген трансферт 4 770 000 млн.теңге мөлшерінде; төмен тұрған бюджеттерден трансферттер 597 801,8 млн.теңге сомасында кірістелген.

Сонымен республикалық бюджет жоспарының орындалуына жүргізілген талдаудың нәтижесінде 2020 жылы кірістер 100,2%-ға орындалғанын анықтадық.Салықтық түсімдер және негізгі капитал бойынша 2020 жылы түскен кірістер 2019 жылға қарағанда аз кірістелгеніне карамастан есептік жылға қойылған жоспар асыра орындалғаны белгілі болды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі Қазақстан Республикасының 04.12.2008 ж. N 95-IV Кодексі. (01.01.2013 ж. Жаңа өзгерістер мен толықтырулар бойынша).

2. "2020 – 2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 желтоқсандағы № 908 қаулысы (01.01.2020 Жаңа өзгерістер мен толықтырулар бойынша).
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі:2018,2019,2020 жыл.ҚР Қаржы Министрлігі.

Ғылыми жетекші: э.ғ.к., доцент Ахметова Г.И.

2015 ЖЫЛҒЫ СУДЬЯЛЫҚ ЭТИКАНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ КОДЕКСІ: КЕЙБІР НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Байканова А.Ж.

aselya9230@mail.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Судьялық этиканың Жаһандық кодексі 2015 жылдың маусым айында Болонья мен Миланның Бокконни университетінде өткен сот тәуелсіздігі жөніндегі халықаралық конференцияда қабылданды [1]. Заңды күші бойынша бұл құжат ұсыныстық сипатқа ие болғанымен, ол міндетті халықаралық құқықтық актілерге негізделген. Және де осы Кодекс нақтылайтын халықаралық актілер БҰҰ органдарымен мақұлданданып, халықаралық әдеттік нормалар сипатына ие болған. Жаһандық кодекстің әлемдік деңгейде және халықаралық қатынастарда саяси-моральдық сипаты бар. Сонымен қатар, әлемдегі көптеген мемлекеттер өз еріктерімен ішкі мемлекеттік құқыққолдану тәжірибесінде осы Кодексті басшылыққа алып, оның нормаларын ұлттық салада ескеру абзал құжаттардың біріне айналдыратын халықаралық тәжірибені қалыптастырып отыр.

Жаһандық кодекс судьялардың этикалық жүріс-тұрыс стандарттарын нақтылауға бағытталған. Кодекс судьялар үшін нұсқаулық ретінде қызмет етуге және судьялар корпусына судьялардың жүріс-тұрысын реттеу негіздерін ұсынуға арналған. Оны әзірлеушілер ұлттық этикалық кодекстермен қатар әлемдік судьялық этика кодексін қабылдау өте маңызды деп санапты. Құжаттың мәтіні Халықаралық сот төрелігінің тәуелсіздігі және бүкіләлемдік бейбітшілік Ассоциациясы әзірлеген Халықаралық сот төрелігінің тәуелсіздігі стандарттарына (Mount Scopus 2008) негізделген [2]. Mount Scopus стандарттары 2008 жылы Иерусалимде бекітілген, 2011 жылы Венада, 2013 жылы Сан-Диегодағы өзгерістен кейін 2012 жылы Гентте, 2014 жылы Мәскеуде, 2014 жылы қазан айында Оснабрюкте, 2015 жылы Болоньямен Миланда, 2016 жылы Краковта және 2018 жылы Лондонда толықтырылған болатын. Судьялық этиканың Жаһандық кодексі келесі құжаттарға негізделген: 1982 ж. Нью-Делилік Сот төрелігі тәуелсіздігінің

минималды стандарттар кодексі [3]; 1983 ж. Монреальдық сот төрегігі тәуелсіздігі туралы жалпыға бірдей декларациясы [4]; 2002 ж. Бангалорлық судьялардың жүріс-тұрысы қағидалары [5]; 1985 ж. БҰҰ-ның қылмыстылықтың алдын-алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас жасау жөніндегі 7-ші конгресі қабылдаған және БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 ж. 29 қарашадағы 40/32 және 1985 ж. 13 желтоқсандағы 40/146 қарарларымен бекітілген Сот тәуелсіздігінің негізгі қағидалары [6]; Халықаралық құқық ассоциациясы (ILA) халықаралық соттардың практикасы мен процедурасы негізінде, Халықаралық соттар және трибуналдар жобасы ұйымы және Халықаралық соттар мен трибуналдар орталығымен (UCL) бірлесе отырып жасаған Халықаралық құқықтағы сот тәуелсіздігінің қағидалары (халықаралық сот төрелігіне арналған Burgh House принциптері) [7]; Америкалық заңгерлер ассоциациясымен жасалып, жаңартылған Судьялардың этикалық стандарттары [8] және басқалар. Судьялық этиканың Жаһандық кодексі Халықаралық сот төрелігінің тәуелсіздігі стандарттарына (Mount Scopus) маңызды және толықтырушы құжат ретінде қабылданды.

1. Жалпы этикалық стандарттар

Судьялық этиканың Жаһандық кодексі сот шешімдерімен судьяның жүріс-тұрысына негіз болатын басты құндылықтармен моральды білдіріп, оларды бекітеді. Кодекстің ережелері ежелгі сот төрелігі дәстүрлерін ескеріп, қазіргі заманға, әлемнің әр жерлеріне (мемлекеттеріне) бейімделген негізгі нұсқаулардың түйінін білдіреді. Судья өз қызметін заңға сәйкес және осы ережелерге сәйкес жүргізуі керек және әрқашан сот алдында қоғамның сенімін сақтау қажеттілігін ойында ұстауы керек. Тәртіптік органға шағым түсуге мүмкін болатындай судьяның Кодекстің ережесін бұзды деп мынадай жағдайлар есептеледі: егер оның жүріс-тұрысы кодексті қасақана немесе өрескел бұзу болып табылса; өзінің рөлін немесе іс-әрекет жасау кезінде терісқылық дәрежесіне жетсе; судья мәртебесіне сәйкес келмейтіндей әрекетке барса [1]. Тәртіптік жаупкершілікке тарту процедурасы, соның ішінде соңғы шешім шығару толық түрде ашық жүзеге асырылуы керек. Әрбір юрисдикцияда (мемлекеттердің ішкі құқықтық жүйесінде) судьялардың құқыққа қайшы немесе теріс қылықтарына шағым түсіруіне мүмкіндік беру үшін азаматтардың шағымдарын қарау тәртібі белгіленуі керек. Шағымдарды қарайтын комиссия құрамына судья немесе бұрынғы судья емес, ал кәсіби заңгер емес азаматтар кіруі керек және олар комиссияның көпшілігін құрауы керек. Кодексті іске асыруға және түсіндіруге көмектесу үшін әр юрисдикцияға (мемлекеттерге) судьялардан және басқа кәсіби органдардан этика және өзін-өзі ұстау мәселелері бойынша сұрау салатын этикалық консультативтік комитет құру ұсынылады [1].

Судьялық этиканың Жаһандық кодексіндегі жалпы этикалық стандарттар ретінде мыналарды атап өтуге болады. Судьялар атқарушылық немесе заң шығару функцияларын орындай алмайды, оның ішінде: үкімет министрі; заң шығарушы немесе муниципалдық (жергілікті өкілетті органдар) кеңестердің мүшесі бола

алмайды. Судьялар саяси партияларда қызмет ете алмайды. Уақытша немесе штаттан тыс судьядан басқа судья заң қызметін, адвокаттық қызметті жүзеге асыра алмайды. Судья коммерциялық қызметтен аулақ болуға тиіс және сот функциясын орындауға немесе судья имиджіне кері әсер етуі мүмкін басқа кіріс әкелетін қызметпен айналысудан аулақ болу керек. Алайда, судьяның жеке инвестицияларын, мүлікке меншік құқығын, отбасылық мүлікке меншік құқығын жүзеге асыру немесе университетпен колледжде сабақ беруіне рұқсат. Судья өзін әрдайым қызмет абыройы мен сот жүйесінің әділдігі, адалдығы мен тәуелсіздігін сақтайтындай етіп ұстауы керек. Судья істі бейтарап шеше алмайтын немесе ақылға қонымды бақылаушыға (сырт көзге) судья мәселені бейтарап шеше алмайтындай көрінуі мүмкін кез келген процеске қатысудан бас тартады. Судья құқықтық консультация алу жағдайларын қоспағанда, қаралып жатқан істер бойынша бір құрамда бірге отырмаған басқа судьялармен тығыз араласпауы керек. Судьялар өздерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін судьяларға арналған бірлестіктер құра алады. Судья өзінің сот төрелігі тәуелсіздігін қорғау үшін тиісті шараларды қолдана алады [1].

2. Судьяның адалдығы мен әдептілігі

Адалдық сот міндеттерін дұрыс орындау үшін өте маңызды. Судья өзінің жүріс-тұрысын, өзін-өзі ұстауын ақылға қонымды бақылаушыға (сырт көзге) мінсіз болуын қамтамасыз етуі керек. Судьяның жүріс-тұрысы мен іс-әрекеті адамдардың сот жүйесінің адалдығына деген сенімін растауы керек. Сот төрелігін жүзеге асырып ғана қоймай, оның әділ орындалғанын елдерге көрсете білу қажет. Әдептілік және оның елге көрінуі (сезілуі) судьяға барлық әрекеттерін орындау үшін өте маңызды. Судья өзінің әрекеттерінде ереже бұзушылықтар мен олардың болуы мүмкіндігіне адамдардың күдігін тұдырмауы қажет. Судья тұрақты қоғамдық бақылау объектісі ретінде қарапайым азамат ауыр деп санауы мүмкін жеке шектеулерді еркін және ерікті түрде қабылдауы керек. Атап айтқанда, судья өзін сот қызметінің қадір-қасиетіне сай етіп ұстауы керек. Судьяға сотта жүйелі түрде жұмыс істейтін заңгерлермен жеке қарым-қатынаста күдік туғызатындай жақын байланыста немесе осындай байланыстың болуы мүмкін екенін көрсететін жағдайлардан аулақ болуға тиіс. Отбасы мүшесі сот процесінде бір тараптың өкілі болған немесе осы іске қандай да бір түрде байланы болғанда судья бұл істі қарауға қатыспайды. Судья өзінің тұратын жерін заң қызметінің өзге өкілдеріне клиенттерін немесе әріптестерін қабылдау үшін пайдалануға рұқсат бермеуі керек. Судья отбасы мүшелеріне, әлеуметтік немесе басқа қатынастарға судьялық жүріс-тұрысына және оның судья мәртебесіндегі қоғамдық көзғарасқа теріс ықпал етуіне жол бермеуі керек. Судья отбасы мүшесінің немесе басқалардың жеке мүдделерін қамтамасыз ету үшін судьялық беделін пайдаланбауы керек. Біреудің судьямен ерекше байланыста екендігіндей, біреулер судьяның қызметіне ықпал ете алайтынындай өзі әсер туғызбауы қажет және осындай әсерді басқалардың туғызбауына жол бермеу керек. Судья ретінде алған құпия ақпаратты сот төрелігін

атқару міндеттерімен байланысты емес кез келген басқа мақсатта пайдалана және жариялай алмайды. Судья визиткаларда немесе фирмалық бланктерде өзінің лауазымын сипаттауда өте мұқият болуы керек [1].

Судьялар қауымдастығын құра алады және оған мүше бола алады, сондай-ақ судьялардың мүдделерін қорғайтын басқа ұйымдарға қатыса алады. Судья, кез-келген азамат сияқты, пікір білдіруге, ұстанымын айтуға, бірлестіктер құрумен жиналыстарға қатысу бостандықтарына құқылы. Алайда мұндай құқықтарды жүзеге асырған кезде судья әрдайым сот билігінің, судья лауазымын абыройын, сот жүйесінің тәуелсіздігін сақтайтындай өзін ұстауы керек. Судьялық міндеттерін тиісті түрде орындау жағдайында судья: жазуға, дәрістер оқуға, сабақ беруге және заңға, құқықтық жүйеге, сот төрелігін жүзеге асыруға немесе соған байланысты қызметке қатысуға; заңға, құқықтық жүйеге, сот төрелігін жүзеге асыруға немесе осымен байланысты мәселелермен айналысатын ресми органның алдында қоғамдық тыңдауға қатысуға; судьяның объективтілігімен саясатына, бейтараптылығына сәйкес келсе, ресми органның немесе басқа үкіметтік комиссияның, комитеттің немесе консультативтік-кеңесші органның мүшесі болуға құқылы. Судья тағы басқа қызметпен де айналыса алады, егер мұндай қызмет сот билігінің абыройын түсірмесе немесе судьялық міндеттерді орындауға басқаша кедергі келтірмесе. Тұрақты судьялық қызметтегілерге заң көмегін беру қызметімен айналысуға тыйым салынады. Судьяның жалақысынан басқа штаттағы судья гонорар, автор немесе редактор ретінде алынған гонорардан басқа сыйақы алмайды. Алайда, судья инвестициясынан немесе мүлкінен ақша ала алады. Құқық саласы бойынша судьяға дәріс оқуға рұқсат етілуі мүмкін. Оқытушылық сыйақы екі стандартқа сәйкес болу керек: 1) сыйақы мөлшері осы мекемедегі осындай жұмыс түрі үшін қолданылатын деңгейден аспауы керек; 2) алатын төлем оның судья жалақысының 25% -на тең мөлшерден аспауы керек. Дәріс оқу немесе жоғары оқу орнында сабақ беру үшін тиісті сот органының келісімі қажет. Судья және оның отбасы мүшелері судьялық қызметті атқарумен байланысты жасалынған, жасалынуы мүмкін немесе жасалмайтын әрекеттері үшін қандай да бір сыйлық әперуді, өсиет қалдыруды, қарыз беруді немесе қызмет көрсетуді сұрауларына тыйым салынады [1].

Соттың қызметкерлері, судьяның қарамағындағы және оған бағынышты адамдар судьяның міндеттерімен функцияларымен байланысты жасалынған, жасалынуы мүмкін немесе жасалмайтын әрекеттері үшін қандай да бір сыйлық әперуді, өсиет қалдыруды, қарыз беруді немесе қызмет көрсетуді сұраудың алдын алу шараларын судья қолдану қажет. Заңдармен және басқада заңды сұраулармен белгіленген мәліметті қоғамдық жария ету талаптарына сәйкес, судья құндылығы жоқ сыйлық, марапат немесе сыйақы іс-шараның өтіп жатқан жағдайына қарай алуына болады. Алайда мұндай сыйлық, марапат немесе сыйақы судьяның сот міндеттерін атқаруына әсер ету мақсатында жасалып жатқандай немесе басқа

түрде судьяның адалдығына күмәнданатындай көрініс тудырмайтын болса ғана рұқсат [1].

3. Судьяның соттан тыс қызметі

Судьялар бұқаралық ақпарат құралдарында өздерінің түсініктеме беру бостандығын (құқығын) «өте мұқият» пайдаланғаны дұрыс. Судья жеке өзі, сот алқасы құрамында немесе басқа түрде, сот үкімі немесе сот шешімі туралы қоғамдық сынға жауап беруден ұстанымды болуы керек. Судьялар сот шешімдері бойынша келіспеушілік пікірлерін баспасөз беттеріне шағармағаны дұрыс. Судьялар өздері туралы қате хабарды естіген кезде немесе ол туралы білген кезде, әсіресе қылмыстық іс бойынша үкім шығарған кезде, сақ ұстанымды болғандары жөн. Егер мәселе соттардың жұмысына, соттардың тәуелсіздігіне немесе сот төрелігін жүзеге асыру аспектілеріне тікелей әсер етсе судьяның қоғамдық пікірталасқа қатысуына қарсылық жоқ. Қоғам судьяны белгілі бір ұйыммен, топпен немесе іспен байланыстырмауын судья қамтамасыз етуі керек. Ұйымға қатысу (адвокаттар палаталарына немесе фирмаларына), топқа немесе іске судьяның бұйрек бұрып тұрғанындай, судьяның бейтараптылық сақтамайтындай әсер тудырмауы жағдайында өту керек. Судья жүргізетін диалог сот ісін қарау түрінде бола алмайды. Диалог кезінде судья процесстегідей орынды деп тапқан рөлді атқарамын деуіне болмайды. Пікірталасқа соттағыдай қосылып, оны аяқтаймын дей алмау керек. Бұл ретте судья төрағалық етушімен немесе соттың басқа басшысымен («тиісті юрисдикцияның басшысы») кеңесуі керек. Сондай-ақ бұл жерде судьяның бейтараптылығы жоқ, болашақта қаралатын істерде судья біржақтылық танытуы мүмкін деген пікірлердің болу қаупін ескергені жөн [1].

Судья қоғамдық наразылықтармен шерулерге қатыспас бұрын судьялық қызметтің қадірін ескеруі керек. Қоғамдық ұйымдарға қатысу кезінде сот билігінің тәуелсіздігіне және судьялық қызметтің мәртебесімен тұтастығына қауіп төндірмес үшін сақтық шараларын қолданған жөн. Қоғамдық ұйымдарға қатысу жұмысы судьяның өз міндеттерін орындауына кедергі келтіретіндей ауыр болмау керек және көп уақытты қажет етпеуі керек, ал судьяның рөлі ұйым қызметін белсенді басқаруды қамтымауы керек. Судьялар, әдетте, ақша жинауға қатыспайды. Судьяның аты мен лауазымын, тіпті қайырымдылық ұйымына болсын, қаражат бөлуге шақырумен байланыстырудың қажеттілігін мұқият қарастырған жөн. Жанжалды жағдайларға судьяның жеке қатысуының сипатымен дәрежесін шектеу және реттеу қажет. Сотта қаралуы мүмкін жағдайларға қатысты кез-келген мүдделер қақтығысы анықталуы қажет. Кез-келген сыйлықты немесе қонақжайлылықты қабылдағанда судья сақтық таныту керек. Алғыс белгісі ретінде құндылығы жоқ сыйлықты немесе қонақжайлылықты қабылдау жағдайлары болуы мүмкін. Мысалы, сөз сөйлейтін, қоғамдық немесе жеке іс-шараларға қатысушы судья кішігірім алғыс белгісін қабылдай алады. Судья түскі және кешкі асқа заңды ұйымдардың, кәсіби бірлестіктердің, мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың (мысалы, адвокаттар палаталары,

заң фирмалары немесе кәсіби қауымдастықтар) шақыруларын қабылдай алады. Алайда, маркетингтік немесе жарнамалық іс-шараларға қатысуға шақырған кезде абай болу керек. Судья сот қызметінің мәртебесімен беделін жеке пайдасы немесе артықшылықтар алу үшін пайдаланбауы керек. Қандай-да бір сыйлықты немесе қонақжайлылықты қабылдаудың орындылығына күмәнданса, тиісті юрисдикция басшысымен (сот төрағасымен) кеңескені дұрыс [1].

4. Басқа әлеуметтік қызмет

Судья қызмет абыройын сақтауға және судьяның өз міндеттерін орындау қабілетіне кері әсер етуі мүмкін байланыстардың алдын алуға міндетті. Қаралып жатқан немесе болашақта қаралатын істерге қатысатын заңгерлермен тікелей қарым-қатынаста болудан бас тарқан жөн. Судьяның әрекетіне квалификация жасаудың (іс қозғаудың) негізі болатындай, оның адвокатпен, куәгермен немесе процестегі тараппен тығыз қарым-қатынас жағдайында болып, біржақтылық (әділетсіздік) туралы күдік туғызбау үшін өте мұқият болғаны жөн. Судья ретінде пайдаланатын сот қызметі ұсынған жабдықтарды, IT жабдықты қоса алғанда, жеке өз басы үшін пайдалануға тиіс емес. IT жабдықтарын пайдалану туралы нұсқаулар, оның қауіпсіздігіне нұқсан келтірмеудің маңыздылығын қоса алғанда толыққанды түрде тиісті ережелерде көрсетілуі керек [1].

Соттың барлық лауазымды қызметкерлері олардың жағдайына әсері болуы мүмкін немесе тұтастай алғанда сот жүйесінің жағдайымен мен беделіне әсер етуі мүмкін судьяның жүріс-тұрысына қатысты кез-келген мәліметтерді білсе тиісті аға сот қызметкерін (сот басшылығын) хабардар етуге міндетті. Жоғарыда айтылғанның жалпы сипатына нұқсан келтірмей, судьялар қандай-да бір құқықбұзушылық жасағаны туралы ескертілсе немесе айыпталса, кінәсін ауырлататын жағдайларсыз жол қозғалысы ережелерін жеңіл түрде бұзғанын қоспағанда, сот басшылығына хабарлауы керек. Ұсақ құқық бұзушылықтар үшін арнайы ережелер қолданылуы керек. Құқыққорғау органдарының лауазымды тұлғалары аға сот қызметкеріне (сот басшылығына) судьяға тағылған айыптауға байланысты сот процесі туралы мәлімет беруі керек. Бұл істердің судьяға толық және уақытында қарауға ұсынылуын қамтамасыз ету үшін және судьяның оған қатысты іс қаралып жатқан кезде процессті жүргізе алатынын немесе жүргізе алмайтынын анықтау үшін қажет [1].

Қолданылған әдебиеттер:

1. Bologna Milano Global Code of Judicial Ethics 2015 / Approved at the International Conference of Judicial independence held at the University of Bologna and at Bocconi University of Milano June 2015 / <https://www.icj.org/wp-content/uploads/2016/02/Bologna-and-Milan-Global-Code-of-Judicial-Ethics.pdf>
2. Mount Scopus Mt Scopus International Standards of Judicial Independence 2008, Approved March 19, 2008, Consolidated 2018 / The International

Association of Judicial Independence and World Peace /
https://12ca241e-b6b8-91e5-b777-949f9bfa986c.filesusr.com/ugd/a1a798_21e6dfdc80a44d388ed136999ddf63d.pdf

3. New Delhi Code of Minimum Standards of Judicial Independence / The Jerusalem Approved Standards as adopted in the Plenary Session of the 19th IBA Biennial Conference held on Friday, 22nd October 1982, in New Delhi, India / The International Association of Judicial Independence and World Peace / <https://www.jiwp.org/new-delhi-declaration>
4. Montreal Universal Declaration of The Independence of Justice 1983 / Unanimously adopted at the final plenary session of the First World Conference on the Independence of Justice held at Montreal (Quebec, Canada) on June 10th, 1983 / The International Commission of Jurists / <https://www.icj.org/wp-content/uploads/2016/02/Montreal-Declaration.pdf>
5. The Bangalore Principles of Judicial Conduct November 2002 / Approved by UN Economic and Social Council Resolution 2006/23 of July 27, 2006 / https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/banga-lore_principles.shtml
6. Basic Principles on the Independence of the Judiciary / Adopted by the Seventh United Nations Congress on the Prevention of Crime and the Treatment of Offenders held at Milan from 26 August to 6 September 1985 and endorsed by General Assembly resolutions 40/32 of 29 November 1985 and 40/146 of 13 December 1985 / <https://www.ohchr.org/en/professionalinterest/pages/independencejudiciary.aspx>
7. The Burgh House Principles On The Independence Of The International Judiciary / The Study Group of the International Law Association on the Practice and Procedure of International Courts and Tribunals, in association with the Project on International Courts and Tribunals: / <https://docs.pca-cpa.org/2020/04/ef1f0fb6-burgh-house-principles.pdf>
8. Model Code of Judicial Conduct, 2020 Edition / The American Bar Association / <https://www.americanbar.org/products/inv/book/394904250/>

Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Жумагазиева Р.Ш.

ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫ

Бесжанов Ж.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазіргі уақытта қоршаған ортаның антропогендік ластануы қауіпті параметрлермен сипаттала бастады. Табиғатты қарқынды игеру процесі қоғам үшін елеулі экологиялық, экономикалық, әлеуметтік салдарға алып келді, бұл қоршаған ортаның нашарлауында көрінеді, оны қалпына келтіру үшін айтарлықтай қаржылық инвестициялар қажет. Отандық жағдайларда халықтың өмір сүру ұзақтығының күрт төмендеуі байқалады, бұл өзінің тиімді табиғат қорғау заңнамасын қалыптастырған басқа елдердің экологиялық, демографиялық, медициналық-әлеуметтік және өзге де статистикасының деректерімен күрт қарама-қайшы келеді. Экологиялық қатынастарды реттеу мәселелеріндегі артта қалушылық көбінесе табиғат қорғау заңнамасының жетілмегендігімен, сондай-ақ оны қолдану практикасының тұрақсыздығымен байланысты. Мұның бәрі осы проблемаларды жан-жақты ғылыми зерттеуді қажет етеді.

Қазақстанда өткен жылдар ішінде экономиканың осындай құрылымы қалыптасты, онда энергетика, қара және түсті металлургия, химия өнеркәсібі, көлік саласы және басқалары сияқты "экологиялық лас" салалар едәуір орын алады. Пайдалы қазбалардың кен орындарын пайдаланудың ұзақ жылдарында үйінділерде 22 млрд. тоннадан астам тау-кен-металлургиялық қалдықтар жинақталған, жыл сайын бұл санға тағы 800 млн.тоннадан қосылады.

Жоғарыда біз "экологиялық лас" салалар маңызды орын алатын экономиканың құрылымы Қазақстандағы экологиялық жағдайға әлі де әсер ететінін атап өттік. Посткеңестік кеңістікте пайда болған көрші республикалар сияқты біз де қоршаған ортаны қалдықтармен ластаудан келтірілген елеулі экономикалық залалды алып жүруді жалғастырудамыз және қазір жағдай осы проблемалық мәселені түбегейлі шешуді одан әрі кейінге қалдыруға мүмкіндік бермейді. Ғалымдар мен өндірушілер Қалдықтарды кәдеге жаратудың және қалдықтарды екінші рет пайдаланудың әртүрлі тәсілдерін әзірлеуде, алайда мемлекеттің экономикалық және экологиялық саясатындағы бұл бағыт объективті тәртіптің бірқатар себептері бойынша әлі де басым бола қойған жоқ.

Қалдықтарды пайдалану практикасы оларды қайта өңдеу мәселелері салаішілік проблемалар шеңберінен шығатынын көрсетеді. Кейбір кәсіпорындардың қалдықтары (тау-кен металлургиялық), көп жағдайда басқалары үшін шикізат болып табылады (Құрылыс материалдарын өндіру). Біріншіден, бұл Профильді өнім емес екені анық, екіншісі үшін бұл бастапқы шикізатта жұмыс істеудің ең жақсы нұсқасы болып саналады. Іс жүзінде, бір қарағанда, олардың бірде-біреуі экономикалық шығынға ұшырамайды, алайда әлеуметтік-экономикалық және экологиялық шығындар негізінен бүкіл аймаққа, мемлекетке және халыққа әсер етеді.

Осындай проблемаларды шешудің кешенді тәсілінің тиімділігінде оң шетелдік тәжірибе бізді сендіреді. Соңғы онжылдықтарда индустриалды дамыған елдерде "кұбырдың соңындағы бақылау" деп аталатын қалдықтарды қауіпсіз басқару тұжырымдамасынан қоршаған ортаны қорғау үшін қолданылатын

шаралардың экономикалық тиімділігін бағалауға негізделген "өнеркәсіптік метаболизм" тұжырымдамасына көшу болды. өнеркәсіптік өндіріс пен тұтынудың жеке кезеңдерінде емес, кешенде. Мұнда кешен белгілі бір өнім түрін өндіруге қажетті тау-кен өндіруден бастап, оны пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін тұтыну мен жоюға дейінгі циклді білдіреді.

Осы Тұжырымдама аясында қалдықтарды басқарудың ең тиімді әдісі-оларды өнеркәсіптік өндіріске қайта тарту екендігі көрсетілді. Осылайша, "өнеркәсіптік метаболизм" тұжырымдамасынан, егер нарықтық жағдайларға байланысты нақты қалдықтарды тауар өнімдеріне қайта өңдеу экономикалық тұрғыдан тиімсіз болып көрінсе де, қоғамның экологиялық жағдайды жақсартуға, тау-кен өндіруден бастап, барлық шығындарын есепке алу көптеген жағдайларда бұл жағдайды керісінше өзгертеді. Басқаша айтқанда, қалдықтарды қайта пайдалану бағыты басым және пайдалы болуы үшін қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны түзету үшін пәрменді мемлекеттік араласу қажет. Дамыған елдердің тәжірибесін ескере отырып, нарықтық қатынастардың өзі қалдықтармен жұмыс істеу процестерін, ең алдымен ресурстарды үнемдеу процестерін тиімді реттей алмайтындығын атап өткен жөн. Бұл жерде нақ мемлекеттік араласу, мемлекеттік тәсіл қажет және қазірдің өзінде өнеркәсібі дамыған елдердің көпшілігі ресурсты үнемдеу және қалдықтармен жұмыс істеу мәселелерін олармен жұмыс істеуді реттеудің мемлекеттік және нарықтық тетіктерінің үйлесімінде шешеді. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті реттеудің мемлекеттік тетігі заңнамалық актілерге ғана емес, сондай-ақ осы салада әзірленген және қолданылатын нормативтік-техникалық құжаттарға да сүйенеді.

Экологиялық бақылау органдарының көптігі, олардың функцияларының әртүрлілігі және басқару салаларының көп объективтілігі олардың арасында бас құрылымдарды бөліп, оларға арнайы өкілеттіктер беру қажеттілігін тудырды. Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін, жойылып бара жатқан түрлерін қорғау бойынша ауыл шаруашылығы министрлігі осындай қорықтық іс болды. Қорықтық іске ғылыми-әдістемелік басшылық КСРО Ғылым Академиясына жүктелді, ол үйлестіруші функцияны жүзеге асырды және іргелі ғылымдар саласында теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізуді басқарды. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы тікелей басқаруды олардың органдарының құрылымында табиғат қорғау бөлімшелері болған немесе болуы мүмкін көптеген министрліктер мен ведомстволар жүзеге асырды. Бұл типтегі мекемелердің басшылығы ғана емес, сонымен қатар олардың әрқайсысының ішіндегі құрылым мен жұмыс нәтижелерінің шамадан тыс бөлінуімен және тиімділігінің жеткіліксіздігімен сипатталды. Бұған табиғат қорғау ісін басқаруды орталықсыздандыруды қосу керек, мұны одақтық та, республикалық та деңгейлерде де байқауға болады.

Қоршаған ортаны өнеркәсіптік ластанудан қорғаудың дамуындағы маңызды тежегіш аумақтық және салалық басқару ережелерінің біртұтастығының болмауы

болды. Бұл Негізгі ережелер әзірленбеген, өйткені ведомстволық жағдайларда олар орындалмады. Дегенмен, жетпісінші жылдары құқықтық әдебиеттерде қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласында басымдық (атап айтқанда, ресурстық мүмкіндіктер бойынша) жергілікті билік органдарына тиесілі болуы керек деген пікірлер пайда бола бастады. Сонымен бірге, бұл елдің әрбір жеке аймағының табиғи және әлеуметтік-экономикалық әлеуетін барынша толық пайдалануға мүмкіндік беретіні дәлелденді.

Табиғатты қорғау шараларын күшейту үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру, мемлекеттегі демократиялық принциптерді нығайту негізінен экономикалық басқару әдістеріне көшумен тығыз байланысты. Жоғары органдардың басшылық нұсқауларын міндетті түрде орындау биліктік мәжбүрлеу арқылы қамтамасыз етілген және төменгі буын қызметкерлерінің жауапкершілігімен нығайтылған командалық-әкімшілік жүйеден айырмашылығы, басқарудың жаңа тетігі экономикалық мүдделілік қағидатына негізделуі тиіс еді [1, 12-бет].

Қоршаған ортаға зиянды әсерін бейтараптандыру жөніндегі жұмыстың тиімділігі, егер ол кешенді жүргізілсе және өзара байланысты екі компонентті қамтыса, қамтамасыз етіледі. Олардың біріншісі-халық шаруашылығына қажетті өнімді өндіру үшін пайдалануға бағытталған өнеркәсіптік қалдықтарды өңдеудің заманауи технологияларын таңдау және қолдану. Екінші компонент-тұрмыстық қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу үшін ұйымдастырушылық сипаттағы тиімді шараларды таңдау. Қызметтің осы екі бағыты заңнамалық деңгейде кешенді рұқсатты табуы керек. Заңға тәуелді деңгейдегі актілер деңгейінде жауапкершіліктің ведомстволық аражігін ажырату және осы ведомстволардың Нұсқаулық-атқарушылық мақсаттағы нормативтік актілер шығару мәселелері реттелуге тиіс.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Байдельдинов Д.Л., Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан: Учебное пособие. – Алматы: Издательство ОФПИ «Интерлигал», 2004. – 312 с.
2. Аленов М.А. Экологическое законодательство и вопросы его применения в судебной практике. – Астана: изд-во «Данекер», 2006. – 170 с.

Ғылыми жетекші: **з.ғ.к., доцент Мухтарова С.М.**

МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Бодыкова К. Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазақстан аумағында пайда болған қалалар тарихына тоқталатын болсақ, жазба деректерде 6-9 ғасырларда Қазақстанның Оңтүстік бөлігінде қала мәдениеті қалыптасып дамыған деп келтіреді. Қалалардың пайда болуы сол замандағы қолөнер, сауда және мәдениеттің қалыптасуымен қатар жүреді.

Қазақстанның қазіргі қалаларының тарихына көз жүгіртсек, Ресей мемлекетімен шекаралас жатқан қала аумақтарының қалыптасуына сол уақыттағы отарлау саясатының жүргізілуімен І Петр мен ІІ Екатеринаның ықпалын айта кетуге болады. Ал Оңтүстік және Орталық Қазақстан аумағындағы қалалар ежелдегі жазба деректерінен де орын алатыны белгілі. Кеңес құрамында болған кезең аралығындағы қалалардың дамуы әкімшілдік-әміршілік экономиканың бес жылдық жоспары негізінде қалыптасып дамыды. Және де жоспарлы экономикада Қазақстан қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен жұмыссыздық төңірегіндегі диспропорция әміршілдік басқару есебінен болған жоқ деп айтуға болады.

Жалпы қалалардың пайда болуының теорияларына кеңістіктің артықшылық теориясы немесе орналастыру теориясы, қалалық қоныстардың көлік өзгерісінің негізіндегі орналастыру теориясы (С.Соолеу –Cooley), қаланың орталық орны теориясы (В.Кристаллер, А.Лэман), ұяларды дұрыс тарату үлгілері (Дж.Кольб) жатады [1].

Ал қалалардың түрлеріне келетін болсақ, қалыптасқан әлемдік тәжірибеде бойынша ірі, орта, шағын деген түрлері қалыптасқан. Аталған бұл типтерінің ерекшелігі қалалардың көлемі, халық саны, тығыздығы, халқының қызмет табысы мен мөлшері арқылы ажыратылған. Ғылыми әдебиеттерде халық санына байланысты ірі қалаларға халық саны 250 мыңнан жоғары тұрғыны бар қалаларды жатқызады. Ал орташа қалаларға халық саны 50 мыңнан бастап 250 мыңға дейін жететін тұрғындары бар қалалар жатады. Шағын қалалар қатарына халық саны 50 мың тұрғынға дейін тұрақтайтын орталықтар жатқызылады.

Жоғарыда жіктелген қалалардың классикалық үш типі бойынша моноқалалар осы аталған түрлерінің шағын және орта типіне енеді. Моноқалаларда халық саны 10-200 мыңға дейін халық мекендесе, оның 20%-дан астамы қаланың экономикалық өсуіне әсері зор қалыптасқан негізгі кәсіпорында еңбек етеді және де қала өмірі мен тұрғындары аталмыш кәсіпорынмен тікелей байланыста болады.

Моноқалалардың пайда болуының дүниежүзілік тәжірибесіне көз жүгіртетін болсақ. Шет елдерде моноқалалар бізден бұрын ертерек қалыптасқан. Мысалы, моноқалалар АҚШ-та бірбейінді (монопрофильные) аудандардың қалыптасуымен тікелей байланысты. Елдің Солтүстігі өнеркәсіп орталығына айналса, Оңтүстігі агроөнеркәсіп кешеніне бағытталады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін елдің Оңтүстік бөлігі ірі өнеркәсіптік ауданға айналып, күшейтілген қарқынмен өнеркәсіпті өңдеуші салалары дамып көлемді ғылыми өндірістер мен ғылыми-зерттеу орталықтары қалыптасқан [2, 21с].

1966 жылғы өз еңбектерінде Дж.Аллен «comprany town» - «бір компанияның қаласы» терминін қолданды. Сонымен қатар 1984 жылдары Дж.Гарнер Ұлыбританияның моноқалаларына талдау жүргізіп қала мен кәсіпорынның бір-бірімен тікелей байланысын зерттеді. Сол уақыттарда басқа шет елдік ғалымдар да өз зерттеулерінде «бір саланың қаласы» немесе қызметтің бір түріне ғана мамандануымен байланысқан «пайдалы қазбаларды өндіру», «темір жол көлігі», «ірі университет жанындағы білім беру қызметі», «ағаш өндірісі» деген атаулармен моноқалалардың дамуын зерттеп бақылаған [3,108с].

АҚШ-тағы моноқалалардың пайда болуы ел экономикасына құрылымдық өзгерістердің енгізілуімен тікелей байланысты. Бұл саясатты жүргізу қоғамдық ұйымдар, жергілікті билік органдары мен бизнес иелерінің бірігіп қала мәселелерін бірлесе шешулерімен байланысты.

Кеңес Үкіметі тұсында шағын қалалардың келешегінің жоқтығы байқалып, шағын қала тұрғындар санының бірте-бірте азаюына әкеп соғатынын дәлелдеген. Моноқала түсінігін талқылау барысында «қала-зауыт» түсінігімен жақындастырылып, берілген территория шеңберінде қаладағы бір ғана кәсіпорынның қалаланың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыра алуымен байланыстырған. Бірақ мұндай тұжырым арқылы қалада басқа да кәсіпорындардың әрекет ететініне баланысты зерттеу нысанын кері тартатындығы байқалады.

Моноқала позициясын анықтауда қала қалыптастырушы кәсіпорын мен халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінің тікелей байланысы зерттеледі. Зерттеудің бұл бағыты еңбек ететін тұрғындардың негізгі бөлігі қала қалыптастырушы кәсіпорында еңбектенетіндігін және оның қала инфрақұрылымы мен әлеуметтік мәселелерге әсер ететіндігін дәлелдеген.

Кейбір зерттеушілер ірі кәсіпорын мен жалпы экономикалық белсенді тұрғындардың, қала инфрақұрылымы және әлеуметтік мәселелермен тікелей байланысты болатынын дәлелдеген. Және де қаладағы ірі кәсіпорын мен елді мекеннің бір-біріне әсері мен тәуелділігін зерттеді. Жалғыз профилді қаланың жұмыспен қамту аймағындағы халық саны, кадрлық қамтамасыз етілуі және территориядағы мамандандырылған кадрлармен қамтылуы арқылы инновациялық әлеуетінің жоғары болуымен сипатталады.

Отандық және шет елдік ғалымдардың «моноқала» түсінігіне тән төмендегідей бірнеше белгілерді атап айтып кетуге болады.

-қалада бір немесе бірнеше біртекті бір салада қызмет ететін кәсіпорындардың болуы немесе салалық нарықтың бір ғана түрінің дамуы;

-нарықтың бір түрімен ғана айналысатын бір-бірімен тікелей байланысты кәсіпорындардың болуы;

-қала бюджеті кірісінің әрекет ететін бір немесе бірнеше ірі кәсіпорындарға тікелей байланысты болуы;

-қала жоспарының негізгі кәсіпорындардың ерекшеліктеріне байланысты болуы;

-қаланың экологиялық қауіпсіздігінің жоғары тәуекелі;

-қала халқының жұмыспен қамтылуының қарапайым құрылымы;

-қала экономикасын әртараптандырудың әлсіз деңгейі.

Моноқалалардың әрқайсысының әлеуметтік-экономикалық орталары тұрақты болып келеді және сәйкесінше, әлеуметтік сектордың бір бөлігінің ерекше мұқтаждықтарын қала қалыптастырушы кәсіпорындар өз мойнына алады. Моноқалалардың әлеуметтік жағдайы бір қалыпты деңгейде болып келеді, сонымен қатар қала тұрғындарының негізгі бөлігі аталмыш салада еңбекпен қамтылғандықтан қала қалыптастырушы кәсіпорын жоғары мамандандырылған жұмыс күшімен қамтылады. Сол себептен кәсіпорын халықтың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын барынша қамтамасыз етуге өз күш жігерін жұмсайды.

Қазіргі таңда дүние жүзілік тәжірибеде моноқалалардың маманданған үш нышаны ерекшеленеді:

-қаланың қалыптасуы мен дамуына бір немесе бірнеше кәсіпорындардың бір ғана нарықты қамтамасыз етуімен байланысты және аталмыш салада ғана маманданған бірфункционалды қала;

-негізгі қала құраушы саланың бірнеше кәсіпорындары бар моно салалық қала;

-жалғыз кәсіпорын әрекет ететін қала.

Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың қалыптасу тарихының алғашқы кезеңін Қазақстанның Ресей отырықшылығына енгенге дейінгі аралықты жатқызатын болсақ, екінші кезеңін Кеңес үкіметі құрамында болған уақытты қамтиды деп айтуға болады. Ал үшінші кезеңі 1991 жылда Егемендік алған Қазақстан Республикасының қалыптасуымен байланыстыруға болады. Одан кейінгі төртінші кезеңнің 2004 жылдан бастап қазіргі уақытта жатқызуға болады. Яғни, шағын қалаларды дамытудың арнайы бағдарламаларының әрекет етуімен байланысты.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1.Экономическаягеография. 2002 г. <http://vocable.ru/dictionary/767/word/modeli-v-yeconomicheskoi-geograf>
- 2.Антипова Е.А., Титов А.Н. К вопросу о теоретической сущности деференции «моногород» // Проблемы и перспективы социально-экономической географии. 2016. С19-24.
- 3.Бартош А.А., Малышев Е.А. Монопрофильное муниципальное образование как особая категория научного исследования // Вести Забайкал. ГУ. 2017.Т.23. №5. 107-114с. DOI:1021209/2227-9245-2017-23-5-107-114.

Ғылыми жетекші: Э.Ғ.К., аға оқытушы Жакупова Б.А.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ, ОНЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Даулетбаев Ж.Б., Иманбаева З.О., Жүнісов Б.А.
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық сияқты ұғымдар бүкіл әлемде кең таралды. Сыбайлас жемқорлық фактілерінің артуына байланысты бүкіл әлемде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбы өзекті болып отыр, мемлекеттер алдында "сыбайлас жемқорлық деген не?" қандай әдістермен күресу керек, "жемқорлықты қалай жеңуге болады?" сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес сияқты ұғым аясында сыбайлас жемқорлық сияқты жағымсыз элементтің алдын алу бойынша түрлі бағдарламалар мен заңдар әзірленуде.

1999 жылғы 27 қаңтарда қабылданған сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы Еуропа Кеңесінің конвенциясын қабылдау әлемдік ауқымдағы осы проблеманың қабылдануының жарқын мысалы болып табылады.

Біздің республикада "сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы бар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі түрлі бағдарламалар, атап айтқанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бар. Үкіметтің 2011 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарлама бүгінгі күні де қолданылып жүрген тағы бір бағдарлама болып табылады. Сондай-ақ, 1997 жылғы 16.06-дағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде сыбайлас жемқорлық және өзге де лауазымдық келеңсіздіктердің тұтас тарауы көзделген.

Қазақстанның заң ғылымында сыбайлас жемқорлықтың даму тарихын осы жұмыстың авторлары алғаш рет қарастыруда. Қазақ даласының аумағындағы рулық қауымдарда қабылданған әдеттегі құқық нормалары көбінесе көшпенділер мәдениетінің қағидаттарымен белгіленген заңнамалық сипаттағы дәстүрлермен алдын ала айқындалғаны белгілі. Өз кезегінде, поада өркениетінің процестеріне Моңғол хандығының қоғамдық-мемлекеттік құрылымының негіздері ерекше әсер етті.[6]

Ж.А. Тұяқбайдың пікірінше, Қазақстандағы құқықтық жүйе негіздерінің қалыптасуының бірінші кезеңін орта және кейінгі Орта ғасырлар кезеңіне жатқызуға және XIV - XIX ғасырдың бірінші жартысына шартты түрде даталауға болады. Осы кезеңде қазақ феодал қоғамында сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік, біз оны қандай түрде қабылдаймыз, қарастырылмаған. Соған

қарамастан, Қазақстан Ресейге қосылғанға дейін сыбайлас жемқорлық заңды институционалдық нысандарда, ақсүйектер өкілдеріне белгілі бір құрбандықтар міндетті феодалдық міндет сипатында болған кезде көрінді. Осылайша, қарапайым диқаншылардан хандардың, сұлтандардың, билердің және рулық ақсүйектердің басқа да өкілдерінің пайдасына егіннің оныншы бөлігі болып табылатын "ушур" салығы тұрақты түрде алынатын. Малшылар "зекет" салығын-малдың белгілі бір түрінің белгілі бір мөлшерін төледі. Олармен қатар феодалдық элитаның пайдасына согум (шикі ет) немесе Сыбаға (қайнатылған ет) түрінде табиғи сыйлықтар жиналды. Сонымен қатар, ақсүйектер өкілдері мен ақсақалдарға сыйлықтардың барлық түрлері болған. Сонымен, "Ордада заң күші бар Қырғыз әдет-ғұрыптарының сипаттамасына" сәйкес: "Согум күзде жасалады, оның негізінде әдет бар; хан немесе сұлтан бүкіл қысты халықтың асырауында өткізе алады. Сыбаға көктемде согум сияқты шарттарда шығарылады. Ордада құрметке ие ордалық, қандай да бір лауазымға ие болса да, қарапайым қырғыз адамы әкелген сыйлықты қабылдаудан бас тарта алмайды

XVI ғасырдың басынан бастап Қазақстанда "Қасым бағана жолы" деп аталатын Қасым ханның заңдары қолданылып, оның негізіне кәдімгі құқық (адат) нормалары қаланған. Қазақтардың әдеттегі құқығының нормалары XVI ғасырдың аяғында Тәуке хан тұсында "Жеті жарғы" (Семь установлений) деп аталатын бірыңғай жиынтық түрінде түпкілікті кодификацияланды және толықтырылды.

Т.М. Күлтелеев атап өткендей, сол кезде қазақтың әдеттегі құқығы үш көзден тұрды: билер сотының әдет-ғұрпы, практикасы және билер съезінің ережелері [45, 139-бет]. Сот функциялары Қазақстанда кезең-әндер еуропалық одақ, билер институты және биями (родоначальниками) сөздік негізінде қазақ әдет-ғұрып құқығы. Ханның сот ісі соңғы сот ретінде қарастырылды. Ол бұл функцияны далада жүріп жүзеге асырды. Сот процесі үшін ол "ханлық" деп аталатын белгілі бір сыйақы алды. Хан өзінің заң шығару қызметіндегі әдеттегі құқықтағы алшақтықты алмастыра отырып, әдеттегі құқық негізінде соттады. Бұл жағдайда ханның сот шешімі әдеттегі заңға маңызды қосымша болды және жаңа құқық нормаларының құрылуына әкелді [45, 50-51 беттер].

Сондықтан феодалдық-рулық ақсүйектердің өкілдері әдетте әдейі созып, қылмыстық істерді және халық арасында туындаған басқа да дауларды күрделендіріп, ірі сыйақы алуды жоспарлады

С.З. Зиманов атап өткендей: "1855 жылы Берш және Адай (Ішкі орда) руындағы қазақтар жергілікті билік органдарына бірінші Приморье бөлігінің басқарушысы Сұлтан Күчанғалидың Шығаевтың теріс қылықтары туралы топтық хатпен өтініш жасаған. Онда олар "егер сот ісі бар ордалықтар Шигаевқа ақшамен келсе, онда ол шағымдарды көп ұзамай шешеді" деп жазды. Егер кейде қазақтар сыйлықсыз келетін болса, онда ол олардың шағымдарын талдап қана қоймай, өз ауылдарына қайтуға мәжбүр болған адамдарға да көрінбейді". Тексеру

көрсеткендей, Шигаев мұндай теріс қылықтарды жасап қана қоймай, сонымен қатар 100 және 200 рубль күміспен алған жоғары лауазымдарды сатты”

Академик С. З. Зимановтың пікірінше: "феодалдық ақсүйектерге тікелей өндірушілердің - шаруалардың артық өнімін иемдену әр түрлі жолмен жүрді. Бір жағдайда көшпелі халықтан басқару бойынша ақсүйектердің шығынын жабу үшін алымдар белгіленді және т.б. екінші жағдайда, ол ақсүйектердің өкілдерін "сыйлау", ықпалды тұлғаларға "ерікті" құрбандықтар әкелу аталық әдет-ғұрыптарын орындау негізінде жүргізілді. Үшінші жағдайда, шын мәнінде, шаруа қожалықтары біртекті адамдарға "көмек" ретінде берілді және т. б. Сонымен қатар, экономикалық емес мәжбүрлеу көбінесе экономикалық мәжбүрлеумен біріктірілді”

Д 'Андренің" қырғыз әдет-ғұрыптарының сипаттамасында ""Ордада қандай да бір құрметке ие болған әрбір адамға адам мен лауазымды тұлға болса да, сыйлықтар алуға болады" делінген. Сол жазбаның тағы бір нұсқасы норманы күшейтеді және мұндай тұлға тіпті "сыйлық қабылдаудан бас тарта алмайды" дейді”. Қазақтардың әдеттегі құқығын зерттеуші Л.С. Фукс атап өткендей: "сонымен, біздің алдымызда міндетті сыйлық институты түрінде сұлтандар мен дворяндардың өздеріне тәуелді адамдарды ұятсыз тонауға деген құқығы бар. Бұл қазақ жеке меншік қоғамында патриархалды-рулық қатынастардың мұндай қалдықтарын міндетті сыйлық ретінде сақтаудың шынайы себебі мен мақсаты, оларды тонауға рұқсат беретін норманы барлығына ортақ норма ретінде ұсынуға мүмкіндік береді. Ресми түрде бұл әдетте заңды нормаға сәйкес келуі мүмкін, ол өзінің тонаушылық мәнін осылай жасырған”.

Осылайша, Алуханов келтірген үзінділер мен түрлі ғалымдардың пікірлері қазақтардың сыйлықтар жасау дәстүрлері мен әртүрлі құрбандықтар дәстүрлі сипатта болады, ал оның тамыры феодализм кезеңінде қазақ қоғамында үстемдік еткен әлеуметтік-саяси және экономикалық қатынастарға кетеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлық заңды институционалдық нысандарда және оның сол кездегі басты факторлары: қоғамның бай және кедей болып әлеуметтік стратификациясы, осы қабаттар арасындағы олардың ауқаттылығының өлшемі бойынша қатаң иерархия, сондай-ақ қазақтарда Шина оқу психологиясын тәрбиелеген рулық қатынастар мен патриархалдық мәдениет болды.

Авторлар жасаған тұжырымдармен келісуге болады және дәстүрлер сыбайлас жемқорлықтың дамуының негізгі себебі деп санауға болады, өйткені, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар жалпы мемлекеттілік пен құқықтық жүйені қалыптастыруда өте үлкен рөл атқарады.

Статистикалық деректер, нормативтік актілер Қазақстанда жүргізіліп жатқан жұмысты жақсы деңгейде көрсету үшін, алайда сыбайлас жемқорлықты бақылау идеалына қол жеткізе алмағанымызды атап өткен жөн, бірақ келтірілген бағдарламалар біздің алтын ортаға жетуге тырысатынымызды куәландырады. Мен

сыбайлас жемқорлықты бақылау идеалына қол жеткізе алмадық деп айттым, тағы да қайталап айтқым келеді, менің ойымша, Біз сыбайлас жемқорлықты толығымен жеңе алмаймыз, біз оны шектен шықпау үшін бақылауда ұстай аламыз, қалай болғанда да, әзірге сыбайлас жемқорлықты толық жою туралы емес, тек сыбайлас жемқорлықты бақылау туралы ғана айтуға тура келеді, өйткені Мен Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде сыбайлас жемқорлықты толығымен жеңуге көмектесе алатын мұндай платформа жоқ деп санаймын, бірінші кезекте: білім беру және үгіт-насихат іс-әрекеттері арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру менталитетін қалыптастыру және жоғарыда айтылғандардан туындайтын заңнаманы жетілдіру, оның ішінде сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы Еуропа Кеңесінің Конвенциясы сияқты бірыңғай базаны әзірлеу жақсы нәтижелерге әкелуі мүмкін еді, бірақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Азия елдері арасында бұл елдердің бәрі ұқсас дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға ие болғандықтан, сыбайлас жемқорлық мәселесін туыстас халықтармен бірге шешу әлдеқайда оңай болады. Жоғарыда аталған міндеттерге қол жеткізгеннен кейін ғана сыбайлас жемқорлықты жеңу жолы туралы айтуға мүмкіндік береді, Осыған байланысты бізді тек Қазақстан аясында ғана емес, әлем ауқымында да айтарлықтай үлкен және кең ауқымды жұмыс күтіп тұр.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Г. С. Гончаренко криминалистік журнал, 2007 жыл "құқықтық институттар тұрғысынан сыбайлас жемқорлықтың түсінігі, түрлері және механизмдері"»
2. "Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы" Еуропа Кеңесінің 1999 жылғы 27 қаңтардағы конвенциясы
3. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы
4. "Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимылдың 2006-2011 жылдарға арналған бағдарламасы»
5. "Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасы»

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДАДАҒЫ ОРНЫ

Ерсайынова А. Е.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазақстан Еуразия жүрегіндегі орналасқан ең маңызды ресей мен Қытай арасында орналасқан Қазақстан теңізге тіке шыға алмайтын ең үлкен

мемлекеттердің бірі. Сонымен қатар Қазақстанның аумағы мен экономикасы Орталық Азия мемлекеттерінің барлығын бірге алғаннан да үлкен. Қазақстан АҚШ, Қытай, Еуроодақ, Ресей мен Орталық Азия мемлекеттермен жақсы сауда қатынасын орнатқан.

Қазақстан Республикасының жалпы сауда серіктес мемлекеттері Ресей мен Қытай болып табылады.

2020 жылдың тоғыз айы ішінде Қазақстанның сыртқы сауда көлемі \$62,8 млрд құрады, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 12,9 %-ға аз (\$72,1 млрд). Негізгі бұл көрсеткіштің төмендеу себебі экспорттық жеткізілімдер \$7,8 млрд-қа немесе 18% - ға қысқаруы себеп болды. Ал импорт 5,1% немесе \$1,5 млрд төмендеді.

Экспорттың төмендеуінің негізгі себебі шикізатқа (мұнайға, ферроқорытпаларға) бағаның төмендеуі және пандемия салдарынан өндірістің тоқтауы, әлемдік нарықта тұтынушылардың азаюы сияқты факторлар әсер етті.


ҚР-сының Сыртқы сауда көрсеткіштері, \$ млрд



Қазақстанның негізгі сауда әріптестерінің тауар айналымындағы үлес салмағы Ресей 20,1%, ал Қытайдың үлесі 18,0% пайызды құрап отыр. Сондай-ақ Италия 9,1% және Корея Республикасы 8,0% құрап, айтарлықтай үлеске ие.


Қазақстандық экспорттық құрылымында ЕАЭО елдері 10,8%-ды алып отыр, оның 9,8%-ы Ресейге тиесілі. Экспорт көлемі \$3,4 млрд құраған РФ-сы қазақстандық экспортта үшінші орында тұр. Қазақстандық өнімнің басты импорттаушысы экспорттағы үлес салмағы 19,9% Қытай болып табылады, онда экспорт \$7,1 млрд құрады, Италия көлемі \$5,1 млрд болатын екінші орында тұр, экспорттағы үлесі 14,3% - ды құрады. Сондай-ақ, қазақстандық өнімді импорттаушылардың алғашқы бестігіне Нидерланды мен Үндістан кірді, олардың Қазақстан экспортындағы үлесі тиісінше 6,5% және 4,5% - ды құрады. Сондай-ақ, 2020 жылдың тоғыз айында миллиард доллардан астам өнім Түркияға (\$1,6 млрд), Өзбекстанға (\$1,4 млрд), Францияға (\$1,3 млрд), Швейцарияға (\$1,2 млрд) және Грецияға (\$1,1 млрд) экспортталды.

Қазақстаннан негізгі импорттаушылары, \$ млн



Қазақстандық импорттың 33,7% - ы Ресейге тиесілі, Ресейден \$9,3 млрд сомасына тауарлар әкелінді, Қытай (барлық импорттың 15,5% - ы) және Корея Республикасы (15,4%) негізгі жеткізушілердің екінші және үшінші орынды иеленді, тиісінше \$4,3 млрд және \$4,2 млрд көлемімен бөлісті. Төртіншісі, Германия импортта үлесі 4,8%, олардан \$1,3 млрд өнім әкелінді, топ-10 жеткізушіге АҚШ (\$850,5 млн), Италия (\$673,2 млн), Түркия (\$655,6 млн), Франция (\$611,2 млн), Өзбекстан (\$565,4 млн) және Беларусь (\$439,3 млн) елдері кірді.

Қазақстаннан негізгі экспорттаушы елдер, \$ млн



2020 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Қазақстан минералдық өнімдерді, машиналар мен жабдықтарды, металдар мен олардан жасалған бұйымдарды, химия өнеркәсібі өнімдерін және жануарлар мен өсімдіктерден алынатын өнімдерді өте көп мөлшерде сатылды.

Қазақстан экспортының негізгі тауарларының тізіміне шикі мұнай (\$18,7 млрд), мыстан жасалған мыс және катодтар (\$2,0 млрд), табиғи газ (\$1,9 млрд), уран (\$1,3 млрд), феррокорытпалар (\$1,3 млрд), мыс кендері мен концентраттары (\$1,12 млрд), бидай (\$730,7 млн), бағалы металдардың кендері мен концентраттары (\$545,4 млн), мұнай өнімдері (\$464,3 млн), темір кендері мен концентраттары (\$452,1 млн) және т. б.

Қазақстанның негізгі импорты тоңазытқыш жабдықтарынан (\$1,6 млрд), сорғылардан, компрессорлардан және желдеткіштерден (\$1,1 млрд), дәрілік заттардан (\$829,2 млн), телефон аппараттарынан (\$708,8 млн), құбырларға арналған арматурадан (\$632,7 млн), сұйықтықтарды немесе газдарды сүзуге арналған жабдықтар мен құрылғылардан (\$542 млн), жеңіл автомобильдерден (\$495,9 млн), есептеуіш машиналардан (\$412 млн) және т. б. тұрады.

Қазақстанның сыртқы экономикасы қарқынды түрде дамуда. 2020 жыл әлемде COVID-2019 вирусын алдын алу мақсатында пандемия жарияланды. Әлемді жайлаған індет өз кезегінде әлемдегі елдердің, Қазақстанның экономикасына да өз әсерін тигізді. Бірақ пандемия жағдайына қарамастан Қазақстан экономикасы, сыртқы саудада жақсы көрсеткіштерге жеткен.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz/search>
2. Дереккөз: ҰЭМ СК, Halyk finance есептері

Ғылыми жетекшісі: э. ғ. м., аға оқытушы Ибрашева А. Ж.

ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫШАРТТАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Есенгали А.А., Иманбаева З.О., Бухарбаев Ш.М.
С. Байшев Университеті

Ақшаның ұлттық экономикалық жүйелерде жұмыс істеу шеңберінде, яғни жаһандандудың жан-жақты әсерін ескере отырып, адамзаттың ғылыми-техникалық прогресі жағдайында экономикалық қатынастардың категориясы, объектісі және құралы ретіндегі рөлі мен орны үнемі өсіп отырады, сондай-ақ қолданылатын ақша түрлерінің эволюциясының, модернизациясының және дамуының сөзсіз болуын анықтайды.

Ақша аударымдарын жүзеге асырумен байланысты тәуекелдердің эволюциясы мен әртараптандырылуы, экономикалық жүйелердің әртүрлі салалары арасындағы қатынастардың күшеюінде көрінетін әлемдік интеграциялық процестер, институционализация және цифрландыру елдің қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тығыз байланысты төлем жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қолдауға бағытталған тетіктерді үнемі жетілдіруді талап етеді.

Төлем жүйелерінің операциялық жұмыс істеуі, төлем және есеп айырысу тетіктерін қадағалаудың тиімді құрылымын құру, сондай-ақ оларды одан әрі

дамыту және жаңғырту мәселелері бірнеше ондаған жылдар бойы көптеген шетелдік және отандық экономистердің зерттеу нысаны болды. Соңғы жылдары еліміздің ұлттық төлем жүйесінің қалыптасу процесінде ғылыми зерттеулердің кең саласы, атап айтқанда келесідей зерттеу нысандары қалыптасты:

- ұлттық төлем жүйелерінің тиімді архитектурасын құру және олардың жұмыс істеуі саласындағы қадағалау жолдары;
- қолданылатын төлем құралдарының трансформациясы;
- төлем операцияларын жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын инновациялық технологиялар [1].

Бүгінгі күні еліміздің ұлттық төлем жүйесінің бірыңғай моделін түпкілікті қалыптастырғаннан кейін, отандық төлем және есеп айырысу тетіктерін одан әрі дамыту жолдарын зерттеу саласындағы ғылыми жарияланымдар көлемінің айтарлықтай төмендеуі байқалады. Сонымен бірге, жаһандық экономикалық белгісіздік, қаржы нарықтарының әртүрлі секторларында тәуекелдердің туындау ықтималдығының артуы, экономика субъектілері арасындағы өзара байланыстардың күрделенуі, жалғасып жатқан жаһандану және әртүрлі ұлттық төлем жүйелерінің құрылымдық буындарының өзара интеграциясы, ақша аударымдарын қамтамасыз ететін операциялық-технологиялық тетіктердің цифрландыру процестері, сондай-ақ инновациялық төлем және есеп айырысу тетіктерінің туындауы жағдайларында, қазіргі уақытта, оның ішінде мультивалюталық есеп айырысуларды жүзеге асырудың трансшекаралық тетіктерін қалыптастыру кезінде отандық төлем жүйелерін қадағалау және төлем қызметтері нарығының даму көрсеткіштерін кешенді зерттеп-талдау тағы да өзекті мәселеге айналып отыр.

Сондықтан да, отандық ұлттық төлем жүйесінің одан әрі дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік реттеу және қадағалау тетіктерін жаңғыртуды әзірлеуден тұрады.

Несиелік ақшаны қолданған кезде ұлттық экономика тиісті транзакциялық арналарға, демек, қаржы институтына - күрделі инфрақұрылым жағдайында транзакциялардың үздіксіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін төлем жүйесіне деген қажеттілікті сезіне бастайды. Сандық активтерді аудару жағдайында классикалық мағынада төлем жүйесінің болуы қажеттілігі бірдей емес. Интернет желісінің индекстелмейтін сегментінде цифрлық активтердің таралуы жеке төлем-есеп айырысу қуаттарын қажет етеді, ұлттық ақша белгілерін «криптовалюталық биржаларда» айырбастау, демек, осы операцияларды корреспонденттік шоттарда көрсету мақсатында, яғни алайда толық көлемді цифрлық экономикаға көшу және оның «көлеңкелі» секторларын дамыту төлем жүйелерінің жаңа жағдайларда жұмыс істеу проблематикасын қайта қарастыруды талап етеді.

Өз кезегінде, транзакциялық арналар санының артуы, олардың эволюциясы және жиынтық құрылымның күрделенуі нарықтың қаржылық ақпараттық

ресурстардың үлкен көлемін беруді қамтамасыз ететін төлем-есеп айырысу тетіктерінің пайда болуына және кейіннен ұлттық есеп айырысу нарығында жұмыс істейтін барлық төлем жүйелерін біріктіретін шоғырландыру институты ретінде төлем жүйесін қалыптастыруға қажеттілігін негіздейді. Монеталар мен банкноттарды пайдаланған кезде қаржы институты ретінде төлем жүйесінің болуына қажеттілік жоқ екені даусыз.

Айналыстағы төлем карточкалары санының өсуімен төлем карточкаларын пайдалана отырып операцияларға қызмет көрсету сервистерін дамытудың оң үрдісі байқалады, 2019 жылы операциялар көлемі 2016 жылғы ұқсас көрсеткіштен 3 есе асып, 30,4 трлн. теңгені, яғни 1,6 млрд. операцияны құрады.

2020 жылы Covid-19 коронавирусының таралуы аясында елде енгізілген төтенше жағдайға қарамастан, операциялардың өсуінің оң серпіні сақталды.

Мәселен, 2020 жылғы бірінші жартыжылдықта төлем карточкаларын пайдалана отырып, 20,3 трлн. теңгеге (1,2 млрд. операция) жүргізілді, бұл 2019 жылғы осындай уақыт аралығындағы ұқсас көрсеткіштермен салыстырғанда 57,1%-ға (саны бойынша - 78,4%) артық.

Диаграмма. Айналыстағы төлем карточкалары, млн. бірлік



ҚР ҰБ статистикалық деректері негізінде құрастырылды.

Айналыстағы төлем карточкаларының саны өсуі банктік қашықтық желісін дамытуға ықпал етеді, яғни 2020 жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындысы бойынша белсенді қолданылатын 1 000 төлем карточкаларына 9 POS-терминал мен 1 банкомат тиесілі. POS-терминалдардың 79%-ы байланыссыз технологияны, әрбір оныншы банкомат–клиенттерді биометриялық сәйкестендіру функциясын қолдайды [2].

Жалпы, елдегі төлем жүйелерінің тұрақтылығы мен орнықты дамуын қамтамасыз ету әлемнің әртүрлі мемлекеттерінің ұлттық орталық банктерінің жұмыс істеуінің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Сонымен бірге, ақша қаражатын берудің транзакциялық арналарының эволюциясымен байланысты экономикалық жүйелердің конвергенциясы, төлем жүйелері мен ұлттық төлем жүйелерінің технологиялық тәуелділігі, ақша қаражатының инновациялық

түрлерінің пайда болуы және болып жатқан жаһандану процестері шеңберінде трансшекаралық есеп айырысулардың маңыздылығын ұлғайту реттеушілерден қаржы нарығының инфрақұрылымына қатысты мемлекеттік реттеудің қолданылатын әдістерінің тиімділігін арттыруға бағытталған тиісті шараларды қабылдауды талап етеді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының ұлттық төлем жүйесінің қазіргі жағдайда одан әрі дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік қағадағалау, реттеу тетіктерін жаңғыртудың теориялық және практикалық бағыттарын әзірлеу өзекті болып табылады және қазіргі заманғы мемлекеттің қызмет етуінің көптеген аспектілерімен байланысты стратегиялық маңызы бар арналарды дамыту қажеттіліктеріне жауап береді.

Қазақстан халқының арасында халықаралық ақша аударымдары бүгінгі күні қаржы нарығында ұсынылатын сұранысқа ие қызметтердің бірі болып табылады. Күн сайын елде олардың жылдамдығы мен ыңғайлылығына байланысты көптеген оқшауланған және халықаралық ақша аударымдары жасалады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Ақша төлемі мен аударымы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
2. «ҚРҰБ ҚБЕАО» төлем жүйелерінде төлем құжаттарын қабылдау және өңдеу жөніндегі кестені бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Директорлар Кеңесінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 163 қаулысы.
3. «Қазақстан Республикасы төлем жүйелерінің 2018 жылғы қаржы жылын аяқтау бойынша жұмысын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылы 22 желтоқсандағы №139 Қаулысы.
4. Тулегенова Ф.Б. Банк ісі: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2019.
5. Dabla-Norris, E., Floerkemeier, H., 2020. “Transmission mechanisms of monetary policy in Armenia: Evidence from VAR analysis”, IMF working paper. WP/06/248.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕПОЗИТТІК САЯСАТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Есенгали Н.С., Иманбаева З.О., Бухарбаев Ш.М.
С. Баишев Университеті

Екінші деңгейлі банктер қаржы делдалдары деген атауға ие болған іскер кәсіпорындардың айрықша санатына жатады. Олар капиталдарды, халықтың

жинақ салымдарын және шаруашылық қызметі үдерісінде босаған басқа да еркін ақша қаражатын тартта отырып, қосымша капиталға мұқтаж басқа экономикалық агенттердің уақытша пайдалануына ұсынады. Қаржы делдалдары осылайша, қоғамды ақша капиталының салааралық және аймақаралық бөлу механизмімен қамтамасыз ете отырып, маңызды халық шаруашылығы функцияларын орындайды.

Сонымен қатар, бос ақша қаражаттарының иелері үшін негізгі ынталандыру депозиттер бойынша төлем мөлшері және оларды қайтару кепілдігі болып табылады.

Бүгінгі күні жоғары бәсекелестік пен қаржы нарығының тұрақсыздығы жағдайында депозит нарығын тұрақты қалыптастыру, дамыту және объективті бағалау мәселесі барған сайын өзекті бола түсуде. Коммерциялық банктердің депозиттерді тарту жөніндегі қызметін жетілдіру жолындағы негізгі міндеттердің бірі тартылған ресурстарды оның қатысушыларының барлық топтарының – құрылтайшыларының, қарыз алушылардың, салымшылардың, банк қызметкерлерінің мүдделері үшін басқарудың тиімді әдістері мен тетіктерін пайдалану болып табылады.

Осыған сәйкес, клиенттердің банк тартқан қаражаты ағымдағы депозитті және жинақ ақша салымына есептеледі. Олардағы ақша қалдықтары жинақталады және біртұтас көрсеткіштер балансында беріледі. Сараптау кезінде тартылған депозитті қаражат белгілі бір соманың қандай мерзімге тартылатынын білу үшін мерзімділігі бойынша топтастырылады.

Талап етілмелі салым ақшалардың үлесін ұлғайту банктің пайыздық шығыстарын азайтады және барынша жоғары пайда алуға мүмкіндік береді. Алайда бұл салым ақшалардың ең болжап болмайтын қаржылық құрал екенін назарда ұстаған жөн, сондықтан олардың ресурстық базадағы жоғары үлесі банктің өтемпаздығын әлсіретуі мүмкін. Осы ретте, екінші деңгейлі банктер тиімді депозиттік саясатты ұстанғаны дұрыс. Өйткені, екінші деңгейлі банктің депозиттік саясаты салым иелерінің ақшалай қаражаттарын депозитке тарту және тартылған қаражаттарды тиімді басқарумен байланысты банктік саясатты білдіреді. Депозиттік саясат банктің қаражаттарды тартумен байланысты стратегиясы мен тактикасын қамтиды.

Осыған байланысты, еліміздегі депозиттік базаны нығайту үшін коммерциялық банктер депозиттердің тартымдылығына бағытталған және ақша қаражатының құнсыздануы жағдайында салымшылардың әлеуметтік-экономикалық қорғалуын қамтамасыз ететін депозит нарығының қызмет ету механизмін үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Қазіргі нарықтық экономикада депозиттік саясатты нарық талаптарына сәйкес дамыту үшін тартылған қаражаттарды мақсатты және тиімді басқару саясатын жүзеге асыру қажет. Осы ретте, депозиттік саясат қаржы нарығына қатысушы болып табылатын кез келген банктің стратегиясы мен ақша тарту

тактикасын барынша қамтып көрсетеді. Жалпы, екінші деңгейдегі банктің депозиттік саясаты – бұл салымшыларды тартуға және қарыз капиталын тиімді басқаруға байланысты банктік саясат болып табылады.

Екінші деңгейдегі банктердің депозиттік саясатының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес депозиттік операцияларды жүзеге асыру және қажетті өтімділікті қолдау үшін банктердің қолда бар мүмкіндіктерін пайдалану болып табылады.

Жалпы, кез келген банктегі депозиттік саясаттың негізгі міндеттері болып келесілер табылады:

- банктің депозит нарығындағы жұмыс жасау қызметін дамыту және депозиттік салымшылар үлесін көбейту;
- үлестік қатысу стандарттарына сәйкес банктің депозиттік портфелінің көлемін көбейту және сапасын жақсарту;
- барлық инвесторлар үшін теңгерімді және икемді нарықтық саясат жүргізу.

Жалпы, ғазіргі уақытта зерттеуші-ғалымдар депозиттік саясат түсінігін екі түрлі қарастырады. Біріншіден, депозиттік саясат салымшылар мен басқа несие берушілерден қаражат тартуға, сондай-ақ қаражат көздерін анықтауға байланысты банктің қызметін сипаттайды. Ал, екінші түсінікте бұл банктің өтімділік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қаражат жинау шаралары ретінде қарастырылады [7].

Сонымен, қазіргі уақытта депозиттік саясат банктің стратегиясына сәйкес әзірленуі тиіс. Осыған сәйкес, кез келген банк өзінің депозиттік саясатын әзірлеу кезінде әлеуетті салымшыларын, яғни жеке салымшылар немесе заңды тұлғалар ретінде дұрыс таңдай білуі керек. Осы орайда, атап айтар болсақ кез келген екінші деңгейлі банк нарықтық ортадағы қатаң бәсекелестікті ескере отырып, агрессивті депозиттік саясатты қалайды. Негізінен, бұл ретте, банктер клиенттерді тарту үшін тиімді пайыздық саясатты қолданған дұрыс. Бұл үшін банк депозиттік саясат шеңберінде өз тактикасын әзірлеуі тиіс.

Кез келген жағдайға бейімделу, банк құралдарын тиімді басқару және нарықтық тенденцияларды нақты көру – экономикалық дамудың қазіргі жағдайындағы екінші деңгейлі банктерге қойылатын кейбір талаптар. Тұрақты банк жүйесін құру республика халқының сенімін арттырады және халықаралық қаржы нарықтарына интеграцияны жандандырады.

Банк жүйесінде жоғары бәсекелестік жағдайында екінші деңгейлі банктер жинақ қаражатын тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. 1-кестеде екінші деңгейдегі банктердің тиімді және табысты жұмыс істеуі үшін нарық талаптарына сәйкес депозиттер нарығында туындайтын проблемаларды қалай реттейтіні көрсетілген.

Кесте 1 – Депозиттер нарығының негізгі мәселелері және оларды шешу жолдары

Мәселелер	Шешу жолдары
Шетел валютадағы талап етілмелі депозиттердің мерзімдік депозиттерге қарағанда жеткіліксіз өсуі.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Шетел валютадағы талап етілмелі салымдарға аса тартымды пайыздық мөлшерлемені қою. 2. Салымдарды кепілдендіру жүйесіне талап етілмелі депозиттерді сақтандыруды кіргізу.
Депозиттердің түрлері және артықшылықтары туралы кейбір салымшылардың жеткіліксіз білуі.	Әр банкте салымшылармен жұмыс істеу бойынша депозиттік бөлімнің даму бағдарламасын жасау. Бұл бағдарлама өзіне түсіндірушілік кеңес беру, ақпараттық әдістерді қосуы қажет.
Банктің ұйымдастырушылық құрылымында депозиттерді тартумен байланысты банктік бизнестің жаңа формаларын жасаумен айналысатын стратегиялық дамудың арнаулы тобының болмауы.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Әр банкте стратегиялық жоспарлау бөлімшелерін құру. 2. Жұмысшыларды ерекше материалды және рухани ынталандыруды ұйымдастыру. 3. Тәжірибесі мол эксперттерді стратегиялық жобаларды жасауға тарту.
Депозиттік операциялар бойынша банк қарекетінде тәуекелдерді жеткіліксіз бағалау.	Депозиттік операциялар бойынша тәуекелдерді бағалау әдістемелерін жасау.
Өндірістік сектордың әлсіз дамуы.	Жеңілдікті несиелеу және салықтық прессингті төмендету жолымен өндірістік сектор дамуының мемлекеттік бағдарламасын жасау.
Кейбір халықтың әлеуметтік қорғануының төмендігі.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аса әлсіз халықты қолдау бойынша нормативтік актілер жасау. 2. Мемлекеттік және аймақтық деңгейде халықты әлеуметтік қорғау жүйесін енгізу.
Банктік мекемелерден аймақтардың алыстығы, филиалдық желістің жеткіліксіздігі, территориялық	<ol style="list-style-type: none"> 1. Филиалдық желісті құру. 2. Ірі дүкендер мен сауда орындарда салымдарды алу пункттерін ашу.

орналасудың ыңғайсыздығы.	
Ақпарат көзі: ғылыми-зерттеу нәтижесінде автормен құрастырылған.	

Банк нарығында, сондай-ақ тауарлар бағасына қатысты сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы пайыздық мөлшерлемеге әсер етеді: егер ұсыныс сұраныстан төмен болса, мөлшерлеме төмендейді, егер сұраныс ұсыныстан жоғары болса, ол өседі.

Несиелік және депозиттік операциялар бойынша құбылмалы пайыздық мөлшерлемені белгілейді. Бірінші жағдайда, олар банк шығындарын өтейді, екінші жағдайда олар салымшыға өтейді. Құбылмалы мөлшерлемелерді қолдану банкке депозиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің болашақ өсуінен өзін қорғауға мүмкіндік береді, сонымен қатар салымшыға нарық жағдайларына байланысты өз кірістерін арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, банктің депозиттік саясаты – бұл белгілі бір құралдар мен әдістер арқылы депозиттер мен банктік сертификаттарға бос ресурстарды іздеу және тарту стратегиясы мен тактикасы. Коммерциялық банктің депозиттік саясатын қалыптастыруға көптеген факторлар әсер етеді. Зерттеу жұмысының келесі бөлімі зерттеудің осы бағытына арналған.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 30.03.1995 жыл (01.01.2021 жылғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).
2. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 30.03.1995 жыл (01.01.2021 жылғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).
3. Үкіметтің, Ұлттық Банктің 2020-2023 жылдарға арналған экономиканы және қаржы секторын тұрақтандыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл Жоспары.
4. «Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзету мен жайластыруды ұйымдастыру жөніндегі талаптарды бекіту туралы» ҚРҰБ Басқармасы төрағасының 2017 жылғы 28 мамырдағы №56 Қаулысы.
5. Усипов Л.Б. Қазақстан Республикасының банк құқығы: Оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2019.

ПРИНЦИП ЗАПРЕЩЕНИЯ ДИСКРИМИНАЦИИ В СИСТЕМЕ ПРИНЦИПОВ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ТРУДОВЫХ ОТНОШЕНИЙ

Ещанова С.У.

АО «Университет КАЗГЮУ им М.С. Нарикбаева»

Запрет дискриминации является одним из основных принципов трудового права. Этому принципу посвящен ряд статей Трудового кодекса Республики Казахстан, расширена сфера его нормативного регулирования. Важнейшее право человека - как гарантия равенства, принцип запрещения дискриминации способствует реализации социальной сущности равенства - создавать равные возможности для полноценного развития всех членов общества, способствовать созданию неравенства в обществе и уязвимых групп. Одним из основных вопросов трудового права на современном этапе является обеспечение равенства и защиты от дискриминации.

Дискриминация подрывает основы демократии и справедливости на рабочем месте. Его устранение необходимо для того, чтобы все люди могли свободно выбирать направление своей профессиональной деятельности, развивать возможности, получать вознаграждения, что позволит положительно влиять на экономические и социальные отношения в обществе, эффективно использовать человеческие ресурсы. Это, в свою очередь, способствует экономическому росту и политической стабильности в стране.

Принцип равенства - один из ключевых принципов, восходящих еще к естественным правам граждан и обуславливающий статус государства как правового. Содержание естественно-правового аспекта равенства заключается в том, что ряд прав и свобод признается присущим человеку на всех этапах развития общества, независимо от того, сочтет ли необходимым государство закрепить их нормативно.

Следовательно, равенство является одним из естественно-правовых прав граждан, изначально им присущих, а государство признает равенство на законодательном уровне и для реализации принципа равенства должно создать действенные механизмы его претворения в жизнь и защиты в случае нарушения.

В статье 1 Конституции Республики Казахстан утверждает, что Республика Казахстан является правовым государством [1]. Среди признаков правового государства, по мнению ученых, одним из основных является конституционное признание и защита прав и свобод человека и гражданина. Так, Конституция Республики Казахстан в статье 1 и части 1 статьи 12 признает как уже существующие, а не устанавливает права и свободы человека и гражданина, что подтверждает признание естественно-правовой основы данных прав и свобод. При этом указанные права принадлежат гражданам в силу рождения в таком обществе,

в котором возможна свободная самореализация в общественно-политической жизни посредством использования прав и свобод, которые провозглашены существующими объективно, и являясь дозаконотворческими, жестко ограничивают государственную власть в части неотъемлемой свободы граждан.

Как отметил в своей работе Амандыкова С.К. Конституция в части 1 статьи 12 определяет все права и свободы человека и гражданина в качестве основных, утверждая тем самым их фундаментальность и равноценность. Тем самым перед государством неизбежно встает вопрос о необходимости обеспечения соблюдения прав и свобод, их защиты [2, с. 59].

Равенство - одно из основополагающих естественных прав граждан, обеспечение которого - обязанность государства. Это право является надзаконотворческим и неотчуждаемым, вместе с тем, Конституцией ему придана юридическая (государственно-принудительная) сила.

Вместе с тем, Конституция Республики Казахстан утверждает себя социальным государством. Следовательно, устанавливая общий принцип равенства, государство предоставляет особую защиту более уязвимым в социальном плане слоям населения.

В литературе высказывается мнение, что принцип социального государства противоречит формальному равенству, поскольку предполагает перераспределение национального дохода в пользу социально слабых, и в результате складывается социальное правовое государство, которое в ущерб формальному равенству признает и гарантирует привилегии для социально уязвимых слоев населения.

Это обусловлено прежде всего тем, что в реальной жизни существуют фактические различия между людьми. Используя в регулировании общественных отношений только принцип формального равенства, на практике неизбежно возникнет неравенство между гражданами при воплощении в жизнь норм права, различны будут фактически приобретаемые права.

Провозглашая в Конституции Республики Казахстан в качестве правового и социального государства, неизбежно возникает вопрос о соотношении равенства всех граждан и предоставления отдельным категориям особого правового режима. Ащеулов А.Т. высказывает мнение, что баланс идеалов свободы, равенства и справедливости как некий конституционно-правовой рецепт не может быть найден, и объясняется это объективными внутренними противоречиями между принципами правового государства и равноправия граждан, с одной стороны, и требованиями социального государства с идеалами справедливости и социального равенства, с другой [3, с.47]. При этом эти авторы справедливо отмечают, что, поскольку мера свободы должна быть равной по отношению к каждому, требование равноправия не только не противоречит принципу социального государства, но и является его частью. Идея справедливости, неразрывно связанная с понятием социального государства, существует в тесной связи с

равенством. Таким образом, понятие равенства является формальным не только потому, что является результатом абстрагирования от тех различий, которые присущи уравниваемым субъектам, но и потому, что принцип правового равенства не абсолютен, он может быть нарушен ради другого демократического принципа - социальной справедливости.

Проблема соотношения правового и социального государства связана с вопросом соотношения понятий «равенство» и «равноправие». По мнению ученых, равенство предполагает выявление в его содержании равных для всех членов возможностей для всестороннего развития, государственное содействие в преодолении несправедливых условий существования незащищенных слоев общества, равенство же для всех реального материального положения, то есть равенство результатов, не входит в современное понятие равенства. Здесь речь идет о равном для всех правовом статусе граждан как субъектов права. Равноправие означает равенство объема юридических возможностей, при котором возможно всестороннее развитие каждой личности при сохранении ее индивидуальных особенностей. При этом равноправие, в единстве его социального и правового содержания, проявляется в создании равных возможностей для развития всех членов общества, сглаживании возникающих неравенств и оказании помощи незащищенным слоям общества.

Следовательно, равенство предполагает равный для всех правовой статус граждан как субъектов права и обеспечивается требованием запрета дискриминации в отношении определения объема прав граждан; равноправие предполагает равенство объема юридических возможностей, в его основе лежит равенство стартовых условий, которые являются необходимыми предпосылками для осуществления прав, что предполагает наличие определенных нормативных изъятий - ограничений, льгот, привилегий.

Следует согласиться с мнением О.В. Вашанова, что ликвидация или нарушение равенства прав, возможностей и обращения составляют результат дискриминации [4, с. 40]. Это - содержание дискриминации. Дискриминационные нормы вступают в противоречие с требованиями Конституции Республики Казахстан. Определяющей статьей Конституции, закрепляющей принцип равенства, является статья 14. При этом в ее содержании можно выделить: 1) Все равны перед законом и судом; 2) Никто не может подвергаться какой-либо дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам [1].

Положение части 1 статьи 14 Конституции РК о равенстве всех перед законом и судом дублирует аналогичные положения наиболее значимых международно-правовых актов. Оно устанавливает юридическое (формальное) равенство независимо от ряда обстоятельств. Эта норма - свидетельство

социального прогресса, правовое закрепление преодоления признания неравенства людей по ряду признаков.

Принцип равноправия, закрепленный в части 2 рассматриваемой статьи, касается всех сфер общественной жизни, и означает одинаковый подход при решении вопроса о правах и свободах, обязанностях и ответственности всех граждан, относящихся к той или иной категории, указанной в законе. В части 2 статьи 14 конкретизируется, раскрывается и дополняется общее положение о равенстве всех перед законом и судом. Содержание ее адресовано законодателям и лицам, применяющим право, т. е. всем, кто имеет отношение к решению вопроса о правах и свободах человека и гражданина, а запрет дискриминации, установленный этой нормой, связан с наиболее часто встречающимися признаками, по которым равенство прав и свобод может быть нарушено, хотя перечень оставлен открытым, допуская учет и иных обстоятельств [1].

Принцип запрещения дискриминации назван среди основных принципов, перечисленных в статье 4 Трудового кодекса Республики Казахстан. Также данному принципу посвящена специальная статья (статья 6 Трудового кодекса РК) [5]. Помимо указанных выше статей Трудового кодекса, принцип запрещения дискриминации конкретизирован в ряде иных статей Трудового кодекса применительно к отдельным институтам. Определение законодателем принципа запрещения дискриминации в качестве основного принципа именно трудового права позволяет предположить определенную специфику его толкования в данной сфере.

Статья 6 Трудового кодекса Республики Казахстан является конкретизацией принципа запрещения дискриминации, закрепленного в статье 14 Конституции Республики Казахстан, который в равной степени распространяется на все остальные статьи Трудового кодекса. Республики Казахстан и иных нормативных правовых актов.

Специфика запрета дискриминации в сфере труда выражается в следующем: на принципе равенства, обеспечением которого служит запрет дискриминации, основывается право в целом, а проявление указанного принципа в объективном трудовом праве имеет свои особенности. Так, принцип равенства не может быть распространен на все правовые нормы, регулирующие взаимоотношения работника и работодателя, по ряду причин.

Равенство предполагает одинаковый правовой статус лиц, и, как следствие, свободу действий независимо от произвола другого лица. В трудовых отношениях работника как лица, подчиняющегося в процессе выполнения своих трудовых обязанностей работодателю, нельзя признать полностью независимым и свободным от хозяйственной власти работодателя. В связи с этим, в основу трудового права изначально заложена идея защиты работника, т. е. государство императивным путем стремится уравнивать в правах субъектов трудового права.

Смысл положений трудового кодекса РК относительно принципа равенства по мнению ученых сводится к тому, что независимо от того, кто является стороной трудового правоотношения, какой конкретный работник и работодатель, они равны перед законом. Трудовые права и обязанности работников, охватываемые правовым статусом работников, принадлежат в равной мере всем работникам, работодатель создает необходимые условия и следит за надлежащим исполнением работниками своих обязанностей. Но прямое или косвенное ограничение работодателем трудовых прав работника либо предоставление преимуществ, не связанные с деловыми качествами работника, могут рассматриваться не только как дискриминация, но и как несоблюдение принципов законности и равенства [6, с.21].

Однако анализируя статьи Трудового кодекса РК, касающиеся запрета дискриминации, и в частности статью 6, можно отметить, что некоторые положения, содержащиеся в них, изложены иначе, чем в отдельных конституционных и международных нормах. При этом, как было отмечено, запрет дискриминации прежде всего связан с принципом равенства, тогда как запрет принудительного труда относится к принципу свободы труда. Однако предложенная формулировка закона может привести к мысли, что принцип запрещения принудительного труда непосредственно связан с запрещением дискриминации, что, безусловно, вызывает определенные сомнения..

Следует обратить внимание, что в трудовом законодательстве применяется термин «запрещение дискриминации», тогда как в международном праве, как было отмечено выше, используется понятие «недопущение дискриминации», отражающее новый уровень требований в вопросе искоренения дискриминации.

Также можно отметить, что некоторые положения статьи 1 Конвенции Международной организации труда № 111 «О дискриминации в области труда и занятий» (1958 г.), которая, ратифицирована Республикой Казахстан 20 июля 1999 году за № 50-V, отличающиеся от соответствующих норм о запрете дискриминации, содержащихся в Трудовом кодексе РК. В частности, запрет дискриминации согласно Конвенции № 111 распространяется на всю область труда и занятий, включая доступ к профессиональному обучению, доступ к труду и к различным занятиям, а также оплату и условия труда, тогда как в Трудовом кодексе говорится лишь о запрете дискриминации в трудовых правах и свободах.

Таким образом, определение дискриминации, данное законодателем в статье 6 Трудового кодекса, позволяет сделать вывод о том, что делается акцент прежде всего на недопущении ограничения в трудовых правах и свободах, что является недостаточным в современных условиях. Казахстанскому законодательству необходимо ориентироваться на международное право, которое уже сделало значительный шаг вперед в регулировании данного вопроса. Защита от дискриминации в международном праве предполагает также и недопустимость установления ограничений или предпочтений при реализации прав, провозгласив

право на равенство возможностей и на равное обращение в сфере труда. Несмотря на то, что признание за каждым равных возможностей для реализации трудовых прав закреплено в части 1 статьи 6 Трудового кодекса, в понятие дискриминации, данное Трудовым кодексом, не входит положение о необходимости реально обеспечить равенство возможностей и обращения.

Использованные источники:

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 г. (с изменениями и дополнениями, внесенными Законом РК «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан» от 23.03.2019 г)
2. Амандыкова С.К. Конституционное право Республики Казахстан. Астана. 2016.
3. Конституционное право Республики Казахстан: Учебник/ Сост. д.ю.н., проф. А.Т. Ащеулов. Алматы: КазГЮА. 2016
4. Вашанова О.В. Принцип недискриминации личности в международном праве. Дис....канд. юрид. наук. М, 2004. С. 35-41.
5. Трудовой кодекс Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года №414-V
6. Трудовое право Казахстана. Общая часть. Учебник. Хамзин А.Ш., Хамзина Ж.А. 2018год 208 стр.

Научный руководитель: **PhD, assistant professor Хасенов М.Х.**

**НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ ДОВЕРИЯ
К СОТРУДНИКАМ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ**

Жабаев И.

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова

Про вопросы правового обеспечения деятельности органов внутренних дел следует говорить и упоминать все чаще и чаще. Актуальность вызвана тем, что сотрудники данных органов представлены во всех сферах общественной жизни. При этом их участия требуют виды деятельности, непосредственно относящиеся специфике и содержанию правоохранительной деятельности: государственный контроль, охрана, мониторинги, осуществление досудебных расследований, оказание государственных услуг и т.д. Работа органов внутренних дел регулируется правовыми положениями нормативного правового акта о деятельности органов внутренних дел Республики Казахстан, а также в отношении правоохранительной службы и другие нормативные акты.

Наравне с имеющимися властными полномочиями, на данные органы государственной власти возложена ответственность, которая наиболее ярко была представлена в период пандемии, объявления чрезвычайной ситуации. В это время органы внутренних дел реализовывали свою деятельность наравне с медицинскими работниками.

Почему же тогда престиж и авторитет, а также доверие населения к деятельности исследуемых органов ничтожно мала?

Кроме того, необходимо поднять проблему стимулирования работы сотрудников, чтобы компенсировать соотношение обязательств, ответственности с социальными гарантиями.

Определяя данное соотношение, можно определить то, что на сотрудника органов внутренних дел возложено, несомненно, много функций, которые он реализует на основании определенных законодательством правовых положений и особенностей личностных качеств. Пример такого соотношения можно описать на основании актуальной на настоящее время проблеме бытового насилия. Согласно законодательства относительно профилактики бытового насилия полномочия органов внутренних дел представляют большой объем обязательств самих сотрудников.

Роль сотрудников органов внутренних дел определяется тем, что они стоят в передовых рядах против всех совершаемых правонарушений в обществе, в государстве. На основании чего можно определить основные инструменты, необходимые для обеспечения престижа этой работы:

- 1) отбор, отсеивание кандидатов на службу, на обучение в учреждениях Министерства внутренних органов и обеспечивать развитие морально-психологических качеств сотрудников ОВД;
- 2) обеспечение полного социального обеспечения, которая будет сопровождать сотрудника органов внутренних органов вплоть до пенсионного возраста.

В этой связи можно обратиться в опыту зарубежных стран в части набора сотрудников правоохранительных органов. Непосредственно на этой стадии начинается процесс установления и формирования доверия к данным органам со стороны граждан страны. Наше государство предъявляет менее жесткие требования к кандидатам в сотрудники органов внутренних дел, нежели иные страны.

США для кандидата наложен путь проверки его физических, морально-психологических качеств и знаний. При этом требования к ним соответствуют положениям казахстанского законодательства. Но при этом реализация данной системы отбора иная: для проверки физической подготовленности тестируется мышечная сила, скоростная выносливость, общая выносливость. Тестирование проводится следующими упражнениями:

максимальное количество приседаний за одну минуту, спринт на 300 м, максимально количество отжиманий в упоре лежа, кросс на 2,5 км.

Но вся суть осуществляемого отбора заключается в проверке психологических качеств сотрудника. Ведь при встрече гражданина с сотрудником, тот оценивает работу правоохранительных органов, на основании наличия человеческих факторов, субъективного отношения. В отношении производимого отбора в Казахстане акцент на обеспечение морально-психологических качеств сотрудника не очень высок.

В США они сопровождаются оценкой при отборе, при подготовке, в процессе службы, в том числе и в отношении действий в экстремальных условиях. Даже на стадии отбора кандидата осуществляется проверка на детекторе лжи, проверка кредитоспособности, беседа с родными, с коллегами, с преподавателями.

Для организации психологического обеспечения, то есть организации психологической помощи сотрудникам правоохранительной службы имеется штат разнообразных специалистов в данной области: штатные психологи; независимые, профессиональные психологи по контракту; психологи - консультанты по мере необходимости. Их деятельность тоже регулируется правилами «Об этических принципах и правилах поведения для психологов», установленными Американской психологической Ассоциацией, а также руководящими принципами, установленными организацией психологов Международной ассоциации шефов полиции.

Особое внимание уделяется в отношении развития коммуникативных навыков, компетентности в межэтнических отношениях и толерантности в Великобритании.

В Канаде этот процесс схож с США. В англоязычных странах эта сфера имеет историю развития, начиная с XX века.

Поэтому особого подхода требует оценку и развитие отношения кандидата на саму службу, его компетентность, толерантность и коммуникативность, способность критического мышления при неожиданных обстоятельствах. Это может повысить престиж, уважение, доверие среди населения к сотрудникам органов внутренних дел. Следует отметить, что сотрудник полиции в вышеуказанных странах имеет высокую степень доверия со стороны населения. Это выражается посредством реализации правового положения, по которому присутствие понятых при различных обстоятельствах, в том числе и при расследовании правонарушений, не обязательным. Словам самого полицейского можно верить, исходя из того, что ответственность за слова очень высока.

Офицеру полиции США проявляется уважение еще и потому, что его действия, согласно национальному законодательству, должны строиться на принципах гуманности и человечности. В нашем действующем законодательстве хоть и предусмотрен принцип гуманизма, но стоит добавить туда еще пункт, опирающийся на использовании более гуманных мер в отношении населения

государства, как предупреждение в строго определенных ситуациях по незначительности правонарушения и четко прописать данные ситуации.

Деятельность полиции не контролируется единым законом в США. У каждого штата своя специфика. Но выше перечисленные факты являются основами. Так, единых, четких правил использования оружия тоже нет. На полицейского возложена ответственность оценивать ситуацию объективно.

Очень обширный список социальных гарантий в отношении сотрудников полиции в США и странах Европы. Социальная надбавка, медицинское страхование, высокая зарплата - все это стимулирует к привлечению профессиональных кадров и работы. Несомненно, статья 21 в законе «Об органах внутренних дел Республики Казахстан» имеет определенные гарантии. Но их, как видим, недостаточно для обеспечения квалификационной деятельности сотрудников органов внутренних дел.

В законодательстве Казахстана не рассмотрены положения относительно реализации и обеспечения деятельности профсоюзных организаций по защите трудовых прав сотрудников рассматриваемых государственных органов. Размер денежного довольствия оставляет желать лучшего. Но, в связи с поручением главы государства эта сумма должна повыситься до 30 % за три года.

Государство проявляет заинтересованность в этом деле. В целом, считаем, что это реального внушительного влияния на обеспечение правового соответствия положения сотрудника полиции в сравнении с зарубежными странами не будет, учитывая рост цен, объявленные Бюром национальной статистики Казахстана. В сравнении с США, годовая зарплата сотрудника в начале службы составляет 40 000 долларов. И это при том, что всего на еду в штате Аризона в месяц тратится 571 доллар. Этими двумя методами, а именно, повышением списка социальных гарантии, отбором, отсеиванием кадров при стадии «кандидата», обеспечением, а также развитием морально-психологических качеств и знаний сотрудников можно подействовать на само наименование «сотрудник органов внутренних дел», а значит на повышение позитивного отношения среди населения.

Использованные источники:

1. <https://visasam.ru/emigration/canadausa/policeyskiy-v-ssha.html>
2. https://meet-usa.com/ru/article/policija_v_ssha/
3. Салпагарова С.Р. Организация психологического обеспечения полиции англоязычных стран // http://kostacademy.gov.kz/mag_rus/
4. <https://www.zakon.kz/4682737>
5. <http://today.kz/news/kazahstan/2018-10-19/771135>
6. Закон Республики Казахстан от 23 апреля 2014 года № 199-V ЗРК «Об органах внутренних дел Республики Казахстан» // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31538985

7. Закон Республики Казахстан от 6 января 2011 года № 380-IV «О правоохранительной службе» // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30916594
8. Карасев А.В., Ципинов Х.Б. Особенности профессионального отбора и обучения кандидатов для службы в правоохранительных органах США // <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-professionalnogo-otbora-i->
9. Мородумов Р.Н., Еремеев Ю.А. Опыт зарубежных стран в части предоставления социальных гарантий сотрудникам правоохранительных органов // <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-professionalnogo-otbora-i->

Научный руководитель: **к.ю.н., доцент Курманова А.К.**

ҚР АГРАРЛЫҚ САЛАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Жаздыкбаева Д.П.

Орталық Азия инновациялық университеті (Мардан Сапарбаев институты)

Нарықтық экономика жағдайында Қазақстанда ТМД-ның басқада мемлекеттері сияқты экономиканың экономикалық үрдістерге мемлекет тарапынан тікелей араласулары болмағаны жөн деген тұжырымдары барынша кеңінен таратылған. Бірақта осыған қарамастан, көптеген дамыған елдердің тәжірибелері көрсетіп тұрғандай, мемлекет тарапынан реттеу агробизнес кешенінің керекті буыны болып есептеледі.

3. <https://strategy2050.kz/>

4. Валовой Д.В. Рыночная экономика. Возникновение, эволюция и сущность. М.: ИНФРА -М, 2005.
5. Кредитование сельского хозяйства 2019-2020 года - <https://www.zakon.kz>.
6. Кредитование АПК РК. 2020 <http://ranking.kz>
7. Кредитование сельского хозяйства Республики Казахстан - <https://www.kazportal.kz>
8. Құбаев Қ.Е., Ихданов Ж.О., Кәрібай А.Ш. Аграрлық сектор экономикасын мемлекеттік реттеу мәселелері: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 1997. – 88 б.

БАНКТІК БИЗНЕСІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ОҢ ЖӘНЕ ТЕРІС ЖАҚТАРЫ

Имашев Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Инновациялық даму стратегиясының бөлігі ретінде Қазақстандық банктердің көпшілігі үнемі жаңа өнімдерді дамытып отырады, оған мысал соңғы кездері банктердің әлеуметтік желілердегі жарнамалары мен интернет банкинг жүйесі. Соңғы жылдары көптеген табысты банктер қызмет көрсету саласында озық технологияларды енгізу негізінде клиенттердің сенімін алу үшін бәсекеге түсті, бұл оларға шығындарды азайтуға және жоғары пайда алуға мүмкіндік берді. Бұл бірінші кезекте, әрине, ақпараттық технологиялар (IT) саласындағы инновациялар туралы. Инновациялық IT жобалардың біраз бөлігі банк секторына тиесілі, себебі банктер қашықтықтан қызмет көрсетумен айналысады және ақпараттық технологияларсыз оларға жол берілмейді. Технологиялық инновациялар бәсекелес банктерге клиенттер үшін күресті сәтті жүргізуге ғана емес, сонымен бірге клиенттердің өзара әрекеттесуінің сипаты мен жолдарын айтарлықтай жаңартуға мүмкіндік береді. Мұндай технологиялар, ең алдымен, қашықтан банктік қызмет көрсетуде тиімді жұмыс жасайды. Айта кету керек, бүгінгі таңда қашықтан банктік қызмет көрсетудің бірыңғай анықтамалары жоқ, бірақ бірнеше анықтамаларын қарастырсақ:

1. Қашықтан банктік қызмет көрсету деп операцияларды жүргізу клиенттің банкке келуін талап етпейтін технология деп түсініледі. Бұл ретте банк әртүрлі қол жеткізу құралдарының (телефон аппараты, компьютер) көмегімен әртүрлі қол жеткізу арналары (телефон, интернет және т.б.) бойынша клиент банкке беретін қашықтықтан өкімдердің негізінде клиенттің қаражатымен төлемдер жүргізеді немесе басқа да әрекеттер жасайды[1].

2. Банктің қашықтан қызмет көрсетуі клиенттің өтініші бойынша банк өнімдерін/қызметтерін банк қызметкерімен тікелей қарым-қатынас жасамай ұсынуға заңды саналады[2].

3. Қашықтан банктік қызмет көрсету деп әр түрлі электронды жеткізу арналарын қолдана отырып, клиентке ұсынылатын және әр арна үшін бір жүйеде жиналған қашықтан банктік қызметтер спектрін түсінуге болады [3].

Клиенттермен өзара әрекеттесудің бұл арналары банктердің дәстүрлі қаржылық қызметтерін ғана емес, сонымен қатар клиенттердің қаржылық және қаржылық емес қажеттіліктерін мүлде басқа сапа деңгейінде қанағаттандыруға мүмкіндік беретін жаңа өнімдерді ұсынуға мүмкіндік береді.

Банктер ІТ нарығындағы жалғыз ойыншы емес екенін атап өткен жөн. Бүгінгі таңда бұл салада электронды төлем жүйелері банк секторымен бәсекелеседі. Төлем қызметтері нарығының банктік және банктік емес қатысушылары бүгінде қашықтан төлемдердің қауіпсіздігіне байланысты мәселелерді шешеді. Бұдан басқа, олардың алдында адал клиенттік базаны құрудың және құқықтық реттеудің қолайлы режимін табудың өзектілігінен туындаған шешілмеген проблемалар тұр. Бұл проблемаларды шешудің сәттілігінің негізгі критерийі түпкілікті тұтынушының көрсетілетін төлем қызметтерінің құнын, қарапайымдылығын, ыңғайлылығын және сенімділігін қанағаттандыру болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда клиент банктік қызметтерге қашықтан қол жеткізе алатын бірнеше байланыс арналары бар. Оларды ақпараттық жүйелердің түрлері бойынша жіктеуге болады: интернет-банкинг; телефондық банкинг (call-орталық және IVR арқылы қызмет көрсету); мобильді банкинг; банкоматтар және өзіне-өзі қызмет көрсету дүңгіршектері арқылы қызмет көрсету; видеобанкинг.

Осының ішіндегі қазіргі заманғы трендке байланысты Интернет-банкингте толығырақ тоқталайық. Интернет-банкинг дегеніміз-бұл қашықтан қызмет көрсету технологияларының жалпы атауы, онда шоттар мен операцияларға қолжетімділік кез келген уақытта және интернетке қолжетімділігі бар кез келген компьютер немесе смартфон арқылы беріледі. Интернет-банкинг соңғы жылдары қазақстандық банктерде сенімді түрде енгізілуде, бірақ қолма-қол төлем әдістерін ұнататын адамдар саны әзірше біраз бар, бірақ бұл жүйені көбіне жастар қауымы көп қолданады. Себебі үлкен жастағы кісілерге жаңа технологиялар жайлы тиімді түсіндірмелердің аздығынан болуы мүмкін және кейде біз БАҚ-тан банктердің интернет бағдарламаларында ақаулар, кибератакалар болып жататынын естиміз. Мысалға 2020 жылғы 27 қазанда Kaspi банкте болған жүйесіндегі іркіліс қазақстандықтарды әбден абыржытты. Клиенттердің көбісі өз шотындағы ақшаларын ала алмай қалды, олардың көпшілігі банкке кибершабуыл туралы хабарламалар алды. Толқулар шоттардан есептен шығарылған ақшаны, сондай-ақ ақша операциялары бойынша шектеулерді қосты.

Оған «Кибершабуылдарды талдау және тергеу орталығының» президенті Олжас Сатиев банкке ешқандай кибершабуыл болмағанына сенімді екенін айтты. «Бұл жүйені жаңартқан кезде банк бағдарламашыларының қателігі

болды. Осыған байланысты сәтсіздік болды және мұның бәрі таңертең дүрбелең басталып, адамдар ресурсқа кіре бастады, жүктеме пайда болды және жүйені жаңарту өте қиын болды. Егер бұл бұзу болса, жағдай мүлдем басқаша болар еді және сіз бұл туралы, кем дегенде, бүгін білмес едіңіз. Егер хакерлер банк жүйесінде транзакциялар жүргізуге қол жеткізсе, егер олар өз шоттарына ақша ала бастаса, онда адамдар балансты секіретін сияқты проблема болмас еді. Шын мәнінде, хакерлер Сіздің шоттарыңыздан емес, банктің шотынан ұрлайды. Сондықтан, барлық белгілер бүгін жүйенің істен шыққанын көрсетеді», - дейді Олжас Сатиев[4].

Бірақ соған қарамастан Каспии Банкісі әлі өз беделінен айырылған жоқ. Оған дәлел 2020 жылғы Forbes Kazakhstan журналында жарияланған банктер рейтингісінде бірінші орынға көтерілуі. Бұл банкті қазақстандағы инновациялы банк деуге болады. 2014 жылдың қараша айында «Kaspi Дүкен» – бағаларды салыстыру және тауарларды несиеге сатып алуға арналған онлайн-агрегатор іске қосылды. 2016 жылдың тамызында тұтынушылық сатып алу үшін бөліп төлеуді ұсынатын Kaspi Red бағдарламасы таныстырылды. 2016-2017 жылдары Kaspi Gold және қосымша жұмыс істей бастады Kaspi.kz, пайдаланушылар үшін қолма-қол ақшасыз төлемдер нарығын өзгертті. 2020 жылдың басында белсенді пайдаланушылар саны Kaspi.kz 6 млн-нан астам, Kaspi Gold 4,5 млн-нан астам болды[5].

Жалпы инновациялық даму жақсы нәтижелерге әкеледі бірақ онында өзінің теріс жақтары да бар. Жақсы жақтарын алатын болсақ бұл қолма қол ақшаны қалтаңда немесе әмианыңда ұстамай ақ дүкенге, қызмет көрсету орталықтарына карточкамен, телефон бағдарламасымен QR кодпен төлеуге болады. Бұл қалта ұрлықтарынан сақтандырады, себебі егер қалта ұрлығы болған жағдайда карточка және телефондағы бағдарламада пин кодпен қорғалған, және ондай жағдай болғанда банк қызметкеріне дереу ескертіп бұғаттап тастауға болады. Бұндай жағдайда әрбір адам өз қаржысын сақтап қала алады. Және тағы жақсы жағын алатын болсақ интернет банкинг арқылы кез келген тұтынушы кез келген қызмет түрлерін үйінде немесе жұмысында жүріп төлем жүргізе алады. Бұл дегеніміз адамның уақытын банкке кезекте уақытын келтірмей үнемдеуге пайдалы.

Инновацияның дамуының керектігі соңғы пандемия оқиғасы көрсетті. Коронавирустық індет банк саласына қатты әсер етті. Бірақ ковид дағдарысы цифрлық технологияларды енгізуді бәсеңдеткен жоқ. Сонымен қатар, банктерді цифрландыру қарқыны артып, тарих бойы ең жоғары деңгейге жетті. COVID – 19 экономиканың барлық салаларында, соның ішінде банк ісінде инновацияларды дамытуға қуатты ынталандыру болды. Көптеген инновациялар бүкіл әлемдегі банктердің өзгерген ортаға жедел реакциясы болды. Оларға жанасусыз төлемдер жүйесін, клиенттермен өзара іс-қимылдың цифрлық арналарын дамытуға, кредиттер бойынша төлем жасамау дағдарысын еңсеруге

тура келді. Банк қызметкерлерінің көпшілігінің қашықтан жұмыс істеуге көшуі сала үшін үлкен соққы болды. осы уақытқа дейін қаржы саласында қашықтан жұмыс істеуді мұндай ауқымда қолдану ешқашан қабылданған емес. Инновацияларға деген қажеттілік бүгінде бұрынғыдан да жоғары, және көптеген банктер үшін басты мәселе-олардың үнемі өзгеріп отыратын ортаға және жаңа сын-қатерлерге тез жауап беру қабілеті.

Ал енді теріс жақтарын айтсақ Қазақстанда соңғы кездері банк тұтынушылары кибер алаяқтың құрбаны болуында. 2020 жылдың тоғыз айында яғни қазан айына дейін интернет-алаяқтықтың 8,3 мың жағдайы тіркелді. Жаңа айтқандай Covid-19 коронавирусының пандемиясы қолма-қол ақшасыз төлемдерге көшу, төлем карталарын кеңінен пайдалану және электрондық сауданың қарқынды дамуына алып келді. Ағымдағы жылдың қазан айына қарай Қазақстанда айналымда 44,3 млн төлем картасы болды (2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 45% - ға артық). Мұндай өсу соңғы жылдары ең жоғары болып табылады. Қолма-қол ақшасыз төлемдер санының өсуімен және төлем карталарын пайдаланушылар санының ұлғаюымен қатар кибершабуылдар мен интернет-алаяқтық жағдайларының айтарлықтай өсуі байқалды. Ranking талдаушыларының деректеріне сәйкес, ағымдағы жылдың тоғыз айында интернет-алаяқтықтың 8,3 мың жағдайы тіркелген (өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 52,8% - ға артық). Сонымен қатар, фишингтің өсуі байқалады, киберқылмыстың ең көп таралған және қауіпті түрлерінің бірі. 2020 жылдың он айының қорытындысы бойынша ҚР — да 1090 фишингтік шабуыл, өткен жылдың ұқсас кезеңінде - 832 шабуыл анықталды. Бұл ретте 2018 жылдың тиісті кезеңінде барлығы 150 шабуыл, 2017 жылы — 99 шабуыл, 2016 жылы — 116 шабуыл тіркелді. Бұдан басқа, 2019 жылы қазақстандық екінші деңгейдегі банктерден болған киберинциденттер туралы 50-ге жуық хабарлама тіркелді, ал 2020 жылы олардың саны 134-ке жетті[6].

Жалпы жаңа инновациялық технологиялардың нарыққа келгені жақсы, бірақ оған тұтынушының өзінің сауатты болғаны дұрыс. Бұл дегеніміз әрбір жеке тұлғаның заман ағымынан қалмай өзін-өзі жетілдіріп отыру керек деген сөз. Қазір көп бизнес субъектілері осы жаңа инновацияларды қолданады. Халықты сауаттандыру үшін БАҚ құралдары, әлеуметтік желілер және газет журнал арқылы қоғам арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілуі қажет.

Қолданылған әдебиеттер

1. Кирьянов М. Дистанционное банковское обслуживание в России // Банковское дело. 2009. № 8.
2. Самойлова С. С., Шепелев О. М. Современные способы финансирования корпоративных бизнес-групп // Социально-экономические явления и процессы. Тамбов, 2011. № 10. С. 169-172.
3. URL :<http://www.istu.edu>

4. [https://baigenews.kz/news/kaspi_bank - chto_proizoshlo_i_pochemu_eto_ne_kiberataka/](https://baigenews.kz/news/kaspi_bank_-_chto_proizoshlo_i_pochemu_eto_ne_kiberataka/)
5. https://forbes.kz//leader/rejting_bankov_kazahstana_2020_1589725980/?
6. <https://profit.kz/news/58975/V-bankah-RK-viroslo-chislo-kiberatak/>

Ғылыми жетекші: **э.ғ.к., доцент Ахметова Г.И.**

ТЕХНОЛОГИИ ВНЕДРЕНИЯ БЮДЖЕТИРОВАНИЯ В ПРОИЗВОДСТВЕННОМ ПРЕДПРИЯТИИ

Исетова А.Т.

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова

Бюджетирование – это процесс разработки определенных бюджетов в соответствии с целями оперативного планирования. Степень эффективности внедрения системы финансового моделирования оценивается по уровню затрат, понесенных в процессе введения новой системы бюджетирования или обновления старой системы. Система бюджетирования по сути является одним из особых бизнес-процессов, следовательно, его можно анализировать и регулировать, как и другие бизнес-процессы.

Цели совершенствования системы бюджетирования:

- Налаживание взаимосвязи системы бюджетирования с системой стратегического управления фирмы;
- обеспечение финансовой прозрачности бизнеса;
- определение полномочий и ответственности, повышение ответственности за финансовые итоги;
- обеспечение мониторинга достижения целевых показателей всеми подразделениями фирмы;
- более эффективное использование основных средств, материальных и финансовых фондов;
- отбор информации для системы бюджетирования и управленческого учета фирмы на будущие периоды.

Формирование бюджетной системы предполагает улучшение существующих и создание новых форм бюджетов для полного отражения и мониторинга всех сторон финансово-хозяйственной деятельности фирмы, работы подразделений по центрам финансовой ответственности, показателей прибыли, затрат, закупок, финансовых источников и инвестиций.

Исходя из опыта производственных компании, для анализа сроков разработки и исполнения бюджетов используется коэффициент $K_{сб}$. Этот коэффициент позволяет учитывать не только сроки исполнения, но и уменьшение количества

функции в процессе внедрения бюджетирования. Минусом применения этого коэффициента заключается в том, что нет возможности его использования в случае применения компьютерных программ. Но для сокращения времени бюджетирования обязательно ведение его с помощью данных программ.

Многие автоматизированные программы разработаны для компании крупного и среднего масштаба по конкурентной цене приобретения. Начинать бюджетирование можно и с применения программы Excel. Но в результате работы с данной программой системный работник предприятия заметил следующие недостатки: внесение новых бюджетных статей требует много времени и труда; тяжело соблюдать корректность данных, так если в формуле была допущена ошибка её очень трудно найти и исправить; нет контроля за внесёнными изменениями, это программа предусматривает широкое пользование всеми ответственными лицами всех подразделении, следовательно, если кто-то ввел не правильные данные невозможно отследить кто и когда это сделал; конфиденциальная информация не защищена; сама программа при чрезмерной нагрузке данными замедляется. Учитывая все это наступает момент, когда бюджетирование с помощью программы Excel становится трудным и нежелательным. [1] В такой момент, конечно, следует обратить внимание на специальные корпоративные информационные системы для бюджетирования. Далее автор предложил ряд автоматизированных систем бюджетирования.

В таблице 1 представлены данные по сравнению основных характеристик на предлагаемые на рынке автоматизированные системы бюджетирования.

Понимая дороговизну самой программы и её установке и обучения персонала пользования данной программой, для обеспечения возвратности и окупаемости израсходованной суммы, нужно предварительно составить план обучения персонала, запланировать сроки внедрения и связывания с уже существующими в компании финансовыми электронными системами.

Таблица 1 - Сравнение главных характеристик автоматизированных систем бюджетирования

Особенность	Финансовый анализатор Оракл	Hype rion Pillar	Aday tume.Planning	EPS Prophix Budgets
Многомерный анализ данных	×	-	×	×
Удаленный доступ для предприятий с множеством филиалов	×	-	×	×
Быстрота работа системы	×	×	-	-

Работа через программу Excel	×	-	-	-
Удобный интерфейс программы	-	×	×	×
Удобный документооборот	-	×	×	-
Примечание: выполнено автором				

По результатам была выбрана система Adaytume.Planning. стоит отметить, что выбор системы опирался в первую очередь на стоящие задачи, специфику фирмы и её финансовые возможности. Автор предлагает рекомендации по внедрению бюджетной системы и в случае положительного решения руководящего состава производственного предприятия о принятии в работу, предлагается проведение следующих процессов:

- сформировать и утвердить бюджет предприятия на следующий год;
- разработать определенную структуру управления процессом бюджетирования;
- мониторинг реальных показателей на текущий момент с запланированными данными;
- в плановом порядке осуществлять анализ качества бюджетного планирования.
- после завершения года произвести анализ качества бюджетного управления по следующей формуле. Для проведения данного анализа применяется показатель - коэффициент В1 - индекс качества бюджетного управления. Смысл показателя – мониторинг выполнения результатов по распределению ресурсов. Индекс В1 можно рассчитать по формуле:

$$B1 = 1 - (\sum | B_{\text{факт-1}} - B_{\text{план-1}} |) / (\sum B_{\text{план-1}}), \quad (1)$$

где: **B1** - индекс качества бюджетного управления

Bфакт-1 - фактическое значение 1-го бюджетного показателя прибыли, затрат, активов, пассивов, движения денежных средств;

Bплан-1 - плановое значение 1-го бюджетного показателя прибыли, затрат, активов, пассивов, движения денежных средств. [2]

В момент подведения результатов года и проведения оценки отклонения от плановых бюджетных показателей можно разделить контролируемые и неконтролируемые причины возникновения ошибок. Так причины не зависящие от деятельности компании и его персонала, связанные с внешней средой, относятся к неконтролируемым причинам.

Также предлагается применение двухуровневой системы мониторинга за исполнением бюджета:

- на нижнем уровне - мониторинг исполнения бюджета в структурных подразделениях. Внимание тут уделяется операционным бюджетам, из которых состоит генеральный бюджет;

- на верхнем уровне – мониторинг исполнения генерального бюджета. Внимание тут уделяется ходу исполнения и оценке по статьям расходов, составляющих генеральный бюджет всех подразделении.

В целях оценки удобства системы бюджетного управления условиям внешней и внутренней среды производственного предприятия предлагается применения экспертного метода. Данный метод позволяет осуществлять анализ эффективности функционирования системы бюджетного управления. Благодаря коэффициенту адекватности системы бюджетирования $K_{адсб}$, определяется степень адекватности прогнозируемых бюджетов относительно реальных возможностей компании и соответствия условиям внешней среды. Также оценивается степень соответствия отдельных операционных бюджетов общей системе стратегического управления компанией.

Метод экспертов позволяет утверждать из ряда руководителей высших структурных подразделения, а также приглашать сторонних консультантов. Привлечение к бюджетированию конкретно назначенных экспертов, заинтересованных в качестве прогнозируемого плана, помогает сократить время и издержки по согласованию бюджета с подразделениями предприятия и поможет уменьшить количество дополнительных вынужденных изменений в системе. Баллы, выставяемые экспертами, удобства принимаемой системы бюджетного управления очень информативны и можно их разносторонне использовать, а также при необходимости ранжировать их по разным показателям.

В результате можно сказать, что коэффициент адекватности разработки операционных бюджетов это - среднее значение по всем операционным бюджетам в заданном 1-м периоде цикла бюджетирования.

Коэффициент удобства системы бюджетного управления ($K_{адсб}$) можно представить в виде среднестатистического количественного анализа адекватности планирования операционных бюджетов:

$$K_{адсб-1} = \sum R_{ф-1} / (N \times A), \quad (2)$$

где $R_{ф-1}$ - фактическая оценка планирования 1-го операционного бюджета в баллах, выставленная экспертом;

A - максимально допустимая оценка бюджета в баллах ($A=10$);

N - количество экспертов;

$K_{адсб-1}$ - коэффициент адекватности формирования 1-го бюджета.

Коэффициент интегральных показателей следует применять для получения полного отображения положения дел по внедрению системы бюджетирования. В целях проведения общей оценки эффективности системы бюджетного планирования компаний возможно использовать интегральный коэффициент оценки эффективности системы бюджетирования.

Для выявления интегрального показателя берётся в расчёт каждый из вышеперечисленных показателей эффективности функционирования системы бюджетирования (1) – (3), значение общей суммы их значений в баллах, каждому показателю присваивается определенный удельный вес.

Учитывая величины каждого коэффициента (1)– (3), анализируемый показатель относится к одной из четырех групп, и в этих группах присваивается определенное количество баллов.

Интегральный показатель эффективности системы бюджетного планирования равен:

$$K_{\text{инэб}} = \sum B_n \times V_n, \quad (3)$$

где B_n - балл n-го показателя эффективности функционирования системы бюджетного управления;

V_n - вес n-го показателя эффективности функционирования системы бюджетного управления. [3]

Поводя свод всех полученных коэффициентов можно определить группу важных показателей оценки и веса, соответствующие особенностям и с учетом индивидуальной специфики менеджмента предприятия. Проведенные в рамках диссертационной работы исследования всего процесса бюджетирования в рамках финансового планирования предприятия позволяют сделать следующие выводы:

Применение системы бюджетирования предполагает выполнение определенных этапов управления:

1. формирование операционных, финансовых и консолидированных бюджетов;
2. мониторинг исполнения бюджетов;
3. оценка отклонений и принятие корректирующих решений.

Ключевыми моментами введения процесса бюджетирования и улучшения системы финансового планирования в целом являются:

- координация системы стратегического управления компанией с системой бюджетирования;
- улучшение системы бюджетов;
- определение полномочий и ответственности персонала;
- увеличение финансовой прозрачности и обеспечение мониторинга за достижением целевых показателей подразделениями.

Таким образом, предложенная в диссертационной работе система управления на основе бюджетирования для производственных предприятий полностью охватывает все существенные стороны финансово-хозяйственной деятельности организации. Также включает в себя работу его структурных подразделений, мониторинг показателей уровня прибыли, затрат, закупок, финансовых потоков, вложений и др. Полный охват методом бюджетирования работы компании позволяет применять систему бюджетов в целях управленческого учёта активами и пассивами предприятия.

Все приведенные количественные коэффициенты дают возможность анализировать эффективность введения системы бюджетирования, но улучшение качества и скорости составления бюджетов, а также мониторинговых процедур возможно только на основе применения автоматизированной системы бюджетирования.

Использованные источники:

1. Тайгашинова К.Т. Управленческий учёт / К.Т. Тайгашинова– Алматы.: Лем, 2010. – 33 с.
2. Анискин Ю.П. Финансовая активность и стоимость компании: аспекты планирования /Ю. П. Анискин, А. Ф. Сергеев, М. А. Ревякина; под ред. Ю. П. Анискина; Моск. гос. ин-т электрон. Техники. - М.: Омега-Л, 2010.- 237 с. 3.
3. Аменова К.А. Типы бюджетных моделей: преимущества и недостатки / К.А.Аменова. Алматы.: Вестник КазЭУ, 2010. – 94 с.

ЖАСТАРДЫҢ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Иманбаева З.О., Балмағанбет Б.Ж.


Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Университеті

Жастардың жұмыссыздығы – әлеуметтік-экономикалық құбылыс, жұмысқа қабілетті жастардың жұмыс іздеуі, оған дайын болуы, бірақ та еңбекке өзінің құқығын іске асыра алмай жүргенін айтамыз.

Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығындағы жағдайы айтарлықтай жаман емес. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек 2020 жылғы қаңтарда республика экономикасында, бағалау бойынша 8,8 млн. адам жұмыспен қамтылды. Жұмыспен қамтылған халықтың арасында 6,7 млн. адам (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан 76,1%) жалдамалы қызмет бойынша жұмыспен қамтылған.

Диаграмма 1

Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының көрсеткіштері



2020 жылғы қаңтарда жұмыссыздар саны, бағалау бойынша 441,2 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі 4,8% құрады. Жұмыспен қамту органдарында 2020 жылғы қаңтар айының соңына 116,1 мың адам жұмыссыз ретінде ресми тіркелген. Тіркелген жұмыссыздар үлесі жұмыс күшінің санының 1,3%-ын құрады [5].

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәлімдемесі бойынша 2020 жылғы екінші тоқсанына төмендегідей мәліметтерді келтіре аламыз [5].

Кесте 1

Еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері

	Ба рлығы	Оның ішінде	
		Ер адамдар	Ә йелдер
Жұмыс күші (мың адам)	157,7	728,0	429,7
15 және одан жоғары жастағы халықтағы жұмыс күшінің үлесі, пайыз бойынша	,2	,5	3,5
Жұмыспен қамтылған адамдар , мың адам	703,7	511,7	192,0
Жұмыспен қамтылу деңгейі, пайызбен	65,7	72,1	6,0
15 және одан жоғары халық			

	95	95	9
	,0	,4	4,6
Жұмыс күшінің саны	45	21	2
	4,0	6,3	37,7
Жұмыссыз халық, мың адам	5,	4,	5
	0	6	,4
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	84	39	4
	,0	,5	4,5
15-28 жас аралығындағы жұмыссыздар , мың адам	4,	3,	4
	0	5	,6
Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгей, пайызбен (15-28 жас аралығы)	2,	1,	2
	1	7	,6
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	4	1	2
	082,5	531,2	551,3
Жұмысқа қабілетті халықтың қатарына кірмейтін адамдар	30	24	3
Жұмысқа қабілетті халыққа кірмейтін 15 жас әжен одан жоғары адамдар	,8	,5	6,5
үлесі			

Яғни, кестеде көріп отырғанымыздай 9157,7 еңбекке қабілетті адамдардың ішінде 84,0 мыңдайы 15-28 жас аралығындағы жастар екенін байқай аламыз.

Келесі төменде еліміздегі 2020 жылғы екінші тоқсандағы жұмыссыздық деңгейін көре аласыздар.

Сонымен қатар, ауылдық жердегі жастардың да жұмыссыздық деңгейін атап өткен жөн болады. Кезінде Совет үкіметі болған жылдары ауылда «колхоз» жүйесі қарқынды жұмыс жасап тұрды. Ауыл шаруашылығы көркейіп, мемлекеттің агроэкономика саласы, агроөнеркәсіп саясаты шарықтап тұрған заман болды. Ол кездері ауылдағы барлық еңбекке қабілетті адамдардың барлығы жұмыспен қамтылатын болды. 1991 жылы Совет үкіметі құлап, жаңа Қазақстан Республикасы бола бастағаннан бері «колхоз» жүйесі ыдырай бастады. Нарықтық экономикаға шығу барысында, урбанизация басталып, барлық ауыл тұрғындары қалаға қоныс аудара бастады. Бұның үлкен бір себебі – ауылдағы жұмыссыздық деңгейінің күрт өсіп кетуінен болды. Қазіргі таңда, ауылда жастардың үлесі өте аз, көбісі үлкен қалаларға қарай бет бұрады.


Елімізде осы мәселеге қатысты ауыл жастарын тұрақтандыру және ауылшаруашылық жүйесін білікті мамандармен қамтамасыз етуде "Дипломмен - ауылға" жобасының маңызы зор. Осы жобаны жүзеге асыруда 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер

енгізу туралы" Заңының маңызы ерекше. Бұл заңға сәйкес мемлекет тарапынан әлеуметтік көмек оқу орнын жаңадан бітіріп диплом алған жастар мен қатар, ауылда кем дегенде 5 жыл тұрып жұмыс істеуге келген еңбек өтілі бар денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қызмет көрсету салаларының мамандарына беру қарастырылған. Бұл бағдарлама бойынша жас мамандарға бір мәртелік мөлшері 70 АЕК деңгейіндегі материалдық көмек, тұрғын үй алуға немесе салуға 15 жыл мерзімге бюджеттен үстемесі 0,01% болатын 1500 еселік АЕК мөлшерінде несие беру және айлық лауазымдық жалақысына 25%-дан кем емес үстеме белгілеу және т.б. жеңілдіктер қарастырылға. Жобада көбіне педагогика, медицина, ветеринария саласының мамандары қаытсады [6].

Диаграмма 2

Жұмыссыздық деңгейі

пайыздық өлшем бойынша



Жұмыссыздар санындағы ерлердің үлесі 2020 жылдың екінші тоқсанында 47,6% (216,3 мың адам), әйелдер - 52,4% (237,6 мың адам) құрады. Жалпы жұмыссыздар санында 15-28 жас аралығындағы жастардың үлесі 18,5% немесе 84 мың адамды құрады. 15-28 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі - 4% [5].

Өмірге сай, жастар 30 жасқа дейін отбасылы болады. Бұл фактор жастардың отбасындағы қаржылық тұрақтылық пен мәртебені ұстап тұру үшін тұрақты жұмыс болуын талап етеді. Алайда, қазіргі заманда тұрақты жұмыстың

тапшылығы жастардың бейресми жұмыстармен айналысуына әкеп соқтырады. Бұл бірінші мысал. Екінші мысалға келетін болсақ – нарық талабына сай емес мамандықтардың қаптап кетуі. Яғни ҚР өз егемендігін алғаннан соң елімізде экономисттер мен заңгерлердің тапшылығы қатты байқалып, осы мамандықтарға деген сұраныс өте жоғары болды. Бұл үрдіс 2005-2008 жылдарға дейін жалғасты. Кейіннен жастардың осы мамандыққа тым көп түсуінен елімізде осы саладағы жұмыссыздардың саны өсті. Соған орай соңғы бес жылда мемлекет осы екі мамандыққа грант санын мүлдем азайтып тастады. Бұл саясат жастарды өзге кәсіпті таңдауға итермелеу болғанымен, әлі толығымен шешімін таппады [7].

Еңбек нарығы қазіргі заманғы экономиканы дамытудың негізгі және стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Ондағы бар бос орындарды ескере отырып жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныс арасындағы балансқа жетумен тұжырымдалатын оның басты міндетін шешу еңбек нарығын қалыптастыру факторларын айқындауды талап етеді [14].

Жастарды жұмыспен қамту – бұл әлеуметтік саясаттың бір бөлігі. Жастардың білікті маман иесі болуына – әлеуметтік институттар өз септігін тигізеді. Әлеуметтік институтқа біз – қоршаған орта, отбасы, білім мекемелерін жатқыза аламыз.

Жастардың еңбек нарығындағы шиеленістерді болдырмау мақсатында, жастардың кәсіби бағдарын көтеруге, әлеуметтік бейімделуге байланысты мемлекеттік бағдарламалар жасау қажет. Басты көңілді жастардың еңбек нарығындағы ахуалға деген хабардар болуына бөлу керек. Ақпарат берудің бірден-бір жолы мектеп қабырғасынан бастап оқушыларға мамандықтар туралы видеороликтер көрсету, кәсіби бағдарларға байланысты семинар сабақтарын өткізу. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер арқылы заманға сай талап етілетін мамандықтардың тізімін де жариялап тұру қажет. Жоғары оқу орны қабырғасында бітіруші студенттерге арнап кішігірім Жұмыспен қамту орталықы секілді орталықтар ашу қажет

Қолданылған әдебиеттер:

1. Безработица молодежи. CareerRussia.ru
2. Брайер К.Х. Безработица и неполная занятость [Электронный ресурс]- http://ecsocman.hse.ru/data/680/283/1217/013_brajer.pdf.
- 3.Туғанбай А.Б. Жастарды жұмыспен қамту мәселесі. Қазақстанның жаһандық дағдарыс кезеңіндегі тұрақты экономикалық өсімінің жетістіктері // Халықаралық ғылыми конференция жинағы. – Алматы: 16 ақпан 2017 жыл.
4. Социальная работа с безработными гражданами КГБУ ЦЗН ЗАТО [Электронный ресурс] - <http://refleader.ru/bewatyjge.html>

КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ОТБАСЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ САЛАДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

Исибаева Е.И.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Нұрыш 3.3

М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты

Отбасылық-тұрмыстық саладағы зорлық-зомбылық проблемасы өзекті мәселелердің бірі болып қалуда және оны зерделеуге кешенді тәсілді талап етеді. Отбасылық-тұрмыстық саладағы жанжалдар мен кейінгі зорлық-зомбылық тек ересектерге ғана емес, кәмелетке толмағандарға да әсер ететіні белгілі, өйткені олар толығымен ата-аналарына, қамқоршыларына тәуелді.

Кез келген мемлекеттің негізгі міндеті патриотизм, гуманизм және әділеттілік рухында тәрбиеленген адамгершілік және дене бітімі сау ұрпақты қалыптастыру болып табылады.

Адамның тұлға ретінде, қоғам мүшесі ретінде дамуы мен қалыптасуы оның өмірінің әртүрлі кезеңдерін қамтиды. Олардың ішіндегі ең маңыздысы-балалық шақ, өйткені өмірдің осы кезеңінде оның ішкі әлемі қалыптасады және кішкентай адамға кім және қалай әсер етеді және адам қалыптасады.

Адамның психологиялық қалыптасуына оның ата-анасы және әрқашан балалардың қасында жүргендер үлкен әсер етеді. Психологиялық сау ата-аналар психологиялық сау балаларды тәрбиелейді және керісінше. Балалық шақтағы психологиялық және физикалық жарақаттар, тіпті ұмытып, есіне түсірмесе де, әрқашан адаммен қалады.

Сондықтан адамды, оның балалық шағын жан-жақты қорғау өте маңызды. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде Қазақстан Балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған жұмысты бастады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен 1989 жылғы 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы Конвенция ратификацияланды[1]. Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның, оның өмірінің, құқығы мен бостандығының ең жоғары құндылығы деп жариялады[2]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясы некені, отбасын, ананы, әкені және баланы қорғайды.

Негізгі конституциялық принциптерді басшылыққа ала отырып, балалар мен балалық шақты қорғауға бағытталған бірқатар заңнамалық актілер қабылданды. Балалардың құқықтарын қорғаудың өзі 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің[5] және 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің[6] нормаларында бекітілген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде кәмелетке толмағандарды, оның ішінде отбасылық-тұрмыстық салада қорғауға бағытталған жеткілікті нормалар бар. Кәмелетке толмағандарға қарсы бағытталған отбасылық-тұрмыстық саладағы зорлық-зомбылыққа байланысты қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі қалыптасып үлгерді, соттар да, басқа да құқық қорғау органдары да Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде бар баптарды қолданады.

Кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдерге қатысты жасалған қылмыстардың білікті құрамы жеке адамды қорғауға бағытталған тарауда топтастырылған. Аталған баптармен қатар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде тұтас арнайы тарау бар, отбасын және кәмелетке толмағандарды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға бағытталған[6].

Кәмелетке толмағандарды отбасылық-тұрмыстық саладағы зорлық-зомбылықтан тікелей қорғауға келетін болсақ, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде мұндай арнайы баптар жоқ. Алайда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жекелеген баптарының диспозицияларында жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін көрсететін нормалар бар.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 7 "Адам саудасы үшін жауапкершілікті белгілейтін заңнаманы қолдану практикасы туралы" нормативтік қаулысының 16-тармағы "Жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігі" ұғымын "жәбірленушінің материалдық тәуелділігі" ретінде түсіндіреді, мысалы, ол кінәлінің толық немесе ішінара асырауында болуымен, кінәлінің тұрғын үй-жайында тұруымен көрсетілуі мүмкін[7].

Басқа тәуелділік деп жәбірленушінің кінәліге кез келген материалдық емес тәуелділігін түсіну қажет (мысалы, отбасылық қатынастар, бағыныштының басшыға, оқушының мұғалімге тәуелділігі)".

Жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігі саралау құрамы ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 105-бабы 2-бөлігінің 1-тармағында, 110-бабы 2-бөлігінің 1-тармағында, 116-бабы 2-бөлігінің 10-тармағында, 123-бабының 2-бөлігінде, 126-бабы 2-бөлігінің 9-тармағында, 128-бабы 2-бөлігінің 10-тармағында, 134-бабының 2-бөлігінде, 135-бабы 2-бөлігінің 10-тармағында көзделген[6].

Жыныстық қол сұғылмаушылыққа қол сұғатын қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік қандай да бір зорлық-зомбылықсыз деп танылуы мүмкін. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде арнаулы субъект жасаған, кәмелетке толмаған адамға, атап айтқанда ата-анасына, педагогке не Қазақстан Республикасының Заңымен кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер жүктелген өзге адамға тікелей байланысты қылмыстардың білікті құрамдары бар.

Мұндай құрамдар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120-бабының 3-1-бөлігінің 2-тармағында, 121-бабының 3-1-бөлігінің

2-тармағында, 122-бабының 2-бөлігінде, 124-бабының 2-бөлігінде, 132-бабының 2-бөлігінде, 133-бабының 2-бөлігінде, 134-бабының 4-бөлігінің 2-тармағында, 139, 140-баптарында, 312-бабының 4-бөлігінің 1-тармағында болады. Ұсынылған баптар кәметке толмағандарға, оның ішінде отбасылық және тұрмыстық салаларға бағытталған қылмыстық әрекеттердің толық спектрін қамтиды. Алайда, бұл ретте қылмыстық заңнамада кәметке толмағандарды отбасы-тұрмыстық саладағы зорлық-зомбылықтан қорғауға тікелей қатысты белгілі бір проблемалар бар[6].

Кез-келген заң, кодекс нормативтік құқықтық акт ретінде белгілі бір басшылыққа алынатын қағидаттарды, біріктіруші принцип ретінде қызмет етеді. Бұл ережелер заңның барлық салаларында қолданылады, барлық субъектілерге қолданылады және құқық қолдану нормалары мен тетіктерінің бірлігін қамтамасыз етеді. Мұндай ережелердің болмауы заңды осал етеді, осы нормативтік құқықтық актіні қабылдауға негіз болған құқықтық мақсаттарға сәйкес келмейді. Бұдан басқа, негіз қалаушы қағидаттар коллизиялардың болуын болдырмай, Заңның құрылымын қисынды дұрыс құруға мүмкіндік береді.

Қазақстан аумағында қылмыстық заңнаманы дамытудың генезисі осы үрдісті анықтауға мүмкіндік берді. Қылмыстық заңнама, атап айтқанда 1922 жылғы РСФСР Қылмыстық Кодексі және Қазақстан аумағында қолданылып жүрген 1926 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексі Қылмыстық құқық қағидаттарын қамтитын жеке баптарды көздемеді.

Осы мәселе бойынша қалыптасқан сабақтастық 1959 жылғы Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде және 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көрініс тапты. ТМД елдерінің қылмыстық заңнамасының тарихы сондай-ақ КСР Одағы мен одақтас республикалардың 1958 жылғы қылмыстық заңнамасы мен одақтас республикалардың қылмыстық кодекстерінің негіздерінің жеке баптарында қағидаттардың жоқ екенін айғақтайды.

Кейінгі саяси оқиғалар мен тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы қылмыстық-құқықтық қағидаттарды ғылыми зерттеулерді толық көлемде іске асыруға мүмкіндік бермеді. ТМД-ның көптеген елдері бұл идеяны қолдады және қылмыстық заңнамаға қағидаларды енгізді.

Мысалы, 1999 жылғы Әзірбайжан Республикасының, 2003 жылғы Армения Республикасының, 1999 жылғы Беларусь Республикасының, 2016 жылғы Қырғыз Республикасының, 2002 жылғы Молдова Республикасының, 1996 жылғы Ресей Федерациясының, 1998 жылғы Тәжікстан Республикасының, 1997 жылғы Түрікменстанның, 1994 жылғы Өзбекстан Республикасының Қылмыстық кодекстерінде осы елдердің қылмыстық заңнамасының қағидаттарын қамтитын жеке баптар бар. Украинаның Қылмыстық кодексінде және Грузияның Қылмыстық кодексінде қылмыстық заңнама принциптерін қамтитын жеке баптар қарастырылмаған.

Қылмыстық заңнамаға қылмыстық заңнаманың қағидаттарын қамтитын жекелеген баптарды енгізу қажеттілігі Қазақстан үшін әлі де өзекті болып отыр. М.А.Малыгинаның пікірінше "Қылмыстық құқық қағидаттарында қоғамның өркениеті мен мәдениеті деңгейі ерекше айқын көрінеді. Қылмыстық заңнама негізделген принциптер бойынша жеке тұлғаның мемлекет үшін маңыздылық дәрежесін бағалауға болады" [8, 60].

Шынында да, бұл заңды логикалық түрде құруға, барлық нормаларды бір мақсатқа бағындыруға, барлық артықшылықтарды болдырмауға мүмкіндік беретін принциптер. Сондықтан Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексіне қылмыстық заңнаманың принциптерімен толықтыру қажет, бұл оған белгілі бір толықтығы мен қисындылығын береді.

Кәмелетке толмағандарды отбасылық-тұрмыстық саладағы зорлық-зомбылықтан қорғаудың маңызды қағидаты гуманизм қағидаты болып табылады. Бұл қағидат адамды, Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы бойынша оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылық деп жарияланғанымен бекітілген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабы адамға қатысты азаптауға және зорлық-зомбылыққа тыйым салады, бұл да гуманизм қағидатының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады[2].

Қылмыстық заңнама да осы қағидатты қолданады, ҚР ҚК 39-бабының 2-бөлігінде "Жазаның өзіне тән азап шегуді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейтіні" атап көрсетіледі. Бұл жағдай толығымен гуманизм принципіне негізделген.

Осы сәттердің барлығы кәмелетке толмағандарды отбасылық-тұрмыстық саладағы зорлық-зомбылықтан қорғауды толық көлемде көрсетпейді және заңнамалық тұрғыдан бекітуді талап етеді. Сондықтан Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне гуманизм қағидатын енгізу және онда кәмелетке толмағанның мүдделерін көрсету қажет.

Бұл үшін "жәбірленуші" деген жаңа ұғымды оны қылмыстық әрекеттің нәтижесінде физикалық, моральдық, материалдық зиян шеккен жеке тұлға ретінде анықтаған жөн. Бұл жағдайда мұндай диспозиция ересектердің ғана емес, кәмелетке толмағандардың да күнделікті өмірде және отбасылық салада мүдделерін көрсетеді. Бұл ұғым кең, бірақ ол барлық салалардағы, соның ішінде отбасылық және тұрмыстық салалардағы қылмыстық әрекеттердің салдарынан зиян шеккен азаматтардың барлық санаттарын сіңіреді.

Ізгілік принципі жәбірленушінің де, қылмыс жасаған адамның да қауіпсіздігін анықтау керек, бұл адамгершілік құндылықтарын кек алудың негізгі сезімдерінен жоғары көтеретін гуманизмнің мәнін көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінде қылмыстық құқық қағидаттарын қамтитын

жекелеген баптар көзделмеген және мұндай қажеттілік әлі де Қазақстан үшін өзекті болып қала береді деген қорытынды жасауға болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен 1989 жылғы 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы Конвенция
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995ж. (26.03.2019ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
3. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексі,
4. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы "Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы" Заңы
5. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі
6. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі
7. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 7 "Адам саудасы үшін жауапкершілікті белгілейтін заңнаманы қолдану практикасы туралы" нормативтік қаулысы
8. Малыгина М.А. Принципы уголовного права: теория, законодательство и правоприменительная практика: Ростов-на-Дону, 2007. – 198 с.

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ**

Иманбаева З.О., Қабиева Г.Р.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазіргі уақытта аграрлық саладағы еңбек нарығының мәселелері мен ауыл шаруашылығын жұмыспен қамтуды мемлекеттік қолдау ерекше стратегиялық және әлеуметтік-экономикалық маңыздылыққа ие. Нарықтық қатынастардың дамуы макроэкономикалық еңбек нарығының жағдайына әсер ете отырып, қоғамның әлеуметтік-кәсіби құрылымын, ауыл халқының құндылықтық кәсіби бағдарын, сондай-ақ аграрлық еңбек пен кәсіби қызметтің беделі туралы түсінікті айтарлықтай өзгертті.

Еңбек нарығы - кез келген экономикалық жүйенің маңызды бөлігі, себебі ол сол жүйенің экономикалық өсу қарқынын анықтайды. Сонымен қатар, еңбек нарығы билік құрылымдары жүргізетін әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі элементі болып табылады. Еңбек нарығындағы қатынастарды қоғамдық

және мемлекеттік институттар реттейді. Осылайша, еңбек нарығы бір уақытта аймақтың немесе тұтастай мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық саясатына әсер етеді.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені перспективалық көптеген позициялар бойынша әлемдегі ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің біріне айналуы мүмкін. Жаңа жаһандық экономикалық сын-қатерлер мен тауар-шикізат нарықтарындағы конъюнктураның тұрақсыздығы бірінші дәрежелі міндетті-экономиканы әртараптандыруды шешу қажеттігін талап етеді. Бұл міндетке қол жеткізуде экономиканың және оның өсуінің құрылымдық реформалар драйверлерінің бірі ретінде қарастырылатын аграрлық секторға негізгі рөл беріледі.

Аграрлық саладағы еңбек нарығының жұмыс істеу тетігін ауылдың еңбек әлеуетін молайтудың экономикалық заңдарын іске асырудың нысандары мен әдістерінің жиынтығы, жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс арасындағы өзара іс-қимыл қатынастары ретінде қарастырған жөн, оның нәтижесі тауарлардың нарықтық бағасы -жұмыс күшін, жалақыны және ауыл халқының еңбекке қабілетті бөлігінің жұмыспен қамтылуының тепе-теңдігін анықтау болып табылады.

Агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек нарығын реттеу тетігі- бұл еңбек нарығының әртүрлі деңгейлердегі, яғни: макро -, микро -, халықаралық, аймақтық жұмыс істеуінің қарама-қайшылықтарын реттеуге бағытталған өндірістік қатынастардың бейімделу реакциясы болып табылады. Аграрлық саладағы еңбек нарығын реттеудің нақты тетіктері еңбек нарығының қайшылықтарын шешудің нысандары болып табылады. Өндірістік күштер мен өндірістік қатынастардағы өзгерістердің әсерінен дамығанымен, олар жиі бұзылады, бұл агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек нарығын реттеудің жаңа формаларының пайда болуына әкеледі [1].

Жалпы, аграрлық саладағы еңбек нарығы – бұл аграрлық өндірістің тиімділігін арттыруға және ауылдың еңбек әлеуетін зерттеуге әсер ететін әлеуметтік-экономикалық қатынастар проблемаларының кең ауқымы болып есептеледі. Ауыл шаруашылығының еңбек ресурстарын қалыптастыру нарықтық жағдайларда күрделене түсуі ауыл шаруашылығындағы жұмыспен қамту демографиялық және көші-қон процестерімен ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы жұмыспен қамту деңгейімен де байланысты.

Егер біз аграрлық саладағы еңбек нарығын реттеу тетігінің негізгі принциптерін қарастыратын болсақ, онда олар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы және ұзақ мерзімді басымдықтарына байланысты және келесідей болады:

- экономикалық тиімділік;
- әлеуметтік бағдар;
- аймақтық;

- жинақтылық;
- жүйелілік;
- трипартизм [2].

Қазақстанның заманауи агроөнеркәсіптік кешені (АӨК) экономиканың аса маңызды стратегиялық және дамушы секторларының бірі болып табылады. Мемлекетіміз АӨК-те қолайлы инвестициялық ахуал жасау, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау, аграрлық құралымдардың қаржылық жай-күйін жақсарту мақсатында, сондай-ақ жер қатынастарын дамыту және ауылдың әлеуметтік саласын жақсарту бойынша шаралар қабылдауда. Алайда, әлеуметтік инфрақұрылымның төмен даму деңгейі, тұрғын үй нарығының дамымауы, ауыл шаруашылығындағы қанағаттанарлықсыз еңбек жағдайлары еңбек нарығының орналастыру функциясын іске асыруға және ауыл тұрғындары санының өсуіне үлкен кедергі болып табылады.

Жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру және оларды әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік шараларды әзірлеу кезінде ауылдық еңбек нарығы бірнеше қиындықтарды бастан кешуде. Мысалға:

- жұмыс орындарының, жұмыс күшінің шоғырлануы, көлік инфрақұрылымының дамымауымен байланысты олардың аумақтық қол жетімділігінің жеткіліксіздігі;
- ауыл шаруашылығына жатпайтын қызмет түрлерінің дамымауы;
- ауылдық аумақтардағы жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру орталықтарының шалғайлығы, ауыл халқының бос жұмыс орындарының болуы туралы нашар хабардар болуы;
- тұрғын үй нарығының болмауы немесе қолда бар мүліктің өтімсіздігі, жеке қосалқы шаруашылыққа байлану, жалпы жұмыс күшінің төмен ұтқырлығы;
- ауыл халқының шағын бизнесті құруға және дамытуға әлсіз бағдары, жұмыс күшіне қажеттіліктің маусымдық ауытқулары.

Ауылдық еңбек ресурстарының өзгеруіне сыртқы және ішкі көші-қон үлкен әсер етеді. Көші-қон мен халықтың, яғни жұмыс күшінің азаюы шаруашылық жүргізу нысандарының дамуы толық немесе ішінара тоқтаған, осыған байланысты жұмыссыздық деңгейінің өсуі орын алған аудандарда кездеседі. Көші-қон мен жұмыс күшінің азаюы арасында тығыз байланыс бар екендігі мәлім.

Қазіргі уақытта ауылдағы жұмыссыздық мәселесі ерекше өзекті болып табылады. Еліміз бойынша 6,5 мыңға жуық ауылдық елді мекенде 7,7 млн-нан астам адам немесе ел тұрғындарының 42%-ға жуығы тұрады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтеріне сүйенсек соның 4,7%-і жұмыссыздар болып келеді [3].

Кесте 1- 2020 жылғы II тоқсандағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары

	Барлығы	Ауыл халқы	Қала халқы
Жұмыс күші, адам	9 157 672	3 721 075	5 436 597
Халық санындағы жұмыс күші үлесі, %	69,2	69,8	68,7
Жұмыспен қамтылған халық, адам	8 703 701	3 546 340	5 157 361
Жұмыспен қамтылу деңгейі, %	95,0	95,3	94,9
Жұмыссыз халық, адам	453 971	174 735	279 236
Жұмыссыздық деңгейі, %	5,0	4,7	5,1
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-28 жастағы)	4,0	3,6	4,3
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %	2,1	2,6	1,8
Экономикалық тұрғыдан енжар халық, адам	4 082 503	1 607 884	2 474 619
Халық санындағы жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдардың үлесі, %	30,8	30,2	31,3

Соның ішінде, ерлердің жұмыссыздар санындағы үлесі 3,9% (78337 мың адамды), әйелдердің үлесі – 5,6% (96398 мың адамды), ал 15-28 жастағы жастар жұмыссыздығының деңгейі 3,6% болды.

Қазіргі уақытта агроөнеркәсіптік кешеннің қайта құрылуының басты қозғаушы күші және ауыл шаруашылығы өндірісін орнықты дамытудың объективті факторы ретінде еңбек әлеуетін тиімді пайдалану ауылдық әлеуметтік еңбек саласын, жұмыс әлеуетін дамытумен қатар ауылдық аумақтардың халқын жұмыспен қамту саласында ерекше маңызға ие.

Агроөнеркәсіптік кешенінде қатаң әлемдік нарықтық экономика жағдайына байланысты жаңа нарықтар, жұмыс орындары және қосымша пайда үшін үнемі күрес жүріп жатыр. Бұл қалыптасқан жағдайда жұмыспен қамтудың перспективалық модельдері нарықтық конъюнктураға орнықтылыққа ие болуға, ауыл халқының табысын, кәсіби өсуін, жұмыс орындарын қамтамасыз етуге тиіс.

Қолданылған әдебиеттер :

1. А.К. Джусибалиева. Аграрная политика: учебное пособие для магистрантов специальности 6М050700 – «Менеджмент» / КАТУ им. С.Сейфуллина .- Астана, 2016.- 157 с.
2. А.В. Вдовенко, Е.П. Киселев. Мировое сельское хозяйство: учебное пособие. - Хабаровск: Тихоокеанский Государственный университет, 2010.- С.115-118.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: stat.gov.kz

4. Анализ мировых тенденций государственной поддержки сельского хозяйства .- М.: Департамент агропромышленной политики Евразийской Экономической Комиссии, 2015.- С.85-88.
5. Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: egov.kz
6. Қазақстандағы еңбек нарығының қазіргі жағдайы: кітапша / ред. З. К. Шаукенова. - Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2017. – 100 б.


МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШТЫ БАСҚАРУДЫ ТАЛДАУ

Кадырова А. А.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің білімгері

Мемлекеттік борыштың пайда болуы елдің салықтық-бюджет саясатының табиғи салдары болып табылады. Берешектің пайда болуының арқасында бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, шаруашылық жүргізуші субъектілер өзінің тұтынушылық және өндірістік артықшылықтарын іске асыру үшін қосымша мүмкіндіктер алады және сонымен қатар экономикалық өсімге ықпал етеді. Борыш саясаты бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін қолайлы шарттармен үкіметтік қарыз алуды жүзеге асыруға, сондай-ақ борыш құралдарының ішкі нарығының дамуына жәрдемдесуге бағытталуы тиіс [1].

Борыштың ағымдағы жағдайына тоқталатын болсақ, барлық елдердің жиынтық сыртқы борышы 59,4 трлн.АҚШ долларына бағаланады (сурет 1).



Сурет 1 – Жалпы сыртқы борыш

Ескерту – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мәліметтер негізінде автормен құрастырылған.

Жалпы сыртқы боыршты саралау үшін ЖІӨ мен есептеледі. Барлық елдердің жиынтық сыртқы борышы әлемдік ЖІӨ-ге 98% бағаланады. Соның ішінде Қазақстан бойынша 80% болып отыр.

Енді кезекте, жалпы сыртқы борыштың төрт құрамдас бөлігіне тоқталатын болсақ, корпоративті секторға – 90млрд.АҚШ доллар, яғни 72%, квазимемлекеттік борыш (ЕДБ-мен) 21 млрд.АҚШ долларды құрап отыр, ол шамамен 17%. Мемлекеттік борыш 5 млрд.АҚШ доллар. 4%, екінші деңгейлі банктер 8 млрд. АҚШ доллар 7 % -ды құрайды (сурет 2).



Сурет 2 – Жалпы сыртқы борыштың төрт құрамдас бөлігі

Ескерту – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мәліметтер негізінде автормен құрастырылған.

Жалпы сыртқы өнімнің негізгі бөлігі корпоративтік секторға келеді (89,6 млрд.АҚШ долл. немесе ЖІӨ 72,4%). Оның ішінде 59,9 млрд. долл. Фирмаралық берешектің үлесіне келеді, ол тікелей шетелдік инвестициялардың бір бөлігі болып табылады. Фирмаралық берешекті өтеу проблемаларына байланысты сыртқы кредит берушілер тарапынан мемлекетке қысым көрсету тәуекелдері өте төмен, өйткені бұл жағдайда кредит беруші қарыз алушының қызметін басқаруға қатыса отырып, оның төлемге қабілетсіздігіне жауапкершілікті бөледі.

«Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ кредиттік тәуекелін басқару үшін борыштардың үлесінде маңызды мәнге ие. Standard & Poor's халықаралық рейтингтік агенттігі «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін шетелдік валютадағы міндеттемелері бойынша

"BBB+/A-2" дейін, ұлттық валютадағы міндеттемелері бойынша BBB+/Стабильный/A-2 дейін арттырды.

Халықаралық тәжірибе бюджет тапшылығын қаржыландырумен қатар, инвесторлық базаны кеңейту және жаңа борыштық құралдарды енгізу, сондай-ақ қолданыстағы борыштық құралдарды (деривативтер және басқалар) арттыру жолы арқылы ішкі борыштық нарықты қолдау үшін мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару жүзеге асырылатынын көрсетіп отыр. Сыртқы қарыз алу саласында басымды жобаларды қаржыландыру үшін халықаралық қаржы институттарынан қарыздарын тарту жүзеге асырылады [1]. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының Халықаралық инвестициялық позициясына назар аударғанымыз жөн болар (сурет 4).



Сурет 4 – Қазақстан Республикасының Халықаралық инвестициялық позициясы

Ескерту – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мәліметтер негізінде автормен құрастырылған.

Мемлекеттік және квазимемлекеттік борыштың абсолютті және салыстырмалы параметрлеріне талдау жүргізсек, мемлекеттік борыш 22,0 млрд. АҚШ доллар, ЖІӨ-ге 12 % болып отыр. Оның ішінде: ішкі мемлекеттік борыш бойынша 17,5 млрд. АҚШ доллар, ЖІӨ-ге 9,6 %, сыртқы мемлекеттік борыш бойынша 4,5 млрд. АҚШ доллар, ЖІӨ-ге 2,4 %. Квазимемлекеттік борыш 21,0 млрд. АҚШ доллар, ЖІӨ-ге 11,5 % болып отыр. Жалпы жиыны 43,0 млрд. АҚШ доллар, ЖІӨ-ге 23,5 % құрайды.



Сурет 4 – Квазимемлекеттік борышты басқарудың тұжырымдамалық моделі

Ескерту – автормен құрастырылған.

Сондай-ақ, квазимемлекеттік борышты басқару жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігі туындады.

Квазимемлекеттік борышты басқарудың тұжырымдамалық моделі төмендегідей тұжырымдалады (сурет 5).

Квазимемлекеттік борышты басқару жөніндегі ұсыныс ретінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жыл сайынғы болжамының жеке бөлінісінде мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты басқару саясаты негізінде квазимемлекеттік борыштың жоғарғы шегін көрсету міндеттеліп отыр.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес мемлекеттік борышты басқару деп борышты басқару стратегиясын әзірлеу және орындау процесі ұғынылады, ол қажетті қаржыландыру сомасын тартуға, тәуекел мен шығындардың деңгейіне қатысты үкіметтің нысаналы тапсырмаларын орындауға, сондай-ақ мемлекеттік борышты басқару саласында үкімет қойған кез келген басқа міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Лухманова Г.К., Абдықалық С.Е. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі. – оқу құралы. – Талдықорған. – 2018. – 276 б.
2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі. Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген және квазимемлекеттік борышты басқару // [Электрондық ресурс] <http://www.minfin.gov.kz>

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨНДІРІСТІК САЛАЛАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Кемал Ә.Н.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Тау-кен өндіру секторы жұмыспен қамтудың 2,9%-дан астамын және экономикадағы жалпы қосылған құнның 18% - ын қамтамасыз етеді. Өндіруші өнеркәсіптегі негізгі капиталға инвестициялар бүгінде жалпы көлемнің 30%-дан астамын, ал өңдеуші өнеркәсіпте бар болғаны 12%-ды құрайды. Өндіруші салалар өнімдерінің жетекші экспорттаушысы (бірінші кезекте мұнай есебінен) Қазақстан жан басына шаққандағы экспорт көрсеткіші бойынша ТМД-ның барлық елдерінен алда келеді. Алайда, Қазақстан Республикасында өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің жан басына шаққандағы орташа экспорты Ресейге қарағанда екі есе төмен [1].

Бұл мақаланы жазудың мақсаты-елдің өндірістік салаларының жағдайы мен дамуын, өнеркәсіптік кешеннің даму перспективаларын жан-жақты зерттеу.

Қазақстан экономикасын жаңғыртудың негізгі бағыты ішкі нарықтың қажеттілігін бәсекеге қабілетті өніммен қанағаттандыруға, қайта өңдеудің жоғары дәрежелі өнімдері есебінен экспорттық әлеуетті ұдайы өсіруге қабілетті барынша теңдестірілген өнеркәсіптік кешен құру болып табылады. Бұл үшін минералдық-энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, өнеркәсіптің барлық салаларында жоғары технологиялық құрылыстарды ұйымдастыруға ықпал ету, технологиялық кооперацияға және жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға жәрдемдесу маңызды. Бізге электр энергетикасы, ауыр машина жасау және электр-техникалық өндіріс, мұнай өңдеу сияқты салаларды дамыту қажет, бұл құрылымдық сәйкессіздіктерді өңдеу секторын ұлғайту жағына өзгертуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы экономикасының инновациялық даму жолына көшуі экономиканың нақты секторының барлық салаларын, ең алдымен өңдеу өнеркәсібін жедел технологиялық дамыту негізінде ғана мүмкін болады. Ең проблемалық аймақтарды анықтау және теріс тенденцияларды өзгерту, перспективалы технологиялық серпілістердің салыстырмалы тар өрісін сәтті дамытуды қамтамасыз ететін негізделген таңдалған басымдықтарды жүзеге асыруға бағытталған таңдаулы ғылыми-техникалық және инновациялық компонентті қалыптастыру үшін оның қазіргі жағдайын ескеру қажет.

Осыған байланысты біз Қазақстан Республикасы Агенттігінің 2018 - 2019 жылдардағы деректері бойынша Қазақстан өнеркәсібінің жай-күйін сипаттайтын

негізгі көрсеткіштерге талдау жүргіздік, бұл жалпы өнеркәсіп пен ел экономикасының дамуындағы өндірістік салалардың орны мен рөлін айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақстанның тау-кен-металлургия кешенінің басым бағыты ең алдымен минералдық-шикізат ресурстарын кешенді пайдалану және ішкі және сыртқы нарықтардың сұранысын ескере отырып, жоғары тауарлық дайындықтағы бұйымдарға шығуды қамтамасыз ететін оларды қайта өңдеудің соңғы қайта бөліністерін құру болып табылады [2].

Егер өңдеу өнеркәсібінің даму үрдістерін талдайтын болсақ, онда біз мынадай көріністі көреміз: ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша қара түсті 55 кәсіпорынның және түсті металлургияның 98 кәсіпорнының ішінен мемлекетке тиесілі акциялар пакетінің белгілі бір үлесі бар акционерлік кәсіпорындар болған 70-тен астамы пайдалы қазбалар кен орындарын тікелей игеруді және минералдық шикізатты қайта өңдеуді жүзеге асырады.

Республикада қатты қалдықтарды пайдаланудың төмен деңгейі:

- қалдықтардың көптеген түрлерін қайта өңдеуге немесе оларды басқа салалардың кәсіпорындарында қайта өңдеуге дайындауға арналған жабдықтар;
- экологиялық талаптарды, сондай-ақ кәсіпорындарды экономикалық ынталандыруды ескере отырып, қалдықтарды қайта өңдеу тиімділігін есептеудің экономикалық негізделген әдістемелері;
- пайда болған қалдықтардың көлемі, олардың физика-химиялық қасиеттері және пайдалану әдістері туралы жедел ақпарат.


Техногендік қалдықтарды материалдық өндіріс саласына тарту үшін олар үшін қалдықтардың қасиеттері, оларды ықтимал пайдалану салалары және оларды дайындау мен өңдеуге қажетті технологиялар мен жабдықтар арасындағы байланысты анықтайтын белгілі бір талаптар тізімін белгілеу қажет. Қалдықтарды пайдалану тиімділігі негізгі өндірістің рентабельділігінен жоғары болуы тиіс

Қазақстанның қара металлургиясы республикалық өнеркәсіп өнімінің 12,5%-дан астамын өндіреді. Республика индустриясының көшбасшысы-"Испат-Кармет" Қарағанды металлургия комбинаты. Кәсіпорын толық металлургиялық циклге ие және қара металл прокатының әртүрлі түрлерін - табак, сұрыпты, ақ қаңылтыр, құбырлар және т.б. шығаруға маманданған. Қазақстанда хромит кендерінің үлкен қорлары бар, олардың базасында республиканың ферроқорытпа зауыттары жұмыс істейді, бұл химия өнеркәсібінде (10,9%), мұнай өндеуде (4,4%), металлургияда (3,6%) және қағаз өнімдерін өндіруде (10,1%) тұрақты өсуге мүмкіндік береді. Бұл ретте металлургияда өткен аймен салыстырғанда өсу қарқынының ұлғаюы байқалады (3,4% - дан 3,6% - ға дейін) [1].

Осылайша, 2019 жылдың соңғы айларында отын-энергетика саласының негізгі көрсеткіштері өсудің оң динамикасын көрсетеді. Мұнай және конденсат

өндіру көлемі 52,9 млн тоннаны құрап, 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,1%-ға артты. Бұл ретте үш ірі жоба бойынша мұнай өндіру 31,9 млн тоннаны құрады, оның ішінде Қашаған кен орнында – 7,37 млн тонна, теңізде - 17,2 млн тонна, Қарашығанақта - 7,3 млн тонна. Мұнай экспорты 42,8 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 6,1%-ға артық.

ЖІӨ өсімінің оң серпініне қарамастан, өңдеу өнеркәсібі саласындағы өндірістің баяулауына, сондай-ақ тау-кен өндіру өнеркәсібі саласындағы шамалы баяулауға байланысты теріс факторлар байқалады. 1-суретте өндірістің нәтижелерін неғұрлым нақты көрсетеді.



Сурет 1. ЖІӨ салаларының 2018 жылдың бірінші жартыжылдығына қосқан үлесі

Суретте көрсетілгендей, республикада өнеркәсіп өндірісі өсуінің ағымдағы мәндері шикізат секторындағы өсумен байланысты, бұл өз кезегінде онымен сабақтас салаларда мультипликативтік әсер жасайды [3]. Осылайша, шикізат секторының өнеркәсіпке үлесі ҚЭИ шеңберінде кемінде 86%-ды құрайды, ал елдің ЖІӨ-де ағымдағы өсімнің жартысынан астамын алады.

Өңдеу өнеркәсібінің өсу серпіні 4,9% деңгейінде тіркелді. Өңдеуші салалар бөлінісінде машина жасау ең жоғары өсімді көрсетіп отыр - 16,0%. Өсім неғұрлым күрделі өндірістік компоненттері бар салалар есебінен қамтамасыз етілді. Бұл автомобиль жасау (58,5%), электр жабдықтарын өндіру (47,2%) және электронды, оптикалық өнімдер (45,7%) [4].

Осылайша, ресми деректер бойынша Қазақстан өндірістік секторды барлық салалар бойынша кеңейтеді деген қорытынды жасауға болады, бірақ пайдалы қазбаларды өндіру бұрынғысынша басым бағыт болып табылады. Бұл ретте жыл сайын өндіріс саласына байланысты өндіріс көлемі 2-ден 50%-ға дейін ұлғайып келеді, бұл 2018 жылмен салыстырғанда ЖІӨ-нің 4%-ға ұлғаюында. Бірақ ІЖӨ-нің 4%-дағы жақсы өсу қарқынына және инфляцияның жыл басынан бастап 2,7%-дық ең төменгі деңгейде сақталуына қарамастан (жылдық мәнде 5,9%), таяу

елдердің саяси жағдайына байланысты кейбір алаңдатарлық үрдістерді әлі де атап өтуде.

Өндірістік салалардың жай-күйін талдауды зерттеу нәтижесінде 2019 және 2020 жылдардың соңына болжам жасауға және қазақстандық экспорттың негізгі шикізат тауарларына бағалар салыстырмалы түрде жоғары деңгейде сақталады, ал Теңіз және Қашаған кен орындарында шикі мұнай өндірудің нақты көлемінің өсуі экономиканың ағымдағы өсу қарқынын қолдауға ықпал етеді деп болжауға болады. Негізгі екпін экономиканың шикізат секторына, атап айтқанда шикі мұнай мен табиғи газ өндірісіне, мұнай өңдеуге, түсті және темір кендерін өндіруге, оларды өңдеу өнеркәсібі шеңберінде бастапқы қайта өңдеуге, шикізатты тасымалдау мен көтерме саудаға шоғырландырылатын болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Дереккөз: ҰЭМ СК, Halyk finance есептері
2. Отинова, м. е. ауылшаруашылық кәсіпорындарының басқару процесінде инновациялық технологияларды қолдану / М. Е. Отинова, С. Е.
3. 3.Сайт материалдары <http://www.viapi.ru>; <http://www.kazakh-zerno.kz>; <http://www.agroinnovations.kz>.
4. 4.inform.kz
https://www.inform.kz/ru/sel-hozproizvodstvo-v-kazahstane-v-yanvare-mae-uvel-ichilos-na-3-9_a3288109

Ғылыми жетекшісі - Э. Ғ. М., аға оқытушы Ибрашева А. Ж.

**КОМПАНИЯНЫҢ ТИІМДІ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН ЭЛЕКТРОНДЫҚ
МАРКЕТИНГТІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ**

Кереева Т.М.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ақпарат пен технологиялардың жан-жақты дамып жатқан ғасырында экономика да цифрлық технологиялар сияқты ұғымдармен тікелей байланысты. 21 ғасырда кез-келген ұйым (тауарлар, қызмет көрсету және т.б.) ерте ме, кеш пе цифрлық әлеммен өзара әрекеттесуді қажет етеді. Қазіргі кезде электрондық маркетинг кәсіпорынның тиімді жұмысының параметрлерінің бірі ретінде есептеледі.

Электрондық маркетинг – телевизия, интернет, радио сияқты ақпараттық, электрондық арналарды және осы арналарды тасушы компьютерлер, смартфондар

және т.б. қолдану арқылы тұтынушыға кешенді әсер ету құралдары мен әдістерінің жиынтығы (оны тарту және ұстап қалу).

Электрондық маркетингтің мақсаты тікелей ақпараттық арналарды, технологияларды пайдалану арқылы ұйымның брендин (өнімін, қызметін) ілгерілету болып табылады. [1]

Электрондық маркетингті қолдану кезеңдерінің реттілігі:

- ұйымның мақсатын белгілеу;
- ұйымның брендин жылжыту үшін мақсатты аудиторияны және арнаны таңдау;
- жылжыту стратегиясын әзірлеу;
- әзірленген стратегияны іске асыру
- ұйымның алға жылжуын жүзеге асыру бойынша қызметті бақылау;
- қызметті талдау және алдыңғы немесе бірнеше кезеңдерге сілтеме жасай отырып, мүмкін болатын түзету жасау. (1 сызба)

1 сызба. Электронды маркетингті қолдану кезеңдерінің реттілігі



Электрондық маркетинг онлайн және офлайн ортада ұсынылған маркетингке бөлінеді. Екі түрі де белгілі бір іске асыру құралдарына сәйкес келеді және электрондық маркетинг процесінде біріктіріледі. [2]

Дүние жүзіндегі 3 миллиардтан астам адам интернеттегі қызметтерді, тауарларды, ойын-сауықтарды, достарды және романтикалық қатынастарды табу үшін пайдаланады, сонымен қатар тұтынушылардың мінез-құлқы мен компаниялардың тұтынушылар мен бизнес үшін нарыққа бейімделуі де түбегейлі өзгеруде.

Электрондық маркетингтің компанияның болашағы үшін маңыздылығын түсіну үшін аудиториямен қарым-қатынасты қалай жүргізу керектігін түсіну және оны басқаруды меңгеруді ойлаған жөн.

Бүгінгі таңда электрондық маркетинг - бұл жай веб-сайттар арқылы ғана емес, аудиториямен қарым-қатынастың көптеген түрлерін қолдану (онлайн және офлайн).

Тұтынушылардың қабылдауын және бизнестегі маркетингтік мақсаттарды қолдау үшін төменде көрсетілген арналарды (каналдар) басқару деңгейін бағалау қажет.

Арналар (каналдар)	Түрлері
Электрондық құралдар	Қазіргі аудитория смартфондардың, планшеттердің,

	ноутбуктердің, жұмыс үстелдерінің, теледидарлардың, ойын құрылғыларының, виртуалды көмекшілердің және интернет заттарын құрайтын басқа қосылған құрылғылардың көмегімен бизнеспен өзара әрекеттеседі.
Электрондық платформалар	Электрондық құралдағы браузер немесе қосымшалар арқылы негізгі "платформалардан" көптеген өзара әрекеттесулер немесе онлайн қызметтерден жүзеге асырады: Facebook (және Instagram), Google (және YouTube), Twitter, LinkedIn, Apple, Amazon және Microsoft, т.б.
Электрондық медиа	Жарнамалар, электрондық пошталар және хабарламалар, интернетте және әлеуметтік желілерде іздеу сияқты аудиторияға қол жеткізу және тарту үшін әртүрлі байланыс арналары бар.
Электрондық деректер	Компаниялар өздерінің аудитория профильдері және олармен өзара әрекеттесу туралы жинайтын ақпарат енді көптеген елдерде заңмен қорғалуы керек.
Электрондық технологиялар	Бұл компаниялар веб-сайттар мен мобильді қосымшалардан бастап дүкендер мен электрондық пошта науқандарына дейін интерактивті тәжірибе құру үшін пайдаланатын маркетингтік технология.

1 кесте. Электрондық маркетингте жиі қолданылатын арналар (каналдар)

Электронды маркетингті қолдану арқылы әртүрлі байланыс нүктелерімен әлеуетті тұтынушылармен қарым-қатынас жасаудың көптеген қол жетімді тәсілдері көрсетілген[3].

Осы іс - шаралардың әрқайсысында аудиторияны қамтудың және мақсат қоюдың көптеген нұсқалары бар-мысалы, әлеуметтік желілерде барлық жеті негізгі әлеуметтік желілерде ақылы және органикалық нұсқалар бар. (1 кесте)

Қазақстандағы маркетинг нарығы 2020 жылы пандемия басталуы себебінен қарқынды өзгеруде. Көптеген компаниялар құны жоғары болуына байланысты дәстүрлі маркетингтік форматтардан біртіндеп бас тартып, электрондық маркетингке ауысуда. 2020 жылы электрондық маркетинг нарығы 51%-ға өскен. Электрондық маркетинг ақпарат технологиялар дәуірінде компанияларға дағдарыстың салдарын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Сондықтан қазақстандық бизнес алдағы бірнеше жылда маркетингті тиімдірек етуге көмектесетін трендтерге мұқият қарауы қажет.

Қорытындылай келе, бүгінде цифрлық кеңістік пен технологиялардың қарқынды дамуына байланысты электрондық маркетингті қолдану өнімдер мен қызметтерді жылжытудың жаңа деңгейіне шығуға әсер етеді. Ұйымдардың тиімділігі артуы мүмкін, ал электрондық маркетингті енгізу шығындары аз және ұйымға дәстүрлі маркетингке қарағанда аз қаражат пен ресурстарды жұмсай отырып, өз өнімдерін жылжытуға мүмкіндік береді. Дегенмен, электрондық маркетингті қолданудың ерекшеліктерін ескеру қажет. (Мысалы, технологияның дамуын үнемі ескеру қажеттілігі).

Қолданылған әдебиеттер

1. Интернет-маркетинг: полный сборник практических инструментов / Ф.Ю. Вирин. – Мәскеу: Эксмо, 2010. – 160 б.
2. Имидж фирмы: планирование, формирование, продвижение / Б. Джи. - Санкт-Петербург: Питер, 2020. – 221 б.
3. Digital Marketing / Dave Chaffey, Fiona Ellis-Chadwick – 2019 – 34 б.

Ғылыми жетекші: Э.Ғ.К., доцент, Басшиева Ж.К.

ҚАЗАҚСТАНДА БАЛА ТУУҒА ӘСЕР ЕТЕТІН ТҮРЛІ ФАКТОРЛАР

Куваш А.А., Абылхатова Ә., Исебекова А.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Біз өзіміз үшін де, жалпы мемлекет үшін де өзекті тақырыпты таңдадық, біздің тақырыбымыз: Қазақстанда бала тууға түрлі факторлар қалай әсер етеді және бұл көрсеткішті қалай арттыру керек, бұл тақырып танымды әрі қызықты, өйткені орасан зор аумаққа, пайдалы қазбалардың массасына, мемлекеттің көмегіне, білім берудің жоғары деңгейіне ие бола отырып, әлі күнге дейін елдің көп бөлігі бос және осы мақалада неге бұлай болғанын талдаймыз.

Халық саны мен құрамы және демографиялық процестер туралы ең дәл мәліметтерді халық санағы береді. Халық санағы-белгілі бір уақыттағы жағдай бойынша елдің немесе аумақтың әрбір тұрғынын сипаттайтын демографиялық

және әлеуметтік деректерді жинау процесі. Осы кезге дейін қайтыс болғандар немесе одан кейін туғандар халық санына қосылмайды.

Алдағы демографиялық өзгерістер, оның ішінде туу деңгейі көптеген әлеуметтік және экономикалық салдарға әкелуі мүмкін:

- халықтың жас ерекшеліктерінің өзгеруіне байланысты сұраныстың төмендеуі. Бұл нарықтық тауарлар мен қызметтерге деген сұранысқа және ең бастысы мемлекеттің негізі болып табылатын қызметтерге деген сұранысқа қатысты.

- жас ұлғайған сайын денсаулық сақтау қызметтеріне қажеттілік артады. Сонымен бірге, бала туудың төмендеуі орта мектеп оқушыларының санының азаюына әкеледі.

- жинақ көлемі мен құрылымын өзгерту. Егер мемлекетте туу деңгейі төмендесе, онда бұл құрылымда айтарлықтай өзгерістер болады. Кіші топтардың үлес салмағының азаюы жұмыс істейтін халыққа жүктемені төмендететінін, ал үлкен топтар санының өсуі мемлекеттік қаржыға қосымша жүктеме тудыратынын атап өткен жөн. Нәтижесінде қаржылық активтерге сұраныс және олардың құны, сондай-ақ нарықтық пайыздық мөлшерлемелер өзгереді.

- халықтың қартаюуына байланысты еңбек ұсынысының төмендеуі. Атап айтқанда, Қазақстанда еңбек белсенділігінің өзгермеген көрсеткіштері кезінде халық санының өзгеруі экономикалық белсенді халық санының қысқаруына алып келеді. Дәл осындай еңбек өнімділігімен бұл жан басына шаққандағы ЖІӨ өсуін баяулатады. Тиісінше, бәрі бірдей, қартаю өмір сүру деңгейінің өсуін баяулатады.

- егде жастағы халық үлесінің өсуіне байланысты бюджеттік ресурстарға қажеттіліктің едәуір артуы.

- ұрпақтар арасындағы қаржылық ресурстар мен міндеттемелер ағындарының айтарлықтай өзгеруі. Сонымен, демографиялық үрдістерге байланысты бюджеттік мәселелерді шешудің "оңай" әдісі-мемлекеттік қарызды ұлғайту. Ұрпақтар арасындағы тепе-теңдікті бұзудың тағы бір арнасы таратушы зейнетақы жүйесіндегі жұмысшылар мен зейнеткерлер саны арасындағы арақатынастың өзгеруімен байланысты.

Бала туу туралы барлық ақпаратты 2009 жылғы 24-25 ақпанда соңғы рет өткізілген халық санағынан алуға болады, жақсы жаңалық, келесі халық санағы 2021 жылы 1 қыркүйектен 15 қазанға дейін өтеді және бұл Қазақстанның демографиялық деректерін жаңартуға мүмкіндік береді.

Ақпаратты әртүрлі өлшемдер мен айналым салалары бойынша топтастыру жүргізілді. Статистикалық топтастыру нәтижелері мен мәліметтер бұқаралық деректерді ұсынудың неғұрлым ұтымды, жүйеленген және көрнекі нысаны болып табылатын статистикалық кестелер түрінде баяндалады. Кестелер мен диаграммаларда құнарлылыққа қатысты барлық ақпарат біріктірілген. Мысалы,

Қазақстанда облыстар бойынша туу көрсеткіші. Аудандар бойынша барлық деректерді гистограммадан көруге болады, бұл статистикалық деректердің айырмашылығын анық көрсетеді.

Статистикалық зерттеудің осы кезеңінде құбылыстар арасындағы қатынастар анықталады және олардың арасындағы қатынастардың даму заңдылықтары анықталады. Трендтер және одан әрі даму жолдары бойынша болжамдар беріледі.

Кесте 1. Облыстардағы халық санының болжамы [1]

Аумағы	Барлық халық		
	2013	2021	Өзгеруі (+) немесе (-) %
Қазақстан Республикасы	166909776	186962	+10,6
Ақмола облысы	732719	711706	-2,87
Ақтөбе облысы	795817	883870	+11,1
Алматы облысы	1946718	219691	+12,9
Атырау облысы	555217	647923	+16,7
Батыс Қазақстан облысы	617640	652046	+5,6
Жамбыл облысы	1069874	116387	+8,8
Қарағанды облысы	1362743	139986	+ 2,7
Қостанай облысы	879941	854507	-2,9
Қызылорда облысы	726711	826672	+13,8
Маңғыстау облысы	567754	730779	+28,7
Оңтүстік Қазақтан облысы	2678889	314221	+17,3
Павлодар облысы	749019	754702	+0,8
Солтүстік Қазақстан облысы	579488	543168	-6,3
Шығыс Қазақстан облысы	1393619	137996	-1,0
Нұр-Сұлтан қаласы	778198	111061	+42,7
Алматы қаласы	1475429	169744	+15,0

Кестеде Қазақстанның түрлі облыстарындағы бала тууға қатысты деректер жинақталған. Өткен 2013 жылға арналған деректер және 2021 жылға арналған болжамдар ұсынылған. Жылдар бойынша көрсеткіштердің өзгеруінің белгілі бір үрдісі бар, олардың негізінде 2021 жылға арналған ақпарат жасалды. 3-ші бағанда екі жылдағы өзгерістер пайызбен көрсетілген және оң секіріс болды ма, жоқ па көрсетілген. Бұл өзгерістер статистикаға тікелей әсер ететін әртүрлі факторларға байланысты.

2019 жылы туылғандардың құрамы Қазақстандағы ұлдардың пайызы(51,7%) қыздардан (48,3%) жоғары екенін байқауға болады. Туу кезіндегі жыныстық қатынас 100 қызға 107 ұл болды.

Қазақстанда ұлты бойынша қазақтар саны асып түседі (78,8%), екінші орында орыстар (8,7%), үшінші орында басқа ұлттар (6,7%), одан кейін өзбектер (4,2%) және ұйғырлар (1,5%).

Қазақстанның облыстары бойынша туудың жалпы коэффициенттерін сипаттайды. Туудың жалпы коэффициенті елдегі туудың бір жылдағы жалпы санының халықтың орташа жылдық санына қатынасы ретінде 1000‰ - ге көбейтіледі. Бала туудың ең үлкен коэффициенті 2009 жылы Шымкент қаласында болды, бірақ 2019 жылы жағдай өзгерді және бірінші орынды Маңғыстау облысы ала бастады. Он жыл ішінде облыстардағы жағдай айтарлықтай өзгерген жоқ, бірақ туу үрдісі өзгерді.

Туу деңгейі-халықтың өсу қарқынын анықтауда басым фактор. 2002 жылдан бастап табиғи өсімнің жоғары көрсеткіштері 2002-2011 жылдары туылғандардың жоғары санының аясында болды.

Демографияда туу деңгейін өлшеу үшін көрсеткіштер жүйесі қолданылады. Олардың ішіндегі ең қарапайымы-туу коэффициенті, яғни тұрғындардың орташа жылдық 1000 санына есептегенде күнтізбелік жылда тірі туылғандар саны.

1991-1999 жылдар аралығында туу коэффициенті үштен бірге қысқарды. Сонымен қатар, осы кезең ішінде құлдырау еш ойланбастан болды (сурет. 1). 2000 жылдан бастап бетбұрыс үрдісі байқалды: туудың жалпы коэффициенті арта бастады. 2012 жылы бала туу коэффициенті 22,7 құрады, бұл 2001 жылмен салыстырғанда 52,3% - ға артты.

Туу деңгейі көптеген әлеуметтік-экономикалық факторларға және олар өзара байланысты, кейде қайшылықты және әртүрлі жағдайларда бірдей емес. Туудың тарихи эволюциясы қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуымен тығыз байланысты. Өндіргіш күштердің және адамның өзінің дамуы жақсарған сайын, оның ақыл-ойының артуы, әйел рөлінің өзгеруі, әйелдер ерлермен тең жұмыс істей бастағаннан кейін бала туу басымдықта болудан қалды, отбасының рөлі мен маңыздылығы өзгерді, енді адамдар үшін алдымен мансап құру, содан кейін отбасын құру туралы ойлау маңыздырақ, бала туудың барынша жоғары (50% және одан жоғары) деңгейінен өте төмен (көбінесе қарапайым өсімін молайтуға тән деңгейден төмен - 16%) дейін біртіндеп түсу процесі заңды. Суреттен көріп

отырғанымыздай, 2000 жылдардың басында туу көрсеткіші төмендеді, бұл Кеңес Одағының ыдырауына байланысты.

Туудың жалпы коэффициенті тұтас алғанда (барлық жастағы) халыққа қатысты бала туудың қарқындылығын сипаттайды және жыл ішінде тірі туылғандар санының (N) халықтың орташа жылдық санына қатынасы ретінде есептеледі.

Қорытындылай келе осы тақырыпты зерделеп, біз білімімізді жаңарттық, соңғы 20 жылдағы Қазақстандағы демографиялық жағдайды қарастырдық және туу көрсеткіші үнемі өзгеріп отыратындығын анықтадық. 2000 жылдан бастап ол тек артып келеді және мұны мектептер, үйлер, еңбек ресурстары мен қалалардың кеңеюінен көруге болады. Бұл Қазақстан Республикасының экономикасына оң әсерін тигізді. Бірақ, КСРО ыдырағаннан кейін де, қазір де ел халқының жартысына жуығы жұмысынан айрылуына байланысты, біздің ойымызша, туу көрсеткіші минимумға дейін төмендейді. Шынында да, біз осы эсседе әртүрлі факторларды қарастырдық, ал жұмысқа орналасу маңызды құрамдас бөлік болып табылады.

Сондай-ақ, біз туудың жалпы коэффициенті, өлімнің жалпы коэффициенті, табиғи өсу коэффициенті сияқты туу коэффициенттерін еске түсірдік.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Демографический прогноз республики казахстан: основные тренды, вызовы, практические рекомендации. (2014). Retrieved from https://www.akorda.kz/upload/nac_komissiya_po_delam_zhenshin/Демографическая%20политика/4.2%20рус.pdf [3]
2. Департамент по экономическим и социальным вопросам ООН: Отдел народонаселения. (n.d.). Население Казахстана. Retrieved from <https://countrymeters.info/ru/Kazakhstan>
3. Ильусимов, Б. (2010). Двери Казахстана открыты для всех. Retrieved from <https://evroportal.ru/strani/dveri-kazahstana-otkryityi-dlya-vseh/>
4. Ногалес, К. (2017, January 10). 7 методов статистического анализа, которые может применять каждый. Retrieved from <https://evroportal.ru/strani/dveri-kazahstana-otkryityi-dlya-vseh/>

Ғылыми жетекші: оқытушы, магистр Әлиева А.Ө.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАСЫЗ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қалдыбаева А. Е.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Кез-келген мемлекеттің экономикасында күн сайын тауарлар мен қызметтерді сатып алушылар мен сатушылар арасында мындаған операциялар жасалады. Әрине, мұндай операциялардың әрқайсысы төленуі керек, ал бұл процесс өз кезегінде ақшалай төлем немесе банктік аударым арқылы жүзеге асырылады. Мемлекетте тиімділігі жоғары төлем жүйесін құру, экономикалық мүмкіндіктерді іске асыруды қамтамасыз етеді.

Ақшалай төлемдердің негізгі компоненттері қолма-қол және қолма-қол емес төлемдер. Қазіргі таңда түрлі дамыған мемлекеттерде, соның ішінде Қазақстан Республикасында да қолма-қол ақшасыз айналым жүйесі басымдық алып жатыр. Бұл мәселенің басты себебі, ақшалай төлемдермен салыстырғанда аз шығындар, оларды жүзеге асыру жылдамдығы, банктердің кең желісі, сондай-ақ олардың дамуына мемлекеттің қызығушылығы ықпал етеді. Бүгінгі күні төлемдердің шамамен 70% -ы қолма-қол ақшасыз айналымда жүзеге асырылады. Қолма-қол ақшасыз төлемдердің негізін коммерциялық банктер жүргізеді. Олар мемлекеттің төлем жүйесіндегі ең маңызды есеп айырысу-төлем функциясы үшін жауап береді.

Қолма-қол ақшасыз төлемдер жүйесін талқылаудан бұрын, ең алдымен оның мәнін қарастыру қажет. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу - бұл қолма-қол ақшаны пайдаланбай, яғни несиелік мекеменің бір шотынан екінші шотына белгілі бір соманы аудару арқылы жүзеге асырылатын, өзара талаптарды есепке алумен жүзеге асырылатын есеп айырысу (төлем). Банктер мұндай операцияларда делдал болып табылады, яғни олардың шоттарына осындай төлемдер аударылады.

Қазақстан Республикасындағы қолма-қол ақшасыз төлемдер жүйесі - бұл халық шаруашылығында есеп айырысуды ұйымдастыру механизмін реттейтін мемлекеттік заңдар мен ережелер жиынтығы және төлемдер мен олардың дұрыс орындалуын бақылауды қамтамасыз ететін банктік немесе басқа мекемелер жиының айтамыз.

Қаржы нарықтарының жаһандануы және қолма-қол ақша айналымын жеделдету жағдайында қолма-қол ақшасыз төлемдерді пайдалану қазіргі заманғы Қазақстан экономикасы үшін маңызды. Себебі:

Біріншіден, қолма-қол ақшасыз төлемдер ақша ресурстарының банктерде шоғырлануына ықпал етеді. Банктерде сақталатын кәсіпорындардың уақытша бос қаражаттары несие көздерінің бірі болып табылады;

Екіншіден, қолма-қол ақшасыз төлемдер ұлттық экономикада қаражаттың қалыпты айналымына ықпал етеді;

Үшіншіден, қолма-қол ақшасыз төлемдердің нақты шекарасы, ақша айналымын жоспарлауды жеңілдететін жағдайлар жасайды.

Егер бұл жағдайды Қазақстан Республикасының қарапайым халық тұрғысына қарастыратын болсақ, қолма-қол ақшасыз төлемдер бүгінгі таңда азаматтар өміріне қарқынды еніп төлемдер мен аударымдар негізін алып отыр.

Елімізде соңғы онжылдықта қолма-қол ақшасыз операциялардың негізгі үлесі Интернет және мобильді банкинг арқылы жүзеге асырылады. Адамдардың күнделікті өміріндегі физикалық ақшаның жоғалуы жағымды да, жағымсыз да жақтарын алып келеді, олардың мәнін түсіну үшін салыстырмалы түрде талдау жасау қажет.

Алдымен еліміздің қолма-қол ақшасыз төлемге көшудің артықшылықтарын анықтаған жөн:

1. Қауіпсіздіктің жоғарғы деңгейі. Дәстүрлі қағаз ақшалар қылмыскер үшін ұрлық жасаудың оңай тәсілі. Мәселен, қылмыскерді тез арада табу мүмкін емес, көбінесе қылмыскер ұсталса да қаражаттың бір бөлігі жұмсалған немесе үшінші тұлғаға аударылған болады. Сәйкесінше бұл жағдай көп уақыт пен күш талап етеді. Егер ұры банк картасын иемденсе, ПИН-код әсерінен ақшалай мүлікке ешбір зиян келтіруге мүмкіндігі болмайды және банктің қауіпсіздік жүйесіне тап болады.

2. Қолма-қол ақшаны басқару бойынша шығындар жоқ. Банкноталар мен монеталарды шығару, оларды айналымға енгізу, сақтау, тасымалдау, қамтамасыз ету - мұның бәрі салық төлеушілерге, банк клиенттеріне және кәсіпкерлерге белгілі бір жолмен түсетін үлкен шығындармен байланысты. Қолма-қол ақшасыз төлемдерге көшу қажетсіз шығындардан арылуға мүмкіндік береді.

3. Экономиканың ашықтығын арттыру. Қолма-қол ақшадан бас тартқан кезде конверттердегі жалақы сияқты құбылыс жоғалады, бизнестің көлеңкесі азаяды, салық жинау көбейеді, одан мемлекет те, азаматтар да ұтады.

4. Кейбір банктер сатып алудан немесе аударымнан белгілі бір пайыздық бонус ұсынады, бұл бонустардың ұлғаюы жаңа тауарды тұтынуға мүмкіндік береді.

5. Қашықтан төлем жасау мүмкіндігі. Мысалы, коммуналдық төлемдер, сатып алулар немесе ақша аударымдары. Бұл артықшылық әсіресе қазіргі пандемия жағдайында өте маңызды. Қолма қол ақшасыз төлемдер қорғанудың оңтайлы әдісіне айналды.

Қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға көшудің негативті аспектілері:

1. Құпиялылықтың жойылуы. Ақшаның қолма-қолсыз айналымы қаржылық құпиялылықтың қалдықтарын жояды. Тіпті өз капиталын адал жолмен тапқан және жасыратын ештеңесі жоқ азаматтар қанша ақша алғаны және оны қайда жұмсағаны туралы ақпараттың құпия болып қалғанын қалайды.

2. Хакерлік шабуылдар. Қолма-қол ақшаны болдырмау қаржыны дәстүрлі ұрылардан сақтайды, алайда жаңа ұрпақты банк қарақшыларының - хакерлердің ұрлау қаупін тудырады.

3. Фишинг-алаяқтықтың кең таралған түрі. Қолма-қол ақшасыз төлемдер, төлем картасы арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдайда алаяқтар карта иесінің деректемелері туралы құпия ақпаратты, веб-сайттардағы анкеталар немесе телефонға шолу арқылы иемденіп, ұрлық әрекеттерін жүзеге асырады.

4. Технологиялық ақаулар. Бағдарламалық жасақтаманың істен шығуы, жабдықтың істен шығуы және тіпті электр қуатының үзілуі төлемді уақытында төлеуге немесе аударым жасауға кедергі келтіруі мүмкін. Адам технологияның толық кепіліне айналады.

5. Психологиялық факторлар. Адам қолына физикалық ақшаны ұстағанда, олардың құнын анық түсінеді. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу кезінде адам тек сандарды ғана көріп оларды психологиялық тұрғыдан ақша ретінде қабылдамайды, нәтижесінде көп шығындар пайда болады.

Жалпы, төлемдерді қолма-қол ақшасыз аударыммен жүзеге асыру бизнеске, халыққа да, мемлекет үшін де көптеген артықшылықтар әкеледі, ал кемшіліктердің көпшілігін есепшот ашудың оңтайлы шарттары мен және операцияларға рационалды көзқараспен банкті таңдау арқылы жоюға болады.

Жоғарыда айтып кеткендей Қазақстан Республикасында қолма-қол ақшасыз төлемдер үлесі жылдан-жылға өсіп жатыр, әсіресе 2019 жыл мен 2020 жыл аралығында қолма-қол ақшасыз төлемдер айырмашылығы елеулі байқалады.



Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі



Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі

2020 жылы қолма-қол ақшасыз төлемдер үлесінің өсуіне елде енгізілген локдаун сөзсіз түрткі болды, елдің ірі мегаполис қалаларында үлкен өзгерістер орнады. Қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамытудың маңызды драйвері қызмет көрсету саласындағы өнімдердің дайындығы болды.

Қазіргі таңдағы ақпараттарға сәйкес Қазақстан Республикасында, осы қолма-қол ақшасыз төлемдерге қатысты салық салу мәселесі өзекті болып отыр. Мәселен «2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап екінші деңгейлі банктер (салық органдарының талабы бойынша) жеке тұлғалардың жеке шоттарындағы ақша қозғалысы туралы ақпарат ұсынуға міндетті. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне енгізілген осындай өзгерістерге байланысты жеке шоттардағы қаражаттың қозғалысына қарап, кәсіпкерлік қызметтен алынған ақша кейіннен салық салумен табыс ретінде танылу қаупі бар. Бұған қатысты Қазақстан Республикасының қаржы министрінің орынбасары бұл механизмге тыйым салуды ойлағандығы туралы мәлімдеді, ал Қаржы министрлігі мұндай трансферттер үшін ешқандай қосымша төлемдер мен салықтар алуды жоспарламайды, әсіресе халық үшін деп сендірді. Яғни бүгінгі күні кәсіпкерлер үшін, әсіресе шағын және шағын бизнеске қатысты, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар үшін бұл мәселе өзекті болып қала береді. Бұл процесске көшу тиянақтылық пен мұқият зерделеуді қажет ететіні мәлім.

Недегенмен де, болашақта қолма-қол ақшасыз төлемдер жүйесіне толықтай көшу, еліміздің жаңа бағытта қалыптасуына ықпал етеді. Болашақ қолма-қол ақшасыз төлемдерде болады. Бұл жалпы үрдіс, шығындарды азайту, ашықтық, ыңғайлылық және жайлылық. Сарапшылар, біздің ақшамен жұмыс жасау әдеттеріміз таяу жылдары өзгереді деген пікірлерді күшейте түсуде. Біз дәстүрлі ақша формасын қолдануды тоқтатамыз, тіпті пластикалық карталар да өткенге

айналады. Осының бәрінің орнына біз тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу үшін бір ғана нәрсені - ұялы телефонды қолданамыз.

Қазірдің өзінде ұялы телефон арқылы түрлі қызметтер мен тауарларға ешбір қиындықсыз төлем жүргізуге болады. Қолма-қол ақшасыз төлемдер мен аударымдар жүзеге асырылатын мобильді қосымшалар қазіргі кезде азаматтар арасында өте танымал, әсіресе елде Kaspi.kz қосымшасы үлкен сұранысқа ие. Kaspi.kz - әлемдегі ең танымал қосымшалардың бірі - комиссиясыз төлемдер, отбасыларына және достарына аударымдар, ең үлкен интернет-дүкен, ең үлкен бонустық бағдарлама, жеке қаржыны басқару және тағы басқалары. Бұл мобильді қосымшаның көп мөлшерде қолданылуы елдегі банктер арасындағы рейтингтерден асып түсуіне ықпал етті. Бүгінде бұл 7 миллионнан астам қолданушысы бар елдегі ең танымал мобильді қосымшасы. Kaspi.kz Қазақстанда қолма-қол ақшасыз төлемдердің дамуына үлкен үлес қосты деп айтуға болады.

Қолма-қол ақшасыз төлемдердің өсуінің негізгі драйверлерінің бірі - жаңа технологиялар. NFC чиптерінің пайда болуы тауарлар мен қызметтерге тек карточкамен емес, телефонмен, ақылды сағаттармен бір рет басу арқылы төлем жасауға мүмкіндік берді.

Қазіргі кезде жаңа ұрпақ, жаңа буынның беделге уақыты жоқ, олар үшін ақшаның құны, сондай-ақ қызметтердің жылдамдығы мен ыңғайлылығы маңызды.

Ақша экономикалық өмірдің ажырамас атрибуты болып табылады. Қазіргі таңда жаңа технологиялардың күнделікті өмірге жан-жақты енгізілуі, материалдық құндылықтарды жеткізуге және қызмет көрсетуге байланысты барлық операциялар қолма-қол ақшасыз төлемдер арқылы жасалады. Қолма-қол ақшасыз төлемдердің ауқымды таралуы, оның жаппай есеп айырысу құралына айналуы және халықтың кең топтары арасында танымалдығының тұрақты өсуі бұл жаңа заман үшін тиімді екендігінің айқын дәлелі. Аймақ экономикасында қолма-қол ақшасыз төлемдер неғұрлым көп болса, біз нарықтық дамудың қазіргі деңгейі мен экономикалық әлеуетің соғұрлым дәл бағалай аламыз. Қазіргі әлемнің барлық тенденцияларына және жаңа бағыттарына көшу, еліміздің болашақта жоспарлардың орындалуына ықпалы зор.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдер және ақша аударымдарын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы заң: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014419>
2. Қазақстан Ұлттық банкінің ресми сайты: <https://www.nationalbank.kz/kz>
3. Дюдикова, Е. И. «Қолма-қол ақшасыз төлемдер» санатының теориялық аспектілері: <https://moluch.ru/archive/182/46838/>
4. Forbes статистикасы: https://forbes.kz/process/technologies/kod_uchenyiy_1540812410

Ғылыми жетекші: магистр, оқытушы **Оспанов Д.Е.**

ҚАРЖЫ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ДАМУЫ

Құбайдолла М.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ҚР-дағы банк қызметін реттеу тәртібі. Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінің қызметін реттеу механизмінің жұмысы Ұлттық банктің екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттеу және қадағалау бойынша құқықтық актілермен анықталады. 1995 жылы 31 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Президентінің заңи күші бар «Банктер және банктік қызмет туралы» жарғысының 41-бабына сәйкес ҚР Ұлттық банкі, екінші деңгейлі банктердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, олардың салымшыларының мүдделерін қорғау, сонымен бірге республикадағы ақша-несие жүйесінің тұрақтылығын қолдап отыру мақсатында аталған банктердің қызметін реттеуді мынадай жолдармен жүзеге асырып отырады [1]. Ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану объективті қажеттілікке айналды. Дәстүрлі түрде олардың маңыздылығы жоғары салалардың бірі – қаржы секторы. Банктік қызметті ақпараттандыру процесі алдағы уақытта да жалғасады деп толық сеніммен айтуға болады. Банк секторы жақын болашақта ұсынылатын өнімдер мен қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыру, есеп айырысу операцияларының жылдамдығын арттыру және банктік өнімдерге клиенттердің электронды қол жетімділігін ұйымдастыру тенденцияларымен басым болады. Бұл, ең алдымен, банктердің қаржы нарығында бәсекеге қабілетті артықшылықтарға жетуге ұмтылысына байланысты. Ақпараттық банктік технология - бұл жеке және компьютерлік технологияларды қолдана отырып басқару шешімдерін дайындауды, қабылдауды және іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында деректерді жинау, тіркеу, беру, сақтау және өңдеу әдістеріне негізделген банктік ақпаратты түрлендіру процесі. [2]. Заманауи ақпараттық технологияларды қолдану банктердегі бизнес-процестерге түбегейлі әсер етеді және өзгертеді, оларды түбегейлі басқа деңгейге жеткізеді. Банк технологиялары бизнесті кешенді автоматтандыруды қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялармен тығыз байланысты. Қазіргі банктік технологиялар банктік бизнесті қолдау мен дамыту құралы ретінде бірқатар іргелі принциптер негізінде құрылады:

- жүйелерді кейіннен құрастыра отырып, белгілі бір тапсырыс үшін оңай конфигурациялауға мүмкіндік беретін модульдік құрылыс принципі;
- бағдарламалық – аппараттық платформаны таңдауды және оның басқа аппараттық құралдармен тасымалдануын қамтамасыз ететін әр түрлі сыртқы жүйелермен өзара әрекеттесуге қабілетті технологиялардың ашықтығы;

- банктік жүйенің модульдерін конфигурациялау және оларды белгілі бір банктің қажеттіліктері мен жағдайларына бейімдеу икемділігі;
- бизнес – процестер дамыған кезде жүйенің функционалды модульдерінің кеңеюі мен күрделенуін қамтамасыз ететін масштабтылық;
- жүйелерді кейіннен құрастыра отырып, белгілі бір тапсырыс үшін оңай конфигурациялауға мүмкіндік беретін модульдік құрылыс принципі;
- бағдарламалық – аппараттық платформаны таңдауды және оның басқа аппараттық құралдармен тасымалдануын қамтамасыз ететін әр түрлі сыртқы жүйелермен өзара әрекеттесуге қабілетті технологиялардың ашықтығы;
- банктік жүйенің модульдерін конфигурациялау және оларды белгілі бір банктің қажеттіліктері мен жағдайларына бейімдеу икемділігі;
- бизнес – процестер дамыған кезде жүйенің функционалды модульдерінің кеңеюі мен күрделенуін қамтамасыз ететін масштабтылық.
- нақты уақыт режимінде деректерге көп қолданушының қол жетімділігі және бірінғай ақпараттық кеңістіктегі функцияларды жүзеге асыру;
- банкті және оның бизнес – процестерін модельдеу, бизнес процестерді алгоритімдік баптау мүмкіндігі;
- бизнес – процестерді реинжиниринг негізінде жүйені үнемі дамыту және жетілдіру.

Қазіргі уақытта танымал технологиядғ дамудың үш негізгі бағытын бөлуге болады: Клиент-Банк жүйесі, Интернет-банкинг және мобильді банкинг. Клиент-Банк жүйесінің көмегімен банк клиенттері үйден немесе кеңседен әртүрлі операцияларды орындай алады: шотты басқару, шоттардың күйі және басқа банктік ақпарат туралы ақпарат алу, есеп айырысу және басқа шоттардан және пластмассадан төлемдер жасау және қызметтерге ақы төлеу карталар, сондай-ақ басқа операцияларды жүргізу.

Мобильді банкинг – сымсыз технологияны пайдаланып банктік қызметтерді тікелей ұялы телефоннан немесе ноутбуктен алу. Бұл технология Интернет-сайттарынан интернет байланысы бар ұялы телефондарға ақпарат беруге мүмкіндік береді. Бұл жүйе қол жетімділіктің одан да үлкен еркіндігін қамтамасыз етеді. Ұялы телефонды қолданатын банктік қызметтерді тұтынушылар арасында бірінші орынды Скандинавия елдері алады және мамандардың пікірінше, жақын болашақта клиенттердің 40% -дан астамы өз шоттарының ұялы байланыс қызметіне ауысады. Тек батыста ғана емес, сонымен бірге Қазақстанда да қор нарығының қатысушылары (банктер мен брокерлік компаниялар) брокерлік қызметтерді дамытудың жаңа перспективалық бағытын игеруде, ол жеке тұлғаларға ресейлік және халықаралық валютаға қол жеткізуді қамтамасыз етуден тұрады және қор нарықтары (Интернет-сауда).

Қазіргі заманғы электрондық коммерция жүйесі екі негізгі бағытты қамтиды: B2B (бизнестен бизнеске дейін), мұнда банктер қаржылық қызметтерді негізгі орындаушы және сатушы ретінде жұмыс істейді, және B2C (бизнес-клиентке) -

жеке тұлғаларға тауарлар мен қызметтерді сату , онда несиелік мекемелер қаржылық делдал ретінде қызмет етеді. Клиенттермен жұмыс істеудің ең жаңа технологияларының көмегімен бір менеджер өте көп клиенттермен белсенді жұмыс істей алады. Несиелік мекемелердің тиімділігі мен жан-жақтылығының кеңеюімен байланысты маңызды тенденция бюджеттеу жүйесін құру және банк ресурстарын қаржылық басқарудың кешенді тәсілі болды. Қазақстан банк секторының қалыптасуы бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Алайда банктің болашағы ақпараттық технологиялармен қалатыны анық. Болмыстың табиғи заңдылықтарына сәйкес, ең қолайлы адамдар тірі қалады. Қазіргі заманғы экономикалық жағдайларда, қазірдің өзінде кең дамып, өзінің ақпараттық технология қызметіне инвестиция құятын банктер мен қаржы институттары өмір сүруге және су үстінде қалуға бағытталған. Қазақстандық банк жүйесі әлемге қосылуда, ал батыстық бәсекелестермен күресті заманауи жоғары деңгейлі ақпараттық технологияларға сүйенбестен ойлау мүмкін емес. Осылайша, жаңа электрондық технологиялар банктерге клиенттермен қарым-қатынасты өзгертуге және пайда табудың жаңа тәсілдерін табуға көмектеседі. Банктік компьютерлік жүйелер қазіргі кезде желілік бағдарламалық қамтамасыздандырудың қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР «Банктер және банктік қызмет туралы» заңы, 1995 ж. 31 тамыз
2. Кошенова Б. А. Ақша. Несие. Банктер. Валюта қатынастары.
3. Оқу құралы /Алматы: Экономика 2005ж 298б.
4. Ақша, несие банктер: Оқулық. Жалпы редакциясын басқарған Ғ.С.Сейітқасымов / Алматы: Экономика, 2001ж. 466б
5. Общая экономическая теория (полиэкономия). Учебник. Под.общ.ред.акад. Журавлевой Г.П.М

Ғылыми жетекші: оқытушы, магистр Аймагамбетова Ж.К.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

Қыдырбаев Г.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі жүйесін дамыту мемлекеттің тәуелсіздік жылдарындағы рөлінің өзгеруі, саяси жүйенің, экономиканың, қоғамдық қатынастардың қалыптасуы, мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыру

процестерімен тығыз байланысты. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мақсаттары мен басымдықтарын іске асыру үшін кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың тиімді жүйесін құру, мемлекеттік аппарат қызметінің кәсібилігі мен ашықтығын қамтамасыз ету қажет болды. Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік қызмет туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы № 2730 Заң күші бар Жарлығы тәуелсіз Қазақстанның қазіргі заманғы мемлекеттік қызмет жүйесін институттандырудың бастауы болып мемлекеттік басқару жүйесінің кадрлық ұйытқысын сақтауға мүмкіндік берді және мемлекеттің маңызды институты ретінде мемлекеттік қызметтің дамуына негіз қалады. Жарлықтың қабылдануы мемлекеттік қызмет қағидаттарын, мемлекеттік лауазымдардың сатылығын белгілеу жолымен мемлекеттік қызмет қатынастарын реттеуге, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесін айқындауға және әлеуметтік кепілдіктерін белгілеуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер енгізуге мүмкіндік берді 1997 жылы мемлекеттік дамудың ұзақ мерзімді басымдығы ретінде кәсіби үкімет құруды айқындап берген «Қазақстан – 2030» стратегиясы мемлекеттік қызметті дамытудағы келесі кезеңі болды. 1999 жылы қабылданған "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мемлекеттік қызметтің кәсіби және тиімді жүйесін және бірыңғай кадр саясатын қалыптастыруға бағытталған, өзекті қажеттіктерге сай келетін жаңа тәсілді айқындап берді. Қазіргі кезде Заң және оны іске асыру үшін әзірленген тиісті нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік қызметке кіру, оны атқару және тоқтату мәселелерін реттейді.

Мәселен, Заңға сәйкес мемлекеттік әкімшілік лауазымға кіру кезіндегі конкурстық іріктеу мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік қызмет туралы қолданыстағы заңнаманы білуге арналған тестілеуді өткізуін, сондай-ақ мемлекеттік органның конкурстық комиссиясының кандидаттармен әңгімелесу өткізуін көздейді. Мемлекеттік қызметтің кадр резерві қалыптасуда. Алайда, конкурстық іріктеуді жүргізудің қазіргі кездегі тәжірибесін алғанда, мемлекеттік қызметке кіру кезіндегі конкурстық рәсімдердің әділдігіне азаматтар тарапынан бірқатар сенімсіздік байқалады. Осыған байланысты, мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеу тәртібін жетілдіру және оның транспаренттілігін арттыру қажет. Мемлекеттік қызметшілерді оқыту мәселелер. Қазіргі кезде мемлекеттік қызмет жүйесінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың өңірлік орталықтарын және басқа да білім беру ұйымдарын қамтитын оқыту инфрақұрылымы қалыптастырылған. Жыл сайын орташа есеппен мемлекеттік қызметшілердің үштен бірі қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында оқудан өтеді, соның нәтижесінде үш жылдық кезеңде мемлекеттік қызметшілерді жүз пайыздық оқыту қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, қазіргі кезде оқыту процесінің сапасын басқару жүйесін жаңғырту және мемлекеттік қызметшілерге арналған оқу бағдарламаларына оқытудың инновациялық әдістерін енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Мемлекеттік қызметшілерге білім беру жүйесі практикалық маңызы бар және мемлекеттік органның мақсаттары мен міндеттеріне сай келетін, кәсіби білім мен дағдыларды дамытуға бағытталуы керек. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерді оқыту жөніндегі жұмысты тиімді үйлестіру қажет. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестаттау мәселелері. Мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымында үш жыл болғаннан кейін аттестаттаудан өтеді. Оның мақсаты олардың кәсіби дайындық деңгейін, құқықтық мәдениетін және азаматтармен жұмыс істеу қабілетін айқындау болып табылады. Аттестаттау рәсімі мемлекеттік қызметшіге тікелей басшысының аттестаттаудан өтетін қызметшінің кәсіби, жеке қасиеттерін және қызметтік жұмысы нәтижелерін көрсететін қызметтік мінездемені ұсынуын қамтиды. Сонымен бірге, қазіргі кезде аттестаттауды өткізу рәсімін мемлекеттік қызметшілердің жұмыс сапасы мен түпкілікті нәтижелерін бағалауға бағдарлау арқылы жетілдіру және аттестаттау қорытындылары мен мансаптық өсудің өзара байланысын қамтамасыз ету қажеттігі туындап отыр.

Қазіргі кезде мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі қолданылады. Бұл жүйе коэффициенттерге негізделген және қызмет өтілі мен атқаратын мемлекеттік әкімшілік лауазымының санатын ескеруге мүмкіндік береді. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және олардың лауазымдық жалақыларына үстемақы белгілеу тәртібі айқындалған. Тұрақтылыққа қарамастан мемлекеттік қызметшілердің еңбек төлемақысы, жеке сектормен салыстырғанда, бәсекеге қабілеттілігі төмен болып қалуда.

Ұлттық экономика. Қай елде болмасын ұлттық экономиканың дамуы, институттар мен жоғары оқу орындарына байланысты болады. Менің айтқым келетін нақты ой- Қазақстанның экономикасының даму деңгейінің жоғары дәрежеде болғанын қалайтын болсақ, жастар яғни біздер оқуда жоғары білімге ие болуымыз керек. Елімізде көптеген пайдалы қазбалардың қайнар көзі жатыр. Ең бастысы әрине-мұнай. Өз елімізден өндіріліп жатырған мұнайды басқа елдердің өз пайдаларына жаратқанын қаламаймын. Қолымызда бар дүниені не үшін пайдаға асыра алмаймыз? Мысалға басқа шет елдерге қарасақ кішкене қана пайда көзін көрсе бәрін бір нәрсеге жаратып, үлкен дәрежеде көрсетіледі. Қазақстанның Америкадан қай жері артық? Барлық дерлік, пайдалы қазбалар бар, табиғатымыз да басқа елдермен салыстырарлықтай дәрежеде, барлық зауыт, фабрикалар жеткілікті. Меніңше, тек осының бәрін ұйымдастырып жоспарлайтын білімді, білікті мамандар аз.

Қазақстанның ғылыми-технологиясын дамыту мақсатында түрлі шараларды ұйымдастыру керек. Мысалы, экономикалық саясат пен қазіргі таңда айналысып жатырған үлкен нәтижелі жұмыстарды дамыту барысындағы рейтингтің арқасында Қазақстан өзіне ғылыми технологиялық бастамашылдық танытуға мүмкіндік бере алады және солай істеуі тиіс. Сонда еліміздің ғылыми-технология деңгейінің одан әрі қарай дамуына қадам басылады. Ең алдымен шетелдіктердің пайдаланатын ресурстарын Қазақстанға енгізу керек, басқа елдерден акция сатып алып, одан әрі дамыту еліміздің технологиясының өркендеуіне үлкен септігін тигізеді деген ойдамын. Біз барынша озық технологиялық идеяларға ие болуымыз үшін, ғылыми технологиясы өте жақсы дамыған елдердің өнегелерін ұстануға тиіспіз. Өзіміздің елден өндіріліп жатырған әрбір затты жоғары деңгейде көрсету инновация импортының тиімді әдісі болып табылады. Осындай шараларды көптеп өткізу барысында Қазақстанның бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіріп кетуі де ғажап емес. Әрине, бәрі айтқанға оңай, көп еңбектену керек... Ұлттық экономиканы дамыту өз қолымызда.

Басқаруға келер болсақ, жаңа айтқанымдай арты жемқорлыққа келіп тіреледі. Қазақстан елдер арасында жемқорлықтан 180 елдің ішінде 113- ші орында тұр. Жемқорлық қылмыстары көбіне бірінші әкім саласы ауылдан бастап облыстық деңгейге дейін, екінші құқық қорғау орындары және соңғысы білім салаларында басым. Басқару дегеніміз- халықтың ақшасын жеу емес, халықты қамтамасыздандыру. Жемқорлық дендеген жерде жұмыс іске аспайды. Осы күнге дейін жаңалықтардан көріп жатырмыз, қаншама ада жұмыс жасап, маңдай терінің еңбегін ала алмай жүр. Қанша митингке шықса да, басшылыққа қарсы болса да солардың ауызын жаптырып тастайды. Ол халықтың маңдай терінің ақшасы, оны басшылардың жеуге хақысы жоқ! Міне, осы жерде құқық мәселелері туралы да айтуға болады. Жаңа үш бөлімге бөліп қарастырған жемқорлық бөлімдерінің екіншісі құқық саласы, осыдан кейін халық өз құқын қорғауы тиіс деп қалай айтамыз?

Полиция қызметкерлері де өз жұмыстарын адал орындамайды. Күнделікті өмірде жемқорлық жиі кездеседі жән оның зияны зор. Ең сонында тіпті жазықсыз қызметкерлерге жала жабылып жұмыстан шығарылады. Басшылары одан кейінде қанағаттанбайды. Басшылықта отырғандар өз беделдерін асыра пайдаланады...

Құқық мәселелері. Конституцияда қаншама заң бар, әлі күнге дейін де заң өз күшіне еніп жатыр. Қазіргі таңда не көп? Жас қыздардың тағдыры, көлік апатына ұшырау, әйел адамдарды күйеуінің соққыға жығуы, кішкентай балалардың жиі жоғалуы және тағы басқалары. Меніңше, қыздарды зорлау қылмысы, осы қылмысқа барған адамдарды өлтіру жазасына кесу туралы заң шыққаннан кейін азаяды. Ол қыздың тағдыры одан кейін не болады деп ойламаған ер адамның жер басып жүруінің себебі жоқ.

Қазіргі таңда, қаражаты мол адамдар жол қауіпсіздігін сақтамайды. Сонында, бір адамның қанын мойнына жүктейді. Бірақ , ол жазаланбайды. Өйткені, оның

қаражаты мол. Міне, осы жағдайларды шешу керек деп ойлаймын. Ол бір адамды өлтірді ме, өзі де өлсін.

Күйеуінің әйелін соққыға жығуы. Біріншіден, әрбір адамның өзінің құқығы бар. Не үшін әйел адамдар ер адамдардың соққысына ұшырауы керек? Осының бәрін көріп келе жатырған жеткіншектер ертең қалай отбасы құрады? Қыздар да ой қалыптаса бастайды, мен неге тұрмысқа шығуым керек, деген. Күйеулері әйеліне тиісіп жатырса отбасылық мәселе деп кіріспейді. Соның кесірінен қаншама әйел адам қайтыс болып жатыр. Әйел адамның құқығы бәрінен жоғары тұруы керек деп ойлаймын.

Атырау қаласының шет жақтарында бала жиі жоғалады. Ол ата-ананың қарамағандығы әрине, бірақ жоғалып кеткен жағдай да бірден іздеуге алынуы керек. Баланың қоқыс жәшігінен табылғандығы да бар еді. Естуімше, баланың өзі қоқыс жәшігіне түсіп кетіп, мерт болды дейді. Меніңше, мүмкін емес нәрсе.... Осындай сияқты жағдайларға қатаң мән берілу керек деп ойлаймын.

Қорытындылай келгенде, айтқым келген негізгі ойым, еліміздің экономикасының дамуын қаласақ, жоғары деңгейден көргіміз келсе, білімді жастардың ,білікті мамандардың көп болуы қажет. Сонда өз еліміздің сарқылған байлығын өзіміз өндіре аламыз! Бір жағынан орасан зор тәжірибе жинаймыз, екінші жағынан, осы заманғы әлемдік ғылыми технология үрдістерін білу ,жастардың алға қойылған міндеттерін жүзеге асыруда жұмысының жемісті боларына сенемін! Басқаруда және құқық мәселелерінде сыбайлас жемқорлықтың болмауын қалаймын. Жемқорлық бар жерде ештеңе әділ болмайды. Осы мақаламда өз ойымды толық жеткізе алдым деген ойдамын. Және осыны оқыған адамның ойы 180 градусқа өзгерер....

Қолданылған әдебиеттер:

1. Газет «Қызылжар» 2015 жыл.

Ғылыми жетекшісі: магистр-оқытушы С.М
Гилагова

ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Сисен А.К.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың негізгі қағидалары және жалпы бағыттары, сонымен қатар, елімізде мемлекеттік қаржылық бақылау мен мемлекеттік аудитті енгізудің даму кезеңдері 2013 ж. мемлекет Басшысы үкімімен

бекітілген Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті еңгізудің Концепциясында қарастырылды.

ҚР-ның жаңа бюджеттік саясат Концепциясы мен ҚР-нда мемлекеттік аудитті еңгізудің Концепциясында мемлекеттік қаржылық бақылаудың рөлі артуы туралы, халықаралық стандарттарға сәйкес болатын әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асырудағы мемлекеттік органдарға толыққанды бағалау жүргізу үшін және оның құрамында қаржылық есептілік аудиті, сәйкестендіру аудиты, тиімділік аудиті табылатын мемлекеттік аудит еңгізіледі деп айтылды. Концепцияда мемлекеттік аудит еңгізілуі оның мемлекеттік қаржылық бақылаумен үйлесімдік табатыны көрсетілді. Осы идея 2015 ж. қарашасында қабылданған қоғамдық қатынастарды реттейтін, қарастырылатын аумақта органдардың окілеттілігі мен қызметін ұйымдастыруды анықтайтын «Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау туралы» Заңында іске асты. Концепция аясында мемлекеттік аудиттің заңды және әдістемелік негізі Лим декларациясы мен аудиттің халықаралық стандарттарының басты принциптеріне сүйенуді қамтамасыз ету, мемлекеттік жүйесінің әдістемелік базасын жетілдірілуі көзделген.

Заң аясында мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау түсініктері анық ажыратылып көрсетілген. Мемлекеттік аудиттің негізгі мақсаты – экономикалық саясатты сәтті іске асыру, ел, өңірлер, салалар, қызмет аясы және т.с.с. өндірістік потенциалын тиімді пайдалануына ықпал ету. Қаржылық бақылау, аудит барысында анықталған бұзушылықтарға шаралар қолдану мақсаты қойылған.

Ішкі мемлекеттік аудит ҚР-ның мемлекеттік жоспарлау Жүйесінің құжаттарында қарастырылған, аудиттелетін объектісінің жетістігі табылатын тікелей және түпкілікті нәтижелерді талдау, бағалау және тексеру болып табылады. Қаржылық бақылау мамандандырылған қызмет болып табылады. Қаржылық бақылаудың бар болуы объективті түрде, қаржыға экономикалық категория ретінде бақылау функциясы қажеттілігімен түсіндіріледі. Осы функция көмегімен қаржы бөлу пропорцияларын, қорлардың пайда болу көздерін, олардың пайдалануын алдын ала ескертеді. Қаржылық бақылау функциясы қоғамдағы, ең алдымен мемлекеттің өндіріс, айырбас процестерінде, материалды игіліктердің бөлінуіне және пайдалануына ықпал етуге мүмкіндік береді. Бақылаудың жүзеге асырудағы негізгі принциптері: жиілік, тұрақтылық, әмбебаптылық; алдын ала болжау; бақылау жұмысын дұрыс орындау нәтижесінде ғана, оны мұқият орындауында ғана жүзеге асатын әрекеттілік, нақтылық, жариялылық; бақылау органдарындағы қызметкерлердің еркіндігі.

Қаржылық бақылаудың негізгі міндеттері: қаржылық міндеттердің мемлекет, ұйым, халық алдында орындалуын тексеру; субъектілердің ақшалай ресурстарды дұрыс пайдалануын тексеру; субъектілердің қаржылық операцияларды, төлемдерді орындау кезіндегі, ақшалай төлемдерді жүргізу кезіндегі заң тәртібін сақтауды тексеру; өндірістің ішкі резервтерін анықтау; шаруашылық жүргізу субъектісінің рентабельділігін жоғарлату мүмкіндіктерін,

өндірістегі еңбек көлемінің өсуін, айналым қаражаттарының айналымын жылдамдату жолдарын, материалды және ақшалай қаражаттарды неғұрлым үнемді пайдалануды назарға алу; қаржылық тәртіптің бұзылуын жою және болуы мүмкін бұзушылықтарды алдын ала ескерту.

Қаржылық бақылаудың классификациясы субъектілердегі ерекшеліктеріне, бақылау әрекеттілігінің өту уақытына, бақылаудың ұйымдастыру тәсіліне негізделген.

Субъектілерге байланысты қаржылық бақылаудың бірнеше түрі ажыратылады. *Жалпы мемлекеттік бақылау* меншік түріне, бақылау ведомствосына қарамастан кез-келген бақылау объектілерінде жүргізіледі. Оны мемлекеттік билік және басқару органдары жүзеге асырады. Жалпы мемлекеттік бақылау құрамында салықтық, бюджеттік, валюталық және кеден бақылауларын бөліп көрсетуге болады. *Алдын ала қаржылық бақылау* ақша ресурстарының пайда болу, бөліну және пайдалану операцияларына дейін жүргізіледі, сондықтан да, ол қаржы тәртібінің бұзылуын ескеруде маңызды рөл атқарады. Бұл арада, қаржылық қызметтің жүзеге асуының негізгі болып табылатын құжаттары тексеріледі. *Ағымдағы қаржылық бақылау* – бұл ақшалай операция процессінде болатын бақылаудың түрі. *Келешекті қаржылық бақылау* – қаржылық операция аяқталған уақытта жүзеге асырылады.

Қаржылық бақылау қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мекеме қызметінің ерекше формалары, бақылаудың объектісі мен субъектісі факторларына қарай әр түрлі тәсілдермен жүзеге асырылады. Қаржылық бақылаудың бірнеше әдістері бар: ревизия (негізгі әдіс), тексеріс, зерттеу жұмыстары, қаржы жоспарының жобаларын қарастыру, мәлімдемелер, қаржылық шаруашылықтың қызметіне есеп, баяндамалардың таңдалуы.

Аудиторлық бақылау – кәсіпорынның, компанияның, банктің, қамсыздандыру компанияның иеленуші мен аудиторлық фирмамен қорытындыланған келісім-шарт негізінде қаржылық-шаруашылық қызметінің жағдайын анықтау болып табылады. Формалары бойынша бақылау тікелей және жанама («камералдық қаржылық бақылау») түрлеріне бөлінеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Исаева Г.К. Қаржылық жоспарлау және болжау. Исаева Г.К. Оқу құралы/Алматы. ССК. 2019. 204 б.
2. Қазақстан Республикасының бюджеттік жоспарлаудың құқықтық негіздері: оқу құралы/Сақтаганова И.С.: оқу құралы/Алматы. CyberSmith. 2017. 148 б.
3. Тобылов Қ. Т., Даулетбаев Б. Т. Қаржылық бақылау және аудит. 2017.
4. Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығы.

ҚҰРЫЛЫС КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕУ

Тлепова Г.Б., Зинуллина А.И.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ

Құрылыс индустриясындағы кәсіпорындардың қызметі нәтижесінде өнім алу үшін әртүрлі материалдар мен табиғи ресурстар қолданылады. Алайда, бүгінде ұтымсыз пайдаланылатын, үйінділерде болатын, үлкен аумақтарды алып жатқан және қоршаған ортаны ластайтын ресурстардың жекелеген түрлерінің үлкен шығындары бар.

Отандық экономикадағы қазіргі жағдай тек қана орындылығын ғана емес, сонымен қатар кәсіпорындарды ресурстарды үнемдейтін ұдайы өндіріс түріне қарай жылжыту қажеттілігін алдын-ала анықтайды. Бұл ресурстардың барлық түрлерін: материалдық, энергетикалық, техникалық және технологиялық, қаржылық, ақпараттық, еңбек, интеллектуалдық ерекшеліктерсіз пайдалану тиімділігін арттыруды талап етеді. Бұл тұрғыда ресурстарды үнемдеу өндіріс тиімділігін арттырудың және табысты арттырудың маңызды құралы болып табылады [1].

Ресурстарды үнемдеу деп технологиялық процестің барлық кезеңдерінде шикізат пен материалдар мен энергияны минималды шығындаумен соңғы өнімді өндіруге және сатуға бағытталған қаражат жүйесі түсініледі.

Басқарудың нарықтық жағдайында ресурстарды үнемдеудің интегралды тәсілі күшейе түсуде, ол ресурстарды пайдалануды интенсификацияның технологиялық, экономикалық және әлеуметтік бағыттарының органикалық үйлесімін қамтиды. Бұл «жасылдандыру өндірісі» жалпы тұжырымдамасының құрамдас бөлігі, оған мыналар кіреді: ресурстарды үнемдеуді ынталандыру, принципіалды жаңа энергия көздерін іздеу, аз қалдықты өндіріс, қалдықтарды қайта өңдеу, сонымен қатар тауарлық өнімді өндіру және пайдалану процесі.

Бұған сонымен қатар шикізаттың экономикалық шығындары, табиғи ресурстарды кешенді пайдалану, аз қалдықты өндіріс, судың жабық айналым циклдары, қалдықтарды жоюды қамтамасыз ететін жаңа технологияларды құру кіреді [3].

Табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігі табиғи ресурстарды пайдаланудың қарқындылығымен бағаланады. Ол өндіріске қатысатын нақты немесе интегралды ресурстың бірлігіне түпкілікті пайдалы өнім мөлшерінің ұлғаюымен немесе осы ресурстарды молайтуға нақты инвестициямен анықталады.

Ресурстарды үнемдеу кең мағынада-бұл өнім бірлігін өндіруге арналған ресурстардың барлық түрлерінің құны. Ол өндіріс бірлігінің өзіндік құнындағы шикізат пен материалдарды пайдаланудың үлесін анықтайды [2].

Ресурстарды үнемдеу мәселесін шешу дегеніміз бұл материалдық ресурстарды тұрақты немесе аз тұтынумен өндіріс көлемін ұлғайту, өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендету, таза пайданың өсуі, өндірістік қуатты неғұрлым толық пайдалану және еңбек өнімділігін арттыру, өндіруші салаға күрделі салымдардың төмендеуі, қоршаған ортаның экологиялық жағдайын жақсарту болып табылады [4].

Құрылыс индустриясындағы кәсіпорындардың өндірістік қызметінде олардың тиімділігін арттырудың екі негізгі бағыты бар:

- жұмыс күшінің қорын, электр энергиясын және электрмен жабдықтауды ұлғайту негізінде тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті өнім өндірісінің ұлғайта отырып тірі еңбекті үнемдеуге әкелу;

- ресурстарды үнемдеу, оның ішінде ресурстарды үнемдеу техникасы мен технологияларын пайдалану, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру негізінде материалды, еңбек және ақша ресурстарын ұтымды пайдалану [5].

Статистикалық мәліметтерге сәйкес жердің әр тұрғынына жылына шамамен 20 тонна шикізат алынады, оның тек 7% -ы соңғы өнімге жұмсалады, қалғаны қалдықтарға кетеді.

Экологиялық тұрғыдан алғанда қалдықтардың мөлшерін азайтып қана қоймай, оларды экономикалық пайдалануға тарту маңызды.

Ресурстарды үнемдеу мәселесін шешудің ең тиімді әдісі - қалдықсыз және аз қалдықты технологияларды қолдану. Мұны ескеру қажет, өйткені шикізатқа әлемдік бағалар үнемі өсіп отырады.

Қалдықсыз технология дегеніміз - адамның қажеттіліктері шеңберінде табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін, әдістері мен тиісті құралдарын іс жүзінде қолдану [6].

Қорыта келе, ресурстарды үнемдеу өндіріс тиімділігін арттырудың маңызды резерві болып табылады, бұл өздігінен кәсіпорын қызметін жан-жақты талдау және барлық мүмкін факторларды ескеру қажеттілігін көрсетеді.

Ресурстарды үнемдеу тауарлар мен қызметтер сапасының деңгейін едәуір көтеруге, сондай-ақ ресурстарды тұтынудың неғұрлым прогрессивті құрылымына ие априорлы инновациялық технологияларды енгізу кезінде қоршаған орта жағдайына оң әсер етуге мүмкіндік береді.

Ресурстарды үнемдейтін инновациялық саясат экологиялық және экономикалық аспектілермен және барлық салалардағы және өндірістің әр түрлі кезеңдеріндегі қатаң бақылаумен ұштастыра отырып, күрделі және шығынды процесс болып табылады. Алайда дұрыс таңдалған шаралар жиынтығы мен олардың дәйектілігі оң нәтиже бере алады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Каленюк А. А. Повышение конкурентоспособности промышленного предприятия на основе управления ресурсосбережением / А.А. Каленюк// Вестник Саратовского государственного социально-экономического университета. №4.- 2009. – С.116-118.
2. Калицкий Э.М. Ресурсосберегающие технологии в строительстве / Э.М. Калицкий // Мн.: РИПО.- 2012. – С. 148.
3. Мосейко В.В. Экономическая классификация природных ресурсов / В.В. Мосейко // Вестник ТГПУ. №9.- 2007. – С. 52-54.
4. Першина Т.А. Повышение энергоэффективности деятельности предприятий строительного комплекса / Т.А. Першина // Сборник научных трудов Sworld.- 2011.- № 4.-С. 78-82.
5. Попова А.Р. Формирование механизма управления природными ресурсами России / А.Р. Попова // Вестник ВолГУ. Серия 3: Экономика. Экология. №2.- 2008. – С.246-252.
6. Черемхина Е.А. Комфорт и безопасность / Е.А. Черемхина // Строительство и бизнес.- 2004.- № 1.- С. 22-23.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫН ДАМУДА КЕЗДЕСЕТІН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Тұрғанбек Б. Б., Тұрымтай А.Е.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Қазақстан экономикасы жаңа мың жылдыққа экономикалық өсумен қадам басты. Экономикалық өсу үдемелі болса, жаһандық экономикаға қоғамдасудың, ұлттық қауіпсіздіктің, елдің бәсеке қабілетті болуының маңызды факторы. Экономикалық өсудің қол жеткен деңгейін әрі қарай ұлғайтуды көздей отырып, Елбасымен Қазақстан Республикасын алдағы оң жылдықта бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына қосу мақсаты белгіленген. Осы бағытта қазіргі уақытта түрлі шаралар атқарылуда, яғни экономиканы диверсификациялау үшін кластерлік келіс таңдалды. Сонымен бірге, шикізаттық секторға негізделген экспорттық бағытта даму ұзақ мерзімді тұрақты өсу траекториясына шығу мүмкін еместігін көрсетті. Елдің бәсекеге қабілеттілігі кейінгі уақытта отандық экономиканың саясатын қалыптастыруда аса маңызды, өйткені оған сыртқы факторлар әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар Қазақстанды дамыған елдердің шикізаттық шылауы ретінде әлемдік нарығында бекітетін Бүкіл әлемдік сауда ұйымына кіріп отыр. Бүкіл әлемдік сауда ұйымына кіруі экономикалық тиімділіктерге қол жеткізіп

қоймай, отандық тауар өндірушілердің нарықтық секторды жоғалтып, шетел кәсіпорындармен басылып қалу қаупін туғызады.

Сондықтан үкімет және американдық эксперттердің бірігуімен экономиканы деформациялауды созу және оны диверсификациялау қажеттілігі туып, елдің бәсекеге қабілеттігін дамыту бағытында жұмыстар жобалары жасалды. Нәтижесінде елімізде негізгі мақсаты шикізаттық бағыттан ауытқуға ықпал жасайтын экономика салаларын диверсификациялау жолымен елдің тұрақты дамуын көздейтін 2003-2015 жылдарға индустриалды-инновациялық даму стратегиясы қабылданды. Мақта кластерлік кешенін қалыптастыруда аймақтық экономика шарттарының әсерін талдау мәселесіне тоқталатын болсақ, яғни, ЖІӨ-ді есеге көбейту Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев тарапынан бірнеше жылдан бері қойылып келеді және өзінің халыққа жолдауындағы өзекті мәселе болып өндірістің тиімділігін көтеруді талап етеді. Аймақ аумағында ЖІӨ екі еселеу, яғни осы территорияда шығарылған, қосылған құндарды екі есеге көбейту дегенді білдіреді. Жалпы аймақтың өнімді екі есеге көбейту дегенде біз, әрқилы ресурстар және тұрмыстық заттар нарықтарында әрқилы орталықтар мен секторлардың жұмыстарды көбейтуді түсінеміз. Бұл кластерлерге сыртқы факторлар әрқилы әсер етеді: әлемдік бәсеке жағдайы, аймақтық бәсеке жағдайы, аймақ экономикасының құрылымдық ерекшеліктері және тағы басқа факторлар. Аймақ деңгейінде бұл салаларды тепе-теңдікте үйлестіру аймақты кластерлеу тараптарына жауап береді және ол жалпы аймақтық өнімнің өсуіне ЖАӨ әкеледі. Мысалы, жақын болашақта Оңтүстік Қазақстан облысының ЖАӨ жылына 4,4% – 6,3% темптік дәрежеде өсіру, жалпы өсу көлемін 1,5 есеге көтеру мақсатталған. Қойылған мәселеге жету үшін аймаққа ЖАӨ жылына 10-12% дәрежеге көтеру керек, бұл кластерлік ұйымдастыру жобаларын тездетіп іске асыруды талап етеді [1].

Кластердің Қазақстанда қалыптасуы өңірлік ғана емес, аймақтық салалық сипатта көрінеді. Кластерлік келіс экономиканың жеке сегментінің бәсеке қабілеттігі бір күн тізбегіне қосылатын немесе сол үдерістің сыртқы ортасын жасауға ықпал ететін басқа секторлардың бәсеке қабілеттігімен аса маңызды байланыста болады.

Экономиканы кластеризациялау жаңа болғандықтан, үкіметтік құрылымдар бұл үдерісте бағыт беруші, қолдаушы рөлдерін атқарулары тиіс. Экономиканы дамытудың мардымды келешегінің болуы ел экономикасында маманданудың оптималды көпсалалы құрылымын қамтамасыз ету, ұлттық және халықаралық нарықтарға бәсекеқабілетті өнімді жасап шығаруға қабілеті бар тиімді кластерлерді жедел түрде анықтау, қалыптастыру және дамытуға байланысты.

Ауыл шаруашылықтың қазіргі жағдайын талдау, сол салада жағымды тенденциялар пайда болғанын дәлелдейді. Агроөнеркәсіп кешенінің дамуы Қазақстанның экономика саясатының негізгі приоритеттердің бірі болып табылады. Ауыл шаруашылығы кластеріндегі шығындардың басқару есебін

қалыптастырумен байланысты мәселелерді, ішкі аудитінің тәжірибелік қатынастарын дайындауды, қызмет салалары бойынша қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының талаптарына сай негіздеу болып табылады.

Бұл жағынан, кең алаңда ауыл шаруашылық жерлердің аса үлкен кеңістіктері, мемлекет ішкі нарығындағы сұранысты пайдалану. Сонымен қатар, дамып келе жатқан Қытай және Ресей мемлекеттерінің нарықтарының айтарлықтай экспорт потенциалы ретінде жағымды экономикалық алғы шарттарына икемдеу. Екінші жағынан, маңызы аз емес әлеуметтік фактор, мемлекет Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру қарсанында өндірісті жетілдіру және ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу бойынша мәселелердің біріне айналандыруда отандық ынталыларды қолдау қажеттілігін іске асыру қазіргі өзекті мәселелердің біріне айналу. Республика саяси және экономикалық тұрақтылық жағдайына, жету мақсатында ұзақ мерзімді стратегиялық саясаты негізінде инновациялық бағыттарға бет алған мемлекет болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің халыққа жолдауында «Біз іс жүзінде барынша тиімділік беретін үздік халықаралық тәжірибелерді енгізуіміз қажет», - деп атап көрсеткен. Экономиканы дамытудың мардымды келешегінің болуы, жасап шығаруға қабілеті бар тиімді кластерлерді жедел түрде анықтау, қалыптастыру және дамытуға байланысты [2].

Өз кезегінде, экономиканың кластерлік құрылымы мемлекеттің жалпы саясатына үлкен әсерін тигізеді. Бұл біріншіден, ғылымды қолдау, инновацияларға тәуелділік, экспорттық қызмет, қажетті инфрақұрылым жасау және білім берумен тығыз байланысты.

Шетел тәжірибесін қарап, Қазақстан Республикасында кластерді дамытуды қолдау мен реттеудің ел экономикасының шикізаттық құрылымын ескере отырып, лайықты шараларды анықтауға болады:

- кластерді дамытуға қаражат көзі шетел инвестициялары. Шетел инвесторларына ең маңыздысы салық жүйесі. Сол себептен елдің салық кодексі еш бүкпесіз, айқын мазмұнда болуы керек;

- қолдау ретінде салалар мен кәсіпорындарға салықтық және несиелік жеңілдіктердің болуы маңызды;

- келешегі бар салаларға қатысты қабылданған заңдылықтарды қайта қарастырып қажет болса керекті толықтырулар мен өзгертулер енгізу;

- жаңалық ойлап тапқан адамдар үшін мемлекеттік салымды азайту, марапаттау шараларын қолдау;

 - ғылыми-зерттеу жұмыстарына мақсатты дотациялар беру;

 - мүмкін болатын коммерциялық тәуелділікті ескере отырып, кәсіпорындар үшін инновацияны енгізу қорын жасау;

 - жаңа өнім және технология жасауға кететін шығындардың 50%-ын өтейтін тікелей қаржыландыру жүйесін енгізу;

 - кластердің қызметін қолдап және реттеп отыратын жергілікті және

аймақтық мемлекеттік құрылымдарды қалыптастыру;

- мемлекеттің инвестициялық саясаттың тиімділігін арттырудағы рөлі капиталдық салымдарда өз үлесін жоғарлату емес, мемлекеттік емес секторды экономиканың нақты секторын қаржыландыруға бағыттау;

- кластерлік саясатқа тікелей байланысты бәсекелестік, кәсіпкерліксалық және заңдылықтардың дұрыс жүзеге асырылуын мемлекеттік органдармен қадағалау;

- кәсіпқой мамандармен даярлау үшін жоғары оқу орындарында білім беру сапасын көтеру;

- кластердің ажырамас бөлігі кірістік, нарықтық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды жетілдіру.

Дәл қазіргі уақытта экономиканы кластерлеуді жүзеге асыруда кедергілер жоқ емес:

- көлеңкелі экономиканың даму деңгейінің жоғары болуы;

- көптеген салалар мен кәсіпорындардың монополиялығы сақталуда;

- ішкі және сыртқы нарықтарда бизнестің бәсекегеқабілетсіздігі;

- экономиканыңнақты секторында шағын және шағын бизнестің үлес салмағының төмен болуы;

- қаржы-несие қорларын толық қолдана алмау;

- жергіліктіорындарда шағын бизнесті дамыту және қолдауға бағытталған мемлекеттік саясаттың толық жүзеге асырылмауы;

- ақпаратпен алмасу және кәсіпкерлікті қолдайтын мемлекеттік емес институттардың (ассоциация, микронесиелік ақпаратты-консалтингтік және білім беру ұйымдары, бизнес инкубаторлар) кері байланысты жүзеге асыратын тиімді механизмнің болмауы.

Жоғарыда айтылып кеткен бағытта қазір мемлекет келесі шараларды жүзеге асыра бастады:

- кәсіпкерлік қызметті реттейтін әр түрлі заңдарға өзгертулер мен толықтылулар енгізілу көзделіп отыр;

- аймақтарда технопарктерді дамыту қолға алынды;

- инфрақұрылымды дамыту;

- бизнес инкубаторлардың құрылуы;

- микронесиелік ұйымдарды жасау;

- инвестициялық климаттың болуына жағдайлардың жасалуы;

- венчурлық қордың жасалуы;

- әр облыста мемлекеттік жергілікті басқару әкімшіліктерінде кластерлік жобамен жұмыс істейтін бөлімдердің ашылу.

Жалпы, экономиканы кластиризациялау бізге жаңа болғандықтан, ең алдымен шетел тәжірибесіне сүйене отырып, кластерлік саясатты жасауда экономикамыздың даму деңгейін, ерекшеліктерін, халық мәдениетін басқа да жағдайларды ескеріп, өзіндік келесті өңдеу қажет. Яғни, кластерлік келістің

барлық елдер үшін бірдей, өзгеріссіз қолданылатын нақты бір тәсілі жоқ. Сондықтан әрбір елдің тәжірибесін талдай отырып, Қазақстан экономикасына қолайлы жақтарын дұрыс таңдау қажет [3].

Ауыл шаруашылығының құрылымдарды құру және дамытудың мақсаттары болып табылатындарға сипаттама берілген. Агроөнеркәсіптік кешенінің кластерлік құрылымының қалыптасуы мен жұмыс істеуінің әдістемелік негіздері қарастырылған. Кластер ауыл шаруашылық өнімдерінің бәсекелестік қабілетін арттырудағы аспап іспеттес жағдайы қарастырылған болатын. Ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеудің дамуы туралы ақпарат қарастырылған.

Дегенменен, ауыл шаруашылығындағы негізгі мақсаттар, нарық қатынас жағдайындағы кейбір негізгі мәселелері әлі де болса шешілмей келеді. Олар, ауылдағы тауар өндірушілердің өнімділігін көтеру, тиімділігін арттыру, өнім өндірудегі шығынның көптігі, тауар өндірушілердің табысының төмендігі, өндірістегі өнім өндірушілермен ауыл шаруашылығындағы өнім өндірушілердің өнімдерінің баға айырмашылығының алшақтығы, көптеген ауылдағы өнім өндірушілерінің зиянға ұшырауы. Тәжірибелік сараптамалардың нәтижесіне қарағанда, республиканың ауыл шаруашылық саласының сапалы, кең көлемде өнім өндіруге мүмкіндігінің жеткілікті екендігін көрсетуде.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы», Астана, 2011 жылғы ақпан //Егемен Қазақстан, 2011 жыл.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» 2014 жылғы 11 қараша.
3. Елбасы – Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұсынған Бес институционалдық реформаны жүзеге асырудағы «100 нақты қадам».

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Керимбек А.К.

ЗЕЛЕНОЕ ФИНАНСИРОВАНИЕ- ИНВЕСТИЦИЯ В БУДУЩЕЕ СТРАНЫ

Узакбаева А.М.

Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова

С каждым десятилетием экономика развивается ускоренными темпами, запросы и стандарты качества жизни человечества возрастают, растет и темп демографического роста, что привело к истощению природных ресурсов планеты. Большинство стран мира, придя к осознанию фатальных экологических потерь от промышленного экономического роста, переходят на различные концепции и модели устойчивого развития, одна из которых – модель «зеленой» экономики. Южная Корея- первая страна, утвердившая реализацию концепции «зеленого» роста во главе национальной стратегии развития государства.

«Зеленая» экономика- это тип экономики, сущностью которой является - рациональное и экономное использование исчерпаемых и неисчерпаемых природных ресурсов, сохраняя благосостояние общества, обеспечение возвращения продуктов конечного пользования в производственный цикл.

В Казахстане Концепция перехода государства к «зеленой» экономике была утверждена указом Первого Президента в мае 2013 года. Концепция реализуется в три этапа(рис1). 3-4 млрд. долл. США- ежегодная сумма инвестиций в зеленую экономику.



Рисунок 1. Сроки перехода Казахстана к зеленой экономике (2013-2050гг.) источник: министерство энергетики РК, ФНБ «Самрук-Казына»

На пути внедрения и развития программы «зеленой» экономики, государство планирует инвестирование в 10 ключевых секторов экономики:

1. сельское хозяйство;
2. жилищно-коммунальное хозяйство;
3. энергетика;
4. рыболовство;

5. лесное хозяйство;
6. промышленность;
7. туризм;
8. транспорт;
9. утилизация и переработка отходов;
10. управление водными ресурсами.

Глобальность, актуальность и сложность реализации данной программы обуславливает ее необходимость в широкомасштабных инвестициях со стороны как государства, так и частного сектора. В связи с этим в современной экономике существует понятие зеленых финансов.

Зеленые финансы – это инвестиции и другие финансовые инструменты, направленные на реализацию экологически чистых, энергоэффективных и низкоуглеродных проектов. Зеленые облигации, льготное кредитование, субсидии на зеленые проекты являются основными инструментами зеленого финансирования. Указанные финансовые инструменты позволяют зеленым проектам развиваться, что невозможно при стандартных финансовых условиях. [1]

«Зеленые» облигации – это долговые ценные бумаги, создающие дополнительные источники фондирования «зеленых» проектов. Их выпуск способствует достижению экономических целей, а также позволяет улучшить экологическую обстановку в стране, а также за счет сокращения и регулирования выбросов углекислого газа помогает в борьбе с изменением климата. Выпуск «зеленых» облигаций – важная ступень для дальнейшего развития финансовой системы Казахстана. Для развития низкоуглеродной экономики ПРООН, при поддержке партнеров, продолжает работу над созданием, реализацией и глобализацией финансовых инструментов, основная цель которых - развитие «зеленых» проектов, а это: энергосервисные контракты (для жилых домов, факторинга и кредитных гарантий) , для малых предприятий в области энергоэффективности. Программа развития ООН также работает над выпуском масштабных «зеленых» облигаций и проектных аукционов с целью строительства крупных генерирующих мощностей на основе возобновляемых источников энергии.

Одно из существенных мест в направлении развития Казахстана занимает охрана окружающей среды, в связи с этим предпринимаются комплекс мер и программ по озеленению страны. К ноябрю 2020 года инвестиции, направленные на охрану окружающей среды, составили 147,7 млрд тг — на 30,9% больше, чем в аналогичном периоде прошлого года. Казахстан планирует высадить 2 млрд деревьев в лесном фонде и 15 млн деревьев в населённых пунктах в течение последующих пяти лет.

Путем выпуска «зелёных» облигаций , местные исполнительные органы могут осуществлять привлечение финансирования в городские проекты, направленные на озеленение регионов, сохранение природных ресурсов развитие

экологического транспорта, улучшение охраны флоры и фауны, достижение результатов в защите окружающей среды. Акиматы областей и городов республиканского значения имеют возможность выпуска «зелёных» облигаций через биржу МФЦА (AIX).

Объём выпущенных государственных ценных бумаг местных исполнительных органов по состоянию на январь 2021 года составил 1,1 трлн тг. Лидером по привлечению инвестиций является акимат города Алматы: 143 млрд тг. В ТОП-3 крупнейших муниципальных эмитентов также вошли Нур-Султан (103,6 млрд тг) и Туркестанская область (94,6 млрд тг). (рис2) Выпуск «зелёных» облигаций станет дополнительным источником финансирования для реализации муниципальных проектов с учетом того, что привлечение средств через биржу — распространённый инструмент для МИО.



Рисунок2.

Из года в год на мировом рынке как инструмент устойчивой экономической политики набирает популярность выпуск «зелёных» суверенных облигаций. Уже 17 стран для финансирования «зелёных» проектов выпустили суверенные «зелёные» облигации на сумму более 80 млрд долл. США. Среди них Бельгия, Чили, Египет, Франция, Германия, Гонконг, Венгрия, Швеция, Индонезия, Нидерланды, Польша и др. В 2021 году по данным Climate Bonds Initiative ещё 14 стран начнут выпуск суверенных «зелёных» облигаций. (рис3)




Рисунок 3. Объем выпуска суверенных «зеленых» облигаций в мире. По данным на июль 2020 года (млн долл. США) Источник: Ranking.kz на основе данных OECD.org

Предыдущий год стал стартовым для нашей страны в области развития «зелёного» финансирования. Так, в августе 2020 года в торговой системе фондовой биржи АИХ Фонд «Даму» выпустил свои первые «зелёные» облигации. Средства полученные от размещения облигаций через банки второго уровня и микрофинансовые организации будут направлены для дальнейшего кредитования субъектов малого и среднего бизнеса, осуществляющие «зелёные» проекты.

Центр «зелёных» финансов МФЦА оказывает основную поддержку в выпуске «зелёных» облигаций, а это: консалтинговое сопровождение потенциальных эмитентов «зелёных» облигаций, содействие заинтересованным лицам в создании стратегической и концептуальной базы развития «зелёных» финансов. Центр в феврале 2020 года осуществил запуск программы субсидирования расходов эмитентов связанных с приобретением внешнего обзора «зелёных» облигаций.

Евразийский банк развития (ЕАБР) в июле прошлого года стал акционером Центра «зелёных» финансов МФЦА. Значимость события в том, что два института будут содействовать реализации и совершенствованию инструментов «зелёного» финансирования в Евразийском регионе. В целом МФЦА имеет уникальную и преимущественную возможность стать региональным лидером в сфере «зелёных» финансов, способствующим развитию и управлению инструментами «зелёного» финансирования в Центральноазиатском и Восточно-Европейском регионах, связав на своей площадке лучшие мировые практики Запада и Востока. [2]

В пределах Соглашения взаимодействия Программы развития ООН и фонда «Даму» предусмотрено льготное финансирование для развития проектов по возобновляемым источникам энергии (ВИЭ) малой и средней мощности: ПРООН субсидирует часть купонной ставки по облигациям, и для конечных получателей финансирование удешевляется.

Рынок «зеленых» облигаций еще в начале своего становления, а потребность в нем достаточно большая. К примеру, сейчас Министерство экологии, геологии и природных ресурсов РК прорабатывает программу по утилизации твердых бытовых отходов (ТБО) и такой инструмент, как «зеленые» облигации, может быть использован в этом направлении. Данный инструмент применим также в проектах по модернизации тепловых и электрических сетей в крупных центрах, реализации проектов ВИЭ и т.д. Есть вероятность, что в будущем наличие эффективного национального рынка «зеленых» облигаций будет привлекать и иностранных эмитентов, заинтересованных в участии реализации «зеленых» проектов.

Также объектами льготного финансирования могут стать субъекты МСБ, крестьянские и фермерские хозяйства, реализующие и внедряющие проекты по использованию солнечной электрогенерации и/или солнечных коллекторов для горячего водоснабжения или отопления. Например, в южных регионах страны актуальным направлением для крестьянских хозяйств является солнечные электрические станции; в северных регионах - котельные на биомассе (прессованная солома).

На сегодняшний день мировой рынок «зеленых» финансов развивается и расширяется быстрыми темпами. Кумулятивный объем выпущенных «зелёных» облигаций к концу предыдущего года составил более 1 трлн долл. США. (Рис4). В 2020 году, несмотря на влияние пандемии COVID-19, были выпущены облигации на сумму 222,8 млрд долл. США.




Рисунок 4.

Сектор энергетики занимает основную долю в выпуске «зелёных» облигаций (35%), далее идут отрасли строительства и транспорта (26% и 19% соответственно). Самые крупные мировые эмитенты «зелёных» облигаций — США, Китай, Франция, Германия и Нидерланды.

В последние годы в мире приоритетное значение уделяется рационализации природных ресурсов. Правительства стран стали активнее предпринимать меры по использованию возобновляемых источников энергии и немедленному реагированию на угрозу изменения климата.

Казахстан, следуя примеру ведущих стран, занимается активным развитием и сохранением экологии региона. В государстве осуществляется программа перехода к «зелёной» экономике, целью которой по достижению 2050 года является 50% доля альтернативной и возобновляемой электроэнергетики энергобаланса страны.

Предыдущий год стал стартовым для нашей страны в области развития «зелёного» финансирования. Так, в августе 2020 года в торговой системе фондовой биржи АИХ Фонд «Даму» выпустил свои первые «зелёные» облигации.

Центр «зелёных» финансов МФЦА оказывает основную поддержку в выпуске «зелёных» облигаций, а это: консалтинговое сопровождение потенциальных эмитентов «зелёных» облигаций, содействие заинтересованным лицам в создании стратегической и концептуальной базы развития «зелёных» финансов. Центр в феврале 2020 года осуществил запуск программы субсидирования расходов эмитентов связанных с приобретением внешнего обзора «зелёных» облигаций.

Объём выпущенных государственных ценных бумаг местных исполнительных органов по состоянию на январь 2021 года составил 1,1 трлн тг.

Лидером по привлечению инвестиций является акимат города Алматы: 143 млрд тг. В ТОП-3 крупнейших муниципальных эмитентов также вошли Нур-Султан (103,6 млрд тг) и Туркестанская область (94,6 млрд тг). (рис2) Выпуск «зелёных» облигаций станет дополнительным источником финансирования для реализации муниципальных проектов с учетом того, что привлечение средств через биржу — распространённый инструмент для МИО.

По данным единого экологического интернет- ресурса Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК, к 2050 преобразования в рамках Концепции Казахстана по переходу к «зеленой» экономике дополнительно увеличат ВВП на 3%, создадут выше 500 тыс. новых рабочих мест, сформируют новые промышленные отрасли и сферы услуг, обеспечат более высокие стандарты качества жизни для населения страны. «Зеленые» облигации, являясь привлекательным финансовым инструментом, будут способствовать дальнейшему улучшению инвестиционного климата страны и всего региона. Создавая условия для выпуска «зеленых» ценных бумаг и развивая их рынок, в будущем Казахстан имеет возможность привлечь в свои финансовые центры иностранных эмитентов.

Использованные источники:

1. <https://aifc.kz/ru/green-finance/>
2. <http://ranking.kz/ru/a/infopovody/v-ohranu-okruzhayushej-sredy-kazahstana-bylo-vlozheno-148-milliardov-tenge-na-31-bolshe-chem-godom-ranee>
3. <https://strategy2050.kz/ru/news/zelenaya-ekonomika-kak-osoznannyy-vybor-kazahstana/>
4. <https://www.greenkaz.org/index.php/informatsiya/zelenaya-ekonomika>
5. https://forbes.kz/process/ecobusiness/zachem_kazahstanu_nujnyi_zelenyie_obligatsii

Научный руководитель: **ст.преподаватель, магистр
ТасмаганбетоваС.Ж.**

ГЛОБАЛИЗАЦИЯ И РЕГИОНАЛИЗАЦИЯ: СОГЛАСОВАННОЕ ИЛИ ПРОТИВОРЕЧИВОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ, ПОИСК КОМПРОМИССА

Хайролла Ж.

Международный университет Астана (AIU)

В современном «многовекторно» развивающемся мире значениеглобализации неумемно: ведь, речь идет не только о цифровой и сетевой

глобализации, но и о возможностях экономической, политической, культурной, религиозной глобализаций.

По теории игр каждый участник стремится разработать наиболее выигрышную стратегию для осуществления своих интересов. Этой же тенденцией пользуются страны-участники мировой экономики. Так как площадь нашей игры – мировая площадка, в процессе глобализации число стран с отрицательным исходом соответствующее. Проигрывающие участники разрабатывают стратегии, с помощью которых и они могут быть в выигрыше. Одной из таких стратегий наряду с транснационализацией и пост-индустриализацией является – регионализация. Таким образом, возникает дилемма биполярности глобализации и регионализации, как концепции в согласованном или противоречивом взаимодействиях. В поисках решения этой дилеммы следует рассмотреть глобализацию и регионализацию с точки зрения экономики.

Одним из векторов глобализации является глобальная, то есть, мировая экономика. С точки зрения общемировой экономики, глобализация есть процесс усиления взаимоотношений между мировыми хозяйствами, что приводит к таким позитивным результатам как: вовлеченность в международную финансовую систему, возможность активного участия в международной торговле. Если бы не было параллельно всплывающих негативных сторон, то казалось, этот процесс привел к равномерному распределению экономических благ. Де факто, рейтинг глобализации. Расчет ведется шведским экономическим институтом КОФ, в нем совокупность индексов экономической, социальной и политической глобализации дает уровень глобализации в целом. В 2017 году с индексом глобализации 92,84 рейтинг возглавила Западноевропейская страна – Нидерланды (а в рейтинге индекса экономической глобализации – Сингапур, 97,77). Стоит отметить, что Казахстан в нем находится на 90 строчек ниже, чем Нидерланды, на 91 месте с показателем в 56,08. А с низким показателем из 193 стран предстали Соломоновы Острова с отметкой 23,98, остальные 194–207 страны показали отрицательный результат. По сравнению с 2012 годом, когда 187 из 207 сумели выявить какой-либо уровень глобализации, рейтинг 2017 года с 193 странами из 207 указывает на то, что глобализация является мировым трендом, который трудно избежать [1].

Не все мировые субъекты имеют возможность достичь того же уровня, что и передовые экономически сложившиеся страны, в силу культурных, религиозных, социальных, политических, территориальных факторов. Экономические блага распределяются неравномерно, что ведет к «размыванию и обесцениванию привычных регулирующих функций национального государства». Лишь 118 стран из 207 сумели преодолеть отметку в 50 процентов. Страны с проигрышной ситуацией разрабатывают стратегии, с

помощью которых и они могут быть в выигрыше. Одной из таких стратегий является регионализация [2, с. 21].

Регионализация имеет два концептуальных смысла: мезо-уровня и макроуровня регионализации. Регионализация мезо-уровня есть внутрисударственный регионализм, направленный на вовлечение региональных органов государства в регулировании экономических, социальных, политических аспектах. Своеобразным примером можно отметить Российскую Федерацию, в силу обширности территории, государство обязано передать полномочия, касающиеся регионального развития непосредственно в региональные организации для эффективного равномерного развития экономики, как в центральных регионах, так и в периферийных. А КНДР, модель, претерпевающая изменения в мировой площадке (28 апреля 2018 года встреча лидеров КНДР и Южной Кореи), стремится вывести свою регионализацию на макроуровень, а также в дальнейшем стать частью глобализации (также стремится наладить отношения с США, активным участником глобализации) [3, с. 3-11].

Регионализация макроуровня, также известная под названием «международный регионализм» подразумевает усиление взаимодействий между соседствующими странами, схожих культурой, социумом и экономическим потенциалом. Ярким примером такого взаимодействия является Европейский Союз. Однако и оно не обнаруживает идеализма, в 2016 Великобритания объявила свой выход из ЕС, процесс этот известен под наименованием «Brexit». Таким образом, регионализация в целом - феномен универсальный, но не утопический с точки зрения национальных государств [4, с. 13].

В век глобализации и регионализации Казахстан развивает как глобальные, так и региональные взаимодействия. В 2017 году вошел в число ВТО, с 2015 член ЕАЭС, и состоит во многих других организациях мировой и региональной интеграции. Подобной позиции придерживается большинство мировых субъектов.

Подводя итоги, можно сказать, дилемма биполярности глобализации и регионализации отчасти разрешается тем, что они согласованны «и» противоречивы. Говоря математически, глобализация и регионализация есть коллинеарные векторы, своеобразные инструменты мировых хозяйств на пути внешнего и внутреннего развития.

Использованные источники:

1. Сайт TheStatisticsPortal. – ссылка <https://www.statista.com/statistics/268168/globalization-index-by-country/>
2. Шишков. Ю. Регионализация и глобализация мировой экономики: альтернатива или взаимодополнение? Мировая экономика и международные отношения. – Мир, №3. 2008.

3. Ачкасов. В. А. Что такое регионализация? – Вестник Санкт-Петербургского университета, №3, 2006.
4. Коломиец. Т. И. Глобализация и регионализация как тенденции современного мирового развития. – Томский государственный университет, 2003

АГРАРЛЫҚ САЛАНЫ ДАМУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ САЯСАТЫН ТАЛДАУ

Шадиева А.А., Жаздыкбаева Д.П.

Орталық Азия инновациялық университеті (Мардан Сапарбаев институты)

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында аграрлық сектордың дамуын мемлекеттік реттеу саясаты келесі формаларда жүзеге асырылады:

- АӨК субъектілері, мемлекеттік сатып алушылар қатынастарында субсидияларды дамыту және басқа да көптеген мемлекеттік қолдау түрлері;

- Өндірістік негізгі құралдарды – ауыл шаруашылық техникасының жабдықтарын, паркін, мал басын жаңарту үшін жағдайларды қолдайтын түрлі қаржылық құралдарды пайдалану;

- АӨК субъектілері үшін несиелік және қаржылық құралдарға қол жетімділікті дамыту;

- инвестицияларды максимизациялау үшін АӨК жобаларын дамыту үшін қажетті жағдайларды дайындау;

- өнім экспортын қолдау;

- ветеринариялық және фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қызметтерді ұсыну;

- Қазақстан Республикасында агробизнесті жедел дамыту үшін қажетті көлік, су, қойма және басқа инфрақұрылымды сақтау мен дамытудың жолдары болады;

- экономикадағы салалық ғылымды дамыту және агротехнологиялық білімді кеңінен тарату;

- мемлекеттік бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылау.

Біздің елде ақшалай және қаржылық қолдау құралдары басым.

Жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіне қарамастан, бірнеше кемшіліктер бар:

- ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің (АШТӨ) қолданыстағы бірқатар субсидияларға әлсіз қызығушылығына байланысты тиімсіз (1 гектар майлы дақылдарға, дәнді дақылдарға, сондай-ақ бірқатар дақылдарға субсидиялар, 1 бас ірі қара малға жем және т.б.);

- субсидияларды орталықтандыру жоғары шығындармен байланысты;

- ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне субсидия беруді кешіктіру;

- оларды бөлу тетіктері нарықтық бағаларды бұрмалауына алып келеді;

- субсидияларды алу бойынша олардың атаулары мүлдем жеткіліксіз бақыланып отырады [1].

2018 жылы бидайдың максималды өндірісі жоғары сапалы өніммен қамтамасыз етілуіне байланысты болды, бұл өнімді экспорттауда біршама қиындықтар туғызды, сонымен қатар астық тасымалдау мен сақтау қызметтеріндегі жетіспеушіліктер туындады. Сондай-ақ майлы дақылдарды сақтайтын қоймалар жетіспейді және фермерлердің кәсіби деңгейі төмен. Жүгері мен соя өндірісінде ұсақ өндіріс өнімділіктің төмендігіне, сондай-ақ оларды қайта өңдеудегі проблемаларға әкеледі. Жемістер мен көкөністер өндірісінің негізгі тежегіштері - бұл шағын өндірушілер арасында бөлінетін суармалы жердің жетіспеушілігі, сақтау қоймаларының жетіспеушілігі, сонымен қатар оларды қайта өңдеу салалары үшін шикізат деңгейінің төмендігі, бұл біздің нарықтағы импорттық өнімге тәуелділіктің артуына алып келеді [2].

2019 жылы азықтық дақылдарға арналған егістік алқаптардың ауданы 2484,3 мың га құрады, оның 78 мың га жиналған жүгері, оның 197,2 мың га қысқа мерзімді біржылдық шөптер және 1780,1 мың га. көпжылдық шөптер. Бұл нарықта мал өнімдерінің басым бөлігі жеке мамандандырылған шаруашылықтарда өндіріледі, бұл өнімділіктің төмендігіне әкеледі, бұл ішкі нарықтағы сұраныстың артуын қамтамасыз ете алмайды, бұл шығындардың жоғарылауына және бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуіне, импортқа тәуелділіктің артуына әкеледі. Сонымен қатар, барлық ет түрлерінің негізгі өндірушілері әлі күнге дейін халық шаруашылығы болып табылады, олар 2018 жылдың 1 қаңтарына ірі қара малдың 76,7%, қой мен ешкінің 67%, шошқаның 72,5%, жылқының 62,7% және 40, 9% құстар болып саналады. Мұнда мал шаруашылық өнімділік көрсеткіштері халықаралық көрсеткіштерден әлдеқайда төмен болады.


Қазақстандағы мал өнімділігі төмен болуының басты себептерінің бірі - ауылшаруашылығында асыл тұқымды мал санының аздығы, сапасыз мал азығы, оларды күтуге жағдайдың жеткіліксіздігі. Мал шаруашылығының басым бөлігі халық шаруашылығына шоғырланғандықтан, мал шаруашылығы генетикалық сипатқа ие емес, демек, өнімділіктің төмендігі, оларды күту мен тамақтандыруда заманауи технологияларды қолданбау, жануарлардың денсаулығына аз көңіл бөлу.

Ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеуді талдау кезінде қайта өңдеу өнімдерінің экспорты мен импортының теңдігі көбіне Қазақстан нарығының өнім бөлігінің импортына тәуелді екендігі айқын болады.

2019 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда төрт түрлі тамақ өнімдерін тұтынудың өсуі байқалды: балық және теңіз өнімдері 10,6%, жемістер 3,3%, ет және ет өнімдері - 1,3%, жұмыртқа 0,5%.

Айына орташа есеппен жан басына шаққандағы азық-түлік өнімдерінің жан басына шаққандағы мөлшері: картоп - 4 кг, бірінші сортты бидай ұнынан жасалған нан - 2,9 кг, сиыр еті - 2 кг, шикі сүт - 1,7 литр, айран - 1,4 л, жұмыртқа - 16,2 дана,

алма - 1,6 кг, қант - 1,5 кг, күріш - 1,3 кг, макарон - 1 кг, жаңадан ауланған немесе салқындатылған балық - 0,7 кг, қара шай - 0,1 кг.



Деректердің көзі: ҚР Статистика агенттігі

1 - сурет. Азық-түлік өнімдерінің негізгі топтарын тұтыну үлестері, %

Нарықта үкіметтік емес ұжымдық-ұйымдардың өздері дайындаған тамақ өнімдерін анықтаулары үшін түрлі шараларды атқару құқықтарын беретін мүмкіндіктерін барынша пысықтау болу қажет еді [3].

Қазіргі уақытта жүн мен былғары өңдеудің, яғни илегіш шикізаттың көлемі өте төмен болып қалып отыр және болашақта олардың көлемі ұлғаяды деп сенеміз. Бұл тауарларға деген сұраныстың аздығынан болуы мүмкін. Олар жуылған және тазартылған жүн мен өңделген терілер мен терілердің үлесін арттыру үшін жеңіл және тоқыма өнеркәсібінің дамуына үлес қосады.

Халықаралық нарықты қорғау шаралары мен іс-әрекеттері идеологиялық тұрғыдан қолдауға ие болады. Ол үшін тұрғындарды отандық азық-түлікті күнделікті тұтынуға ынталандыру үшін нарықты алға тарта отырып, халықтың біздің отандық өнімге деген сенімін арттыру үшін ауқымды науқан немесе мотивациялық шаралар жүргізу қажет.

2014 жылдан бастап экономиканы көтеру үшін берілген несиелер көлемі қаржыландыруға қол жеткізу шараларын талдау үшін шамамен 18 есе өсті. Осы кезеңде екінші деңгейлі банктерден (ЕДБ) ауыл шаруашылығына арналған несиелер де өсті.

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Қаз Агро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ («ҚазАгро» ҰБХ» АҚ) және екінші деңгейлі банктердің (ЕДБ) агроөнеркәсіптік кешеніндегі еншілес ұйымдарының несиелік портфелі 595 млрд теңгені құрады. Әрине, 2014 жылы ұлттық валютаның девальвациясы ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің тиімділігіне де кері әсерін тигізеді. Нәтижесінде ауыл шаруашылығында барлық ауылшаруашылық кәсіпорындары алдындағы несиелік міндеттемелер мен несиелер бойынша қарыздың негізгі

бөлігін төлеу бойынша жоғары пайыздық мөлшерлеме болады. Осыған байланысты несиелер мен жобаларды қайта құрылымдау және жанама қаржыландыру, сондай-ақ фермерлердің барлық қолданыстағы қарыздарын өтеу үшін максималды қаржыландыру есебінен АӨК субъектілерін бірыңғай қаржылық нысанда барынша қалпына келтіру шараларын қабылдау қажет болды.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің тұрақты өсуі, ең алдымен, инфляция мен тиімді дақылдарға (дәнді, майлы дақылдар) ауысуға байланысты қалыптасады.

Ірі қара малдың (ірі қара) санының өсуі мардымсыз - 2014 жылғы 6 032,7 мыңнан 2019 жылы 7 437,6 мыңға дейін. Ұсақ мал (қой мен ешкі) саны 2019 жылдың соңына қарай 19 092,0 мың басты құрады, жылқы саны - 2825,9 мың бас, құс - 45197,1 мың бас.

Соңғы бес жылда Қазақстанда ауылшаруашылық өндірісі 1,4 есеге өсті, ауылшаруашылық өнімдерінің жалпы экспорты 2018 жылы 24,5% өсті, оның ішінде өңделген өнімдер экспорты 3,5% өсті. Сонымен бірге аграрлық сектордың абсолютті көрсеткіштері сәл өсіп, әлемдік стандарттардан едәуір артта қалды [4].

Ауыл шаруашылығын несиелік ресурстармен қамтамасыз етудегі ең үлкен үлесті агробизнеске жүзеге асырылған инвестициялық жобалардың елу пайызын қаржыландырған «ҚазАгро» ҰБХ»АҚ алды.

Ветеринарлық қауіпсіздік ауыл шаруашылығында ерекше орын алады. Тұрақсыз эпизоотиялық жағдай агробизнесінің өсуіне негізгі қауіп болып табылады. Шекара маңындағы аймақтар мен аймақтар ауруға тез шалдығады, одан инфекциялар елдің басқа аймақтарына таралады. 2014 жылы көптеген жұқпалы аурулардың 227 орталығы анықталды, нәтижесінде Қазақстан аймақтарында мал шаруашылығы өнімін экспорттауға тыйым салынды.

Малдарды зерттеу жағдайында тамақ қауіпсіздігінің жүйелерін дамытулары біршама факторларды тежеулеріне ие болады. Бұл жерде мал басының көп бөлігі жеке өз үй шаруашылықтарында болады, ал бұл болса ветеринариялық бақылауды өте қиындатады.

Нарықтық экономиканың қазіргі уақытында өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласында заңнамалық базаның бар болуына қарамай олардың іс-қимылдары орынды дәрежеде мүлдем ыңғайлы емес болады.

Қорыта келе, мемлекет тарапынан жасалынатын аграрлық саладағы тауар өндірушілерді қолдау шаралары агроөнеркәсіптік саланың қарқынды дамуына септігін тигізіп, мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Есполов Т.И. АПК Казахстана: ресурсное развитие. -Алматы: Ғылым. 2001, 248 с.
2. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаржы қаражаттарына, сондай-ақ, лизинг негізінде технологиялық жабдықтарға деген қол

жетімділігін қамтамасыз ету арқылы республиканың аграрлық секторының дамуына қолдау жасау. «ҚазАгроҚаржы» АҚ// www.kaf.kz

3. Аграрлық сала мемлекет қамқорлығында//http://i-news.kz/news/2011/12/12/6190805-agrarlyk_sala_meleket_kamkorlygynda.html
4. Қазақстан цифрларда. Статистикалық жинақ. Алматы: ҚР статистика Агенттігі. 2013-2019 жж.

№8 СЕКЦИЯ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ:
ҚАЗІРГІ УАҚЫТ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

СЕКЦИЯ №8
ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ:
НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

SECTION №8
DEVELOPMENT OPPORTUNITIES OF THE CREATIVE SPECIALTIES:
PRESENT AND FUTURE

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ХОРҒА
АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Алиева А.К., Әліпбай А.
arajlym.alieva.79@mail.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Мемлекетіміздің 2030 жылға дейінгі стратегиялық халқымыздың рухани ғылыми және шығармашылық қабілеті жоғары болған жағдайда ғана Қазақстанның дамуындағы ұзақ мерзімге межелеген мақсаттарға жетуге болатындығын айқындап берді. Білімнің айрықша басымдылық алуы қазіргі қоғамдық прогрестің заңдылықтарынан туындайды. Өрісі биік білімдар адамдар мемлекеттің экономикалық даму деңгейін анықтайды. Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың жедел дамыған уақытында құзыретті тұлғаны қалыптастыру қажеттілігі туындап отырғаны бізге мәлім.

Қоғам адамның құзыреттілік көлемін қамтамасыз етпейінше, ешқашанда рухани және материалдық бай бола алмаймыз. Сондықтанда болашақ мұғалімдерді шығармашылық тұрғысынан жетілдіру, өмірдің ең биік әсемдігін, көркемдігін сезіну, қабыл алу, олардың рухани мәдениетін нақтылау, білімін, шығармашылық қабілеттерін, құзыреттілігін дамыту мәселесі қазіргі кезде жалпы мемлекеттік міндеттер деңгейіне көтерілді [1].

Ендеше алдағы уақыттың өткен күннен де шуақты өтуіне дәнекер болып, білім алушыларды болашаққа жетелейтін ықпал білім мен дағдыға тән. Еліміздің болашағы бүгінгі жоғары білім алып жатырған жастарымыздың қолында. жастарға талап қойып, олардың туа біткен қабілеттерін нақтылап, соған мақсаттап оқыту - бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналып отыр.

Басты мақсат - әрбір білім алушыға білім, дағды мен мәдениеттің негізін беру және олардың дамуына ыңғайлы жағдай жасау.

Қазіргі таңда егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі, бағыты қолданылып, әлемдік білім беру кеңістігінде бағыт алынуда. Себебі, білім берудің мазмұны жаңғырып, жаңа көзқарас, жаңа байланыс пайда болды [2]. Білім кеңістігінде жаңғырту - мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығының жемісінің арқасы. Әрбір студенттің қабілетіне байланысты білім беру, оның дербестігін, ізденімпаздығын, шығармашылығын дамытуды жүзеге асыратын жаңартылған, жаңғырған педагогикалық технологияларды меңгеруге зор бетбұрыс жасалуы қажет. Себебі, мемлекеттің бүгінгі білім стандарты оқу үрдісін ұйымдастыруда оқытудың тиімді әдіс - тәсілдері мен құралдарын ұтымды пайдалануды міндеттейді және қолданады.

Қоғамдағы ортаның ілгерілеу түрлерінің дамытушылық жұмысының, кәсіби құзыретті маман қалыптастыруға ұлттық моделін дамытуына, бағыт алу сияқты мақсаттардың орындалуы анықталып отыр.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің мақсат - міндеттері жалпыадамзаттық қағидалар, ғылым мен білім және практикалық жұмыстардағы жеткен биігі адамзатты дамытуға, шыңдауға сонымен қатар қалыптастыруға бағытталған құнды байлыққа жетелеуге жағдай жасақтап, қазіргі заман технологияларымен қатар оқытудың, сонымен бірге мамандыққа тікелей бағыт алу бағдарламаларының бағытының күнде өзгеріп құбылып отыратындығын оның тез бейімделуін алға тарта отырып қажет ететін қашықтықтан оқыту, кредиттік оқыту және ақпараттық коммуникациялық технологияларды енгізу, қолданысқа алу» деп атап көрсеткендей қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің болашаққа жоспарлап қойған негізгі мақсат - міндеттерінің бір түрі - білім алудың жаңа әдіс пен тәсілдерін ұдайы жанартып және әртүрлі музыкалық педагогикалық ақпараттық технологияларды игеру [3, 5-б.].

Қазақ халқының жерінде ағартушылық идеаның байрағын бірінші рет көтерген А.Құнанбаев пен Ы.Алтынсаринның ой пікірлерінде мұғалім, ұстаз туралы ойлары айқын орын алады. А.Құнанбаевтың «Адам баласы көзімен көріп, құлақпен естіп, қолымен ұстап, тілімен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады», «адам баласы туа есті болмайды. Естіп, ұстап, татып, ғұламалардың айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады» деген көзқарасынан біліктілігі мен дағдысы, мақсаты айқын, жетілген кәсіби құзыретті маман даярланатындығын тұжырымдаймыз.

Жалпы алғанда, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оның жан - жақты білімі, кәсіби шеберлігі, білімді меңгерудің жаңа әдістерін үйренуімен айқындалады. Мұғалімнің көп бағыттылығы, білімі, дағдысы шығармашылық қабілеті өте жоғары болса, оның құзыреттілігі де қабілеті де жоғары болары сөзсіз. «Құзыреттілік» - адамгершілік тұрғыдан, әлеуметтік - экономикалық тұрғысынан және психо - педагогикалық түрлерін игеруі, жұмысты болған жағдайларға

икемдеулері, шешім қабылдауға деген ынтасының дайындығын бағалайды. Сонымен қатар сабақ үстінде тиімді әдістер орындай отырып, тәжірибелік әдістерді пайдалануға нұсқау жасайды. Бұл жерде педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген ғылым қайраткері Т.Браже: «Құзырлылық - тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті» дейді. Қазіргі таңда мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс жасауы үшін кәсіби біліктілігі болуы аса қажет. Әдістемелік – дағдылармен қатар жұмыстарды саралап, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары білім алушыларды тәрбиелеу мақсатында біліктілігін арттырғаны дұрыс. Психологиялық - педагогикалық тұрғыда сауаттылығын арттырып, меңгеріп, құзырлылық ұстанымдарының ережелерін ескеруі тиіс.

Болашақ маманның құзыреттілігін қазіргі таңда жұмыстың қай саласы болса да, демек маман өзінің бағытында ой - толғамын нығайтуын, кәсіби шеберлігін, бойындағы білімін қолдану ғана емес, үнемі сұранысқа ие болатындай ізденіс үстінде болуға талап қояды. А.Ф. Присяжная педагогика ғылымының құзыреттіліктің қасиетіне - жеке тұлғаның бір мақсаттағы түрлері мен оның нақтылығын айқындайтынын айтады. Жалпы педагогика саласында «Құзыреттілік ұғымы - қазіргі кездегі тұлғаның субъектілік тәжірибесіне бөлек көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым «құзыреттілік» тұрғысынан Қ.Құдайбергенова қарастырды.

Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан - жақты хабардар білгір деген мағынаны мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді [4, 30-б.].

Б.Тұрғынбаева бұл жайында «... адамзат өзінің әрекеті арқылы білген практикалық білімдерін алдағы уақыттағы мәселелерін шешуде тиімді пайдалануын - құзырлылықтардың жиынтығы деп айтамыз» десе, шетел ғалымы Н.Кузьминаның ойынша «Құзырлылық - мұғалімнің өзге адамның білім алуына септігін тигізетін дағдылығы, білімділігі, зайырлығы мен беделдігі» деп тоқталып отыр.

Айта келе, кәсіби құзырлы маман ретінде өзі таңдаған мамандығының қыр сырын жақсы білетін, білім алушының творчествосына ыңғай білдіретін, жеке адами тұрғысынан жоғары, мұғалімдік дағдысы мен қимыл әрекетін бірізділікпен атқара алатын, заманауи ақпараттық коммуникациялық технологияларды игерген, өз еліміздің, шет елдік тәжірибелерді өз ісінде қолдана алатын кәсіби құзырлы маман ұстазды атап айтқымыз келеді.

Музыканың қалыптасу тарихымен көрнекті теоретик - педагогтар айналысты: О.А.Апраксина, Л.Г.Арчажникова, Б.В.Асафьев, Д.Б.Кабалевский, Э.Б.Абдуллин, сонымен қатар Қазақстандық педагог - ғалымдар М.Х.Балтабаев, Р.Р.Жардемалиева музыка оқулығының бағдарламаларының авторлары Ш.Б.Кульманова, С.Е. Еламанова тағы басқалар [5,6,7,8,9,10,11,12].

Ресейдің халық әртісі А.В.Свешникова ән өнеріне мынадай баға береді: «Ән салу ғажайып өнер. Ол ең ұлы өнерлердің бір - бірінен саналуға тұрарлық. Ән адамның жан сезімін оятып, жүректің ең нәзік қылын қозғайды және адам нені сүйіп, не нәрсеге жан - тәнімен берілсе, оның бүкіл... сезімін тудырады. Хор әні - халықтың бүкіл музыкалық мәдениетінің негізгі, музыкалық тәрбие мен тәрбие берудің ең ықпалды құралы», деп тұжырымдайды. Ал, академик Б.Асафьев айтқандай екі өнер саласы ән мен өлеңнің бірлестігінің арасында ән табиғаты өмірде кең тараған өнердің біріне айналып отыр. Ән айтпайтын, құлақ қойып тыңдайтын адам болмайды. Ән тыңдап, дауыстап айту адамға біткен табиғи керектілік.

Біздің елімізді хормен ән айту өнері халықтың сүйіп, өте назар салып тыңдайтын және өздері орындайтын, көпшілікті қамтитын өнер жанрының бірі болып табылады. Хор өнері халықтық өнер, себебі, оның негізгі басты мазмұны халықтың ойын - арманын, өмірге деген көзқарасын, жалпы өмір тарихын суреттейді, көркемдейді. Хор өнері халықтың көркем - эстетикалық тәрбиені насихаттауға үлкен орын алады. Академиялық хор дегеніміз өз шығармашылығында және орындаушылық өнерінде белгілі бір жоғары музыкалық оқу орнының ән айту заңдылықтарына сүйенеді. Академиялық ән айту әдісінің негізі - музыкалық дыбыстарды жабыңқы үнмен дөңгелектеп, өте жұмсақ, жағымды дауыспен айтуға талап қояды.

Халық хорлары өз жұмысын жергілікті жерлердің ұрпақтан - ұрпаққа келіп жеткен әншілік дәстүрге сүйене отырып, ұйымдастырылады. Сондықтан халық хорларының орындаушылық үлгісі және өзіне тән әншілер құрамы болады.

Қазіргі кезде музыка мамандарының алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі ата - бабаларымыздай музыканың құдіретін, күшін, әсемдігін терең түсініп, бойларына рухани құндылықтарын жан азығы етіп, өмірін нұрландыруға атсалысатын музыкалық білімді мұғалім дайындау және тәрбиелеу. Ал оның негізгі мақсаты - музыканы жан - тәнімен түсіне білу.

Нақты айтсақ мұғалімнің атқаратын орны ерекше. Білім алушының тұла бойынан білім алуға деген ынта - жігерді ояту, қалаған нәрсесіне деген баланың бейімділігін анықтай алу, оның болашаққа қойған жоспарларының, айналасына көзқарасын, дүниетанымының ауқымының қалыптасуына ұстаз міндетті түрде педагогикалық - психологиялық дағдылармен, білім нәрімен сусындатуы және қамтамасыз етілуі қажет.

Қолданылған әдебиеттер :

1. Қазақстан Республикасының президентінің Қазақстан халқына жолдауы. // Егеменді Қазақстан. 2007, № 52
2. Қазақстан Республикасының Жалпы білім беретін мектептердің тұжырымдамасы. // Қазақстан мектебі, 1992. 4 желтоқсан.

3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030». Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан, 1998, 11 қазан
4. Музыкалық білім берудің өзекті мәселелері, Суингарина Т.М., Атырау: 2017. - 5 б.
5. Құдайбергенова К.А. Құзырлылық - тұлға дамуының сапалық критерий // Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы: 2008. - 30 б.
6. Апраксина О.А. Методика музыкального воспитания в школе. - Москва: 1983. - 224 б.
7. Кабалевский Д.Б. Педагогические размышления. - Москва: 1986. - 142 б.
8. Балтабаев М.Х. Педагогическая культурология. – Алматы: 2000. - 268 б.
9. Абдуллин Э.Б. Теория и практика музыкального обучения в общеобразовательной школе // Пособия для учителя. - Москва: 1983. - 112 б.
10. Кульманова Ш.Б. Теория и практика воспитания младших школьников средствами казахской народной музыки. - Алматы: 1999. - 361 б.
11. Арчажникова Л.Г. Профессия - учитель музыки // Книга для учителя. Москва: 1984. - 111б.
12. Москва: 1984. - 111б.
13. Асафьев Б.В. Избранные статьи о музыкальном произведении и образовании. Москва – Ленинград: 1965. - 150 б.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЗАҢДЫЛЫҚТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТ САЛАСЫНДА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Бекмаганбетов О.А., Ізтұрған Н.К.

oktyabr0683@mail.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Өзектілігі: Қай салада болмасын қызмет атқарып тұрған әрбір саланың күтілетін нәтижесі болады. Дәл сондай біздің нәтиже – бұл, оқытушы еңбегінің нәтижесі, оның қызметінің заттық, рухани, ақпараттық немесе белгілі бір атақ-жетістіктер түрінде көрсетілуі, бүгінгі күндегі нарықтық қатынастардың күн талабынан туындайды. Қазақстан Республикасында нарықтық жағдайдағы дене шынықтыру мен спорт саласындағы экономикалық қатынастарды дамыту, аса күрделі маңызға ие болып келеді, осы өзекті мәселенің шешілуі көптеген қаржыландыру көздерін тиімді жолға бағыттайды. Сонымен қатар мемлекеттік, комерциялық қатынастарды қоса алғанда, дене шынықтыру мен спорттағы көрсетілетін қызметтердің сапасын жоғарғы деңгейге көтерері күмәнсіз.

Әлеуметтік-заманауи заңдылықтарға байланысты бәсекелестік дамулар «дене шынықтыру және спорт» саласының өнімі ретіндегі әдістемелік негізінде Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-экономикалық, әлеуметтік және саяси модернизациялаудың жеделдету жолында» баяндамасының құрылымынан туындаған [1], және де [2], [3] білімді гуманизациялау мен құрастырылуларына; сондай ақ, басқалардың осы саласының экономикасын негіздеудегі ғылыми құрастырылуларының жүйелі реттелулеріне байланысты тұжырымдарға сүйенген.

Бұрынғы Кеңес кеңістігінде алғашқы еңбек 1996 жылы, осы мәселе бойынша тұжырымдарды [4] қарастырғанын ескерген жөн, онда спорттық маркетингтің дамыған шет елдердегі аталған саладағы негіздері және оның құрылымдық бөлшектері, демеушілікті ұйымдастырудың кейбір сұрақтары, лицензиялау мен спорттық әрекеттерді жарнамалау келтірілген.

Жұмыстың негізгі мақсаты: Заманауи заңдылықтарға байланысты бәсекелестік дамулар жолында «Дене шынықтыру және спорт» саласының қызметтерінің қазіргі нәтижесінде әлеуметтік желіне тиімді қолдану арқылы, белгілі бір бұқаралық-спорттық іс-шараны іске асыру барысында табыс көздерін табуға болатындығын анықтау.

Дене шынықтыру және спорт саласында қызмет көрсету түрлері еңбек өнімі ретінде қарастырылады, яғни ол заттық формағы ие болмайды, бірақ материалдық қызметтерге спорттық құрылғыларды және де жоғары дәрежелі спортшыларға арнайы өнімді тауарлар шығару және т.б. жатады.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы экономикалық қатынастарды дамыту тұжырымдарын жинақтау, жинақталған заңдылықтар мен мәліметтерді талдау, экономикалық әдістермен бақылау және әдебиет көздеріндегі осы тақырыптың ашылуы мазмұндарын айқындау. Сол себепті, «дене шынықтыру мен спорт саласының қызметтері адам еңбегінің нәтижесі, оны тұтынатын көпшіліктің әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты. Бұл жағдайда өндіру нәтижесі және объекті болып табылатын - зат, яғни тауар. Бірақ бұл тауар өте қатты индивидуализацияланған және оның еңбегінің көрінісі, оның қолданушыларының тек қана жеке басының талаптарын қанағаттандырады. Қызмет түрінің басым көпшілігі дене шынықтыру және спорт саласындағы құрастырылатын және пайдаланылатын әлеуметтік мәдени - қызметтерге нақты жатады. Мысалы; егер өз командасын қолдаушылар сол команданың қатысуымен болатын ойынға барады, ал егер ол команда басқамен ауыстырылса бұл әрекет басқаша сипат алуы мүмкін. Яғни, дене шынықтыру мен спорттық жарыстарда көріп тамашалаушылық, сауықтырушылық, кеңесшілік қызметтерін көрсету технологиясы және т.б.

Осындай жұмыс түрлерін тұтынушымен арадағы тығыз қарым қатынасты төмендегідей ажыратуға болады.

1. Сапаның тұрақсыздығы. Әлеуметтік - мәдени қызметтер сапасы, оларды қамтамасыз ететін жер, уақыт және басқа факторлардың аумағында жинақталуы. Мысалы; спортшылардың жеткен жоғары нәтижелері көптеген жағдайда ауа райына, спортшылардың өз денсаулық жағдайына және спорттық бәсекелестіктердің деңгейіне т.б тәуелді болады. Көрсетілімдегі жеткен спорттық нәтижелер өз алдына қызметтің жалпы сапасына әсер етеді.

2. Сақталмаушылық Әлеуметтік - мәдени қызметтерді белгілі бір уақыт аралығында сақтау мүмкін емес. Жанкүйер, егерде спорттық жарыстарға жеңілдетілген түрде билет алып, оған да уақытында бара алмай қалса, келесіде ондай қызмет түрімен бару мүмкіндігі оған қайтып берілмейді.

«Дене - шынықтыру және спорт» саласының қызметтерді өндіру және қолдану ерекшеліктерін қарастыра отырып, осы үдерістердің бәрі материалдық қызмет етуді қолдану және тауарлармен байланысты екенін ескеру керек. Мысалы: жалға алу, спорттық жабдықтарды жөндеу, құрылымдар және т.б спорттық киімдер және аяқ киімдер, басқа да жабдықтар. Көрсетілген материалдық қызметтер және тауарлар өз алдына дене тәрбиесінің өнімі болып табылмайды, бірақ олардың қатысуынсыз әлеуметтік - мәдени қызметтерді елестету мүмкін емес. Сондықтан, әлеуметтік - мәдени қызметтер, материалдық қызметтер және тауарлар бір жиынтықта қолданылады, осыған байланысты материалдық емес қызметтерге сұраныстың өсуі, әрине бұл жағдай өз алдына материалдық емес қызметтер мен тауарларға сұраныстың өсуіне алып келеді.

«Дене - шынықтыру және спорт» саласының өнімі туралы толық сипат қалыптастыру үшін, алдыңғы қатарлы шетел мамандарының ойларын келтіруімізге болады. Сонымен, Ұлыбритания мамандары [5] спорт саласының өнімін, сайыс, көңіл көтеру ретінде сипаттайды, басқа сөзбен айтсақ, олардың ойынша, бұл сала өнімі қызықты сипатымен ғана шектеледі екен.

<p>1. Германияның ірі маманы Хунтман К. - керісінше пікірмен негізделген көзқарастарды ұстанады. Ол, дене шынықтыру және спорттық ұйымдар саласын, өзіндік өндіріс орны ретінде қарастырады және де, ол бұл сала өнімін тауармен сипаттайды, ал тауарды осы түсінікте кең түрде қарастырады, оған «спорттық сайыстардың» түр - түрін біріктіреді.</p>	<p>2. Ал, Франция мамандары бұл сала өнімінің айқындамасына кешенді түрде қарайды және олардың сипаттамаларында спорт саласындағы тауарлар, қызықты көріністегі қызметтер, ақпараттық қызметтер мен мамандар т.б сияқты бейнеленеді. (кәсіби спортшылар, бапкерлер және т.б.)</p>
---	---

«Дене - шынықтыру және спорт» саласындағы ұсыныс әртүрлі дене шынықтыру мен спорттық мекемелердің санымен тікелей байланысты және көптеген жағдайда жоғарғы және орта білімді мамандардың болуымен, дене тәрбесінің және – спорттық құрылыстар жүйесінің дамуымен, қаржыландыру мүмкіндігімен және тағы басқадай жағдайларға да байланысты. Ал осы, саладағы нарығында белгілі қызметті өндірушілер арасындағы бәсекемен қатар, басқа қызметтерді де қолданушылардың бос уақыты үшін бәсекелестік болады. Жинақталған сұраныс - дене шынықтыру және спорт саласында, осы саланың қызметін тұтынуды қажет ететін бағасыз негізгі көрсеткіштермен, яғни халықтың негізгі санымен, оның табысы және уақытының болуымен анықталады.

Қазіргі уақытта нарықтық экономикалық қатынастардың қалыптасуымен және жұмыс орындары үшін бәсекелестіктің пайда болуымен, мемлекеттік бөлудің болмауы және өздігінен жұмысқа тұру қажеттілігіне байланысты дене

шынықтыру саласындағы мамандардың белсенді өмірлік ұстанымының мәселесі бұрынғыдан да маңызды болуда. Нарықтық экономикаға өтуге байланысты мемлекеттің спортқа деген көзқарасы бірден тез өзгерді. Бұл жерде жеке кәсіпкерліктің өзара қатынасының нәтижесі батыс елдерінің спорттық құрылымдарымен қатар біздің қазақстандық заңнамалар және спорт үшін жеткілікті пайдалы болуы шарт.

Дене шынықтыру және спортты дамытуда спорт ұйымдарының, спорттық құрылыстар, спортшылар және спорт демеушілерінің салық салу мәселесі маңызды мәнге ие. Қазіргі уақытта Ресей, Украина, Қазақстан және ТМД-ның басқа елдерінің салықтық заңнамалары бұл проблеманы шешуге қабілетті емес. Сонымен қатар батыс мамандары спортты құқықтық реттеу күрделі мәселелердің бірі деп санайды. Олар субъектілерді қанағаттандырып ғана қоймайтын, сондай-ақ спортшылар шеберлігінің өсуіне, демеушілер мен көрермендер назарын аударуға ықпал ететін құқықтық қатынастардың жүйесін жасау қажет деп санайды.

Бұл құқықтық нормалардың экономикалық талдауы кейбір акценттерін қоюды талап етеді. Пайданы алуда коммерциялық ұйымдардың мүдделілігін және мұндай мүдделіліктің коммерциялық емес ұйымдарда болмауына қарсы қою қате болар еді. Мемлекет әртүрлі нысанда кәсіпкерлік қызмет субъектілерін оны құру және жұмыс істеуінің барлық кезеңдерінде бақылауды жүзеге асырады. Мұндай бақылау функциясын арнайы уәкілетті органдар орындайтындығы заңды іс.

Кез келген спорт ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің негізгі құжаттары болып, егер мұндай қабылданған болса ұлттық спорт заңнамаларында бекітілген ережелер мен елдің ішкі заңдары мен осы және жоғары тұрған ұйымдардың Жарғысы табылады. Спорт жөніндегі 30-дан астам елде жүргізілген заңнамалық актілердің талдауы кейбір жалпы сәттердің болатынын көрсетеді. Бұл заңдарда спорт көптеген елдер үшін өмірдің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындығын куәландырады.

Қорытынды. Заманауи білім беру үрдісінде әлеуметтік желілер түрлерін тиімді пайдалану негізінде, еліміздің нарықтық жағдайларын ескере келіп, дене шынықтыру және спорттың экономикалық қатынастарын жетілдіруді ғылыми түрде негіздеу. Сонымен қатар, аса күрделі мәселенің құрастырылмағандығы, осы салада кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік бақылау мен құқықтық реттеу мәселелеріне нақты қажеттілік барлығын айқындады. Сондықтан, спорт пен дене шынықтыру саласын дамыту әрекеті, сондай-ақ көптеген елдерде клубтар, ассоциация мен федерация мүшелерінің санының өсуі, мемлекеттің императивті міндеті ретінде қарастырады. Оны орындау үшін әрбір елде әкімшілік органдар құрылады. Көптеген елдердің ішкі спорттық құрылымдары өте ұқсас болады. Олардың ұйымдастырушылық құрылымы пирамида түрінде болады. Көп жағдайда федерацияға енетін спорт клубтары және ассоциациялар жатыр, ал соңғылары ұлттық спорттық немесе олимпиадалық комитетімен бірге топтасады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Назарбаевтың Н.Ә «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси модернизациялаудың жеделдету жолында» Астана: Ел Орда 2005.
2. Слостенин В.А. Білімді гуманизациялау мен құрастырылулар //Народное образование. -2001. 24 желтоқсан.
3. Оразалы С. Что делать для восстановления экономики Казахстана. - Алматы, 1998. «Санат».
4. Гусков С.И. Маркетинг 1995. - М., 1992. 5. Curry T.J. Jioly R.M. Sport Intern, 1994 №12, p.4.

МЕКТЕПТЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПӘНДЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ, «ДИЗАЙНЕР» МАМАНДЫҒЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Талғатқызы А.

Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті

Шығармашылық мамандықтар десе есімізге бірден сурет, ән, би, күй тағы сол сияқты түрлі өнерлер түседі. Мен бүгінгі мақаламда осы туралы тереңірек зерттеп, осы мамандықтардың болашағы туралы сөз қозғап өткім келеді. Жалпы біздің елімізде барлығы бар және мейлінше дамып жатыр. Қазіргі жастар қай бағытқа барғысы келседе жол ашық. Тіпті жан – жақты болып, барлығын үйренгісі келеді. Бұл кәдімгідей қуантарлық жағдай. Неге десеңіз, болашақ жастардың қолында, егер біздің елімізде білімді, дарынды, қабілетті жастар көп болса әлемдік деңгейде біз ойып тұрып орын алатынымыз сөзсіз. Тек шығармашылық мамандықтар жәй әуесқойлық деңгейде дамып, әрі қарай шыңдалмай сол деңгейде тоқтап қалмаса болғаны.

Енді мен өзімнің қазіргі оқып жатырған Дизайн мамандығына оралайын. Жалпы Дизайн дегеніміз – көркем сурет және сәулет өнерінің өнеркәсіп бұйымдарының ең үздік үлгілерін жасау және заттық ортаны үйлестіру шараларын қамтитын бағытының атауы. Дизайн қызметінің ерекшелігі – әсем әрі көркем жасалған тұтыну заттары мен бұйымдардың қоршаған ортаға лайық үйлесімін жүзеге асырып, ұдайы олардың жаңа үлгілерін ойлап табу. 1928 ж. АҚШ-та пайда болды. "Дизайнер" термині 1600 жылдарға жатады. Қазіргі уақытта біз үй құралдарының тек жақсы жұмыс істейтініне ғана емес, үй ішіне үйлесімділігіне де мән беріп жатамыз, сондықтан дизайн - қазіргі тауарларды шығарудың маңызды қасиеті. Терминдік атауы жаңа болғанымен, оның негізі ерте замандарда-ақ қалыптасқан. Мысалы, қазақ халқының қолөнер бұйымдарының (қобыз, домбыра, сандық, ожау, торсық, қару-жарақтар, сәндік әшекейлі бұйымдар, т.б.) қайталанбас түрлері этнодизайндық үлгіде жасалған. Безендіру

өнерінде де дизайнның әдіс-тәсілдері мен тәжірибесі кең қолданылады. Дизайн өнері заман талабына орай үнемі өзгеріп, дамып отырады. ТМД елдерінде, соның ішінде Қазақстанда дизайн өнері 1960 жылдан бастап жүйелі түрде қалыптасып, дами бастады. 1987 ж. Қазақстан Дизайнерлер одағы құрылған. Дизайн өнері қазіргі өскелең тұрмыстық жағдайлар мен талап-сұраныстарға байланысты жаңа сипаттарға ие болуда. Жарнама, плакаттар, кітап безендіру, өндіріс бұйымдарын жасау, жиһаз бұйымдарының жаңа үлгілерін өмірге әкелу, т.б. қазіргі заманғы кәсіптердің дамып-жетілуі дизайн өнерімен тығыз байланысты. Ұлттық этнодизайн да өзіндік қолтаңбасы бар өнер ретінде заман талабына сай даму үстінде. Біздің елімізде де танымал дизайнерлер бар. Мысалға:

Берік Ысмайлов. Отандық сән әлемінде ерекше көзге түсіп жүрген дизайнердің бірі Ая Бапани. Табысты отандық дизайнердің бірі де бірегейі –Тек қана Қазақстанда ғана шектеліп қана қоймай, шет елдерде де «Aida KaumeNOVA» маркасымен брендті киімдер шығарған атақты Айда Кауменова. Ерекше сән үлгісімен танылып жүрген жас дизайнерлердің бірі-Салтанат Баймұхамедова. Сәнді киім үлгілерін тігіп жүргеніне 10 жылға жуықтаған, енді қана танымал бола бастаған Камила Курбани және т.б.

Сәулет дизайнерлерінен: Акмурза Рустембеков, Болат Куспанғалиев, Тохтар Ералиев, Серик Рустамбеков айтуға болады.

Жалпы шығармашылықты кішкентай кезден, балабақшадан басталады десек қателеспейміз. Бала өз ойын қарындаш пен қағазға шимайлау арқылы білдіре бастайды. Ал мектеп жасындағы бейнелеу өнері сабағында түстерді ажырата біліп, бір – бірінің сәйкестілігін сол жастан бастап үйрене алады. Бұрынғы кезде мектепте бейнелеу өнері, музыка сабағына, еңбекке баулу пәніне жеткілікті көңіл бөлінетін еді. Сол кезде оқушының қай өнерге қызығушылығы, икемі бар екені анықталып, әрмен қарай өз қабілетін шыңдау үшін, өнер мектептерінде білім алды. Ал оны жоғары оқу орындарында ары қарай дамытып, шығармашылық мамандығын игеріп кетуіне үлкен көмегі болды. Бүгінгі таңда мектептерде бейнелеу, еңбекке баулу пәндері біріктіріліп, көркем еңбек болып кеткені, сызу пәнінің мүлдем өтпеуі мені қынжылтады.

Бүгінгі заман интернет, техниканың заманы. Қолыңда ұялы телефоның, компьютерің болмаса ешбір жұмыс жасай алмайтын дәрежеге жеттік. Сол сияқты дизайн саласындағы жұмыстарда электронды түрге ауысқан. Қазіргі дизайнерлер арнайы компьютерлік бағдарламалар қолдану арқылы көптеген мүмкіндіктерге ие. Қазір компьютер білмесең еңбек нарығында сұранысқа ие болу қиын. Интернет жүйесі, компьютерлік бағдарламалар үйден шықпай ақ әлемнің кез келген жерімен байланысып жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Өзіңе қажетті эскиздер, тіпті дайын үлгілерді де таба аласыз. Бұл бір жағынан жақсы, бір жағынан жаман жағдай. Өйткені көбіне маман біреудің жұмысын көшірумен әуестеніп кетіп, өз қиялың, мүмкіндігін шектеп алуыда кездесіп жатады. Сонымен қатар Дизайнердің ой, қиялын компьютермен дәл беру қиынға соғады. Мысалға

аяқ астынан келген ойды тез арады қарындашпен қағазға түсіріп, эскизін жасай білу, оған сулы бояумен түстер бере білу көп артықшылықтар береді. Ол үшін динзайнер сызу, сызба геометриясы, перспектива заңдылықтарын, тұстану, кескіндеме, графика сияқты пәндерді жетік меңгеруі тиіс.

Бүгінгі күнде дизайн мамандығы керек пе? Оның алатын орны қандай? Осы секілді сұрақтар бізді ойландырады. Иә, әрине дизайнер керек. Үстіндегі киіп жүрген киімнен бастап, тұратын үйің, мінетін көлігің, қаладағы түрлі ғимараттар барлығы алғашында дизайнердің эскизі болып дүниеге келеді. Өзіңнің тұратын үйің әдемі болғанын қалайсың, бірақ онымен айналысуға уақытыңда жоқ, білімінде жетпейді. Осындай жағдайда дизайнердің көмегіне жүгінесіз. Қазіргі өмірде дизайнерлердің алатын орны ерекше. Әдемі, ерекше, қайталанбастай киініп жүргісі келетін адамдардың көпшілігі әдеттегідей танымал дизайнерлердің көмегіне жүгінеді. Қазіргі адамдардың бос уақыттары жоқ, өмір ағымы өте тез, жұмыс бастылық. Сондықтан адамдар ұсақ-түйектен бастап, өзі тұратын үйінің іші-сыртына дейін, жиһаз орналастыру т.с.с. шаруаларды дизайнерге тапсырады. Қазір дизайнерлерге тапсырыс көп түседі. Ал болашақта одан сайын артып, болашағының зор екенін айқындайды. Дизайнерлердің ішінде де ең мықтысы озып шығып, өз туындыларын әлемдік деңгейге жеткізіп, танымал қылады. Ал өз жұмысына немқұрайлы қарайтындар, сол қалпы артта қалып жүреді. Қазір заман білімділерді қажет етеді. Сондықтан мейлі қандай мамандық болса да, барлығында озып шығуға, өз жұмысыңның жемісін алуға тырысу керек. Бұл менің өз пікірім.

Ал, ендігі мәселе осы Дизайнердің елімізде болашағы бар ма? Қазір соны талқылаймын.

Мен үшін дизайнердің болшағы бар секілді көрінеді. Дарынды жастар қосылып, болашағын зор қылуы мүмкін. Ол үшін тек сенім мен қолдау керек. Әр дизайнер өзінің қиялындағын, нәтиже қылып шығарса, одан сайын шабыты ашылып, талай биіктерден көрінеді. Тек еліміз оларды қабылдай біліп, қолдау көрсетсе, жағдайлары жасалынса деймін. Менің ойымша сонда ғана халық оларды көзге іліп, Қазақстанда да білімді, өнерлі жастар бар екенін түсінеді. Тағы бір айта кететін жайт. Дизайнерлер өте білімді, компьютер бағдарламаларды өте жақсы игерген болуы қажет. Тапсырыс берушіге тез әрі сапалы қайталанбас ерекше дүниелер ұсына алатын дизайнерлер әрқашан сұранысқа ие болады. Менің осы айтқандарым бір күні орындалады деп сенемін. Біз әлі талай шыңдардың төбесінде жарқырап тұрамыз. Өнерде шекара жоқ. Оған дарындылығымен, еңбекқорлығымен, жан-жақтылығымен, қарапайымдылығымен, мідениеттілігімен қазақ елін әлемге танытып жүрген Димаш Құдайбергеновтің жетістіктері дәлел.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ана тілі газеті, 2017.
2. Дизайн тарихы, Н.М. Сокольникова.

3. Философия дизайна, Т.Ю. Быстрова, 2015.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Кумарғалиев Ж.Х.

МАЗМҰНЫ

№6. СЕКЦИЯ

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1	Аяпбаева Н.А., Жеңіс Ш.А. Қазақстан аймағындағы ақбөкендер (<i>saiga tatarica</i>) санының динамикасы.....	3
2	Беркалиева К.Б. Проблемы энергии будущего Казахстана.....	7
3	Бегалыева Н.К. Жаратылыстану ғылымдарының өзекті мәселелері.....	10
4	Досжанов Ж.А. Ауаның құрамындағы хромның әсері және оны анықтау жолдары.....	13
5	Ерекешова Г.А. Органикалық қалдықтарды компостау.....	16
6	Есениязова Н.М. Химия сабағында виртуалды зертхананы қолданудың онлайн біліп беру жүйесіндегі қажеттілігі.....	20
7	Жусупова А.А. Проблема нехватки питьевой воды.....	23
8	Қуан А.А. Йогурт өнімдерін алуда қолданылатын отандық «YOGURT IMMUNITY» және шетелдік «ЙОГУРТ ИММУНО» ұйытқыларын салыстырмалы талдау.....	26
9	Кушекбаева А.Б. <i>AMARANTHUS</i> , <i>CELOSIA</i> түрлерін жылыжайда отырғызу ерекшеліктері.....	31
10	Макуева Б.М. Энергетикалық құндылығы жоғары жемістерден шоколад алудың биотехнологиялық әдістері.....	35
11	Нұрсұлтанова А.Б. Химия-экологиялық мазмұндағы есептерді шығарту.....	40
12	Садықова С.Ә., Жолдасбаева У.П. Жабық топырақ жағдайындағы көкөніс дақылдарының негізгі зиянкестері.....	43
13	Сансызбай А.С. Диатомит шикізаты мен бұрғылау шламын жоғары температураға төзімді кірпіш алуда пайдалану.....	47
14	Сапарбаева Н.А. Іле алатауындағы сирек кездесетін <i>RHODIOLA ROSEA</i> -ның (<i>CRASSULACEAE</i>) биоэкологиялық ерекшеліктері.....	51
15	Сапарбаева Н.А. <i>RHODIOLA ROSEA</i> -ның (<i>CRASSULACEAE</i>) биологиялық ерекшеліктері.....	55
16	Сериккалиева Д.С., Мырзахметқызы Т. Ырғыз-Торғай резерваты - ақбөкендердің бетпақдала популяциясының мекені.....	58
17	Телеуов А.Н., Бекбаулина Н.С., Есекенова А.К. Техническое состояние контейнеров для сбора и хранение опасных коммунальных отходов города Актобе.....	61

18	Туремуратова С.Х. <i>BEGONIA SEMPERFLORENS</i> өсімдігінің вегетативті көбею жолымен өсу кезеңдері.....	66
19	Умарова Т.К. Ақтөбе облысының құрғақ далалы аймағын жайылымдық ұстау жағдайында көшім жылқы тұқымы биелерінің сауын топтарының сүт өнімділігі.....	70

№7 СЕКЦИЯ

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1	Абдиккаримова А. Мақсатты шығындардың басқару есебінде жүргізудің алғы шарттары.....	76
2	Абдолова.Ж.Н. Қоршаған орта және өңірлердің тұрақты дамуы: ХХІ ғасырдың геоэкологиялық проблемалары.....	81
3	Абилқайыров Ш. Основные направления и особенности предупреждения правонарушений в сфере бытовых отношений.....	86
4	Ахетова А.А. Жергілікті бюджет шығындарын талдау.....	91
5	Әмітжан З.А. Республикалық бюджет кірістерін талдау.....	96
6	Байканова А.Ж. 2015 жылғы судьялық этиканың жаһандық кодексі: кейбір негізгі ережелерінің сипаттамасы.....	100
7	Бесжанов Ж. Өндіріс және тұтыну қалдықтары.....	107
8	Бодыкова К. Б. Моноқалалардың қалыптасу тарихы.....	110
9	Даулетбаев Ж.Б., Иманбаева З.О., Жүнісов Б.А. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық, оның себептері.....	113
10	Ерсайынова А. Е. Қазақстанның халықаралық саудадағы орны.....	117
11	Есенгали А.А., Иманбаева З.О., Бухарбаев Ш.М. Төлем жүйелерінің қалыптасу алғышарттарын зерттеудің қажеттілігі.....	120
12	Есенгали Н.С., Иманбаева З.О., Бухарбаев Ш.М. Қазақстандағы депозиттік саясаттың қалыптасуы мен қызмет ету механизмдері.....	123
13	Ещанова С.У. Принцип запрещения дискриминации в системе принципов правового регулирования трудовых отношений.....	127
14	Жабаев И. Некоторые вопросы повышения доверия к сотрудникам органов внутренних дел.....	133
15	Жаздықбаева Д.П. ҚР аграрлық саланы мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру.....	136
16	Жумина А.Б. Нарықтағы макроэкономикалық тепе теңдік және осы салаға байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізген екі бағыт өкілдеріне жалпы шолу.....	141
17	Жұматай К. С., Акимбердиева Д. М. Табыс салығы: салық салудағы шетелдік тәжірибе.....	146

18	Заманбек А. Проблемы правового обеспечения права собственности на землю.....	150
19	Иманбаева З.О., Ахтан Н.Н. Ауыл шаруашылығындағы нормалау және еңбекке ақы төлеу жүйесін дамытудың негізгі бағыттары.....	154
20	Ибраева А.К. Халықаралық қауіпсіздік проблемаларымен байланысты адам қауіпсіздігі мәселелері.....	157
21	Иманбаева З.О., Орынбасар А.М., Нургалиева А.А. Как SEO повышает рейтинг в поиске GOOGLE.....	166
22	Иманбаева З.О., Саламат Б.Б., Керімбек Ғ.Е. ҚР аграрлық сала әлеуетіндегі несие беру процесінің үлес салмағы.....	172
23	Имашев Б. Банктік бизнесіндегі ақпараттық технологиялар: оң және теріс жақтары.....	179
24	Исетова А.Т. Технологии внедрения бюджетирования в производственном предприятии.....	183
25	Иманбаева З.О., Балмағанбет Б.Ж. Жастардың жұмыссыздық мәселесі..	188
26	Исибаева Е.И., Нұрыш З.З. Кәмелетке толмағандарды отбасылық -тұрмыстық саладағы зорлық-зомбылықтан қылмыстық-құқықтық қорғаудың конституциялық қағидаттары.....	193
27	Иманбаева З.О., Қабиева Г.Р. Ауыл шаруашылық саласындағы жұмыспен қамтуды мемлекеттік қолдау.....	197
28	Кадырова А. А. Мемлекеттік және квазимемлекеттік борышты басқаруды талдау.....	201
29	Кемал Ә.Н. Қазақстанның өндірістік салаларының жағдайын талдау.....	205
30	Кереева Т.М. Компанияның тиімді қызметі үшін электрондық маркетингтің қажеттілігі.....	208
31	Куваш А.А., Абылхатова Ә., Исебекова А. Қазақстанда бала тууға әсер ететін түрлі факторлар.....	211
32	Қалдыбаева А. Е. Қазақстан Республикасында қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесін ұйымдастыру.....	215
33	Құбайдолла М. Қаржы саласындағы ақпараттық технологияның дамуы..	221
34	Қыдырбаев Г. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет жүйесін дамыту.....	223
35	Мурунтаева А. М. Қазақстан Республикасының электрондық үкіметінің даму жағдайы мен болашағы.....	228
36	Мухтарова С.М. Виды и содержание представительства.....	232
37	Мурзабекова А. Ж. Основные подходы к проблеме защиты служебных прав и интересов государственных служащих.....	236
38	Мыңтай Д.М. Глэмпинг - пандемия кезіндегі туризмнің жаңа бағыты.....	241
39	Наурызбеков Т. Е. История развития уголовной ответственности за воинские правонарушения.....	244

40	Наурызбекова М., Власова Д. Влияние Covid-19 на экономику Казахстана..	249
41	Niyazbaeva A.A., Ismagulov S.M. Theoretical aspects of the competitiveness of the banking sector.....	253
42	Ниязбаева А., Кереева Т. Ф.Котлердің «Маркетинг негіздері» және «Маркетинг менеджмент», Майкл Стелзнердің «Контент маркетинг. Интернет заманында тұтынушыларды тартудың жаңа әдістері» атты кітаптарына әдебиеттік шолу.....	255
43	Ниязбаева А.А., Қайратова Ж.Қ. «Эмпирикалық маркетинг», «Маркетинг негіздері», «Маркетингтегі ақпараттық технологиялар» кітаптарына әдеби шолу.....	259
44	Ниязбаева А.А., Орынбасар А. Обзор литературы по маркетингу.....	264
45	Нұрланқызы С. Адам капиталын басқару - инновациялық экономикалық жүйені дамытудағы стратегиялық фактор.....	269
46	Ойратқызы Б. Басқару есебі жүйесіндегі шығындардың негізгі терминдерінің эволюциясы және қазіргі заманғы түсініктемелері.....	275
47	Сапар Н.Т. Ақтөбе облысы бюджетінің кірістерін талдау.....	281
48	Сапарова Ә. Н., Гиляжова С.М. Ұлттық экономика, басқару және құқық мәселелері.....	285
49	Сисен А.К. Қаржылық бақылаудың теориялық негіздері.....	288
50	Тлепова Г.Б., Зинуллина А.И. Құрылыс кәсіпорындарының жаңа жағдайдағы жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ресурстарды үнемдеу.....	291
51	Тұрғанбек Б.Б., Тұрымтай А.Е. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласын дамытуда кездесетін негізгі мәселелер.....	293
52	Узакбаева А.М. Зеленое финансирование- инвестиция в будущее страны..	297
53	Хайролла Ж. Глобализация и регионализация: согласованное или противоречивое взаимодействие, поиск компромисса.....	304
54	Шадиева А.А., Жаздыкбаева Д.П. Аграрлық саланы дамытуды мемлекеттік қолдау саясатын талдау.....	307

№8 СЕКЦИЯ

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ: ҚАЗІРГІ УАҚЫТ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

1	Алиева А.К., Әліпбай А. Болашақ музыка мұғалімдерінің хорға арналған шығармалар арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары.....	312
---	--	-----

2	Бекмаганбетов О.А., Ізтұрған Н.К. Әлеуметтік желіге және заманауи заңдылықтарға байланысты дене шынықтыру мен спорт саласында қаржыландыру көздері.....	316
3	Талғатқызы А. Мектептегі шығармашылық пәндердің алатын орны, «Дизайнер» мамандығының болашағы.....	321

«ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР»
атты студенттер, магистранттар, PhD докторанттардың,
жас ғалымдар және оқытушылардың
XVII Республикалық ғылыми-практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
ІІІ ТОМ
2021 жылдың 6 сәуірі

МАТЕРИАЛЫ
XVII Международной научно-практической конференции
преподавателей, молодых ученых, PhD докторантов, магистрантов и студентов.
«МОЛОДЕЖЬ, НАУКА И ИННОВАЦИИ»
ТОМ ІІІ
6 апреля 2021 года

